

ЕТЕКБАЕВ
Жанат Зейноллаұлы

*Адамнан
ауыл көшпейді*

Алматы
2019

ӘОЖ
КБЖ
Ж

**Кітапті шығаруға кеңес беріп,
көмектескендері үшін**

*Бектенбаев Орал Қабдөшұлына
Искаков Нұрлан Секеуұлына
Укина Тыйыштық Қадыржанқызына
Бектұрғанова Әсемгүл Арғынқызына
Қалдыров Айдарбек Нәбиоллаұлына
Компьютерде теріп, кітаптің
материалдарын толық құрастырған үшін ұлым,
Етекбаев Бірлес Жанатұлына
шексіз алғысымды білдіремін.*

ISBN

© Етекбаев Ж., 2019
© «Асыл кітап» баспасы, 2019

АУЫЛЫМ ТУҒАН МЕКЕНІМ

Қырық жыл болды, бақилық-әкем болғалы.
Есімде әлі, жаутаңдап жылап тұрғаным.
Буыным қатпай, жұмысқа ерте кірісіп,
Әкеме ұқсап, бала боп өстім тырысып.
Құдайдан сұрап, жеңілін бер деп жолымның,
Сезініп жүрдім, көмектескенін бір-күштің.
Жеңісім үшін, ауылға бүгін қарызбын.
Жүрсем де алыс, ауылды ылғи сағындым.
Ауылдың атын, естісем елең етемін.
Ауылды айтса, шыдамай кейде кетемін.
Ауылда болған, әр күнім есте сақталып.
Ауылға барған, кезімді аңсап келемін.
Күнделік бастап, әр кезін елдің жаздым мен.
Жолыққандаймын, ауылда тұрған жандармен.
Қара жол қайда, үйіме тура апарған,
Ормандар қайда, күтетін алыс сапардан.
Ауылдан кеттік, бәріміз батпақ бір жолмен,
Мекен жайымды, Комсомол, Ленин деуші ем.
Біз үшін мәңгі ауылдар тұрар картада,
Кездеспесекте, мектепте ескі партада.
Ауылым менің, мәңгілік махаббатымсың.
Ауылым өзің, жүректі жараладың шын.
Ауылды есте, мәңгілік өзім сақтадым,

*Кеше болгандай, атқызған аппақ таңдарым.
Ауылға барып, сыйпаймын орнын өткеннің.
Көрсө гой шіркін, балалық шақтың көктемін.
Жүрсө гой шіркін, алаңсыз ойнап бала боп.
Қуалап жүрсө, резеңке қызыл ала доп.
Ауылдың іздеп, қарттарын бата беретін.
Армандап соны, бала болып кейде кетемін.
Айналдым менің, ауылым туган мекенім,
Әлемде жер жоқ, ауылым саған жететін.*

Жанат Зейноллаұлы Етекбаев
29.01.2019 ж.

Абдрахмановтар әулеті



Әкеміз – Абдрахманов Маулимжан Абдрахманович
06.11.1938-22.08.2014 ж.

Шешеміз – Абдрахманова Фариза Глимшақызы 20.09.1941-
03.10.2008 ж.

Қызы – Қусаинова Мунайра (Мунира) –1962 ж. Екі қызым бар
– Найманбаева Жанна 05.07.1984 ж., Найманбаева Эльвира
01.01.1986 ж. Журналист.

Қызы- Мариям 02.10.1964 ж. Кәсіпкер. Бір қызы бар – Мария
10.01.1985 ж.

Екі немересі бар.

Қызы – Гүльнар 15.05.1966 ж. Кәсіпкер екі немересі бар.

Қызы Юлия 13.02.1990 ж. Ұлы Тимур 29.12.2005 ж.

Ұлы – Марат 18.11.1969 ж. Кәсіпкер. Қыздары: Лилия
23.08.1997 ж., Дария 20.01.2006 ж., Мадина 02.12.2008 ж.

Қызы – Дана 25.08.1976 ж. Ұлдары: Руслан 18.06.2004 ж., Ар-
тур 29.11.2005 ж.

Әбуовтар әулеті



Әбуов Әбдірахман (Қау-
дыр) Әбутәліпұлы, 28.02.
1927 ж. СҚО қарасты Булаев
ауданының Ленин ауылында
дүниеге келген. Руы – сары.
Бастауыш білімді ауыл мек-
тебінде алып, бала кезінен
еңбекке ерте араласады.
1945 ж. Кеңес әскері қата-

рына шақырылып, майдан даласына аттану үшін жедел да-
йындық курсынан өте бастайды. Дәл осы кезде майданнан
Кеңес әскерінің жеңіске жеткені жайлы жағымды жаңалық
келеді. Сөйтіп, Әбдірахман соғысқа қатыспайды.

Елге қайтып оралған соң 40 жыл бойы ауылда тракторшы
болып еңбек етті. Егіс алқабында жерлестерімен бірге дән
егіп, күзде еңбектерінің жемісін көретін. Адал еңбегі үшін
ауданның, ауылдастарының құрметіне бөленіп, олардың
ыстық ілтипатына ие болып отыратын. Ауылдағы еңбектің
негізі егін және мал шаруашылығы. Кейінгі жылдары
ауылдың малын бағып, өз нәпақасын табатын-ды.

1950 ж. Идия Есләмғалиқызымен (25.05.1925 ж. Ленин
ауылында дүниеге келген) отау құрып, 1952 ж. өмірге тұң-
ғыштары Ерсайын келеді.

1987 ж. зейнет демалысына шыққан Әбдірахман ата
еңбектен еш алыстамаған еді. Мал өсіріп, жазда арба, қыста
шанасын жегіп, «Әгүгәй» әніне салып, тірлігін тыңдыра
беретін. Қай кез болмасын, ауылдастарына көмекке келуге
жақын болып, қолдан келгенінше жәрдемін аямайтын.
«Басқан жері сықырлап келіп қалды...», – демекші әркез

қаудырап, әсіресе, арба үстінде сықырлап жүрген үндерінен ауылдастары Әбдірахманды «Қаудыр» атап кеткен.

Әбдірахман ата айтыс өнерін жақсы көретін. Айтыс десе, ішкен асын жерге қойып, теледидар арқылы берілетін айтысты бір өткізбеуге тырысатын. Сүйікті айтыскерлерінің ішінде «хайләйлімге» салатын Айтақын Бұлғақовтың орны ерекше болатын.

Жұбайы Идия Есләмғалиқызы бар өмірін балалары мен жары, адал еңбекке арнаған жан. Әр уақытта адамгершілік пен биік парасатты алға қойып, перзенттерінің қатардан қалмай, жақсы білім алып, өмірде адам болып қалыптасуларына көп тер төкті. Ұзақ жылдар бойы ауылда сауыншы болып жұмыс істеп, ауылдастары арасында сый-құрметке ие болды.

Қаудыр ата мен Идия әже өмірге бір ұл, бес қыз әкелген жандар. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, алты баласынан 16 немере сүйді. Барлық балалары ата-ана сенімдерін ақтағандай. Әрқайсысы өздерінің мәуелі ағаштай шаңырақтарын көтеріп, жұрт қатарлы түтін түтетіп келеді.

Кеңес Одағы ыдырап, қазақ елі егемендігін алғанда Қаудыр ақсақал қуана жар салып, тәуелсіз елдің ертеңіне үлкен сеніммен қарады. Егемендіктің еңселі күндерін көруге жазбаса да, бұл бақытты ұрпақтарына бұйырды.

Әулеттің үлкені әрі мұрагері – Ерсайын 1952ж. Ленин ауылында өмірге



келді. Орта білімді Ленин мен Сарытомар орта мектебінде алды. Бұдан соң туған ауылында еңбек етіп, 1970 ж. аудан орталығы – Булаевқа барып, осындағы автокөлік мектебінде оқыды. 1972 ж. Кеңес әскері қатарына шақырылып, Отан алдындағы азаматтық борышын Талдықорған қаласында өтеді. Әскерден кейін Булаевқа қайтадан оралып, осы жерде көп жылдар бойы жүргізуші болып жұмыс істеді. Ауыл шаруашылығының дамуына үлес қосып, астықты өлкенің берекесін асыруға белсене атсалысты. 1978 ж. Мағафия Аслямовамен отау құрып, өмірге үш перзент әкеледі. Қазір олардан бес немере сүйіп отыр. Ұлдары – Жанат Әбуов осы күндері Булаев қаласы әкімінің орынбасары лауазымында.

Қаудыр ата әр уақытта балалары және немерелерімен мақтанатын. «Бар байлығым – балаларым, бар қызығым – немерелерім» деп үнемі алға тартатын. Өмірінің соңына дейін қолында болған қызы Күлмәзия, күйеу баласы Тұрғымбай, Қаудыр атаның қамқоры бола білді. Олардың ұлы Русланды (жиен немересі) ақсақал ерекше бауырына басатын. Үнемі қасына алып, өзінің аталық өсиетін айтудан жалықпай, қадірлейтін.

1993 ж. Қаудыр Әбутәліпұлының жұбайы Идия Есләмғалиқызы өмірден өтті. Араға екі жыл салып, 1995ж. Әбдірахман ата да қайтыс болады.

Әбуов Әбдірахман (Қаудыр) Әбутәліпұлының әулеті.

Әбуов Ерсайын Қаудырұлы, 1952 ж.т., Ленин ауылының тумасы, зейнеткер. Жұбайы – Аслямова Мағафия Глимшиновна, 1958 ж.т., зейнеткер.

Балалары: Роза, 1979 ж.т., Жанат, 1983 ж.т., Жанар, 1989 ж.т. Тұрақты жерлері: Булаев қаласы.

Әбуова Мәрзия Қаудырқызы, 1955ж.т., Ленин ауылының тумасы, зейнеткер. Өмір бойы мектепте қызмет етті. Жұбайы



– Утеев Сайын Аймұқанұлы, 1952 ж.т., зейнеткер. Ғұмырының көп бөлігінде электрик болып еңбек етті. Сарытомар ауылының тумасы.

Балалары: Әділхан, 1975 ж.т., Самал, 1977 ж.т., Уәлихан, 1978 ж.т., Нұрхан, 1981 ж.т., Сана, 1991 ж.т.

Тұрақты жерлері: Сарытомар ауылы.



Қандыбаева Рәзия Қаудырқызы, 1958 ж.т., Ленин ауылының тумасы, зейнеткер. Өмір бойы мектепте қызмет етті. Жұбайы – Қандыбаев Құсайын, 1959 ж.т., жеке шаруашылықта. Өмір бойы механизатор, бригадир болып еңбек етті. Жаңа тұрмыс ауылының тумасы.

Балалары: Ринат, 1983 ж.т., Жұмағали, 1985 ж.т. (қайтыс





болған), Қайрат, 1987 ж.т.,
Жасмина, 1993 ж.т.

Тұрақты жерлері: Жаңа
тұрмыс ауылы.

Жангулина Күлмәзия
Қаудырқызы, 1961 ж.т.,
Ленин ауылының тумасы.
Әр жылдары тігін фабрикасында,
клубта, аудандық әлеуметтік
қамтамасыз ету бөлімінде
еңбек етті. Бүгінде Петропавл
қаласындағы Облыстық балалар
емханасында жұмыс істейді. Жұбайы –
Жангулин Тұрғымбай
Рахметбайұлы, 1960 ж.т.,
Есіл ауданы Қарағаш ауылының
тумасы. Ғұмырының көп бөлігінде
механизатор, кейін құрылыс



саласында еңбек етті. 2012 ж. қайтыс болды.

Балалары: Руслан, 1986 ж.т., «Журналистика» мамандығын тәмамдаған. Бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында баспасөз қызметінің бастығы – «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналының бас редакторы лауазымында қызмет істейді. Әскери шені – майор. Альбина, 1988 ж.т.

Тұрғылықты жері: Петропавл қаласы.

Сәпиева Ғалия Қаудырқызы, 1963 ж.т., Ленин ауылының тумасы. Өмірінің көп бөлігінде мектепте еңбек етті. Жұбайы



– Сәпиев Берік Қайроллаұлы, 1962 ж.т., өмір бойы мал шаруалығында жұмыс істеді.

Балалары: Нұржан, 1988 ж.т., Айгүл, 1990 ж.т.

Тұрғылықты жері: Аққайың ауданы, Ленин совхозы.

Жағыпарова Ұмсындық Қаудырқызы, 1964 ж.т., Ленин ауылының тумасы. Өмірінің көп бөлігінде балабақшада, сауда-саттықта еңбек етті. Қазіргі кезде Петропавл қаласында балабақшада еңбек етеді. Жұбайы – Жағыпаров Болат Есімсейітұлы, 1965 ж.т., өмір бойы жүргізуші болып жұмыс істеді. 1994 ж. қайтыс болды.

Балалары: Жұлдыз, 1990 ж.т. Тұрғылықты жері: Петропавл қаласы.





ЖҮРЕКТЕН ШЫҚТЫ ШУМАҒЫМ

Таңертең апам оятып:
Сабаққа ерте бар дейтін.
Шәй ішпей тұрып алдымен,
Малдарға шөпті сал дейтін.
Жамыла салып күпәйке,
Жұлғышпен шөпті жұласың.
Суыққа қарып қолыңды,
Ыза боп кейде тұрасың.
Буфетке берген тиынды,
Жоғалтпай алып барасың.
Үзіліс болса үлкендеу,
Прәндік есте тұратын.
Шуылдап жүріп буфеттің,
Дәлізін басып аламыз.
Әмина -тәте танитын,
Қолынан- әр үй баласын.
Сабақты тездеп бітіріп,
Үй жаққа енді сызамын.
Шәйімді ішіп, мал жайлап,
Базға да барып тұрамын.
Фаузия шешем сауыншы,
Бір жағына шығамын.
Үш-төрт сиыр сауысып,
Үй жаққа басты бұрамын.
Келіп-ап үйге сабақты,
Ертеңгі күннің сызамын.
Білмеген есеп бар болса,
Көшіргім келіп тұратын.
Келіп-ап ерте сабаққа,

Озаттарда менің сұрағым.
Көшіртпей қойса сабақты,
Шаштарын ойнап жұламын.
Бітсе деп тез тоқсандар,
Құдайдан ылғи сұрадым.
Жеңілін айтып сабақтың,
Төрттік те алып тұрғанмын.
Ойымда менің ақ арман
Инженер болу шырағым.
Техниканы ойлаумен,
Армандап жатып тұрамын.
Бүгін де міне елудің
Бесеуі жақын шыдадым.
Бітпеген жұмыс тұр әлі,
Жобалап іштей құрамын.
Бала күнді еске алып,
Осы жолдарды құрадым.
Кемшілік болса өтінем,
Жүректен шықты шумағым.

Жанат Етекбаев

13.01.2017 ж.

Айтпаевтар әулеті

Айтпаев Ойрат Дүйсенбайұлы, 27.03.1961 ж.т. Жұбайы Айтпаева Гүлнаш Сартайқызы 04.04.1963 ж.т.

Айтпаев Ойрат Дүйсенбайұлы 27.03.1961 ж. Булаев ауданы Лесхоз ауылында туған. Әкесі Дүйсенбай орманшы, мектеп директоры қызметтерін атқарған, елге сыйлы қадірлі адам болған. Анасы Айтпаева Күлбану мұғалім, өте көркем, әнші болған екен. Ойрат әкесіне тартқан түрі де, адамгершілігі де, жанашырлығы да, адал, сүйкімді еді. Әкесі сияқты, 15 жыл ел төңірегінде орманшы болып жұмыс істеді. Қолынан келгенше жұртқа көмектесуге тырысты. Ленинде 11 жыл тұрды. Ленин ауылына 29.12.1989 ж. Лесхоздан көшіп келдік. Мен Айтпаева Гүлнаш Сартайқызы, Ленин ауылында бастауыш сынып мұғалімі болып Булаевқа көшкенше жұмыс істедім.





Ленинде оқытқан біраз оқушыларым қазір әртүрлі салада қызметте. Кездесіп қалсақ, мұғаліміміз – деп қуанып қояды. Дүниеге екі қыз: Айнұр, Гүлнұр, ұлымыз Әлиді әкелдік. Арыстан, Фариза, Ерасыл

есімді үш немереміз бар. Булаевта Ойрат мемлекеттік қызметте 17 жыл істеді. Көптеген марапаттауларға ие болды. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі де бар. Өкінішке орай, 02.08.2018 ж. Ойратымыздан айырылып қалдық. Сізді (Жанат Етекбаев) айтып отыратын, Успенкада бірге оқып, күреске бірге қатысқанбыз деп. Елдің бәрі маған бауыр деп, туған еліне, туыстарына адал қызмет еткен жан еді...

Акбаровтар әулеті

Ауылым «Комсомолым» – алтын бесігім



*Естелік жазушы Сахан
Акбарова.*

Атам Қалиакбар (Ақбар) Жұсұпұлы 1891 ж. туған. Ел Сталин (Қоскол) колхозынан бөлініп, Көкшешапқанға қоныс аударғанда (Қарауыл руы), көшті Ақбар атам баста-

ған екен. Көкшешапқанда Комсомол колхозы ұйымдастырылып, алғашқы бастығы болып Ақбар атамды сайлапты. Ақбар атам Көкше-Зерендіден Шәріп әулетінің қоныс аударуына ат салысады (ауылдың үлкендерінің әңгімесінен естігенім).

Ақбар атам жаңа қонысқа бөренеден мектеп, кеңсе, медпункт, дүкен, қоймалар, қоралар салдырып, елдің хал-ауқатын көтеруге күшін жұмсайды. Ақбар атамның өз үйінде қыздар интернаты болған. Ол кезде мектеп 7 жылдық болыпты.

Ақбар атамның төрт баласы болған:

- 1) Зейнеғабиден Ақбаров 1921 ж.т. (Зекіш),
- 2) Зейнолла Ақбаров (Жусупов) 1925 ж.т.
- 3) Құлбарам Ақбарова 1927 ж.т.
- 4) Султан Жусупов 1938 ж.т.

Ақбар атамның інісі Досан Жұсұпұлы, Совет үкіметі құрылған кезде, облыстық атқару комитетінде лауазымды қыз-




мет жасаған, білімді азамат болған. Досан атамыз Бейімбет Майлинмен замандас, дос, бірге жүрген, сырлас болған. Сол кезде Досанның Ажарды ұнатып, қолдан алуға мүмкіндігі болмаған соң алып қашқанында, Б. Майлин «Ажар»

деген өлең жазған (Б. Майлин 1 том 1925 ж. 24 қазан).

Досан атамызда 2 бала болған: Ермек, Гулсім. Ермек ағаның отбасы Қарағанды қаласында тұрды, жұбайы Жолдығыз екеуі төрт қызды дүниеге әкеліп өсіріп жеткізді: Зауреш, Гүлнар, Зәурен, Қарлығаш. Қазір олар Нур-Султан қаласында тұрады. Елімізге еңбектері сіңген, лауазымды адамдар, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуде.

Әкем Зекіш Акбаров – 13 жасында анадан жетім қалып, жетімдіктің ауыртпалығын көрген. Жас кезінен трактор рөліне ерте отырып, алғашқы механизатор болған. Өмір бойы механизатор болып, жаңа тракторлардың қыр-сырын жастарға үйретуден жалықпаған. 1943 жылы Украинаға Еңбек армиясына аттанады. 1945 жыл Украинадан аман есен келіп, еңбек жолын жалғастырады. Кейін әкеме Ұлы Отан Соғысының ардагері атағы берілді. Әкем 1993 жылы 72 жасында қайтыс болды.

Анам Зейнеп Ермағанбетқызы (Ерміш) 1917 ж. туған. Анамыздың балалық, жастық шағы ХХ ғ. 20-22; 30-32 жылдардағы ашаршылық, соғыс кезінде өткен. Балалары Тұяқ Мұха-



медиұлы 1941 ж. туған, 16 жасында Сулышоқ интернатында орын алған өрттен қаза болды. Бадиша Мухамедикызы 1938 ж. туған, 18 жасында өмірден озды.

Анам қолхозда әртүрлі жұмыс жасады. Көктемде бидай егетін, жазда сылақта жүретін. Кейін сауыншы болды. Өмір бойы жұмыста жүрді. Анам қолы ашық, қонақ жайлы, өте таза, шыншыл адам болатын.

Әкемнің інісі Зейнолла Акбаров (Жусупов) 1941 ж. жас болса да, өз қалауымен Ұлы Отан соғысына кетеді. Сталинград қаласын қорғауда, 1942 ж. қыркүйек айында қаза табады (қара қағаз келген).

Әкемнің қарындасы Күлбарам Акбарова (Ахметова) тәтеміз анадан 5 жасында жетім қалған. Чапаев ауылына тұрмысқа шығып, жездеміз Ахметов Шайсұлтан екеуі 9 бала тәрбиелеп, тәтеміз «Алтын Алқалы» ана болды.

Әкемнің ең кіші інісі Сұлтан Жусупов – елде бухгалтер болып қызмет жасап, Көкшетауда қайтыс болды.

Әкем Зейнеғабиде (Зекіш) – 4 қызы болған; Даметкен 1956 ж.т., 2 жасында дүниеден өтті.





Тұрсын 1961 ж.т., бір жасқа толартолмаста дүниеден өтті. Сахарабану (Сахан), 1948 ж.т., Шолпанайым 1964 ж.т. (Шолпан).

Саханның балалары Сахарабану (Сахан) 1948 ж.т. 1970 ж. Саран педагогикалық училищесын бітіріп, одан кейін 1976 ж. Каргудың мат. фак. аяқтадым, 40 жылдан аса ұстаз болып, 2006 жылы зейнетке шықтым.

Балаларым – Дана, Самат, Гүлнар.

1) Дана Еркінқызы – Кар. Гудың эном. фак. бітірген, банк қызметкері.

2) Самат Еркінұлы – Қарағанды пед. институтінің әскери және спорт факультетін, Ресей-Казахстан университетінің заң фак. аяқтаған. Жеке кәсіпкер болған, 26.03.2018 жылы дүниеден өтті.

3) Гүлнар Зиядақызы – 1977 ж.т. Кар. Гудың эконо м факультетін аяқтаған, эконо мист, жеке кәсіпкер.

Шолпан Зекішқызы 1964 ж.т. Қарағанды мединститу тын аяқтаған соң, жолдамамен Петропавлда 20 жыл дәрігер болып қызмет жасады, 2009 жылы Астана қаласына көшті. Шолпанның балалары:

Мәриям, Сания; 1) Мәриям Еслямқызы 1986 жылы туған





Каргудын эномика фак. бітірген, финансист.

2) Сания Еслямқызы 1991 жылы туған. Евразия Гумилев атындағы университетті бітірген, жеке кәсіпкер.

Сталин колхозынан көшкендердің көбі Қарауыл руының адамдары. Акбар атам

салған мектепте соғыстан кейін туған біздер де білім алдық. Әлімжан Зағипаров алғашқы ұстазымыз болды, өз ісін сүйетін білімді ұстаз еді.

Балаға білімнің негізі бастауыш мектепте беріледі, соның дәлелі Әлімжан ағайдан алған біліміміз өмір бойы бізге азық болды. Жатқан жері жайлы, иманды болсын.

Біздің ауылда өте еңбекқор, ұйымшыл, өнерлі адамдар тұрды, бастауыш мектеп қана болды, ал 5-сыныптан бастап, Сулышоқ ауылында интернатта оқыдық.

Еліміздің жастары бір бірінен үлгі алып, білім алуға тырысты. Сыртта оқып жүрген оқушыларға, студенттерге ел ішінде үлкен құрмет көрсетілетін. Интернатта оқып жүрген мектеп оқушыларын «бала қонақтар» деп, әр үй табақ тартып шақыратын.





Күзгі, қысқы каникулда балалар мәз болып қалатын. Үлкендер күнде-ліктерімізді қарап, үлгерімі жақсы оқушыларды мадақтап, басқаларға үлгі етіп, ақыл кеңестерін беретін.

Үлкен қалаларда жоғары оқу орнында оқитын аға-апаларға да осындай құрмет көрсетілетін.

Біздің ауылда жасынан өскен Топаш деген кісі болды (аты елдің қойғаны). Кейін ол кісінің туғандарын жазушы Хамза Абдуллин ағамыз іздестіріп, елін табуға ат салысты. Есімі Рамазан екен, Батыс Қазақстанда, бір ауқатты адамның ұрпағы болып шықты.

Медвежка совхозында жетім балалардың интернаты болды. Онда, әсіресе, қазақ балалары көп болған екен. Біздің елдің азаматтары ақылдасып, біраз жетім балаларды асырап алыпты. Олар жақсы азаматтар болып өсіп, жақсы ұрпақ тәрбиеледі.

Ал депортацияға ұшыраған шешен, неміс жанұялары, ауылда қазақтар сияқты мал асырап, совхозда жұмыс істеді. Қазақ тілін таза менгеріп тату-тәтті өмір сүрді. Олар бау-бақша ұстайтын, қияр, помидор, капуста т. б. көкөністер егетін. Біздің ауылдың ұлдарының осы төңіректе қызық



әнгімелері де бар (кім айтқанын есіме түсіре алмадым).

Өте қызық! Шіркін балалық шақ!

Ауылдың жанында бір орман «Давид шоғы» деп аталады. Сол Давид ағамыздың жұбайы Лида Шперлинг, туыстары

Ольга Камерцель, Вильмерт Пеннер Германияда тұрады. Ол жақта елді сағынып, өткен өмірлерін сүйіспеншілікпен еске алып, сәлем жолдап жатады. Меңдар ағаның баласы Батыр олармен тығыз байланыста. Осындай ортада өсіп өнгендіктен болар, біздің Комсомол ауылының кәрі-жасы, ерекше ұйымшыл, бауырмал, үлкенді аға, тәте деп қарым қатынасымызды үзбейміз.

Кеңсе Ленин ауылына көшті, сондықтан жұмыс жасайтын азаматтары бар, оқитын балалары бар жанұялар Ленин ауылына көшіп кетті. Ол ауылда да өз ісіне білгір, адал, жақсы азаматтар өте көп болды.

Комсомолда соғыс ауыртпалығын көрген, жастық шақтары осы кезге сәйкес келген қадірлі ағаларымызды айта кетсек: Сапар Шаймерденов, Баян Бекин, Мәку Омаров, Қажтай Қожамсейтов тағы басқа ағалар елде әртүрлі салада жұмыс жасады.

Кейінгі жастардың білім алуға мүмкіндіктері бола бастады. Олар: Назарбек Қожамсейтов (Алматы СХИ), кейін белгілі жұлдызшы, Сабыржан Шаймерденов (Алматы СХИ), Мұратбек Рамазанов (Алматы КазГУ физмат. ғылым



докторы, академик,) Шернияз Бекежанов (СХИ, парторг), Ермек Қасенов (Алматы-милиция майоры), Оразғали Шаймерденов (Алматы СХИ–агроном), Маралбек Мустафин (Саратов әскери-ұшқыш училищесі), Темирбек Рамазанов (Қарағанды Полит. институты, инженер), Серік Мусабаев (ЦСХИ кәсіпкер), Аблай Бекежанов (Ташкент теміржол институты, инженер), Асылбек Рамазанов (зоотехник), Ризабек Мустафин (ЦСХИ зоотехник) Айтолла Уакишев (ЦСХИ ветеринар), Жанат Мустафин (ҚарҒу, заңгер), т. б.

Қыздар да білімге ұмтылды; Рамазанова Бану (Омбы СХИ инженер-земл), Шитенова Шарбан (ҚарҒПИ, биофак.), Гулбайра Мусабаева (ЦСХИ экономист), Ғайни Қожамсейітова (ҚарҒМИ дәрігер) т. б.

Біздің ауылдан осындай жастар білім алып, еліміздің әр саласында қызмет жасады. Қазір бұл азаматтардың өмірден өткендері де бар, аман-есен жүргендері ата-әже атанып, келесі ұрпақ тәрбиелеп жүр. Қазақстанның қай түкпірінде

болсақ та, ауылға деген сүйіспеншілік, сағыныш жүрегімізде сақталған. Ауылдастар жиі қатынасып, бір бірімізбен қоян-қолтық араласып тұрамыз. Тек сағым болып қалған балалық шақ, ауылда өткен жастығымыз, алғашқы мөлдір сезім естен ешқашан кетпес!!!

Ерте тұрып, топ болып орманға жидекке барып, сарышұнақ аулап, ауылдың сыртында доп-таяқ ойнап, қатармен қызылшаның арам шөбін тазалап, «қайсымыз тез бітіреміз», – деп жарысатын, қырманда бидайдың төбесіне шығып, қой қырққанда қаптардың ішіне түсіп, жүнді басқанымыз, кешке ағаш ішінде алтыбақан тепкеніміз, шіркін, ауылымның – Комсомолымның қасиеттілігі екен!!!

Біздің жүрген жерімізде, «комсомольцы» деп әзілдейді достар.

Әрине, еліміз тарап кетсе де, азаматтар бармыз, елдің өнегелі ұрпағы мәңгілік!!!

Досан ата толғауы!

Арғы атам Қарауылдан басталады,
Жаулыбай деген атпен саналады.
Ішінде Жаулыбайдың Көшей – Көбей,
Ұрпақтар сол атадан таралады.
Зарлы сөз мұңды қозғар жанға батса,
Аралас бал мен удың дәмін татса.
Қайғы мен қараңғыда қалар адам,
Талпынып талаптанбай босқа жатса.
Талпындым жетемін деп ойға алғанға,
Досым деп сенгенім жоқ сұм жалғанға.
Дүние балдай десем удай екен,
Бұл күнде түсіп тұрмын көп арманға.
Арманым айта берсем толып жатыр,
Бар арман өткен күннен болып жатыр.
Толқыған толған айдай сұлу жүзім,
Бұл күнде аурумен солып жатыр...


АЖАР

Ажар десе – Ажар,
Қара қасы қиылып тұр.
Сұлулық, сыпайы мінез –
Бір бойына жиылып тұр.
Сөзге сараң, аз сөйлейді.
«Сіз» деген лебізі оттай.
Ұл орнына мәпелеп,
Ата-ана өсірген қақпай.
Үміт, тілек жоғары еді,

Қол жеткенін алам деді.
Қуқыл сақалын сипай түсіп,
Бір күні әкесі:
«Балам!» деді.
Тыңдады, жүрек мұздап кетті.
Теріс айналды ұнатпай;
«Күнәлі болмас ең зой,
Бір мені ұзатсаң жылатпай!»
Сусылдақ шешей судырлатып,
Сөзді елге тасып жүр
Әлде кімдердің сырын
Айнадай қылып ашып жүр:
«... Биағалар мың сом алып,
Ажарды бермекші екен...
Ажардың сүйгені – Досан,
Ұзамай келмекші екен...
Ажардың батыл жүрегі
Алып ұшып барады.
Шам сөніп,
Үй өлімсіреп,
Ауыр қаранғылыққа талады.
Күзгі суық долы жел
Үйді «солқ» еткізеді.
Әлденендей ұлыған дауысты
Өлімсіреп жеткізеді.
Ұлыған аш қасқыр ма,
Әлде, жылаған бала,
Әлде қашқан қызына күйініп
Көз жасын төккен ана?..
... Тырс, тырс терезе
Күзгі бұршақты жауын ба?

Досан екен, «келдім!» деді,
«Ат-тоның дайын ба?»
Ажар тұрды...
Ой, шіркін мың құлпырды.
«Қаш, деді, «Қашпа!» деді...
Болмады... жүрді...
Қою қаранғылық
Серпілгендей болды.
Тумаласты сүйіп,
Көз жасы іркілгендей болды.
Көрпеге кіріп жататын
Ала мысық пырылдады.
Жолдыаяқ еркелеп,
Шығарып салғалы қырындады..
«Айт!» деу мұң екен,
Пар ат алып ұшты.
Бақыт іздеген жастардың
Екпіні күшті!
Ажарда арман жоқ,
Сүйгенін күшті!
Сейілхан қажы түсінде
Мың мыңдаған ақша санады.
«Оянып кетіп еді,
«Ажарлаған» дауыс
Құлақты жарып барады...

Б. Майлин,
1 том, 1925 ж. 24 қазан.



Бейсеновтар әулеті

Мен, Бейсенов Назарбай Бейсенұлы, 1938 жылы Ленин ауылында тудым. Руым Қарауыл-Сары. 17 жасымнан бастап пенсияға дейін ауылда машина жүргізуші болып қызмет атқардым. 2005 жылы отбасыммен бірге Булаев қаласына қоныс аудардым.




Менің жолдасым Бейсенова Рабиға Нұрахметқызы 1948 жылы Сартомар ауылында туған.

Менің әкем Арыстанбаев Бейсен Арыстанбайұлы 1902-1991 жж., анам Арыстанбаева Кәбжан Қаймолдақызы 2000 жылы қайтты.

Менің ағаларым:

1. Жүнісов Ғаббас Кошершіұлы 1928-1993, жолдасы Жүнісова Батима Абдрахманқызы (қайтты).





2. Бейсенов Тұяқ Кошершіұлы 1934-1990, жолдасы Бейсенова Сабира Мұсақайқызы (қайтты).

3. Арыстанбаев Базарбай Бейсенұлы 1938 туған, жолдасы Арыстанбаева Айжан Хабибұлқызы.

4. Арыстанбаев Жақсылық Бейсенұлы 1943 туған, жолдасы Арыстанбаева Шәмшия Кәрібайқызы (қайтты).

5. Арыстанбаев Жақсыбай Бейсенұлы 1947 туған (қайтты), жолдасы Арыстанбаева Сабира.

Менің балаларым:

1. Бейсенов Дәурен Назарбайұлы 1967-1987 жж.

2. Бейсенов Аманжол Назарбайұлы 1969 жылы туған, 2016 жылдан полиция зейнеткері, жолдасы Бейсенова Баян Райзаққызы 1970 жылы туған.







Аманжолдың балалары:

- Назарбаев Ерлан Аманжолұлы 1988 жылы туған, жолдасы Назарбаева Гүлжанат Боранбайқызы 1991 жылы туған.

Ерланның балалары:

- Аманжол Мирас Ерланұлы 2015 жылы туған.
- Аманжол Диас Ерланұлы 2015 жылы туған.
- Назарбаев Адиль Аманжолұлы 1994 жылы туған.
- Назарбаева Анель Аманжолқызы 2007 жылы туған.

3.Бейсенов Саян Назарбайұлы 1971 жылы туған, жолдасы Бейсенова Самал 1976 жылы туған.

Саянның балалары:

- Назарбаев Нариман Саянұлы 1999 жылы туған.

4.Бейсенов Мират Саянұлы 2017 жылы туған.

5.Шаймерденова (Бейсенова) Бақытгүл Назарбайқызы 1973 жылы туған, жұбайы Шаймерденов Қуаныш Тлеуғабұлұлы 1970 жылы туған.



Бақытгүлдің балалары:

- Каримова Индира Нұртайқызы 1992 жылы туған.
- Тлеуғабұл Айдын Қуанышұлы 1999 жылы туған.
- Тлеуғабұл Жан Қуанышұлы 2009 жылы туған.

6. Жаныбекова (Бейсенова) Алмагүл Назарбайқызы 1977 жылы туған, жұбайы Жаныбеков Даниель Мәулинұлы 1984 жылы туған.

Алмагүлдің балалары:

- Мәулин Әмір Даниельұлы 2012 жылы туған.
- Жаныбек Арлан Даниельұлы 2017 жылы туған.





Арыстанбаев Базарбай Бейсенұлы 1938 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауданындағы Байшілік ауылында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітірген соң, Петропавлдағы ауыл шаруашылығы техникумына түсіп бухгалтер мамандығын алып шығады. Еңбек жолын Приишим ауданындағы Қызыләскер кеңшарында бастайды. 1959

жылы әскер қатарына шақырылып Ленинград облысындағы Әскери бөлімшенің кеңсе хатшысы болып істейді. 1962 жылы М.Ломоносов атындағы Москваның мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, философия мамандығын иеленеді. Осы оқу орнын бітіре сала Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетіне лектор болып қабылданады. Бес жыл бұл қызметті абыроймен атқарып 1972 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаментінің кадрлар бөліміне аға инспектор болып ауысады. 1995 жылы осы қызметтен зейнет демалысына шығады.

Базарбай Бейсенұлы зейнеткер болғанмен қол қусырып отырмай қоғамдық жұмысқа қатысады. Бірнеше жыл облыстық ішкі істер департаментінің ардагерлер ұйымын басқарады. Көп жылғы үздік еңбегі үшін Ішкі істер Министрінің грамотасымен, медальдарымен марапатталған.



Жұнысов Ғаббас 1928 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауданындағы

Бөріктал ауылында дүниеге келген. 1946-1949 жылдары Петропавлдағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып, бухгалтер мамандығын алып шығады. Еңбек жолын Булаев ауданында ауыл шаруашылық бөлімінде бухгалтер-нұсқаушы қызметінен бас-тайды. 1950-1952 жылдары Алматының заңгерлер мектебінде оқиды. Оқуды ойдағыдай

бітіріп Октябрь ауданы прокурорының көмекшісі болып тағайындалады, кейін осы қызметті Преснов ауданында жалғастырады. 1953 жылы аудандық прокуратурада тергеуші болып істейді. Үш жылдан кейін Приишим аудандық прокуратурасына ауысады. Қызмет істей жүріп сырттай С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп шығады. 1963 жылы Целиноград облысындағы Алексеев ауданының прокуроры болып тағайындалды. 1966 жылы Целиноград облыстық адвокаттар коллегиясының мүшелігіне сайланды. Кейін Солтүстік Қазақстан облысындағы Аққайың ауданында адвокат қызметін атқарды.



Арыстанбаев Жақсылық Бейсенұлы 1943 жылы 17 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев (қазіргі М. Жұмабаев) ауданындағы Ленин ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Весе-лов жеті жылдық мектебін бітіріп, осы жылы Петропавлдағы ауыл шаруашылығын механизациялау техникумына оқуға түседі. 1965 жылы бұл оқу орнынан техник-механик мамандығын алып шығады. Техникумды бітіргеннен кейін «40 лет Казахстана» кеңшарына механик болып жіберіледі. Төрт жыл осы қызметті атқарып, 1969 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтына оқуға жіберіліп, бес жылдан кейін оны ғалым-агроном мамандығы бойынша бітіреді. Институтты бітіргеннен кейін «Авангард» кеңшарына агрономдық қызметке жолдамамен келеді. Осы шаруашылықта алдымен бас агроном, кейін Кеңшар директорының орынбасары болып 1978 жылға дейін еңбек етеді. Осы жылы Булаев аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігіне директор болып тағайындалады. 10 жыл шаруашылық бірлестігін басқарғаннан кейін Петропавл жанар-жағар май базасында директордың орынбасарлығына ауысады. 1990 жылы Булаев ауданындағы «40 лет Казахстана» кеңшарына бас агроном және директордың өндіріс жөніндегі орынбасары қызметіне шақырылады. Бұл қызметті тоғыз жыл атқарды. Кеңшарлар тарағаннан кейін «Арыстан» шаруа қожалығын ұйымдастырады. Қызмет істеген жылдары бірнеше рет Булаев аудандық Кеңесінің депутаты және аудандық партия комитетінің мүшесі болып сайланған.



Бейсенов Туяк Кошершеулы, родился 08.11.1935 году в селе Ленина Булаевского района Северо-Казахстанской области. Образование – среднее.

1956-1958 гг. – служил в СА.

1958-1978 гг. – работал трактористом в с. Ленина.

В 1972 году переехал в Целиноградскую область, Курганьджинский район, где работал снабженцем в Комхозе.

В 1983 году переехал в г. Петропавловск. Работал на заводе исполнительных механизмов, в охране. Умер 19.02.1990 году.

Супруга Бейсенова Сабира Мусакаевна 30.11.1937 года рождения. Умерла 17.08.2016 году.

Дети: Бейсенова Бақыт Туяковна 17.01.1960 года рождения. Пенсионерка. Имеет 2 детей. Дети: Абдрейсова Диана Жаксылыковна 02.06.1987 года рождения. Замужем, воспитывает сына. Абдрейсова Дана Жаксылыковна 23.01.1991 года рождения.

Бейсенов Амангельды Туякович 27.08.1961 года рождения. Пенсионер. Имеет 3 детей.

Дети: Бейсенова Салтанат Амангельдықызы 03.07.1985 года рождения. Бейсенова Сауле Амангельдықызы 22.02.1988 года рождения. Замужем, живет в г. Астана, воспитывает дочь. Туяк Серик Амангельдыұлы 01.12.1998 года рождения.

Бейсенов Бақтыбай Туякович 22.11.1963 года рождения. Имеет 3 детей. Дети: Бейсен Динара Бақтыбайқызы



19.08.1986 года рождения. Живет в г. Астана. Бейсен Зауре Бақтыбайқызы 01.04.1988 года рождения. Замужем, живет в г. Усть-Каменогорск. Воспитывает 2 детей.

Бейсенов Агыбай Туякович 02.01.1966 года рождения.

Бейсенов Мейрам Туякович 08.02.1968 года рождения. Работает в ДЮСШОР «Жеңіс» олимпийского резерва, тренер по футболу. Имеет 2 детей, дети: Туяков Жангали Мейрамович 16.08.1996 года рождения. Туяков Жанали Мейрамович 16.12.2003 года рождения.

Бейсенов Жоламан Туякович 15.04.1970 года рождения. Умер 02.02.2001 году в ДТП.

КИІГІ – БОЛДЫҚ ДАЛАНЫҢ

Бала күнім есімде,
Ленинде тұрған кезімде.
Бітпейтіндей балалық,
Киігі- болдық даланың.

Дүкеннің жаны адамдар,
Автобусты қараған.
Шешесін күтіп қаладан,
Армандап тұрған балалар.

Сөмкесін сүйреп үй жаққа,
Не береді деп қипақтап.
Әкелсе ойыншық, тәттіні,
Болушы ек бала бақытты.

Кешкісін кірмей үйге біз,
Жалаң аяқ жүргенбіз.
Нанға қант пен май жақса,
Торт бергендей күткенбіз.

Әкелер болса қырманда,
Қараушек малды қорада.
Жұмысын үйдің қатырып,
Темекі шектік жасырып.

Футболды ойнап бала боп,
Көрші ауылға барушыек.
Тиіссе кейде сотқарлар,
Бірігіп қарсы тұрушыек.

Есігін қарап дүкеннің,
Алыстан жүрдік күзетіп.
Жұмыртқа тапса тауықтар,
Дүкенге бардық жүгіріп.

Кешкісін тосып малдарды,
Жарысып атпен алдандық.
Великті- міндік аямай,
Бұзылса болдық -қара май.

Ағашта ойнап тах-тахты,
Жеңіске жетіп мақтандық.
Қойды да бағып кезекпен,
Күтушек үйге қайтқанды.

Хоккейді ойнап құнығып,
Қысына тоңдық шынығып.
Осы күнге жетуге,
Себепші болды сол күніміз.

Бәрін айтта бірін айт,
Ауылдың кешін жиі айт.
Қолың тисе бауырым,
Ауыға тағы барып қайт!

Жанат Етекбаев
22.03.2016ж.



Аслямовтар әулеті

Аслямов Ғалымша (Бабай ата) 1914-1990 ж. 1941-1946 ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1965 ж. ауылға көшіп келген, 1988 ж. Булаев қаласына көшкен. Ауылда ағаш шебері болып істеген.

Аслямова Мұғалима (Инәй) 1921-2006 ж. соғыс жылдары торф шахталарында жұмыс істеген. Ауылда мектепте аспазшы болып жұмыс істеген. 6 қыз, 3 ұлы бар:





Фарида Абдрахманова (Аслямова) 1941-2008 ж.

Мәүлімжан Абдрахманова 1938-2014 ж. Қыздары Мәриям, Гүлнар, Мунира, Дана. Ұлы: Марат 1968 ж. Булаев қаласында тұрады.

Фарзина Ибрагимова (Аслямова) 1947-2015ж.

Сафиолла Ибрагимова 1942-2014 ж. Қыздары: Роза, Айсұлу, Айгүл, Динара. Ұлы: Серік Ибрагимов Петропавлда тұрады.

Ханафи Аслямов 1949-1985 ж. Ауылда ағаш шебері болып жұмыс істеген.

Үміт Аслямова (Төрежанова) 1954 ж. Ауылда сауыншы, учетчик болып жұмыс істедім. 2002 ж. зейнеткерлікке шықтым. Шешеміз 1968 ж. қайтыс болып, әкеме көмек болсын деп жұмысқа ертерек кірістік. Каникул бойы Ұмсынай сіңдіміз екеуіміз сауыншы болып жұмыс істейтінбіз. Өз туған-өскен Ленин ауылымызды су басып ақырына – дейін отырып қимай 2016 жылы Бескөлге көшіп келдік, 6 ұл, 2 қызым бар: Аслямов Ринат 1974 жылы Ленин ауылында туған, Астанада тұрады. 2011 жылы үйленген, әйелі Бестіқұлова Бибігүл. 1973 жылы Оңтүстік Қазақстан Облысында Шардара ауданында туған. Қызы Жансая 2012 жылы туған балабақ-

шаға барады. Аслямов Самат 1976 жылы Ленин ауылында туған, Петропавлда тұрады. 2012 жылы үйленген әйелі Маденова Жанат 1976 жылы Торғай облысының тумасы, қызы Жарқынай 2013 жылы туған, ұлы Дәулет 2016 жылы туған.



Оспанова (Аслямова) Самал 1979 жылы Ленин ауылында туған. 2009 жылы тұрмысқа шыққан. Қазір Булаев қаласында тұрады. М.Жұмабаев аудандық ІІБ қызмет істейді. Күйеуі Оспанов Самат 1986 жылы туған орман шаруашылығында жұмыс істейді. Ұлы Самир 2012 жылы туған мектепте 1 сыныпта оқиды.



Аслямов Азат 1981 жылы Ленин ауылында туған 2001 жылы үйленді. 2013 жылы мектеп жабылып Бескөл



ауылына көшіп кетті. Құрылысшы болып істейді. Әйелі Аслямова (Алиева) Таңсұлу 1980 жылы Балуан ауылы Ша-лақын ауданында туған. Ауылда 2001-2013 мұғалім болып істеді. Қазір СҚМУ оқушысы. Ұлы Мақсат 2002 жылы Ленин ауылында туған. Петропавл теміржол колледжінің 2 курс студенті. Қызы Қарлығаш 2004 жылы Ленин ауылында туған.

Петропавл гуманитарлық-техникалық колледжінің 1 курс студенті. Қызы Мадина 2009 жылы Ленин ауылында туған. Бескөлде «Парасат» мектеп-лицейінде 3 сынып оқушысы.

Қайырова (Аслямова) Шолпан 1983 жылы Ленин ауылында туған 2011 жылы тұрмысқа шыққан. Омбы облысы Есіккөл ауданында тұрады. Күйеуі Қайыров Серік 1973 жылы туған.

Аслямов Марат 1985 жылы Ленин ауданында туған. М.



Жұмабаев аудандық салық комитетінің қызметкері. Қызы Айлина 2019 жылы туған. Немерем Аслямова Айсұлу 1995 жылы Ленин ауылында туған. Алматы қаласында тұрады медицина қызметкері. Күйеуі: Рахымберген Санжар 1992 жылғы. Алматы облысы Райымбек ауданының тумасы. Алматы қаласы ІІБ қызметкері. Қызы Раяна 2017 жылы Алматы қаласында туған.

Аслямов Раиф 1952 жылы туған зейнеткер, Булаев қаласында тұрады. Әйелі Аслямова Магафия зейнеткер. Қызы Зульфия.

Аслямов Рафис 1954 жылы туған зейнеткер Явленкада тұрады. Үш баласы бар.

Абуова (Аслямова) Магафия 1957 жылы туған зейнеткер. Күйеуі: Омаров Серғали 1959 жылы Комсомол ауылында туған. Ұлдары Рустам, Азамат.

Бектасова (Аслямова) Макфия 1961 жылы туған. Күйеуі: Бектасов Оразбай 1959 жылы туған Булаев қаласында тұрады. Балалары: Айгүл, Альбина, Артур.

Сұлтанова (Аслямова) Зиния 1964 жылы туған. Күйеуі: Сұлтанов Еркін 1963 жылы туған Булаев қаласында тұрады. Ұлдары Қанат, Талғат.

1985 жылы Ханафи қайтыс болды.

Одан кейін Омаров Рахметолламен қосылдым, ол 1949 жылы Комсомол ауылында туған, 1965-1978 жыл аралығында малшы болып жұмыс істеген.

1978-2012 жылы тракторист болған, қазір зейнеткер.

Әкесі Омаров Қарап 1917-1992 ж. 8 жыл соғыста болған аға лейтенант шенінде үйге қайтқан. Шешесі Батика Қайдарқызы 1920-1950 ж. Ұлы Омаров Қанат 1989 жылы Ленин ауылында туған. Ауыл шаруашылығында жұмыс істейді, 2016 жылы Бескөлге көшіп келген.

Төрежановтар әулеті



1. Мен Төрежанова (Аслямова) Үміт Абдоллақызы Ленин ауылында туып-өстім, балаларымды да осында туып-өсірдік. Өмірдің қызығы да қиындығы да осында өтті. Зейнетке шыққанша мал шаруашылығында еңбек еттік. 7 бала өсірдім. Туған ел ыстық қой енді қалғаны сол ауыл

болды деген естелік қана. Мұқыжанов Есенгелді ағамыз қамқоршы болғанда, ауылымыз гүлденіп тұрған еді. Алланың жазуы ғой бәрі, жатқан жері жарық болсын. Кезінде Етекбаев Зейнолла ағамыз бригадир болып істеді, кейде таңертең ұйықтап қаласың. Сонда ұрсады деп ойлап шықсаң ол: «кұлыншақ ұйықтап қалдың ба?» – деуші еді. Сондай жұмсақ мінезді адам болған. Қазір ауылдастармен тек қана жиындарда кездесіп бір жасап қаламыз. Ауылымызда тұрған кезіміз бұл да бір өмірдің өтіп кеткен дәуірі ғой.

Менің арғы атам Амандық ұрпағынан тараған.

Атам Төрежан, әжеміз Аққыз әулеті Байшілік (Молотов) ауылында тұрған. Аққыз әжеміз сауыншы болып істеген.

Төрежанның ұл-қыздары:

Төрежанов Рахымжан (1902-1944ж) Байшілік ауылында темір шебері болып жұмыс істеген. 1930-1944 ж. Ұлы Отан соғысында хабарсыз кетіп Украина жерінде жаппай мазарда жерленген. Әйелі Төрежанова Қайша 1910-1995 ж. Соғыс жылдары ауылдағы мал фермасында сауыншы болып жү-

мыс істеген. Қызы Жәміш 1927-2018 ж. Соғыс жылдары 14 жасынан сауыншы болып ауыл шаруашылығында еңбек еткен. 6 қыз 2 ұлы бар Сабыржан Омбы қаласында тұрады. Инженер болып жұмыс істеген, қазір зейнеткер. Марат Омбыда тұрады.

Ұлы Теңелдік 1936-2001ж. Байшілік ауылында мал шаруашылығында еңбек еткен. Бала кезінен жылқы құлағында ойнаған. 16 жаста әкесіне арнап өлең жазған

2. Теңелдіктің ұл-қыздары: Гүлнәр, Айгүл, Қайырболат.

Ұлы Орынбасар 1938-2017 ж. мал шаруашылығында еңбек еткен. Әйелі Наушәрбән М. Жұмабаев ауданы, Шаңдақ ауылында тұрады. 5 баласы бар: Қызы Айман шешесімен тұрады. Шолпан Астанада әскери госпитальда еңбек етіп зейнетке шықты. Баласы Қуандық әскери қызметте Астанада тұрады. Мұрат шекара қызметінде, Петропавлда тұрады, Дулат Көкшетауда тұрады.

Қызы Бәдишә. 2 ұл 1 қызы бар. Оразкелді, Сайран, Жібек.

3. Төрежанов Құрмаш 1913-1949 ж. Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен. Басқа дерек жоқ.

Төрежанов Абдолла (Кәләу) 1917-1977.1941-1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, Украинаға дейін барған. 1946-1950 жылдары Байшілік ауылында бригадир болып әрі қарай мал шаруашылығында еңбек еткен. Шешеміз Ыбырайқызы Орынбасар (Бәскен) 1927-1968 ж. Қоскөлде Құндызбай нағашымның қарындасы болатын. Сауыншы және де басқа ауыр жұмыс істеген.

4. Қызы Төрежанова Сабира 1950-1956 ж, Алтынай 1952-1961 ж.

Төрежанова Үміт (Аслямова) 1954 ж.

Төрежанова Ұмсынай 1957-2007, 2 қызы, 4 ұлы бар.

Төрежанова Ақылаш (Измайлова) 1960 ж. зейнеткер

Петропавл қаласында тұрады. Күйеуі Измайлов Дәулет Қобланұлы 1954-2011 ж.

Қызы Алма Есеркенова 1974-2014 ж. күйеуі Әлібек Есеркенов Қарағанды совхозында тұрады. Ұлдары Мұрат, Нұрсултан, Бауыржан.

Қызы Алия Пшенбаева 1979 ж. күйеуі Пшенбаев Самат Петропавл қаласында тұрады, ұлдары Рахат, Расул.

Қызы Айгүл Житенова 1981 ж. күйеуі Мейрам Житенов Писаревка совхозында тұрады, 2 ұлы 1 қызы бар: Болатхан, Әділ, Айнұр.

Қызы Асемгүл Измайлова 1982 ж., бір қызы бар Айман.

Қызы Анар Пішенбаева 1984-2014 ж. күйеуі Нұрбай Пішенбаев Петропавл қаласында тұрады, ұлы Даниял.

5. Баласы Марат Измайлов 1985 ж. Әйелі Гүлнар Измайлова Петропавлда тұрады. Қыздары Даяна, Сабина, Айлина.

Төрежанов Қайырбек 1960-2018 ж.

Ленин ауылында туып өскен, Бескөзде жерленген, әйелі: Куненова Қорлан Қарақоғада тұрады, балалары Төрежанов Данияр 1988 ж. туған Қарақоғада тұрады. Қызы Көшербаева (Төрежанова) Динара 1990 ж. туған балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейді, Қарақоғада тұрады. Күйеуі Көшербаев Самат Қарақоғада тұрады, орманшы болып жұмыс істейді.

6. Төрежанова (Алиева) Жұпар 1963 ж. Ленин ауылында туған. Қазір Тюмень қаласында тұрады, мұғалім болып істеген, зейнеткер. Күйеуі Алиев Абай 1963 ж. Тюменьде тұрады, балалары: Арман, Руслан, Жанна.



Ахметжановтар әулеті

Өмірдің баласы Тұрдығұлдан, Көшен есімді ұл дүниеге келеді. Көшеннен туылған Байғот есімді ұлдан:

Етекбай, Данияр, Құдияр есімді үш ұл дүниеге келген.

Етекбай қажының Жәмилә (Бекше-қарауыл) есімді қызынан Жұмабике (Битән-уақ) есімді қыз дүниеге келеді.

Етекбай қажы өзінде ұл болмағандықтан Құдиярдың, Ахметжан есімді баласын бауырына басып алып Етекбаев тегін береді де өзінің жиені Жұмабикеменен қосады.

Жұмабикеден (Битән-уақ): тоғыз ұл екі қыз дүниеге келіп, Шөдеу менен Бекеш есімді екі ұлы Ұлы Отан Соғысына аттанып, сол жақтан оралмаған. Кішкентай кезінде басқа ұл қыздары қайтыс болып, Қалиолла (Қалкеш) пен Зейнолла есімді екі ұлынан ұрпақ тараған.

Құдияр менен Айеңнен (Мадияр- қожаның апасы) дүниеге келген ұрпақтары:



Ұлдары: Садуақас (Сауақ), Мұқыжан, Ахметжан, Тұрқан, Кенжебай.

Қыздары: Хадиша, Ерментай, Орыңдық.

Садуақас (Сауақ) пен Алтын есімді әйелінен туылған қыздар: Жамал, Қайни, Кәмәл, Үрдәпия.

Қайнидан: ұлы Сағнай мен қызы Сәруәр дүниеге келеді.

Сағнай мен Райханның қыздары: Әсем, Арманнан ұрпақтар жалғасуда.

Жамалдан қыздары: Мүслима, Қайыржан, ұлы Садық дүниеге келеді.

Кәмәл жұбайы Мұқаметжанменен Еркін есімді ұлды бауырына басып алады.

Астана қаласында тұрып жатқан Ахметов Еркін менен Күләш жеңгемізден туылған қыздары: Жанар, Анар. Жанардан немерелер сүйіп ортыр.

Үрдәпияның ұлы Ермектен туған ұрпақтар бар.

Құдиярдың қыздары:

Хадишадан: Амзин Сәрсенбай дүниеге келді.

– Ерментай есімді қызынан: Әлден есімді ұл мен екі қыз дүниеге келді.



- Әлденнен Нағима апамыз, Досов Жұмажан жездеміздің жұбайы дүниеге келген.

- Бибінұрдан туылған Жұмабек есімді ұлдан туылған Серікбай, Мұқұжанның немересі Кұлбанумен Бинәшта отау құрып отыр.

Орындық есімді қыздың ұрпақтары:

- Хамзадан: Қалима, Қабыкей, Жәния, Шынар, Мәпи, Сапи, Қалқаман дүниеге келді.

- Төлеуден: Зекен, Төлеген, Қарлығаш, Сәуле дүниеге келді.

- Мұраттан: Сансызбай, Серікбай, Меруерт дүниеге келді.

- Мадинадан: Бақыт, Шолпан, Амандық атты ұл қыздар дүниеге келді.

Ахметжан атам мен (Битан) апамның есімі Жұмабике, ол кісілер Ворошиловта тұрған. Атам Ахметжан Ворошилов ауылын басқарған. Өте мінезі жақсы адам болған. Халқының қалаулысы елінің елеулісі болды. Сол аталарым мен бірге бір үйде Кудьяров Кенжебай атам, мен, Дамежан апам, Кұлзира, Кұлбарам, менің әкем мен Зейнолла тәтем және т. б. тұрған. Көбіне біз інім Серік екеуіміз Жұмабике (Битан) апамның тәрбиесінде болдық. Апам мақал-мәтелдерді көп білетін, бізге ақылын айтушы еді. Апам өте пысық болды, үй шаруасына бәріне шебер болды, ішкі тон тікті. Үйде сары бие менен оның құлыны қара бие болатын. Соны апам сауатын, қымыз ашытатын, соның бәрі менің әлі есімде. Қазақ-

тың ұлттық киімдерін неше түрлісін ою салып тігіп, қабырғаға іліп қоятын. Дүкеннің киімдей етіп тігетін, малдың терісінен де бөрік тігетін. Бізге немерелерінің бәріне қазақша киімдер тігетін оны біз мек-



тепке концертке барғанда киіп баратынбыз. Жанаттың әкесі Зейнолла мені жақсы көретін. Ал Фаузия тәтем еркелетіп: Еркежан – дейтін. Апам Жанатты жақсы көрді. Жанатжан деп ылғи қолынан жетектеп өсірді.

Осыны жазып отырған Ахметжан атамның немересі Салтанат. 07.03.2019 ж.

Ауылда 4 жылдық мектеп болды. Менің алғашқы қалам ұстатқан мұғалімім Найманбаев Файзолла болатын. Ол кісі жақсы мұғалім болды, оқушыларға үлгілі тәрбие берді. 5-сыныпты мен Қасқатта Қаратай нағашымның үйінде жүріп оқыдым. Содан кейін ауылда 8 жылдық мектеп ашылып, мен қайтадан ауылға оқуға келдім. Ауылда 8 жылдық мектепті бітіріп Сартомар ауылынан 9-10 сыныпты оқыдым.

1971-1973 жылдары Ауылшаруашылық министрлігінің Петропавл есеп экономикалық техникумын тәмәмдап, бухгалтер мамандығын алып шықтым. Одан кейін ауылға 1973 жылы бухгалтер болып орналастым. Ол уақытта совхозымыз «40 жылдық Қазақстан» 2-бөлімше еді. Ауыл басқармасы Уакишев Ғаббас ағай, бас есепші Утеев Аймухан аға еді. Оқуды жаңа ғана бітіріп келген мені осы ағаларым



жақсы қарсы алып: «іске сәт қызым, жұмысыңа жақсы қарқынмен кіріс», – деп ақ баталарын беріп еді.

Көп нәрсені Аймұқан ағадан үйрендім. Күнде таңғы сағат 6-дан, кешкі сағат 5 ке дейін жұмыс уақыты болушы еді. Ол кезде контордың жанында құрмет тақтасы ілеулі тұратын. Сол тақтаны егін сепкен, жинаған уақытта, таңғы сағат 6-да барып толтырушы едік. Писаревкадан бас агроном Сергеенко келіп тексеретін, басқа да мамандар кезекшілік құрып келіп тұратын. Одан кейін таңғы сағат 9-ға дейін совхозға диспетчерге ақпар беретінбіз. Шарипова Алтынай тәте завклуб болатын, жастарды бригадаға апарып концерт қоятынбыз. Мейрамов Жақсылық аға бөлімшенің жұмысын атқаруда белсенділік танытты. Кейіннен ол кісіге автобус берді, совхоз сауыншыларын да тасыды.

1977 жылы 8 сәуірде бізді «Писаревка» совхозына ауыстырды. Совхоз директоры Зембицкий Т.Б. болды. Аймұқан аға зейнетке шыққаннан кейін Омарова Раушан Қарапқызы екеуіміз бірге жұмыс істедік. Бәрі жақсы болып еді, кейін конторамызды жауып бәрін совхозға көшірді. Сауыншылардың сиырларын алып кетті совхоз, одан кейін механизаторлардың тракторларын, комбайндарын алды.



Мектепте оқушылар азайып, жан-жақта оқуларын жалғастыруға тура келді. Мукужанов Есенгелді ағамыз мектепке спонсор болып, мектепке кітапхана, компьютер, шаңғы, коньки және жыл сайын мектепке сыйлықтар жіберіп отырды.

Мен жолдасым Туренов Амангелді екеуіміз 2008 жылы отбасымызбенен Булаев қаласына көшіп келдік. Отбасымызда 1 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірдік. Балаларымыздың бәрі жоғары білімді. Өз отбасылары бар бөлек тұрады.



Ахметжанова Раушан Шәмшоллақызы:

Адам баласына неше түрлі сүрлеу жолдар кездеседі, екі ғасырдың ағымын бастан кешіп, тіршілік жасаған анамыз Ахметжанова Бақытжан Мұқамадьярқызы жастайынан жолдасынан айырылып, 4 бала мен жесір қалып, 30 жыл сауыншы болып балаларын қанат-

тыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп, ұлдарын ұяға, қызын қияға қондырып, 2009 жылы 78 жасында өмірден өтті.

Баларының үлкені Салтанат жолдасы Аманкелді деген жігіт. Булаев қаласына көшіп келіп, Булаевта тұрады. Екі ұлы бір қызы бар.

Қызы Жұлдыз Петропавл қаласында тұрады, тұрмыста. Жолдасы – Жасұлан, екі ұлы бар. Жұлдыз – қалалық әкімшілікте бас маман.

Ұлы Есенкелді шекарашы, үйленген жолдасы Зайра бір ұл, бір қызы бар.

Екінші ұлы Азамат жоғарғы білімді, тарихшы.

Үлкен ұлы Серік жолдасы Хадиша екеуінің үш қызы: Ғалия, Әлия, Дана және Дархан есімді ұлы бар. Булаев қаласында тұрады. Серік 2018 жылдың наурыз айында зейнеттік демалысқа шықты.

Екінші ұлы Сакен жолдасы Раушан. Ленин ауылынан 1998 жылы Булаев қаласына көшіп келіп содан бері Булаев қаласында тұрып жатыр.

Талғат, Марат атты екі ұлы бар. Талғат 2006 жылы колледж бітірген. Жеке кәсіпкер. Жолдасы Сәуле «Семейный» дүкенінде сатушы. Айсана деген қызы, Арнұр деген ұлы бар.

Айсана 2 сыныпта, Арнұр дайындық сыныпта, оқу озаттары. Талғат ата-анасымен бірге тұрады. Марат отбасымен Петропавл қаласында тұрады. Үйленген жолдасы Сәния. Бір ұл бір қызы бар. Қызы Мадина 5 жаста бала бақшасында ұлы Мансүр 1, 5 жаста. Марат халыққа қызмет көрсету орталығында бас маман. Сәния халық банкінде бөлім меңгерушісі.

Жолдасы Раушан білім саласында қарапайым мұғалімдіктен бастап директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, аудан орталығында мектеп директоры, аудандық білім бөлімінде бас маман болып, 45 жыл қызмет жасап, құрметті демалыста.

Сәкен де өз шаруашылығымен айналысуда.

Үшінші ұлы Қайырбек үйленген, жолдасы Гаухар ұрпақтары бар. Алматыда тұрады.







Етекбаевтар әулеті

АНА, АНАМ МЕНІҢ

Ана, анам менің,
Жасың ұлғайған сайын ыстық көрем сені.
Жасыңды ұзарту үшін, не істесем екен, -
Деген ой мазалап жүр мені.
Мама, мамам менің,
Мама – деп айта алмай жүрмін тегі.
Әжем барда атыңды айттық, (Фаузия)
Сол кезім ыстық мәңгілік байлық.
Сөкепе, сені, Мама – деп айтпады деп,
Анам-бар деп
Жаным жай табады менің.

Бір бөлігі жанының, баласымен Ананың.
Құлыным – деп әрқашан, мәпелеп жүрген баласын.
Алақаны аяулы, құрсағы Алтын-Ананың.
Өсіруге баланы, амал тапқан Анашым.
Сыйлық берсе әр күні, аз ғой саған Анашым.
Өмір бойы жүресің, тілеуін тілеп балаңның.
Әйел болған затың бар, сүю үшін жаралған.
Балаң үшін су кешіп, күйеу үшін жаралған.
Құшағыңда жылуың, құшу үшін жаралған.
Бақытынан балаңның, ұшу үшін жаралған.
Құтты болсын мерекең, мені туған Жан Анам!
Қанша жасқа келсем де, кім бар артық – Анамнан?!

Жанат Етекбаев

08.03.2019 ж.



Етекбаев Зейнолла Ахметжанұлының отбасы туралы Етекбаева (Смагулова) Фаузия Смағұлқызының берген мәліметі:

Мен Етекбаев Ахметжан атаның үйіне 1957 жылы келін болып түскенімде, бес үйдің ақсақалдары, Мұқыжан, Тұрқан, Кенжебай, Қамал, Алтын, Жамал есімді ата-апалар болды. Зейнолла ол кезде 23 жаста, әкесінің қайтқанына 4 жыл болған екен. Зейнолла механизатор болды, 14-қыркүйекте 1958 жылы Шоқан дүниеге келді, 9 айдан кейін қайтыс болды. Келін болып түскеннен кейін масло-заводта Бәсенмен сүт айналдырдым. Ескі маслозаводта Қапиза тәтем жұмыс атқаратын. Содан бұзаушы, кейін сауыншы болып жұмыс атқардым. Зейнолла ол кезде тракторист болып жұмыс істейтін. Ішетін суды зират жақтағы ең бірінші тұрған үйдің жанындағы құдықтан алатынбыз.



Ол үйде Ләззат, Жанат, 1965 жылы Гүлзат дүниеге келді. Гүлзат 1,5 жаста қайтыс болды. Ескі үйдің ар жағында Мұқұжан атаның үйі болды, оң жақта Тәнзилә деген кісі тұрды, одан кейін Лаубаев Қаппас тұрды.

Мен Етекбаева Фаузия Смағұлқызы 23.08.1938 жылы СҚО Полудин ауданы, Екпенді ауылында дүниеге келдім.

Әкем: Шарипов Смағұл, орманшы (лесник) болып істеген екен, мен үш жаста болғанда қайтыс болыпты.

Шешем: Шарипова Мағрипа, қарапайым отбасында туылған, жұмысшыларға тамақ пісіруші болып істеген.

1946 жылы 1 сыныпқа барып 1954 жылы 8 сыныпты оқып шықтым.

1957 жылы мен тұрмысқа шықтым. Фамилиямды Исмагуловадан Етекбаеваға ауыстырдым.

1957 жылдан 1980 жылға дейін сауыншы болып Ленин ауылында істедім.

Ленин деген ауыл, сондай тату, көрікті ағашы жайқалған ауыл болды. Адамдары да жайсаң, ақ көңіл болатын, білмегенімді үйретті. Ахметжан ағамыздың екі баласы болған, үлкені Қалкеш, ағатайының балалары бар өздері отбастарын құрған. 1957 жылы осы үлкен ағатайыммен, Бақытжан тәтеммен бірге тұрдық, та 1958 жылы ол кісілер, енші алып шықты. Зейнолланың әкесі Етекбаев Ахметжан



атам, 1929-1931ж. «Ленин» колхозы құрылған кезде колхоз басшысының орынбасары болып жұмыс жасаған екен, кейіннен «Ворошилов» колхозын көп жылдар басқарыпты. «Ворошилов» колхозын басқарып жүрген кезінде сол ауылдан Нөкөш, Бекеш есімді екі ұлын Ұлы Отан соғысына аттандырып, екеуі де соғыстан оралмаған екен. Зейнолланың анасы Акпарова Жұмабике руы – уақ, 1900 ж.т., 1978 жылы қайтыс болды. Зейнолла 1979 жылы қайтыс болды.

1980 жылы Жанатты әскерге алып кетті. Жанат Германияда танк командирі болып әскери борышын орындап келді. Әскерден Жанат 1981 жылы қысқа мерзімді демалысқа келді. Ол кезде біз Ленин ауылында тұрғанбыз. Демалыстан Германияға барған Жанат 1981 жылы үлкен ағам Шарипов Миғаш Смағұлұлына хат жазып жіберіпті: Қарындасыңызды Алматыға көшіріп алыңыздар, болмаса мен әскери боламын, офицер болуға ынталанып жүрмін – депті.

Жанатты әскерге алып кеткенде үйде Ләззат екеуміз қалдық. Ләззат ауылда медсестра болып істеді. Басқа балалар жас болды. 1981 жылы үлкен екі ағам ақылдасып, біздің



отбасымызды Алматы Облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласына көшіріп әкелді. Менің анам 1981 ж. қыста қайтыс болды. Біз төрт ағайындымыз, Миғаш; Қанаш, мен және інім Жақсылық.

Алматыға ағаларымның көшіріп әкелгенінің арқасында өзім де балаларым да жылы жерде, жеміс жидектің ортасында, жоғарғы оқу орындарында білім алып, қызметтерін атқарып, бала шағаларын, үрім-бұтақтарын жалғастырып жатыр.

Ләззат Есіктің больницасында медсестра болып істеді.

Етекбаев Зейнолла Ахметжанұлы коммунист болды. Полеводстваның бригадирі, кукурузовод, животноводство бригадирі, механик, наладчик секілді бөлімшенің барлық жауапты жұмыстарын адал атқарды. Зейнолла екеуміз осы балаларды дүниеге әкеліп өсіріп жеткіздік: Ләззат 02.12.1960 ж.т., Жанат 27.02.1962 ж.т., Жанарбек 19.07.1967 ж.т., Манарбек 23.02.1970 ж.т., Қымбат 23.09.1972 ж.т., Амантай 27.11.1974 ж.т., Әсия 16.06.1978 ж.т.





Жанат әскерден кел-
гесін Алматы облы-
сының бірнеше мекеме-
лерінде, жер жыртып,
шынжыр табанды трак-
торда жұмыс істеп

жүріп, сырттай оқып, жоғары білім алды. Әкесі Зейнолланың қасында кішкентай кезінен бірге жүріп, техниканы бала күнінде жақсы меңгергеннің арқасында 1986 жылы, автошколаға мұғалім болып жұмысқа қабылданды.

Ләззат 1991 жылы Болатпенен тұрмыс құрып; олардан 18.10.1991ж.т., Мерей есімді қызы мен отау құрған Алиден, Айми есімді немересі бар.

Ләззат арнайы орта білімді, ҚР ІІМ Алматы қ. ПД-ның емханасында қызметте.

Жанат, 05.09.1965 ж.т., Асияменен 23.02.1985 ж. отау құрып үш ұл бір қызды дүниеге әкелді. 07.11.1985 ж.т., Азамат,



01.01.1987 ж.т., Асеммен отбасын құрып; Абылайхан, Алихан есімді ұлдарды мектепте оқытып жатыр.

23.10.1987 ж.т., Бірлестің Ақерке есімді қызы мен Арсен есімді ұлы Нур-Сұлтан қаласында өсіп жатыр.

19.07.1990 ж.т., Бағдат,
13.10.1993 ж.т., Мадинамен

отау құрып; Уалихан есімді ұлды өсіріп жатыр.

01.12.1993 ж.т., Тоғжан мен Алмас отау құрып, Ақерке, Алем есімді екі қыздарын өсіріп жатыр.

Жанат екі жоғары оқу орнын бітіріп, 01.05.2017 ж. ҚР Үкіметінің Кеңесінің Мемлекеттік Фельдъегерлік Қызметі, Алматы қ. Фельдъегерлік Қызметі Басқармасының Бастығының орынбасары лауазымынан – Фельдъегерлік қызметінің

Полковнигі шенінде отставкаға шықты.

Әсия Есік қаласындағы «Тоқжан» базарының директоры, жеке кәсіпкер.

Азамат жоғары білімді, шені: ҚР ҰҚК майоры.

Бірлес жоғары білімді, Есік қаласында жеке кәсіпкер.

Бағдат жоғары білімді, шені: ҚР ҰҚК лейтенанты.

Тоғжан жоғары білімді, Талғар қаласындағы өздерінің отбасылық «Сәрсек» Жылқы Заводының жауапты қызметкері.

Жанарбек жеке кәсіпкер, 10.04.1971 ж.т., жұбайы Зейнеппенен, 2000 ж. отау құрып; 10.03.2000 ж.т., ұлы Дамир шет мемлекетте оқып жатыр. 17.03.2003 ж.т., Динара есімді қызы мектепте оқиды.

Манарбек жоғары білімді, шетелдік компанияда қызметте, 18.05.1976 ж.т., Ларисаменен отау құрып; 16.07.2003 ж.т., қызы Диананы, 15.08.2007 ж.т., қызы Мадинаны, 30.10.2010 ж.т., ұлы Даниярды өсіріп жеткізіп жатыр.







Қымбат арнайы орта білімді, Өтеген батыр кентінде Электр жүйесінде қызметте, Бескемпіров Ерікпен отау құрып 22.01.1994



ж.т., қызы Арайлым мен 24.06.1998 ж.т., ұлы Бекжанды өсіріп жеткізіп, жоғарғы білім беріп, қызмет атқарып жатыр.

Амангелді жоғары білімді, Нур-Султан қаласында құрылыс фирмасында-заңгер, жұбайы 27.03.1981 ж.т., Гүлнұрдан; 23.03.2007 ж.т., қызы Асем, 02.06.2010 ж.т., қызы Дария, 01.08.2013 ж.т., ұлы Мағжан, бүгінгі күні Ақмола облысы, Қосшы ауылында мектепте оқып жүр.

Асия баламенен үй шаруашылығында, Алименен отау құрып, 07.08.2017ж. Айнұр есімді қызды тәрбиелеп отыр.

Балаларымның бәрі ер жетті, үйленді, кішкентайларды бар, өз орындарын тапты. Мен «Алтын Алқа» иегері, ардақты Ана болып отырмын. Алматы мен Нур-Султан қаласының ортасында балаларымды аралап, тілеулерін тілеп, дем алып жүрген жайым бар.

Осымен өмір баянымды аяқтаймын, бар білгенім осы болды.



Ауылға 2004, 2015, 2018 жылдары бала шағаларымменен барып, Құран оқыттық.

Жаңаберген Мухамедин естелігі. Мен өзім Ақтөбе облысының тумасымын, ата-бабаларымыз сол жақта өмір сүрді. Баяғы қиын заманда, ашаршылық заманында, Қарақалпақстанға, Өзбекстанға өткен ғой. Содан 1990 жылы осы жаққа келіп үй алып, 1991 жылы көшіп келдік. Мен 1991 жылдың қарашасында көшіп келдім. Сол кездері көшіп келген себеп, союз тарқап, союздағы мемлекеттер республикалар өзінің тәуелсіздігін егемендігін ала бастады, содан соң біз осы Қазақстанға қарай көштік. Біз келгеннен кейін, бір жарым айдан соң, яғни 1991 жылдың 16 желтоқсанында біздің Қазақстанымыз өз тәуелсіздігін жариялады. Ол заман өте қиын болды, мемлекет жаңа құрылды, структуралар жаңадан құрылу керек болды. Сол арада не жұмыс жоқ не басқа табыс көзі жоқ, өте ауыр жылдар болды. Осы сырт елден көшіп келген оралмандарға өте қиын жағдай болды. Сөйтіп 1992 жылды олай-былай болып бітірдік. 1993 жылы базар жағалауға тура келді. Сөйтіп базарға барып осы міне Жанат сол базардың басшы





екенсің өзіңмен танысып, сөйтіп сол жерден орын бердің. Енді мына жерде сенің үлкен еңбегін, осы келген қандастарға сенің ашықтығың, сенің сол жерде құшақ жайып қабылдап, соларды орнастырып, жағдайын жасап, ол кезде- рекет деген болды, түрлі кедергілер болды, соның бәріне өзің біздің алдымызда қақпақ, қорған болып, осы бір мен емес, сол кездерде көшіп келген қандастарымыздың барлығына өзің бір аталық, ағалық әкелік бауырмалдық жасадың. Сол жасағанына үлкен рахмет. Міне 25 жылдан бері бір-бірімізге деген бауырмашылығымыз, бір-бірімізге ағайыншылығымыз үзілген емес. Қай жерде көрсек те, бір-бірімізді көріп, құшақ жайып, құшақтасып, көрісіп, амандасып, хал-жағдайымызды сұрасып келеміз.

Сол кезде, бір мен емес, көптеген қазақ диаспорасы, қазақ азаматтары көшіп келді. Соның ішінде Байбосынов Бижан, Байбосынов Қожабай сияқты азаматтарымыздың қазіргі кездері кафесы бар, наубайханасы бар. Сол кезде кішкентай бір дүңгіршектен жұмыс бастаған болсақ, қазіргі күнде әр-қайсысы осы ауданымызда беделді бизнесмендердың қатарына қосылдық. Сол кезде мен машинамен көшіп келіп базарда жұмыс бастап, осы күнде кафем, наубайханам,



дүкенім, 10 гектар алма бағым, тауда 3 гектар демалыс орным бар. Соның бәрі Жанатпен бірге бастаған, содан дамып, сол кезде Жанат бізге базар бастығы болып қана қойған жоқ, бизнесті қалай дамыту керек, қалай болу жолдарын көрсетіп берді. Сол үшін Жанатқа ризамыз. Міне осындай бізге өзінің бауырмалдығын көрсетіп, көрсеткен қызметтері үшін, қазір балаларымыз бәрі үйленді, қыздарымыз бәрі тұрмысқа шықты. Қазақстан

Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтан екі рет – алғыс хат алдым, облыс әкімі А. Ғ. Батталов алғыс хатын берді. Тағы бағалы сыйлығын берді, облыс ішкі саясат бөлімінің бастығының марапатын алдым, аудан әкімінің, содан осы биыл Ауданымыздың «Құрметті Азаматы» – деген атақ беріп жатыр. Соның барлығы сол баяғы Жанатпенен бірге істеп, жағдайымызды жасап, сол істеген істің оң нәтижесі. Мен енді қазір қоғамдық жұмыспен айналысамын. Биыл 11 жыл болды «Елімай» қорын құрып, жұмыс істейміз. Кейінгі 4 жылдың ішінде біз 150 іс-шара өткіздік, 350 отбасына әлеуметтік көмек жасадық, сол жұмысты жалғастыра береміз. Бір сөзбен айтқанда міне осы біздің келгеніміз Қазақстан, қазақ үшін үлкен мемлекет, қазақтың Қазақстаннан басқа мемлекеті жоқ.

Жаңаберген Мухамедұлы «Елімай» қорының төрағасы





Түрген ауылы

Алматы облысы.









ДОСЫМА

Дос қадірін біліп өстім жасымнан,
Талай өмір кештім жұмыр басымнан.
Дос болмаса туыс қайдан түсінсін,
Қорған болып табылды дос қасымнан.
Достың жолын түсінемін терең мен,
Әр досым да, ақылшы да кемеңгер.
Достарымды сағынамын баладай,
Алпысты да жүрсектағы жағалай.
Дос болмаса – қанат қағып ұшам ба,
Дос болмаса басынар еді дұшпан да.
Ризамын мен досты берген құдайға,
Жарық жұлдыз – досты берген маңдайға.

Жанат Етекбаев

05.05.17 ж.



Ауғанды жиі көремін

Отыз жыл болды түсімде, Ауғанды жиі көремін.
Оралмай қалған жандардың, отбасын ойлап жүремін.
Соғыспен өтті жорықтар, ыстық қан төгіп тау – таста.
Жарылған соңғы снаряд, құлақта қалды шыңылдап.

Автомат үні өпсе де, дұшпанның түрі есімде.
Көздеген талай нысаным, кіреді жиі түсіме.
Он сегіз жасар баламыз, туннельде кетіп барамыз.
Жарылып Танкі минадан, қоршаудан шықтық біз аман.

Саланғы» – шатқал жарымен, бағымды сынап жүрдім көп.
Оқ борап жатқан жазықта, аман боп талай қалдым мен.
Өзіме әлі сенбеймін, су жоқтай кейде шөлдеймін.
Жанымда жүрген жігіттер, сендерді ылғый іздеймін.

Жанармай құйған «УРАЛ»-мен, абай боп сайда келемін.
Жолымның аман болуын, құдайдан ылғый тіледім.
Болмасын соғыс еш қашан, арқашан болсын Ел аман.
Тілеуін тілеп халқымның, достарым жүрсін тек аман.

Жан досым – Дәркенбаев Байдаулет Қурманқожаұлына
«Ауған жерінен шығудың 30 жылдығына орай»

Етекбаев Жанат Зейноллаұлы
11.02.2019 ж.

Ахметовтар әулеті
Қос ананың баласымын





Мен, Ахмет Еркін Мұқаметжанұлы.

Туған жылым, 1951 жыл 1 қаңтар. Бұрынғы аты – Ленин ауылы, Булаев ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы. Әкем, Ахмет Мұқаметжан Есмұқанұлы (1904 ж. – 1966 ж.). Аяулы анам, Құдияр Камал Садуақасқызы (1923 ж. – 1981 ж.).

Әкем қайтыс болғанда, мен 15 жаста едім. Біздің ең үлкен атамыз Бейсенбай қажы. Ол кісі өте бай, ауқатты тұрған. Руы – Есентаңырық. Елімізде Сырымбет шоғы бар. Сол шоқтың қойнауында, кіші зират Бейсенбай атамыздың зираты екен. Бүкіл Бейсенбай, Ахметтің ұрпақтары бәрі сол зиратта жерленген. Менің әкем, Мұқаметжан, туған анам Жамила да сонда жерленген. Жолдың екінші жағында үлкен зират бар. Ол да Есентаңырықтардың зираты. Сол үлкен зираттан әрірек, Бейсенбай атамыздың шоғы бар. Сол шоқта Бейсенбай атамыздың жеруіінің орны бар. Әкемнің бірге туған екі ағасы болған. Олар Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Екі қарындасы болған. Әкесінің есімі Есмұқан. Есмұқаннан тағы екі ұл болған. Оразбек, Жақия деген. Ол



аталарымыз Көкшетау облысы, Киров ауылында тұрған. Өмірден өткен, қазір ұрпақтары сол елді мекенінде тұрып жатыр. Әкем, Мұқаметжан соғыс кезінде, Азов теңізінде «Еңбек әскерінде» болған. Соғыс біткен соң елге оралған. Ал, Аяулы анам Құдияр Камал Садуақасқызы. Құдиярдан бес ұл болған. Садуақастан төрт қыз болған. Жамал, Қайни, Камал, Ұрдапия. Қазір төртеуі де өмірде жоқ. Артында ұрпақтары бар. Құдияр әулеті – үлкен әулет. Маған нағашы жұртым болып келеді. Мен солардың ортасында тәрбиеленіп өстім. Ұрпақтарына амандық тілеймін. Мен өзімді қос ананың баласымын деп есептеймін. Туған анамның есімі – Жамила Темірғали қызы (1929 ж. – 1952 ж.). Аяғы ауыр кезінде «Құдай алдында сұраусыз» – деп, осы Камал апама берген екен. Көп ұзамай 23 жасында



ауырып, қайтыс болған. Менің кіндік шешем Битан апай мені алты ай емізген екен. Бір жағында Серік, бір жағында мен. Өмірден өткен сол кіндік шешеме алғысым шексіз. Жамила анамның әкесі Әлжан Темірғали атамды 1937 жылы, «Халық жауы» – деп 10 жыл бас бостандығынан айырған екен. Сулышоқ ауылында басқарма болып тұрған кезінде апасын, інісін Омбы облысына түнде өткізіп жіберіп үлгерген. Ал өзі таңсәриде шығам деп отырғанда ұсталған. Ол туыстарының Ұрпақтары Называев ауданы, Омбы облысында тұрып жатыр. Атамды алғашында Байкал-Амур, кейіннен Архангельскіге қуғындаған екен. Содан көп ұзамай 1945 жылы түрмеде қайтыс болған. Ол атамнан бір суреті де қалған жоқ. Темірғали атамның қыздары: Жамиладан мен, Зубайрадан бір қыз, екі ұл. Тоғжан, Біржан, Мағжан. Зубайра тәтем өмірден озған.

Менің балалық шағым өте бақытты өтті. Атам мен апам мені еркелетіп өсірді. 10 жылдықты Қызылжар қаласында 1969 жылы Қазақ интернатында бітірдім. Елге келіп, мектепте мұғалім болып, кейіннен Клуб меңгерушісі болып еңбек еттім. Он бес жасымнан өнерге жақын болдым. Баян, гитара, домбыраны ойнауды үйрендім. Жақын ауылдарға барып, концерт қойып тұратынбыз. Менің арманым сазгер болу



еді. 1970 жылы ең алғаш гитарамен «Жастық шақ» атты ән шығарған болатынмын. Кейіннен де шығарған әндерім бар. Бірақ ол арманым жалғасын таппады. Аяулы анамды жалғыз қалдыра алмадым. 1973 жылы анамның қолдауымен, Көкшетау қаласына қо-

ныс аудардық. Әрине, қарсылық білдірген ағайындар болды. Бірақ, анам маған сенді, мен оған сендім. 1981 жылы үйлендім. Көп ұзамай ойламаған жерден, жүректен анам қайтыс болды. Мен үшін өте ауыр күндер болды. Осы Көкшетау қаласында жерледім. Көп жылдар елге келіп-кетуден қалдым. Бірақ елге деген, достарыма деген сағыныш мазалай берді.

Достарымның ішінде егіз баладай бірге өскен досым Ерғали Сыздық Кәрім ұлы еді. Ауылға келгенде тура Ерғали мен Айгүлдің үйіне келуіші едім. Ерғали досым кешкісін достарымның бәрін жинап, басымызды қосушы еді. Балалық шақты еске алып, әнімізді айтып, сағынышымызды бөлісуші едік. Ертеңінде сол достарым бірінен соң бірі шақырып, қонақ қылып, жандары қалмаушы еді. Олардың бір-бірімен қыз алысып, құда болғандары мені шын қуантатын. Бәрі де кеше ғана болғандай.

Бұл күнде енді, бәрімізде 60 жастың қырқасынан асып, нағыз ата-әженің жасына жеттік. Бала-шағаны өсіріп, немерелерімізді сүйіп келеміз. Енді осы ұрпақтарымыздың қызық-қуаныштарын ғана көрсек деймін.



Өкінішке орай, біраз жолдастарымыз өмірден озып кетті. Жылдан жылға қатарымыз азайып, сиреп барады. Өмірден өткен орны толмас достарым: Садуақас, Гауһар, Арғын, Ерғали, Орал. Жатқан жерлерің жайлы, топырақтарың торқа болсын. Артта-

рыңда қалған сүйген жарларыңа, ұрпақтарыңа амандық тілеймін.

1973 жылдан – 2011 жылға дейін Көкшетау қаласында тұрдым. Көп жылдар бойы, көлік жүргізуші болып еңбек еттім. 2011 жылы Астана қаласына көшіп келдік. Қазіргі уақытта зейнеткерміз.

Жұбайым: Күлаш Ниязбек қызы. Туған жері: Үлгі ауылы, Аққайың ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы. Жанар, Анар есімді екі қызымыз, үш немереміз бар.

Туған елім тарқаса да,
Туған жерім бар ғой менің...

22 наурыз 2019 жыл

ЖАНЫМА ҚАТТЫ БАТАСЫҢ

Көк майса кілем шөп еді,
Жидек пен шие мол еді.
Ағашқа барып ойнайтын,
Алыстап кетті кезеңім.

Ауылым шіркін мол едің,
Кең болып еді көлемің.
Таң атса болды қыбырлап,
Адамдар толы- жол еді.

Баздары толған мал еді,
Жем-шөп те шіркін бар еді.
Аналар сауып сиырын,
Езулеп күлген- жан еді.

Тракторларда сапта тұр,
Сеялка, соқа бапта тұр.
Науқанға әркез дайын боп,
Әкелер жүрген қайда күн.

Аталар ақыл – заң еді,
Кеудесі толған – нәр еді.
Соғысты көрген жасынан,
Ауылдың қара – Нары еді.

Мал-жаның аман ба-дейтұғын,
Бауырмал жандар бар еді.
Әжелер піскен қымызды,
Таңертең іпсең әдемі.

Оқуға ерте баратын,
Ауылым едің балалы.
Мектептің ашып есігін,
Мұғалім қарсы алатын.

Танцыға – кейде баратын,
Клубта болды назарым.
Пластинка болса біреуде,
Радио іздеп табатын.

Орманда костер – жағатын,
Өлеңнен жарыс болатын.
Көз тастап сонда қыздарға,
Есейіп бір кез қалатын.

Кезекпен жылқы бағатын,
Сол түнде атпен шабатын.
«Чапаев» – болып жарысып,
От болып сонда жанатын.

Арайлы таңдар ататын,
Зымырап күндер бататын.
Есіме алсам ауылды,
Жаныма қатты батасың...

Жанат Етекбаев
24.05.17ж.



Бейсенбиндер әулеті

Мен өзіміздің отбасымыз жайлы жаза кетсем, әкеміз Бейсенбин Жұсып Бейсенбіұлы 1913 жылы дүниеге келген орта шаруа отбасында, 7 жылдық білім алғаннан кейін Петропавл қаласындағы мұғалімдер дайындайтын курсқа түсіп одан білім алған соң елге оралып, өзінен үлкен кісілердің сауатын ашып қолдарына қалам ұстатып, хат жазуды үйреткен ауылдағы алғашқы мұғалім.

Ұлы Отан соғысы, Жапония соғысынан аман есен еліне оралғаннан кейін де ұстаздық қызметін жалғастырып, өзіміз туып-өскен Ленин ауылында алғашқыда «Ленин бастауыш мектебін» ашқызып ауыл балаларын оқытып мектеп директоры қызметін атқарған.

Кейін 1966-97 жылдары сегіз жылдық мектеп ашалып сол мектептің іргесін әкеміздің басшылығымен Төлебаев Қазбек ағай, Найманбаев Файзулла ағай және ауыл тұрғындары көмектесіп өз күштермен көтерген.

Әкеміз зейнетке шыққанға дейін ауылдағы сегіз жылдық мектепте мұғалім болып сонымен бірге мектеп-интернаттың меңгерушісі болып істейді. Зейнетке шыққан кезінде қол-қу-сырып отыра алмады. 1976 жылы Возвышен ауданынан жаңа совхоз ашылып ол совхоз үш ауылды мекеннен құрылды.

Писаревка совхоз орталығы болды дағы Веселовка екінші бөлімше, Ленин үшінші бөлімшесі болды. Жаңа ашылған совхоз болғаннан кейін ауылда мал аруашылығында жем-шөп меңгерушісі болды.



Бұл жұмысты сеніп тапсырғаннан кейін абыроймен атқарып совхоз басшыларының құрметіне бөленіп 1986 жылға дейін істеді. Шешеміз Зейнизайып Исқаққызы екеуі 4 ұл, 3 қыз дүниеге әкеліп, өсіріп, тәлім-тәрбие беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған жандар. Үлкен апамыз Тұрсын Петропавл қаласындағы №2 қазақ мектеп-интернаттан 10 класс бітірген соң өзі ұнатқан өнер жолын таңдаған. 40 жылдан астам өмірін осы өнерге арнаған Алматы қаласында Жамбыл филармониясы хор-капелласында әнші болып «Құрмет грамотасы» және «Қазақстанның Еңбек сіңірген Грамотасы» «Мәдениет қайраткері» атағына ие болды. Басқа да ұл қыздары өз алдарында шаңырақ көтеріп бала тәрбиелеп немере сүйіп отырмыз. Ата-апаның балаларыма деп салған киелі қара шаңыраққа біреу ие болу керек қой мен ауылда қалдым. Сол ауылда ұл-қыздарымыз дүниеге келіп тәрбие білім алып үлкен қызымыз Динара атасының жолын қуып ауылдан 10 жылдықты бітірген соң Петропавл қаласындағы М. Қозыбаев университетіне 1999 жылы түсіп 2014 жылы бітіріп, қазіргі кезде Булаев қаласындағы №3



Булаево орта мектебінде өз мамандығы бойынша мұғалім болып істеп жүр. Тұрмысқа шығып 1 ұл 1 қыз тәрбиелеп отыр. Ұлымыз Ертіс ауылдағы мектепті бітіріп, колледж бітіріп, Отан алдындағы борышын өтеп келген соң шекара қызметінде еңбек істеп жүр. Кенже қызымыз Дана ауылдан 10 жылдықты бітіріп, «Петропавл экономикалық колледжын» бітіріп, қазіргі таңда Көкшетау қаласында ІІБ қызметте жүр. Өмірлік жарын тауып бір ұл өсіріп отыр.

Мен өз отбасыммен 2007 жылы аудан орталығына қоныс аударып ғұмыр кешіп жатырмыз. Әке-шешеміздің жарқын бейнесі, 2018 жылы дүниеден өткен Бейсенбі әулетінің мақтанышы аяулы да ардақты апамыз Тұрсынның жарқын бейнесі мәңгі есімізде қалады.

ІЗДЕР ЖОҚ АЯҚ БАСҚАН

Қоскөлдiң бұрылысы,
Жетпейдi жердiң жүзi.
Танитын жолыққанда,
Таппадым ешбiр кiсi.

Келемiн көңiл басқа,
Қарсы алдың көкшiл аспан.
Заман-ай қайда кеттiң,
Iздер жоқ аяқ басқан.

Көзiме сенбей келем,
Тарылып үлкен әлем.
Дүрсiлiн жүрегiмнiң,
Жеткiзем өлеңiммен.

Ауылға келушi едiм,
Әр үйге енушi едiм.
Үй түгiл жолдар да жоқ,
Қамыстан көрiнбеген.

Туысты iздеушi едiм,
Үмiттi үзбеушi едiм.
Құшақтап қарсы алатын,
Үлкенге кездеспедiм.

Бүгiнгiге көзiм жеттi,
Арман -ойлар әрi кеттi.
Бәрiне риза болам,
Уақытқа ерiк берiп.

Жанат Етекбаев

10.07.17 ж.

Бекеновтер әулеті

Ленин аулында 1964 жылдан 1976 жылға дейін тұрғанбыз.
Бекенов Сәлтай Бекен ұлы 1903 жылы туған – 17.11.1975 жылы Ленин ауылында қайтты.

Бекенова Бібізаір Тураш (Нурмағамбет) қызы 1906 жылы Шаңдақ аулында туған – 21.11.1999 жылы Қызыл Жар қаласында қайтты.

Бекенов Тасболат Сәлтай ұлы 15.04.1941 жылы Комсомол ауылында туған.

Бекенова Сара Қойшыбай (Ғабдұлғазез) қызы 22.11.1943 жылы Еңбекші ауылында туған.

Бекенов Дулат Тасболат ұлы 27.11.1962 жылы Комсомол ауылында туған.

Бекенова Шынар Тасболат қызы 11.01.1965 жылы Ленин ауылында туған.

Бекенова Гүлмира Тасболат қызы 11.02.1969 жылы Ленин ауылында туған.

Бекенова Әлмира Тасболат қызы 16.03.1972 жылы Ленин аулында туған.

Бекенов Ардақ Тасболат ұлы 03.10.1974 жылы Ленин ауылында туған – 30.01.1985 жылы Бастомар кентінде қайтты.

«07» сәуір 2019 жыл Мәліметтерді жіберген Дулат Бекенов



Бекі әулеті

Бекі баласы Зағыпар 1887 жылдың қаңтарында дүниеге келген. Колхоз кезінде әртүрлі жұмыс істеген. Ветеран труда болған. Соғыс кезінде труд армияда еңбегі сіңген кісі. Арғы аталары 5 рет қажыда бол-

ған. Атейизм кезінде да болса да атам дәрет алмай жер баспаған кісі еді. 1979 жылы қайтыс болды.

Әжем 1912 ж. туылған. Өмір бойы доярка болып істеді. Жұмыс істеп зейнетке шықты. 1972 жылы қайтыс болды.

Зағыпар атамыздан туған Баян 13.01.1941 ж. «Молодежный» совхозы, Комсомол ауылында туған. 7 класты бітіріп, 3-жыл механизаторлық техникумды оқып бітірді. 1964 жылы Шарипова Қадиша Балғожақызымен некеге отырды. Кривошеевка ауылы, Кокшетау облысы, Красноармейский ауданының тумасы.

8-класс білімімен, доярка болып істеді совхоз уақытында. Кәзір зейнеткер.

Баян Зағыпарұлы 3 медальмен наградталған 1 медаль «Ветеран труда».

63-жасында дуниеден өтті. Зейнетке Жетер жетпес шағында. Руымыз – қарауыл.

Олардан туған баллар.

Сансызбай – 1964 ж. 3 желтоқсанда туған. 10 жылдық мектептен кейін 1981 ж. мастер-производственного обучения оқуына түсті. Жеке қәсіпкер болып істейді.

Одан туған жалғыз қызы бар Айда – 08.03.1999 ж.т., Алматыда оқиды, Туран университетінде юридический факультет 3 курс.



Базарбай – 1966 жылғы 16 қантар туған. 10 жылдық оқу бітірді. Қарағанды педагогикалық институтында 4 жыл оқыды. Таможняда 10 жыл жұмыс істеді. Қазіргі кезде жеке қәсіпкер болып істейді. Одан туған балалары Азамат, Сабина, Арон.

Азаматтан туған 1 қызы бар. Сабинадан туған Радмир деген немересі бар.

Арон – 9 класс оқиды.

Асаубай – 17.12.1970 ж.т., 8 кластан кейін, Карагугинский механизаторский училище бітіріп, Булаев қаласында КГУ «Территориальная инспекция района М.Жумабаева» охранник болып істейді. Одан туған балалары; Маржангуль, Думан, Нуржан.

Маржангульден туған немересі Ислам. Думан үйде тоғыз класс бітірді.

Нуржан – 2 класс оқиды мектепте.

Мең, Алмагуль – 26.03.1978 ж. тудым 11 класс бітірдім. Кокшетауский экономический университетін бітіріп, экономист-финансист мамандығына ие болдым. Қазіргі уақытта КГУ «Аппарат акима района М. Жумабаева» Главный специалист по общим вопросам болып қызмет атқарамын. Менен туған қызым Жазира – 29.04.2012 ж.т., дайындық класста оқиды.

Бектенбаевтар әулеті



Бектенбаев Орал Қабдөшұлы 1966 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Комсомол ауылылында туған. 1990 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын бітірген.

Еңбек жолын 1990 жылы «Петропавлоблагропромстрой» трестінің Булаев, Тимирязев жылжымалы механикаландырылған колонналарында мастер, прораб болып бастады. 1997 жылдан Ақмола қаласында «Алматыгорстрой» тресінде құрылысшы-инженер, кеден – декларанты болып қызмет жасады. 2001 жылы мемлекеттік қызметке қабылданып Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құрылыс басқармасының бас маманы, Есеп Департаментінің бөлім басшысы болып тағайындалды. 2005 жылы екінші жоғары білімді Қарағанды қаласындағы Экономикалық Университетін бітіріп экономика саласындағы заңгер дипломын алды. 2009 жылы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаментіне бас маман болып конкурстан өтті. 2010 жылы мамыр айында Министрдің бұйрығымен Күрделі құрылыс және материалдық техникалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы болып тағайындалды, еліміздегі 100 аурухана, 100 мектеп бағдарламасын жүзеге асыруға ат салысты. Облысымыздағы Булаев қаласында жаңадан салынған 250 келушіге арналған поликлиника соның айғағы. Еңбекпен келетін абыройдың



арқасында Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының арнайы сыйлығымен, Қазақстан халқы ассамблеясы Төрағасы орынбасарынан, Денсаулық сақтау Министрлерінен және Жауапты хатшысынан, Павлодар, Қарағанды облыстарының әкімдерінің құрмет

грамоталарымен марапатталды. Қазіргі уақытта Назарбаев Университетінің Корпоративтік қорында департамент басшысы лауазымында. Жұбайы Заря Дүйсенбекқызы 1968 жылғы, руы Темеш, Қорғалжын өңірінен, Целиноград педагогикалық институтын бітірген. Екі қызбаласы Әселхан, Биннур, немерелері Әмир, Әминә, Эрхан. Әселдің жолдасы Ұлан Асылбекұлы Абдраимов Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында қызметте (Төлес руынан), екуі де заңгер, Қазақстан гуманитарлық заң университетін бітірген.

Әкем Қабдөш Бектенбайұлы 1932 жылы Шаңдақ (Ұзынкөл) ауылында дүниеге келген. Ауылда жылқышы, механизатор болып жұмыс жасаған. Жас кезінен атқа құмар болып өскен, туыстарына, ауылдастарына бауырмал болып, балаларына сол қасиеттері қонған. Анам Сәдуақас қызы Көпей Баба руының Тайлақ атасынан, Теңелдік өңірінен. Ата-анамыз 1957 жылы отау құрып 6 бала сүйді:

Гаухар Қабдөшқызы 1960 жылы туған, Ақмола қаласының Ауыл шаруашылық институтын бітіріп, ауданымызда экономист ұйымдастырушы қызметінде болды, зейнетке шықты, Астана қаласында тұрады. Жолдасы Серғазы Дүй-

семенов ауылымыздың
управляющий болды,
зейнеткер (Атығай Есен-
таңырық). Үлкен баласы
Асыл 1980 жылғы,
Астана қаласында жеке
кәсіпкер, Айдархан,
Гүлсия, Абылайхан,
Әбдурахимнің әкесі.
Дархан 1984 жылғы,
жеке кәсіпкер, балалары
Гүлсая, Әбілмәнсүр, қы-
зы Гүлханнан – Жансая.



Күміс Қабдөшқызы
1962 жылы туған,
Алматы сауда инсти-
тутын тәмәмдаған, об-
лысымызда бухгалтер
болып қызмет жа-
сады, жолдасы Сайлау
Бекмағанбетов Шала-
қын ауданы Алқа-ағаш
ауылынан (руы Атығай



Бәйімбет), балалары Данияр – Ансар, Қайсар, Альбина –
Нұрмұхамбет, Ақнұр, Дініслам.

Марал 1968 жылғы, Петропавл қаласында тұрады, құрылыс
маманы. Жолдасы Айгүл (руы Қыпшақ), балалары Сұлтан,
Шыңғысхан, Венера, Дарина, Камила.

Марат 1972 жылғы, Астана қаласында жеке кәсіпкер,
жұбайы Махаббат (Қыпшақ руынан) – Темірлан, Сабина.

Жеңіс 1975 жылғы, Астана қаласында 5 баланың әкесі,



Баянсұлу, Еңлік, Бекарыс, Жақсыбала, Таңнұр. Жұбайы Ләззәт (Тама руынан), Астана қаласының ІІБ полиция маманы болды. Министрден, қала әкімінен адал қызметіне арнап мақтау грамоталарымен марапатталды. Үлкен қызы Баянсұлу Астана қаласының 70-мектебін алтын медалімен бітіріп Президент әкімшілігінің басшысы Исекешов Әсеттің арнайы квотасымен Лев Гумилев атындағы Ұлттық Евразия Университетіне түсті.

Әкемнің қарындасы Роза Бектенбайқызы 1951 жылы туған, 1973 жылы Алматы педагогикалық шет тілдер институтын бітірген, француз тілінің маманы, Алматы қаласында тұрады. Жолдасы Жақсыбек Мырзабеков жездеміз (Албан – Орынтай руынан), балалары Майя – Мерген, Дастан – Ескендір, Әлия – Рахат, Аиша.





Атамыз Бектенбай Шәріпұлы 1898 жылы туған. Аталарымыз шамамен 1900 жылдары Есіл өңірінен келіп, Ұзынкөл маңайындағы Шаңдақ жерінде тұрған. Ағайындылар тату болғандықтан бір-бірін алыс жібермеген. 1928 жылдары Комсомол колхозы құрылып осы ауылға көшіп орналасқан. Ақбар аталарымыз Шәріп, Өтебай әулеттерінің көшуіне ықпал жасаған.

Ата-бабалар туралы: Арғын, Сарысопы, Атығай, Қалқаш, Құдайберді (Бәйімбет), Жемет, Андағұл (Жұмық), Өтеміс (Құлтай, Сасық, Шіңгір), Асан (Елшібай, Табынбай, Қошқарбай, Сәңкібай), Сатан – Байжан, Наз.

Байжаннан – Өтебай, Малдыбай, Кенжеғара.

Өтебайдан – Шоқан апа, Уақыш, Уәйіс.

Уақыштан – Төлеу, Қаббас, Бағила.

Төлеу – Тоқа, Рысжан, Арман.
Қаббас – Айтолла, Есенгелді.
Бағыла – Балтабек, Ботагөз, Арғынбек, Бақыт.
Малдыбайдан – Игіберді, Шахмет, Қайша.
Игіберді – Күлдәш
Наз – Мұхаммет Шәріп.
Шәріптен – Уәйділдә, Сағындық, Сембай, Бектенбай, Бейсен, Биләл.
Уәйділдә – Қайша – Бағыла, Сапар.
Сағындық – Сапарғали (Шәпіш).
Сембай – Кәмәл, Темірғали, Кәміш, Дариға.
Бектенбай – Қабдәш, Роза.
Бейсен – Жамал, Сатыбалды, Бадығұл, Мархаба, Зейнолла.
Биләл – Серік, Ғалымжан.
Жемет баласы Андағұлдан туғандар Өтеміс, Құлтай, Сасың, Шіңгір.
Өтеміс – Елшібай, Табынбай, Қошқарбай, Сәңкібай, Асан.
Асаннан Сатан атамыз.

ЕҢ ҚЫЗЫҚ КЕЗ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

Еске алсам ауылымның адамдарын,
Қайта-қайта елестетем қадамдарын.
«Ленин» – деген ауылда туып өстім,
Шумақтарға қосамын соның бәрін.

Ең қызық кез мектептен басталады,
Алысумен білесің басқаларды.
Оқуыма ынта болмай кей уақытта,
Түсінбестен жаттадым сабақтарым.

ШӨРБАН – атты мұғалімнен дәріс алдым,
Қаламымды қолыма кеп ұстатқаның.
Сөзі жұмсақ келбетті сол апайды,
Қыз жібекке- мен ылғый ұқсатамын.

ФАЙЗОЛЛА – ағай математик өте қатал,
Сотқар болсаң көзіңді шұқып алар.
СӘПКЕН – аға сыңғырлаған дауысымен,
Көзілдірік астыменен жөнге салар.

ШЕРНИЯЗ – ағай ешқашан асықпайтын,
Сұрақ қойып білімді пысықтайтын.
ҚАЗБЕК – аға мақалдап айтқан сөзді,
Әлі күнге қайталап ұмытпаймын.

ҒАЛЫМ – аға директор боп туғандайын,
Бар жағдайды шешуге тұрды дайын.
ЗӘУРЕШ – тәте сабақ бере бастағанда,
Жас өспірім болып едік армандаумен.

ЖҰСЫП – аға мінезі жұмсақ еді,
Көпті көрген ақылды ұстаз еді.
ӘЛІМЖАН – ағам еді соғыс көрген,
Бастауышты оқытудың жөнін білген.

ЕРҒАЛИ – күрестіреп ағам еді,
Құтырсаң жөніңе тез салар еді.
ЖӘМИЛӘ – тәте сұрақпен тез шалатын,
Жиілетіп тақтаға шығаратын.

АЙГҮЛ – тәте бұйра шашын түйіп алып,
Есептен шашуды да көп шашатын.
Химияны оқытты РАЙХАН – тәте,
Тотықтардан құтылмадым АЗВИ -де мен.

ҚАРЛЫҒАШ – қиғаш қасты сұлу тәтем,
Жас болса да бізді оқытып әуреленген.
ҚАЙЫРКЕШ – тәте болып еді өте қатал,
Емтиханға түзу жолмен – білген барар.

Күмісжан тәтеміз де болды қатал,
Елге деген еңбегі өте адал.
Орыс пенен қазақшасы қатар жүрген,
Тақпақтарды жаттатқызған ғажап адам.

Жанат Етекбаев 2019 ж.

Гарафутдиновтар әулеті



Әкеміз Гарафутдинов Меңдар Басарұлы 18.02.1939 жылғы Комсомол ауылының тумасы.

Атамыз – Ахметов Басар Ұлы Отан соғысы кезінде Еңбек Армиясы қатарында Балқашта темір жол салған. Соғыстан кейін елде ауыл ша-

руашылығында еңбек еткен, 1958 жылы қайтыс болған.

Әжеміз Меңнури ауылда сауыншы болған, 1972 жылы дүниеден өтті.

Меңдар әкеміз ауыл мектебін үздік бітіріп, Петропавл қаласында есеп экономия техникумын бітіреді. 1962 жылы анам екеуі бас қосып Комсомолда семья құрды. Кейін 1972 жылы Байшілік(бұрынғы Ленин) ауылына көшкен. Ауылда біраз жыл есепші болып қызмет жасап, кейін механизатор болып ауысты. КА 700, КА 701 тракторларымен совхоздың егін шаруашылығында көп еңбек атқарды. Зейнетке шыққанға дейін көпсалалы механизатор болды. Әкеміздің еңбегі құрметтеліп, мемлекеттік сыйлықтарға ие болған:

1) Есімі аудандық құрмет кітабында жазылған.

2) 70 жылдық мерекеге қарсы «Ерен Енбегі үшін» медалімен марапатталды.

3) Лениннің 100 жасқа толуына орай мерейтойлық медальмен марапатталды.

«Озат еңбегі үшін», басқа да көптеген марапаттарға ие



болған. 30 жыл еліміздің ауыл шаруашылығын игеруде еңбегін сіңіріп, зейнетке шықты. 1995 жылы ата анамыз Ақмола облысы Астрахан ауданына қоныс аударды. Осы өңірде 23 жыл тұрып, 80 жасында дүниеден өтті.

Анамыз Мұстафина Шекер Садуақасқызы 1943 жылы Комсомол ауылында туған. Ауылда әр салада жұмыс істеді.

Нағашы атамыз Мұстафин Садуақас (Саду) Мұстафаұлы атақты кәсіпкер болған. Комсомолда бірінші болып ағаштан үй салдырған. Ұлы Отан соғысына қатысып қолынан жарақат алған. Соғыстан кейін шикізат жинаушы болып көп жылдар еңбек етті. 1993 жылы 84 жасында дүниеден өтті.

Нағашы әжем Қазине Ермағанбетқызы (Ерміш) 1913 жылы туған, көп жылдар колхозда жұмыс жасады. 47 жасында өмірден озды.

Біздің жанұяда 8 бала тәрбиелендік:

1) Үлкен апам Салтанат Меңдарқызы 1963 жылғы, Комсомол тумасы. Жеке кәсіпкер. Жоғары білімді. Тұрмыста. 2 қызы, 3 немересі бар. Тұратын жері Астрахан ауданы.

2) Жанат Меңдарқызы 1965 ж. Жоғары білімді. Тұрмыста. 3 баласы 4 немерелі. Жеке кәсіпкер, тұратын жері Астана қаласы.



3) Гүлшат Меңдарқызы 1967 ж. 2 қызы, 4 немересі бар. Жеке кәсіпкер. Тұратын жері Украина.

4) Дәмелі Меңдарқызы 1970 ж. Жоғары білімді. Астрахан ауданында Казпочтада бас есепші. 2 баласы бар.

5) Ербатыр Меңдарұлы 1973 ж. туған. Әйелі, 1 ұлы бар. 20 жылдай Германия мемлекетінде қызмет жасап, тұрып жатыр. Жақын арада еліне оралатын ойы бар!

6) Бейбіт Меңдарқызы 1977 ж. Жоғары білімді Медицина саласында көп жылдар қызмет жасайды. 3 баласы бар Тұратын жері Астана қаласы.

7) Берік Меңдарұлы 1981 жылы туған. Тұрмыс құрған, 3 баласы бар. Кәсіпорында қаржы директоры. Тұрып жатқан жері Астана қаласы.

8) Қайрат Меңдарұлы 1983 жылы туған, жұмыскер. Тұратын жері Астрахан ауданы.

Бәріміз Ленин ауылының 8 жылдық мектебін тәмамдағанбыз.

Әкем мен анам бізді мәпелеп өсіріп, әрқайсымызға білім беріп, ұямыздан ұшырды. Қазір анам Шекер 8 бала, 17 немере, 10 шөбере көрген алтын алқалы ана, аяулы әже. Тұратын жері Астана қаласы.

Әкем Басарұлы Меңдар 1939 жылы Комсомол ауылының тумасы. Анасы Меңнури. Басар атам соғыс кезінде Еңбек Армиясында, Балқашта темір жол салған. Соғыстан кейін



елде ауыл шаруашылығында жұмыс жасап, 1958 жылы қайтыс болды. Әжем Меңнури ауылда сауыншы болған, 1972 жылы қайтты. Әкем ауыл мектебін үздік бітіріп, Петропавлға есеп экономия техникумын бітіреді. Ауылда біраз есепші болып қызмет жасап, кейін механизатор болады. Зейнетке шыққанда елде көпсалалы механизатор болды. Ерен еңбегін құрметтеп мемлекеттік сыйлықтарға ие болған:

1) Есімі Алтын әріппен аудандық кітапқа жазылған.

2) 70 жылдық мерекеге қарсы «Ерен Енбегі үшін» медалі.


Одан басқа да көптеген марапаттарға ие болды. 56 жыл механизатор болып, зейнетке шықты. Өмірінің соңғы жылдары Ақмола облысы Астрахань ауданында 23 жыл тұрып, 80 жасында дүниеден өтті.

Анам Шекер Садуақасқызы (Саду) 1943 жылы Комсомол ауылында туған. Нағашы әжем Қазине Ермағанбетқызы (Ерміш) 1913 жылы туған, көп жылдар колхозда жұмыс жасады. Өмірден 47 жасында озған.

Біздің жанұяда 8 бала тәрбиелендік;

1) үлкен апам Салтанат Меңдарқызы 1963 жылы Комсомол тумасы. Жеке кәсіпкер. Тұратын жері Астрахан ауданы.

2) Жанат Меңдарқызы 1965 ж. жеке кәсіпкер, тұратын жері Астана.



3) Гүлшат Меңдарқызы 1967 ж. әртүрлі салада жұмыс жасайды. Тұратын жері Украина.

4) Дәмелі Меңдарқызы 1970 ж. Астрахань ауданында Казпочтада бас есепші.

5) Ербатыр Меңдарұлы 1973 ж. туған,

20 жылдай Германия мемлекетінде қызмет жасап, тұрып жатыр. Елге оралатын ойы бар!!!

6) Бейбіт Меңдарқызы 1977 ж. медицина саласында көп жылдар қызмет жасайды. Тұратын жері Астана.

7) Берік Меңдарұлы 1981 жылы туған, жеке кәсіпкер. Тұрып атқан жері Астана.

8) Қайрат Меңдарұлы 1983 жылы туған, жұмыскер. Тұратын жері Астрахан ауданы.

Әкем мен анам бізді мәпелеп өсіріп, әрқайсымызға білім беріп, ұямыздан ұшырды. Қазір анам Шекер 8 бала, 17 немере, 10 шөбере көрген алтын алқалы ана, аяулы әже. Тұрған жері Астана.

Досовтар әулеті



Ел – ел болып тұрғанда елдің қамын ойлар мал шаруашылығының жұмысы жеңілденсін деп өзі қиларды түсіретін, шөп таситың өзі аударатын шана жасаған қолдан.

Өмірзақ Досов әке жолын жалғастырып әр адам меңгере бермейтін үлкен Касемсотта 40 жылға жуық талмай еңбек етті.

Қазіргі кездегі ұрпақтары үлкен ұлы Саян ана жолын қуып ұстаздық қызметте, жары Мағжан елі – Сарытомардан шығып мұражайдың қызметкері. Немерелері Айлана және ата жолын жалғастыратын үмітте немересі Жалғас.

Екінші ұлы Әбікеш әскери мамандығы бар аға лейтенант. Отбасын құрған. Бірнеше марапатқа ие болды және де қолбасшы Сатовтан да марараттары бар. Сонымен қатар төс белгісі де бар.

Қызы Әсел Мағжан елінің топырағында ұстаздық жолда қызмет етіп жүр. Мағжан, Оралхан Бөкейханның, М.Мақатаевтың оқуларының жеңімпазы. АНА тілге деген қызметі үшін аудан әкімінен грамотамен марапатталды.

Өзім Жамила Садуқызы 35 жыл ұс-






таздық жолда бала тәрбиеледім. Оқушыларыммен мақтанамын, әсіресе кішкентай Ленин ауылынан оннан астам офицерлер шыққанына қатты қуанам.

Спандияр Көбеев айтқандай: «Елге сіңірген еңбек жақсы», Еңбекті елеген Ел жақсы», –

дегендей дипломдармен, алғысхаттармен марапатталдым. Үздік педагог атағын алғам. Газетке үнемі аудан көлемінде, облыс көлемінде, республика көлемінде мақалаларым үнемі шығуда. Халықаралық деңгейде Мағжанның 125 жылдығына орай ғылыми жобаға қатыстым. Химия пәні бойынша түлектерім Латвияда оқып жүр.





Есенбаевтар әулеті

Ізбасарұлы Зейнілғабиден атамыз Булаев ауданында Еңбекші ауылында 1898 жылы дүниеге келген, руы Атығай Есентаңырық. 1922 ж. жұбайы Бәтимә мен шаңырақ құрған, руы Қарауыл 10.01.1925 ж. баласы Мәнәп, 01.08.1938 ж.

қызы Орынтай дүниеге келген. Зейнілғабиден атамыздың ағасында Есенбайда бала болмай, баласы Мәнәптің фамилиясын ағасы Есенбайдың атына түсірген. Есенбаев Мәнәп Зейнілғабиденұлы 1941 ж. Ұлы Отан соғысына аттанған. Атамыз Зейнілғабиден труд армияда болып елдегі балаларға көмек қылған. Әкеміз Мәнәп Япония соғысында болып 1945 жылы оралған. Сосын бұл кісілер Чапай елінде тұрған. Қызы Орынтайды тұрмысқа беріп әкеміз Мәнәп 1949 жылы өмірлік серігі Қабайдоллақызы Қазизамен шаңырақ көтерген. Қазиза 05.01.1932 ж. Булаев ауданы Теңелдік елі-



нің тумасы, руы Уақ.

Әкеміз Мәнәп сол Чапай ауылында механизатор болып жұмыс істеді. Сол елде 4 баласы дүниеге келді. 1951ж. Айтықан, 1953 ж. Қайырғелді, 1955 ж. Қайырден, 1958 ж. Күлтай. 1958 жылы күзде Чапай ауы-

лынан Ленин ауылына қоныс аударды. Бұл елде де механизатор болып қызмет етті. Осы елде 1960 ж Қарлығаш, 1963 ж. Рамазан, 1965 ж. Қайырлыбай, 1967 ж. Бақыт, 1971 ж. Амангелді дүниеге келді. Әкеміздің еңбегін бағалап савхоз «Еңбек ері» атағын беріп, медальдар табыс етіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Савхозда бұл кісі силы болды, 1984 жылы «Писаревка» савхозы әкемізге үй салып берді. Өкінішке орай әкеміз Мәнәп зейнетке шығуға 6 ай қалғанда 21.07.1984 жылы осы өмірмен қош айтысты. Атамыз Зейнілғабиден 10.08.1991 ж. дүние салды. Әжеміз Бәтимә 1979 ж. қыркүйек айында дүние салды. Анамыз Қазиза 14 немере 15 шөбере көріп 79 жасында 21.01.2011 жылы дүние салған «Бақытты әже».

Балалары: Айтықан 1951 жылы туып 1953 жылы қайтыс болды, Қайыргелді 1953 жылы туып 1954 жылы қайтыс болған. Қайырдан 1955 жылы туып 2002 ж. қайтыс болды, Рамазан 1963 жылы туып 1991 жылы қайтыс болды, Бақыт 1967 жылы туып 1969 жылы қайтыс болған.

Күлтай 1958 ж. Чапай ауылында туып 1975 ж. мектеп бітірді. 1978 ж. Есеп техникумын бітіріп Петропавл қала-





сында 35 жыл бухгалтер болып қызмет істеп 2016 ж. зейнетке шықты. Қарлығаш 09.11.1960 ж. дүниеге келді. 1975 ж. мектеп бітіріп Петропавл қаласында Есеп ЕК техникумын бітіріп туған еліне қызмет етуге оралды. Осы күнге дейін «Писаревка» совхозында бас бухгалтер болып қызмет етеді – тұрмыста. Қайырлыбай 1965 ж. туып 1983 ж. әскер қатарына алынды. 1988 ж. Петропавл ауыл шаруашылық техникумын бітіріп туған еліне механик қызметке алынды. 30 жыл қызмет етіп үлкен алғыстарға бөленді. 1986 ж. отау құрды. 2013 жылдан бастап Булаев ауданы Чистовск ауылында қызметін жалғастыруда. Амангелді 1971 ж. Ленин ауылында туған 1988 ж. Петропавл қаласында мектеп бітіріп Мемлекеттік университетін аяқтап Петропавл жоғарғы Ішкі әскер институтына қызметке қабылданды. 25 жыл өзінің ер еңбегімен Отан алдындағы борышын өтеп 2016 жылдан зейнетке шығып отыр.

Есенбаев Мәнәп әулеті:

Есенбаев Қайырден Мәнәпұлы 1955 жылы Чапай ауылының тумасы-қайтыс болды,

Жұбайы Майра Әкәнқызы (1957 жыл) Ленин ауылының тумасы. Еліне көп жыл қызмет еткен зейнеткер. Тұрақты



мекені Астана қаласы 5 баланың анасы. Балалары: Есенбаев Құрмет Қайырденұлы 1978 ж. т, Есенбаев Қуандық Қайырденұлы 1981 ж.т., Есенбаева Алмагүл Қайырденқызы 1983 ж.т., Есенбаева Саңдуғаш Қайырденқызы 1985 ж.т., Есенбаева Динара Қайырденқызы 1987 ж.т.

Бауырымыз Қуандық Қайырденұлы 16.03.2017 жылы дүниеден өтті.

Есенбаева Күлтай Мәнәпқызы 1958 жылы Чапай ауылының тумасы, зейнеткер. Тұрақты мекені

Петропавл қаласы. Жұбайы Жукенов Дүйсенбек 1955 жылы Аралағаш ауылының тумасы.

Қарлығаш Мәнәпқызы 1960 ж. Ленин ауылының тумасы. Писаревка савхозының бухгалтері. Жұбайы Загипаров Ерғали Әлімжанұлы 1960 жылы Камсамол ауылының тумасы. Балалары: Қуанышбек, Азамат, Әсемгүл.

Есенбаев Қайырлыбай Мәнәпұлы 1965 жылы Ленин ауылы тумасы. Жұбайы Есенбаева Ляззат Абутәліпқызы 1966 жылы Жданов ауылының тумасы.

Балалары: Есенбаев Арман Қайырлыбайұлы 1987 жылы Ленин ауылының тумасы.

2004 жылы мектеп бітіріп Петропавл қаласындағы Әскери





институтқа түсіп 2008 жылы бітіріп шықты. Содан Астана қаласына жіберілді. Қазіргі кезде Астана қаласында 5573 әскери бөлімінде штаб бастығының орынбасары қызметін атқарып жатыр. Әскери шені – майор. 2009 жылы отбасын құрды, жұбайы Есенбаева Әлия Мағзұмқызы 1986 жылы Жамбыл ауданы Украинка ауылының тумасы. Балалары 3 қыз: Айғаным, Амира, Айлин.

Есенбаева Әсел Қайырлыбайқызы 1989 жылы Ленин ауылының тумасы. 2007 жылы мектепті бітіріп Петропавл қаласының медицина колледжіне оқу орнына түсті. 2010 жылы оқуын тәмамдап тұрмыс құрды. Жұбайы Дүйсенбаев Амангелді Мәдиұлы. Балалары: Ахмет, Аян. Тұрақты мекен жайы Петропавл қаласы.

Есенбаева Күнсұлу Қайырлыбайқызы 1996 жылы Ленин ауылының тумасы. 2012 жылы мектепті аяқтап Петропавл қаласындағы Қазақ Гуманитарлық колледжіне оқуға түсті. 2016 жылы оқу орнын аяқтап М. Қозыбаев атындағы жоғарғы оқу орнына түсті. 2018 жылы тұрмысқа шықты

жұбайы Боранбаев Абзал Кошанұлы. Тұрақты мекен жайы Астана қаласы.

Есенбаев Амангелді Мәнәпұлы 1971 жылы Ленин ауылының тумасы. Жұбайы Есенбаева Гүлнәр Жәдігерқызы 1974 жылы Петропавл тумасы. Балалары: Мақсат, Дарина, Нұрайым.

Мекен жайы Петропавл қаласы.

ҮЛКЕНДЕР БАТА БЕРГЕН ЖЫЛАП ЖҮРІП

Кең байтақ жері сұлу Сары-Арқаның,
Ақ қайың, ну орманымен мақтанамын.
Қып-қызыл бидайыңды сағындым ғой,
Егістік алқабыңмен шаттанатын.

Көк аспан, ақ бұлттарым қарсы алатын,
Әр үйім қонақсың-деп дәм салатын.
Шіркін-ай, осы кезім түсім болшы
Еліміз жайқалды – деп жар салатын.

Тудым деп осы жерде мақтанамын,
Бірнеше өлең жаздым сақтап атын.
Суыққа шыңдалумен өскен жерім,
Ұл-қызын өсірейік таңқалатын.

Көлдерім құс дауысынан мерекелі,
Жайылып жүрген мынау жылқы тегі.
Қара мал, қой-ешкілер маң-маң басқан,
Даламның байлығы еді берекелі.

Туған жерден алыстап барамын мен,
Сағыныш жүректегі болмайды кем.
Біледі елден алыс шетте жүрген,
Туған жерің жылытатын отпенен тең.

Артта қалды балалық жастық уақыт,
Анда санда барамын амал тауып.
Күндіз-түні есімде – Бәйшілігім,
Бір адамдай-ойлаймын уақыт тауып.

Ерте кеттік әдемі арман қуып,
Үлкендер бата берген жылап жүріп.
Есімде ақыл айтқан аталарым,
Құшақтап-аман бол-деп, иіскеп тұрып.

*Жанат Етекбаев 19.11.17 ж.
Астана-Алматы шетелдік поэзы.*

Жұмабаевтар әулеті



Жұмабаев Қайыржан 1938 жылғы, Ленин ауылының тумасы, тұрғыны. Тракторшы болып үздік еңбек етті. Мақтау грамоталары бар. 9 бала өсірді. Анамыз Мұғалима Жұмабаева 1939 жылы туған, сауыншы болып істеген.

Балалары: Жұмабаев Біржан Қайыржанұлы 1960 ж.т., Ветинария саласында мемлекеттік қызмет етеді, Смирнов ауданы СҚО. Ұлы; Жұмабаев Айдархан Біржанұлы 1993 ж.т., Алматыда әскери

қызметте. Қызы Айнагүл 1984 ж.т., Шал ақын ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы.

Қызы – Күлтай 1958 ж.т., зейнеткер. Қыздары Асель, Күлзия.

Ұлы – Альжан 1963 ж.т., инвалид 2 группы, жалғыз тұрады.

Ұлы – Нығметжан 1965 ж.т., 4 баласы бар: Айтжан 1987 ж.т., Шыңғыс 1988 ж. т, Арман 1997 ж.т., Берикжан 2002 ж.т.



Ұлы – Ержан 1967 ж.т.: балалары: Асемгул 1994 ж.т., ағылшын тілінен мұғалім, Руслан 1998 ж.т., Ғалия 1998 ж.т.

Қызы – Гүлмайра 1969 ж.т., старшая мед-



сестра болып Булаевта істеймін, балалары: Асылтас 1992 ж.т., Марсель 1995 ж.т., немерем Салтанат 2017 ж.т.

Ұлы – Нұрлан 1971 ж.т. Балалары: Нурсултан 1998 ж.т., Ғасырбай 2000ж.т., Мағжан 2001 ж.т.

Қызы – Ақбота 1973 ж.т. Балалары: Айгерім 1996 ж.т., Сакен 1998 ж.т., Сабина 2011 ж.т., немересі Айлин 2018 ж.т.

Ұлы – Руслан 1976 ж.т. – 1996 жылы қайтыс болды.

Жұмбаевтар әулеті.

Атамыз Бекмухамбет колхозда бухгалтер болып істеген, әжеміз Бибиғайша 6 бала өсірген, 2 баласы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, олардың есімдері – Ахмеджан, Айтжан. Ең кішісі – біздің әкеміз Кайыржан, 05.04.1938 ж.т.

Анамыз Муғалима сауыншы болып істеді, 9 бала өсірді.

Кұлтай 26.10.1958 ж, жолдасы Альжанов Болат 1956 т. ж. – 2018 ж. 20 ақпанда қайтты. Қыздары Әсел 1981 ж. – 3 баласы, Кульзия 1983 ж. – 5 баласы бар.

Біржан 28.09.1960 ж. әйелі Жаңыл.

Қызы Айнагул 1984 ж, 2 ұлы бар, Айдархан 1993 ж., қызы бар.

Альжан 11.04.1963 ж.

Нығметжан 18.02.1965 ж. әйелі Кульбагиса ұлдары Арман және Берік, Айтжан, Шыңғыс, Мадина.

Ержан 08.04.1967 ж. әйелі Камила, қызы Әсемгүл, ұлы Руслан, қызы Ғалия.

Гүлмайда 12.11.1969 ж. жолдасы Серік 1968ж., қызы Асылтас 1992 ж., ұлы Марсель 1995 ж. Асылтастан немере Салтанат 2017 ж.

Нұрлан 01.08.1971 ж. әйелі Әйгүл, ұлдары Нұрсұлтан, Ғасырбай, Мағжан.

Ақбота 06.07.1973 ж. жолдасы Алмаз, қызы Әйгерім, ұлы Сәкен, қызы Сәбина. Әйгерімнен немере Айлин 2018 ж.

Руслан 06.05.1976 т.ж.



Әлжановтар әулеті



Әкемнің аты Баржақсы, одан туған Мақажан, одан туған; Болатбек 1956 жылы, Сырымбет 1959 жылы, өзім Талғатбек 1966 жылы.

Болаттың екі қызы бар: Әсел, Күлзия.

Болат 2018 жылы қайтыс болды.

Сырымбет 1985 жылы қайтыс болды.

Мен Петропавл қаласында тұрып жатырмын. Екі қызым бар: Эльвира, Жұлдыз, екі жиен немерем бар. Мақажаннан туған Амина 1944 жылы Булаевта тұрады.





Жәмиля Петропавлда, Белый деген ауылда баласы Нұржанның қолында тұрады. Одан кейін Қайыркеш 1949 жылы туған Қарағанды облысында, қайтыс болғанына 10 жыл болды. Роза Мақажанқызы 1953 жылы туған, 1994 жылы өмірден озды. Өзімнің руым – Атығай – оның ішінде Басар (Ізбасар). Ата-бабаларым Әлжан Қалжан, Баржақсы, Мейрам, одан туған Тәмәмдар, одан туған Әнуар 1945 жылы туған, 2018 жылы қайтыс болды, одан туған Самат. Жақсылық, одан туған Ержан, Қуандық, Әсет. Арғын 1951 жылы туған, қайтыс болды, Азат, Айтжан, Айман, Мария, Ғалия. Шәйгөзден туған Иманбек, одан туған Жәнібек, Алмас. Аталарымыз 1939–40 жылдары қуғынға ұшыраған, Есіл ауданы, Жарғайын деген елден көшіп келген, сол жақта Әлжан Қалжан деген байлар болған сол жерде репрессияға ұшыраған. Ата әкелеріміз абақтыда болған.

Жунусовтар әулеті

Әкеміз Жунусов Ғалым 21.04.1945 ж., Совет (Аққайың, Бейнетқор) ауданы, Қызыл-ту ауылында Құсайынов Жүніс моланың отбасында дүниеге келген. 1953 ж. Қызыл-ту ауылының бастауыш мектебінде оқып, 5 сыныптан Сарытомар жетіжылдық мектебіне оқу оқыды. 1959 ж. Сарытомар мектебін аяқтап, Петропавл Педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1965 ж. училищені бітірді.

1965 ж. Ленин ауылына жұмысқа келіп, 2 ай жұмыс істеп, Совет Армиясының қатарына шақырылып, 1965–1968 ж. аралығында Архангельск облысы, Мирный қаласында әскери қызметін абыроймен атқарып, еліне оралды. Ленин ауылына ұстаздық қызметін жалғастыра жүріп, 1968 ж. Петропавл педагогикалық институтына сырттай оқуға түсті. Ленин ауылының мектебінде ұстаздық ете бастап, уақыт өте келе мектеп басшысы болды. Осы мектепте 40 жыл үзбестен еңбек етті.

Мектебіміздің ұжымы ерен еңбегінің арқасында, мектеп қабырғасынан талай түлектерге білім беріп, тәрбилеп ұшырды.

1996 ж. Жүнісов Ғалым Жунусович еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім Беру Ісінің Үздігі» – төс белгісімен марапатталды.

05.12.1968 ж. Ленин ауылында бухгалтер қызметін атқарып





жүрген Жұматаева Сәуле Есмұқанқызымен отбасын құрды.

Анамыз Сарыгомар ауылының тумасы. Петропавл қаласының бухгалтерлер оқуын бітіріп Ленин ауылының есепшісі болып еңбек етіп жүріп әкеміз екеуі отбасын құрып, осы елде тамыр жайды.

Әкеміз бен шешеміз екеуі 5 бала тәрбиелеп, өсіріп өндірді.

Тұңғышы – Жунусов Ержан Ғалымұлы / 1969–1970 ж. ж. / 06.02.1972 ж. – Жунусова Ляззат Ғалымқызы дүниеге келді.

12.12.1973 ж. – Жунусов Ғизат Ғалымұлы дүниеге келді.

18.08.1976 ж. – Жунусов Самат Ғалымұлы дүниеге келді.

21.11.1979 ж. – Жунусова Меруерт Ғалымқызы дүниеге келді.

27.10.1983 ж. – Жунусова Ботагөз Ғалымқызы дүниеге келді.

Қазіргі таңда балаларының барлығы отбасын құрып, балалы болды. Әкеміз Петропавл қаласында кенже ұлы Саматпен тұрады.





Самаг-Гульсара, қыздары Аружан, Самира

Абылай – Ляззат, ұлдары – Калижан, Олжас, Дінмұхамед.

Ғизат – Тоғжан, қыздары Рабиға, Фарида.

Руслан – Меруерт, қыздары – Айгерім, Зарина

Жігіт – Ботагөз, балалары Камила, Алихан, Альтаир.

Ата-анамыз тату-тәтті 38 жыл шаңырақ құрды. 13.07.2006 ж. анамыз Сәуле Есмұқанқызы о дүниелік болды. Ата-анамыздың берген тәлім-тәрбиесіне алғысымыз шексіз.

2006 ж. отбасы жағдайына байланысты Петропавл қаласына көштім. 2006 ж. бастап, Әлеуметтік

қамсыздандыру бөлімінде қызметте болдым. Жасымның келуіне байланысты зейнеткерлікке шықтым. Қазіргі уақытта зейнеткермін.



Жұмабаевтар әулеті



Ақпаратты беруші мен – Жұмабаев Көшербай Сейітжанұлы қазіргі СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Байшілік (Ленин) ауылының тумасымын.

Әкем Жұмабаев Сейітжан Жұмабайұлы 1912 жылғы 20 желтоқсанда өмірге келген.

Руы «Қарауыл» – «Сары» Жақсыбай – Өмір әулетінен тараған. Молладан 3 жылдық білім алған және 7 жыл оқыған білімі болған. 1930 жылы колхозда жұмысын бастап, 1937 жылы председатель колхоза болып тағайындалды. 1942 жылы соғысқа аттанған. 1946 жылы соғыстан аман келіп, 1946 жылы Ажар Мұхамедқалиқызымен жанұя құрды. Ажар Мұхамедқалиқызы 1924 жылы қазіргі СҚО, М. Жұмабаев ауданы, Ворошилов ауылында өмірге келді. Руы «Уақ» 7 жылдық білімі болды.

Әкеміз Ажар Мұхамедқалиқызына дейін Күлбан әжемізбен жанұя құрған. Одан қыз бен ұлы туған. Қызының есімі Күлзипа бес жасында ауырып қайтыс болды. Ұлының есімі Сәкен 1942 жылы өмірге келген. Сәкен ағамыз Бақыт Мұқыш қызымен жанұя құрған, одан 2 ұл және 4 қыз өмірге келді.





Барлығы тұрмыс құрған. Жұмабаев Сәкен Сейітжанұлы 1999 жылы қайтыс болды.

Ажар Мұхамедқалиқызынан 6 ұл және бес қыз өмірге келді. 2 ұл қайтыс болды.

Тұңғыштары Жұмабаев Ермек Сейітжанұлы 1970 жылғы 9 шілдеде өмірге келді. Мектептен кейін жоғарғы оқу орнын бітірді. 1972 жылы Қамаржай Қосманқызымен отбасын құрды. 3 қызы өмірге келген есімдері – Сана, Жанар, Мариям. Барлығы отбасын құрып, Астана қаласында тұрады. Қазіргі уақытта Ермек Сейітжанұлының 5 немересі бар. Астана қаласында тұрады.

Тұңғышынан кейін 1951 жылы Жібек деген қызы өмірге келді. Жоғары білім алғаннан соң 1977 жылы Смағұлов Бақытжанмен отбасын құрды. 2 ұл (Бекежан, Серік) және 2 қызы (Динара, Сәуле) дүниеге келді. Қазіргі уақытта Жібек Сейітжанқызының 3 немересі бар. Петропавл қаласында тұрады.

Қазбек Сейітжанұлы 1953 жылы өмірге келді. Жоғары оқу орнын бітіргеннен соң СҚО Возвышенка ауданының милициясында жұмыс атқарып милиция майоры шенінде зейнетке шықты. 1976 жылы Дариха Жағипарқызымен отбасын құрды. 3 ұлы (Марат, Самат, Жанат) бар. 7 немересі



бар. Қазбек Сейітжанұлы мен Дариха Жағипарқызы марқым болды.

Гүлзира Сейітжанқызы 1955 жылы өмірге келді. 1977 жылы Амантай Зейноллаұлымен тұрмыс құрған. Оларда 1 ұлы (Азамат) және 1 қызы (Дания) туған. 4 немересі бар. Петропавл қаласында тұрады.




Есенбек және Дүйсенбек Сейітжанұлы (3 жасында қайтыс болды) 1960 жылы өмірге келді. 1986 жылы Нағима Есенбайқызымен отбасын құрды. Оларда 1 қызы (Анар) және 1 ұлы (Мақсат) туды. 4 немересі бар. Петропавл қаласында тұрады.



Көшербай Сейітжанұлы 1963 жылы өмірге келді. 1986 жылы Айнаш Зейноллақызымен тұрмыс құрып, 3 ұлы (Қанат, Қайрат, Еркін) бар. 2 немересі бар. СҚО, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылында тұрады.

Күлбаршын Сейітжанқызы 1965 жылы өмірген келді. 1986 жылы Ербол Арғынұлымен тұрмыс құрып, 2 қызы (Әсел, Анар) және 1 ұлы (Серік) туды. 3 немересі бар. Петропавл қаласында тұрады.



Көпей Сейітжанқызы 1967 жылы туған. 1988 жылы Сәбитпен отбасын құрып екі ұл (Мирас, Диас) және 1 қызы туды. Қарағанды қаласында тұрады.

Әкеміз Сейітжан Жұмабайұлы соғыс ардагері, екі ордені және 5 медалі бар.

Соғыстан кейін Возвышен селосында тұрған. Бригадир болып қызмет еткен. 1963 жылы Ленин ауылына қоныс аударған.

Комсомол ауылында аға шопан болып, кейін мал бағумен айналысып 1972 жылы зейнетке шықты.

1969 жылғы 23 мамырында анам Ажар Мұхамедқалиқызы 10 баланы өмірге әкеліп өсіргені үшін «Батыр ана» (алтын медаль) атағына ие болды.

Сейітжан Жұмабайұлы 1994 жылғы 5 ақпанда Ленин ауылында қайтыс болды.

Ажар Мұхамедқалиқызы 1990 жылғы 30 маусымда Ленин ауылында қайтыс болды.

Сейітжан Жұмабайұлының 10 баласынан – 30 немере және 40 шөбересі бар.

Ата-ана рухына арналған өлеңі.
Сөзі Ермек Сейітжанұлы.

Ата-ана рухына арналады
Мақтанам елім бар деп көпшілікке,
Жиналдық Жеңіс күні Бәйшілікке.
Ыстық қой топырағы осы жердің,
Жатқаны аруақтардың мәгілікте.

Тапсырған әкеміздің өсіеті,
Жан-жақтан балалары келіп жетті.
Ұйымдық туыстық арта берер,
Осы күн нығайтады дәстүрлікті.

Бір аунар ол дүниеде ата-анамыз,
Елге кеп құран оқу бізге парыз.
Сіздердің айтып кеткен ақылдарың,
Өмірдің кең жолында қолданамыз.

Жиырма жыл шешемізге көз жұмғалы,
Өтті ғой сол уақыттан көп жылдары.
Әлі тұр өздерінің шаңырағы,
Жайды ғой балаларың дастарханды.

*2010 жылғы мамыр айы,
Астана қаласы.*

МАМАНДАРЫН АУЫЛЫМНЫҢ АЙТЫП КЕТЕМ

Ленин – атты ауылда болды заман,
Егін егіп, мал өсіріп тұрды аман.
Ата-әже, әке мен аналарды,
Шумақтарға қосып мен еске алам.

Мамандарын ауылымның айтып кетем,
Ұрпақтары аталарын білсін терең.
Адал еңбек маңдай терін төгіп еді,
Ауылымның намысын еселеген.

Почтальон Бегалы ата болып еді,
Газет, журнал, хат болса беруші еді.
Түс кезінде мектепке келе қалса,
Оқушылар кезек ұстап тұрушы еді.

Қапар менен Сапи аталардың,
Өлең айтып алып жүрдім баталарын.
Жақсыбай- ағам мінгізіп ГАЗ-игіне,
Елді кезіп сол ағаммен араладым.

Есімән ағатайым көсем еді,
Қапиза аптайым шешен еді.
Есентай інім бар деп Алматыда,
Шипажайда жүретінін көп білетін.

Жүргізіп саяси сабақтарды,
Әкән ағам есепке алды алқаптарды.

Сапар мен Сатыбалды ағалардың,
Техникаға әуес болды балалары.

Ауылымның дүкенін айтып кетсем,
Сәрсенбай жиен ағамды елестетем.
Тауары көп ауылымның дүкеніне,
Жиырма тиынмен бала болып қайта кірсем.

Әнуар аға келіні Майраменен,
Тауарларын жүретін жаңалаумен.
Жетпей қалса қаражатың аяқ асты,
Дәптеріне қарызсың –деп жазып берген.

Назарбай аға Ерсайын көршім болды,
Техниканы үйренуге оңды болды.
Ағалармен Успенкаға барған кезде,
Сабағыма кешікпей жолым болды.

Аймұқан есепші ардагерім,
Соғыста елің үшін не көрмедің.
Аяғынан айырылып сол майданда,
Құрметін Үкіметтің көрген едің.

Үміт тәтем фельдшері бөлімшенің,
Жастайынан көрсетіп кең жүрегін.
Нәп-нәзік қолдарымен укол салып,
Витаминді уақытымен жегізетін.

Алтынай тәтем біліп клуб мәнін,
Би болмаса киноны қойдыратын.
Күй табағын Бонни-М-ның тауып алсақ,
Тарсылдатып билегеннен шаң шығатын.

Темат пенен Абылай ағаларым,
Петропавлда қоныстанды балаларың.
Арба-шана жасаған жастайынаң,
Еңбегіңді бағалады балаларың.

Серғали жүретін фото жасап,
Ұста болды Қарап атам Құдай қолдап.
Отбасының еңбекке ұмтылысы,
Заманауи жаңалыққа толы болған.

Қажымұрат ұста атам мықты едің,
тер төккесін темірге жан кіретін.
Бұлшық етін ойнатып-кувалдасы,
балуанның ірісі- асыл тегің.

Көтеріп бөлімшенің ауыр жүгін,
Зейнолла әкем 44 жаста көзін жұмды.
Садық ағам елінің қамын ойлап,
тіркеменің астында көзін жұмды.

Меңгерген бөлімшені ағаларым,
Ғаббас пенен Кеңес аға – жағаларым,
Елінен жақсылығын аямаған,
Сіздерге риза болды талай адам.

Секеу ағам инабатты сыпайы еді,
Уақ еді бізге жақын болды тегі.
Силостың ямасында жанын беріп,
Шиеттей балалары қалып еді.

Жүгеріні өсіріп Мәнәп ағам,
Әр уақытта құтты болды басқан қадам.

Асауларды үйретіп Қабдөш ағам,
Сварканы тастамады Мәку ағам,

Қауке-жезем грейферде болды маман,
Жақын тартып күлімдеп жүрді аман,
Батыр ағам Т-40-ң шебер еді,
Жымиып қалжың айтып жүруші еді.

Шарафутдин ағамыздың ұрпақтары,
Әр жұмысты тыңдырып мадақталды,
Володя ағамызды үсік шалып,
Қар тоқтатып айдалада жалғыз қалды.

Ауыр жүгін бөлімшенің көтеретін,
К-700-де қара терін мол төгетін.
Болат, Меңдар, Иманмәди, Серік,
Сабыржан ағаларым,
Бала күнгі үлгі алған адамдарым.

Серік, Қажытай -жақсы көрген жезделерім,
Бірі орманды, бірі егінді тексеретін.
Жақсылық – аға жарты ғасыр хозайка- боп,
Үлкен кіші бабын тапты еркелетіп.

Сықырлаған аязды қыстың күні,
Сабан сүйреп келеді екі ДТ. (ДТ-75)
Зекіш пенен Баян ағам бір тынбаған,
Бөлімшенің жігіттері мықты маман.

Көктем кезі кең алқап жыртылатын,
К 700-ге Т 4-те тең тұратын.

Сол науқанды тындыруға жан таласып,
Еркін, Қадыржан, Қайыржан, аға бел буатын.

Разик пенен Фәнел ағам өзгеше еді,
Есесін басқаларға бермеуші еді,
Жаңа тәсіл енгізіп жұмысына,
Совхозда да ағаларды көп білетін.

Жәлел ағам еңбектенді егін шауып,
Нарықтың да жүреді ебін тауып.
Елде болған жаңалықты қолдап жүріп,
Алқаптарын аралайды уақыт тауып.

Егін ору ауылымда басталатын,
Комбайынды ағаларым басқаратын.
Дүйсен, Темкеш, Арғын, Мәт, Рахметолла,
Алқабына егіннің аттанатын.

Стогаметты меңгерді Сапар ағам,
Қун-ды іліп Аман шөпті маялаған.
Бензовозды Серғазы мініп жүріп,
Писаревка совхозын аралаған.

Сәдуақас ағам да ел басқарды,
Қолдап жүрді дарынды көп жастарды.
Мәңкөш аға техниканы жетік біліп,
Механиктің қызыметін көп атқарды.

*Жанат Етекбаев,
Сәуір 2019 ж.*



Зағыпаровтар әулеті

Комсомол ауылының тумасы Зағыпарұлы Әлімжан, 20.11.1926 жылы дүниеге келген, руы – Атығай – баба

Сәдуқызы Мархаба 10.05.1935 ж. дүниеге келген, руы – Уақ. Біздің ата-анамыз 10 бала тәрбиелеп өсірген. Әкеміз көп жыл бойы Комсомол ауылында бастауыш мектептің директоры болды. 1977 ж. Ленин ауылына көшіп, бастауыш сыныпта сабақ беріп, зейнетке шықты.

Отан алдындағы адал қызметі үшін «Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалімі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Шешеміз 10 бала тәрбиелеп, өсіріп, «Батыр ана» атанып, алтын медальмен марапатталған.

Балалары:

Есенбаева Айгүл Әлімжанқызы, 09.07.1957 ж. Комсомол ауылында дүниеге келген. Сұлышоқта бухгалтер болып жұмыс істеген. Зейнеткер. Күйеуі Есенбаев Серікбай, 1953 ж. дүниеге келген, руы – Уақ. Агроном болып жұмыс істеген. 2000 жылы қайтыс болды.



Балалары: Медет, 1979 ж.т., Жанаргүл, 1985 ж.т., Гүлжихан, 1987 ж.т., Жұлдуз, 1992 ж.т., Балқия, 1994 ж.т.

Немерелері: Диляра, 2004 ж.т., Алдияр, 2013 ж.т., Айару, 2016 ж.т., Арлан, 2013 ж.т., Нұрали, 2016 ж.т., Аяжан, 2018 ж.т.

Тұрақты жері: Петропавл қаласы.

Мусина Айсұлу Әлімжанқызы, 10.12.1958 ж. Комсомол ауылында дүниеге келген. Булаев ауданы мен Петропавл қаласында мұғалім болып жұмыс істеп, зейнетке шықты. Жолдасы Мусин Серік, 1957 ж. Қоскөл ауылында дүниеге келген, руы – Уақ. Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік қызметте.

Балалары: Гульмира, 1983 ж.т., Дастан, 1988 ж.т., Даурен, 1990 ж.т. Немерелері: Ерасыл, 2012 ж.т.

Тұрақты жері: Петропавл қаласы.

Зағыпаров Ерғали Әлімжанұлы, 26.08.1960 ж. Комсомол ауылында дүниеге келген. Құрылыс саласында жұмыс істейді. Жұбайы Зағыпарова (Есенбаева) Қарлығаш Мәнапқызы, 09.11.1960 ж. Ленин ауылында дүниеге келген, руы – Есентаңрық. Бухгалтер.

Балалары: Қуанышбек, 1986 ж.т., Азамат, 1988 ж.т., Әсемгүл, 1994 ж.т.




Немерелері: Аружан, 2011 ж.т., Арлан, 2014 ж.т., Темірлан, 2012 ж.т., Діімұхамед, 2017 ж.т.

Тұрақты жері: М. Жұмабаев ауданы, Писаревка селосы.

Зағыпарова Гүлнар Әлімжанқызы, 01.08. 1962 жылы Комсомол ауылында дүниеге келген. Мұғалім. Жолдасы Мағзумов Амангелді, 1959 жылы Возвышен ауданы Альва ауылында дүниеге келген.

Балалары: Әділ, 1998 ж.т.

Тұрақты жері: Булаев қаласы.



Зағыпаров Ержан Әлімжанұлы, 21.01.1964 жылы Комсомол ауылында дүниеге келген. Кәсіпкер. Жұбайы Байкадамова Динара, 1972 ж. Айыртау ауданы, Жимусшы селосында дүниеге келген, руы – Шенгурша. Кәсіпкер.

Балалары: Ақерке, 1996 ж.т., Дариға, 2005 ж.т., Мақпал, 2009 ж.т.

Тұрақты жері: Кокшетау қаласы.

Амренова Роза Әлімжанқызы, 01.01.1966 ж. Ком-





сомол ауылында дүниеге келген. Статистика қызметкері. Жолдасы Амренов Манарбек, 1963 ж. Керей ауылында дүниеге келген, руы – Керей. Күзетші.

Балалары: Аслан, 1989 ж.т., Жаслан, 1992 ж.т.

Немерелері: Альбина, 2014 ж.т., Адэм, 2018 ж.т.

Тұрақты жері: Булаев қаласы.

Ибраева Бибігүл Әлімжанқызы, 03.08.1967 ж. Комсомол ауылында дүниеге келген. 2016 жылы қайтыс болды. Жолдасы Ибраев Самат, 1969 ж. Ленин ауылында дүниеге келген, руы – Сары.

Балалары: Шынар, 1997 ж.т.

Тұрақты жері: Булаев қаласы.

Зағыпаров Ерлан Әлімжанұлы, 23.09.1969 ж. Комсомол ауылында дүниеге келген. 2017 жылы қайтыс болды. Жұбайы Зағыпарова Ақнұр, 1969 ж. дүниеге келген. Бала бақшада тәрбиеші.

Балалары: Динара, 1996 ж.т.

Тұрақты жері: Көкшетау қаласы.

Зағыпаров Нұрлан Әлімжанұлы, 24.09.1972 жылы Комсомол ауылында дүниеге келген. Құрылысшы. Жұбайы Зағыпарова Марина, 1972 жылы Ресей, Қорған облысында дүниеге келген, руы – Керей. Шаштараз.

Балалары: Әлия, 1998 ж.т.

Немерелері: Амир, 2019 ж.т.


Тұрақты жері: Кокшетау қаласы.


Зағыпарова Кенжегүл Әлімжанқызы, 27.12.1976 ж. Комсомол ауылында дүниеге келген. Тұрақты жері: Тайынша қаласы.











Закировтар әулеті

Я Закирова Лидия Шарафутдиновна, жила в селе Ленина. Мои родители Керимов Шарафутдин Селмурзаевич и Керимова Вера Яковлевна.

В 1942 году осенью моего отца в возрасте 13 лет выслали с родителями из Чечни в Казахстан. При выселении потерялись брат Имран и сестра Ваха. 10 дней ехали в СКО, все документы и фотографии остались там. В СКО их привезли на станцию Булаево, а затем в село Успенка. Через 3 года умер отец Салмурза.

В 1973 г. я вышла замуж за Закирова Рази Шарифьяновича, после свадьбы нам дали дом от совхоза где мы работали.

В 1974 году родилась дочь Елена, в 1975 году сын Фарид, в 1979 году дочь Галина, в 1985 году дочь Раиса.

Мы жили в с. Ленина до 2016 года. После того как школу закрыли все начали уезжать из аула, так аул Ленина и распался.



Ибраевтар әулеті



Шарипова Бағила Әуенқызы

1951 жылы мен дүниеге келгеннен кейін 8 айдан соң менің анамның жолдасы Ибраев Бейсенбай қайтыс болады. Ол кісі Булаев ауданының Белое селосында ауыл совет қызметін атқарған, 4 қызы болған.

Руы қаракесек. Шешем Шарипова Бағила Әуенқызы 1953 жылы Булаев ауданы Комсомол ауылының азаматына тұрмысқа шыққан. Менің өсіп, оқып жетілуіме үлкен үлесін қосқан Шарипов Бектенбай.

Ол кісінің маған деген ниетін, адалдығын, шын көңілін сөзбен жеткізе алмаймын. Әрине барлық Шариповтерге, олардың балаларына, немерелеріне мың рахмет. Мені әлі де ең жақындарындай санайды. Мені бөлектеп өздерінен алшақтатпады. Ол – атамыз Шарипов Бейсеннің тәрбиесі еді. Бірнеше жыл колхоз бастығы болған адам, әр адамды көзінен танытын ғажап адам болатын. Ауылдағы жетім-жесірге көмек беріп, қамқорлық жасайтын, әркімдерге қол ұшын беріп, ұйымдастырып отыратын. Шешем Бағиланы «Картоп ана» дейтін. Ауылға алғаш орыс деревнясынан картоп





әкеліп екен екен. Ауылым алтын бесігім, ондағы барлық жерлестерім, ауылдастарым, туыстарым менің жүрегімде тек асыл, ең жақын адамдарым болып қалады. Кім болса да, алыстан келсе, барлық ауыл шақырып қонақ қылатын. Әжелерім Мансия, Мәкен, Шөкен, апайларым Күлбану, Несіп, Нөкіштердің жөні бөлек болатын. Қыздарға лайық бір нәрселері болса, шақырып маған беретін. Мен ол кезде бөтен бала екенімді білмейтін едім. Әрине, мен сол елдің баласымын, менің балалық шағым сол әулетте өтті. Атам (Бектен атам) маған көп көмек берді. Уакишев Ғаббас, Бектенбаев Қабдош ағаларымның жолдары мүлде бөлек. Адам жанының профессорлары болды. Жақсылыққа, шыдамдылыққа жол ашқан, алтын бауырларым.

Өзім Ибраева Рауза Бейсенбайқызы Комсомол ауылының бастауыш мектебін бітіргеннен соң, Сартомар орта мектебіне 5 сыныпқа барып, мектеп-интернатта оқып, 1968 жылы бітірдім. Сол жылы оқуға Алматыға баруыма атам марқұм қарсы болды. Алысқа оқуға барса, алыста қалады деген ойда



болыпты. Ал мен Алматының ИНЯЗ-ына бармасам оқымаймын деп, мектепке вожатый болып кірдім. Сол оқу жылының аяғында атам сиырын сойып мені оқуға жібереді. Оқуға түсіп кеттім, оқуға шығарып салып, қарсы алып жүретін, бірақ ойын айтпайтын. Бектен атам өте ақылды қамқоршым еді. Жас кезінде аудандық аңшы болған, қасқыр ұстаған, газеттерге шығатын. Ұлы Отан соғысына қатысқан, арабша хат танытын, көкірегі ашық адам еді. Рухы жаннаттан болсын. Өз бауырларым, бірге ойнап бірге жүрген Зейнолла, Арман, Дариға, Баян, Айтолла, Ғалымжан, Сара, Балтабек, олар әлі де мен үшін, кішкентай жақындарым. Арман, Балтабек, Дариға өмірден ерте кетті, рухатры жаннатан болсын. Өзім Алматыда 1969 жылдан бері тұрамын, жолдасым Мырзабеков Жақсыбек Алматы облысының жігіті, 3 балам бар еді, біреуі қайтыс болды, 2 қызым бар біреуі мұғалім Турцияда тұрады, біреуі дәрігер Алматыда тұрады. 5 немерем бар. Жолдасым Мырзабеков Жақсыбек мұғалім, қазір зейнеткер. Өзім бұрынғы ИНЯЗ, қазіргі Абылай Хан атындағы Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінде қазақ тілі кафе-



драсында аға оқытушысымын, мамандығым француз және қазақ тілі пәндерінің оқытушысы.

Р.Б. Ибраева жоғарғы оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне арналған қазақ тілі оқулықтарының, 4 оқу құралы мен көптеген ғылыми мақалалардың авторы.

Р. Б. Ибраева 2010 ж. жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі мәуелі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» белгісімен марапатталды.

Сәрсенбаев Қадыржан Төлегенұлы өз заманының белсенді ұйымдастырушысы, коммунист, еңбекқор адам болды. Көп балалы отбасының қамқоршысы, ақылшысы болып, өз атанасы өмірден өткенде өзінің кәмелетке толмаған іні-қарындастарын, өзінің 5 баласымен бірге тәрбиелеп өсірді, оқытты. Жолдасы Рақима Сарсембаева Бейсенбайқызы совхозда еңбек ете жүріп, осы балаларға өз аналық махаббатын сыйлай білді. Қайын сіңділері мен қайындарына өз балаларынан бұрын көңіл бөлуге тырысатын. Қазір бәрі үлкен азамат, үлкен қызметтерде жұмыс жасайды. Кәжәй мен Рая немере, шөбере сүйді. Олар бақытты жандар. Жездем Қадіржан менің еркелігімді көтеретін, бір пиманы екі жыл, бір ботиды 2 жыл кимеймін дегенімді естіп, әр қыста бір жаңа пима, көктемге жаңа боти әперетін. Мен сондай қырсық едім. Қазір ұяламын. Інісі Сабыржанмен жиі төбелесіп қалушы едік. Ол – қызғаныштық болатын.

Көңілден шыққан бірнеше өлеңімді ұсынамын, бауырларым!

Туған жерім Қызылжарым

Туған жерім ырысым Қызылжарым,
Қаз-қаз басқан сәттерім қызықтарым.
Дәл өзіңе ешқашан еш жер жетпес,
Ең сұлуым, жанатым Қызылжарым.

Кіндік кесіп, кір жуған ата-бабам,
Туған қалам, Қызылжар, әсем қалам.
Өңірінде қыз қайың билеп тұрған,
Сұлулығына көз жетпес, Қызылжарым.

Туған жерім, сұлуым Қызылжарым,
Көк кілемдей көкпенбек әсем жерім.
Кімдер сені әнге қосып айтпаған,
Кімдер саған ғашық болып қайтпаған?.

Болсада табиғатың елге суық,
Мен үшін барлық жерден өзің ыстық.
Аман бол, ата жері, баба жері,
Сағынышым, сен менің Қызылжарым.

Ауылым

Ауылым, аппақ таңым, ақ көңілім,
Ауылым, сағынышым, бала шағым.
Ауылым аппақ аққу секілдісің,
Ауылым артта қалған ертегімсің.

Ауылым қарсы алушы ең, құшақ жая,
Төсіңе келгеніңде барша бала.

Анасы мен баласы құшақтасса,
Сен өбуші ең самалмен баяу ғана.

Ауылым-сағынышым, бауырларым
Ауылым-балғын шағым, ерке шағым
Аталармен, аналар еркем деген,
Қайда екен сағындырған бала шағым?

Ауылым-адалдықтың куәсің,
Ауылым-ақ көңілдің куәсің.
Еркелеп алдарында тұрушы едім,
Ал, сендер маңдайымнан сүюші едің.

Ғашық өмір

Ғашық көңіл, ғашық өмір, ғашық күн,
Табиғатта, ай да ғашық, ғашық түн.
Бар дүние, бір-біріне ол ғашық,
Иә, адамдар, сол сияқты мен ғашық.

Тілім жетіп сөзбенен айтпайтын,
Жеткізе алмай айтуға батпайтын.
Шын ғашықпын өзіңе иә, жаным,
Ешқашан оны айтуға ұялмаймын.

Сезімім ұлан ғасыр саған деген,
Өлеңмен жеткізем деп ойлағанмын.
Жүрегім сен деп соғып дүрсілдейді,
Шын ғашық болғанымға ұялмаймын.

Үш бәйтерек (Апаларыма)

Үш бәйтерек, үш тірегім бар менің,
Үш ағам да, үш анам да ол менің.
Иә сендердің арқаңда мына мен,
Жүзіп келем өмір деген кемемен.
Бәйтерекше мәуелеген бақтағы,
Салиқалы үш анам ғой ол менің.
Үш тірегім, үш қанатым бауырым,
Мен сендерге тек жақсылық тілеймін.
Мақтанышым, қуанышым, сендерсің,
Қайда жүрсең аман бол, бауырларым,
Ал, мен сәби әлі де сендер үшін.

Ибраева Рауза Бейсенбайқызы

Тел: 8777-202-40-50

Алматы, Казанская 51

МАЙЛЫ СҮТ ӨЗЕНІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Ауылым еске түссе ойға батам,
Елестетсем көз алдымда талай адам.
Әрқайсысы өзінше қасиетті,
Шаршамаймын бұрынғыны қайталаудан.

Бұл жолы сауыншылар тақырыбым,
Ағызып, қаймақ- майын ауылымның.
Майлы сүт өзенінің майталманы,
Ауылымның болып еді- жайсаңдары.

Бригадир Серғазы бапам қатал еді,
Еңбегің ел алдында адал еді.
Ебін тауып келіндердің ауылының,
Ақ сүттен үлкен өзен жасап еді.

Кәрім ағам үнемдеп жем мен шөпті,
Фуражир заманының болды мықты.
Баздағы мал қыстан аман шықсын деген,
Тілегені ұдайы ойдан шықты.

Ахметжан ағамызды-Ақын дейтін,
Мал емдеу ең жоғарғы кәсіп –дейтін.
Мәулетханды қасына ертіп алып,
Берекелі бөлімшенің қамын жейтін.

Бақытжан мен Балтай апам көш бастайтын,
Фаузия мен Рауза да қалыспайтын.
Күлзира мен Қаламқасты жақын тартып,
Жаны ашып сол бапамыз көп жақтайтын.

Сатай, Райке, Көпей мен Шекерді де,
Бәсен менен Раушанды көтермелеп.
Декретке кетем десе келіндері,
Сауыншыны іздейтін тер төгумен.

Қадыржамал тәтемді-Қалтай дейтін,
Майра тәтем сауынға кешікпейтін.
Қандай қиын болса да жұмыстары,
Сыбанып ап білектерін шегінбейтін..

Гаухар тәте келін боп елге түсті,
Сауыншы боп кірісті сынап күшті.

Верка апам қыздары Лида, Галя,
Сиырды еркелетті болып риза.

Көмектестік бала боп сиыр сауып,
Жемін беріп, шөп салып ебін тауып.
Қап түбіне бір уыс жем салып ап,
Асау аттай кетуші ек үйге шауып.

Сауыншылар ойлайтын үйдің қамын,
Кейде раздой- жасайтын ебін тауып.
Құтыменен сүт алып мәз мәйрам боп,
Үйге қарай жөнеледі оттай жанып.

Жаздың күні сауын малы Келтеде- еді,
Шоқтарымның-атын айтып селт етемін.
Күні кеше болғандай естілесің,
Аналардың өлең айтып өткен кезі.

Сүт таситын қысы жазы Үсен ағам,
ГАЗ-игі де таза еді жылтыраған.
Ебін тауып адамға дем беретін,
Ақ көңілді адам ең жымыңдаған.

Май заводты меңгерген Шалдау ағам,
Бағы бар көршім еді Хадиша апам.
Сүт қабылдап қаймақты өткізетін,
Еңбектері бағаланған адал адам.

Қаудыр атам жылқышы сері болды,
Қыста жылқы жайлауы тебін-болды.

Идия апам кіндігімді кескен еді,
Құдайы көрші болдық ел біледі.

Айта берсем бітпейді ауыл жыры,
Ыстық жүрек төгеді сырын бүгін.
Алыстарда, жан-жақта жүрсек те біз,
Ауылыңа жетпейді екен-жердің жүзі.

*Етекбаев Жанат Зейноллаұлы,
сәуір 2019 ж.*

Илеупаевтар әулеті



Әкем Илеупаев Зейніш
01.08.1912 ж. туған.

Азан айтып қойған аты Зейнілғабиден. Шешем Рахима Мұхамеджан қызы. Әкемнің бірінші жолдасы Уазипа апай 1956 жылы қайтыс болған. Ол кісіден туған ағам Батыр (Батрыкерей), әпкем Гүлбаршын. Әкем 1957 ж. шешеміз Рахимаға үйленген. Ағам Серікті әкем өз атына түсіріп алған.

Жанұямыз өте тату, шешем өте ақылды, мейірімді бәрімізді бір анадан туғандай мәпелеп тәрбиеледі. Бүгінде ойлап отырсам, сол кісілердің бойындағы жақсы қасиеттер бізде де бар.

Ағам Серік 33 жасында қайтыс болды. Келіншегі Қайыржан төрт баланы тәрбиелеп өсірді. Батыр ағам, Раушан жеңгей тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде барлық балалар ер жетіп, тұрмыс құрған. Әпкем Гүлбаршын бес бала тәрбиелеп өсірген. Петропавл қаласында тұрады. Мен Омбы



облысы Қасқат ауылында тұрамын. Жолдасым Ермек екеуміз екі ұл, бір қыз көрдік. Ұлдың үлкені үйленген, қызымыз Асемгүл тұрмыста. Екеуінен Алтынгүл, Ақмарал атты немерелеріміз бар. Кіші ұлымыз Біржан университеттің 4 курсында оқиды.

Әкемнің әкесі Елупай (Елеусіз) орта шаруа болған. 30 ж. қалың ағаштың арасына кіріп, азын-аулақ малымен сауда істеп күн көрсе керек. Әкемнің шешесі 13 құрсақ көтеріпті. Содан қалған жалғыз қарындасым Сапи деп отыратын. Соғыстың алдында, Ленин ауылы – Бәйшілік деп аталған. Сол ауылда еңбек етіп, ағам Батыр, жеңгем Раушан балаларын өсіріп, оқытып еді. Кейінгі жылдары Булаев қаласында тұрды.

Әке-шешем өте еңбекқор, төзімді, қайратты адамдар еді. Жоқшылықты, соғысты көрген. Қандай ауыр шаруа істесе де мойымайтын еді. Сондықтан болар шаруалары алға басып, тұрмыстары жақсы болды. Жаз шөп шабады, отын қысқа дейін дайын болатын. Әкем соғыста оң қолынан айрылған, сол қолымен бар шаруаны істеуші еді. Ағаштан доға иіп істегенін көрдім. Балтаға сап істейтін. «Егерде оң қолым болса,

ағаштан бәрін де істеуші едім» – деп айтқаны есімде. Шешем жаз шықса, бие сауады, әкеме шөп шабысады, құрт қайнатады. Қарынға сары май салатын. Үй құстары қаз, тауық деген есепсіз көп өсіп шығатын еді. Сондықтан болар, ас көп, есік ашық, қонақтар да көп келетін. Әкем ат үстінде жүрді. Әкемнің достары Қәләу (Айдолла), Сапи (Сапиолла), ол кісілер де соғыс ардагерлері. Ағайындары Қаппас ата, Дойман ата, өздері өткен уақыттағы болған уақиғаларды әңгімелеп отыратын. Апамның абысындары Айтпай апа, Сағынай апа, Мағрипа, Айтжамал апалар бір-бірімен араласып, кіріп-шығып жататын. Кейін тұрмысқа шыққанда Ермек екеуміз қонаққа барғанда Серік (Өсербаев) Күлзира жеңгей, Өсен (Өстемір) Қазиза апай, Хамита жеңгей, Қаламқас жеңгей бәрі келіп амандасушы еді. ««Ағатайымның» қызы келді» – деп шіркін, сол абзал адамдар есіме түссе көзіме жас келеді.

Өсен ағам «Батыр, қарындасың келді-қой сой» – дейтін. Ауылымды сағынам, «аққайындар қоршаған, шөбі шүйгін, топырағы құнарлы қайран елім» – деп есіме алам.

Ой тамшылары

Ұстаз ол өз балалары ғана тәрбиелемейді. Ол – өсіп келе жатқан, алдына келген оқушылардың тәрбиешісі. Балаға шын жүрегіңмен ақыл айтсаң, ол құлақ салар. Өзім оқытқан оқушыларым үлкен азаматтар. Бүгінде олар ата-ана. Соларға қарап өзіңнің 53-ке келіп, 37 жыл қызмет еткеніңді сезінесің. Ал енді талай-талай қағаздар жазылып, кітаптар оқылса да, бір сәтте осы мен көп оқыдым ғой, жетер деген ой келген жоқ. Қайта білгеніңнен білмегенің көп екен. Ұстаз ол оқушы да, оқытушы да екен. Егер де оқушыларды үйреткің келсе, өзің де оқуын керек. Сонда ғана еңбегіңнің жемісін көресің...

Бақытты балалық шақ

Балалық шақ, балдыр шақ,
Адам өміріндегі ең бақытты шақ.
Мектеп... үйде ата-ана
дайындап жылы жұмсақ...
Түскі тамақ, кешкі тамақ
ең тәуірі алдыңда!
Анаң жүрер бәйек боп,
«Іш, же... » – құлыным деп,
Шіркін сол балалық шақ,
Қайтіп келмес өмірге!
Ең бақытты шақ
адам өмірінде.

(Кульжаухар Тастембекова)

Әкеге арналған жыр

(Әкеме)


Отты жылда Отан қорғап,
Оралдың туған еліңе
Халқың сізді қадірлеп
Ел билігін берді ғой, сіздің қолыңызға.
Адам болдың,
Еңбек еттің халқыңа.
Қиындыққа мойымадың,
Қажырлық біткен бойыңа.
Айтарлықтай із қалдырдың,
Еңбегіңмен еліңе.
Еске алар осы күнді
Адамдар да азайды

(Қызыңыз – Күлжауһар)





Искаковтар әулеті



Менің ата-әжемнің, яғни Серікбайдың әкесі – Жүніс, анасы – Нүрилә.

Искаков Серікбай Жүнісұлы, 12.01.1937 жылы туылған, руы – Шоға Уақ, Ворошилов ауылында дүниеге келген. 1975 жылы қыркүйек айының 11 жұлдызында жұмыс басында қайғылы қазаға ұшырады. Ол кезде әкем үшінші мүшелі, 37 жаста болатын.

Әкемді бауырына басып алған Ысқақ атамның інісі Достайдың Серік деген баласы болған соң, менің әкемді Секеу деп атаған, құжат алуға барғанда да сол атпен жазылып кеткен. Негізі құжат бойынша біз Секеуұлы боламыз, бірақ осы кітапқа өзіміздің аты-жөнімізді әкеміздің шын атымен жазуды жөн көріп отырмыз.

Искакова Қадыржамал Қасенқызы, 19.02.1940 ж.т., руы Есентаңырық, Чапай елді мекенінде туған. Анамның әкесі – Қасен, анасы – Әнипа.

Серікбайдың балалары:

Искакова (Бегалина) Гүлмайра Серікбайқызы, 08.04.1959 ж.т., қазір зейнеткер, Шал Ақын ауданының Кеңес ауылында тұрады. Балалары: Жұлдыз, Серікболсын. Жиені – Досжан.

Искаков Нұржан Серікбайұлы, 05.03.1966 ж.т., аудандық сотта жұмыс істейді.





Искаков Жасұлан Серікбайұлы, 20.03.1973 ж.т., аудандық мешітте имам.

Искаков Руслан Серікбайұлы, 18.12.1974 ж.т., элеваторда өрт сөндіруші.

Тұрғылықты мекен-жайлары: Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы.

Серікбайдың дүниеден өткен балалары:

Гүлжан Серікбайқызы, 1969 – 1974 ж. ж.

Гүлсара Серікбайқызы, 1971-1972 ж. ж.

Искаков Нұрлан Серікбайұлы, 15.05.1962 ж.т., жолаушыларды тасымалдау бойынша жеке кәсіпкер.

Искаков Нұрланның жұбайы, балалары туралы мәліметтер:

Искакова (Сабитова) Дамежан Шаймұранқызы, 18.12.1967 ж.т., Ворошилово ауылында туған, мамандығы – мұғалім.

Ұлым – Секеуов Асылбек Нұрланұлы, 09.06.1995 ж.т.,

Немересі – Нұрлан Айару Асылбекқызы, 26.06.2017 ж.т.

Қайын-жұртым туралы мәліметтер:

Қайын атам – Сәбитов Шаймұран Сәбитұлы, 10.03.1928 ж.т., руы Шоға Уақ. – 1998 жылы, қыркүйек айында дүниеден өтті.

Қайын енем – Сабитова Зейне Садуақасқызы, 13.03.1962 ж.т., руы – Керей. – 1980 жылы, желтоқсан айында 48 жасында дүниеден өткен.



Жолдасымның апалары, ағасы, сіңлілері:

Сабитова (Қожантаева) Рысбибі Шаймұранқызы, 26.06.1954 ж.т., қазір зейнеткер, Петропавл қаласында тұрады.

Сабитова (Туренова) Айсұлу Шаймұранқызы, 23.03.1957 ж.т., қазір зейнеткер, Булаевта

Сабитова (Абуталипова) Алма Шаймұранқызы, 22.04.1960 ж.т., қазір зейнеткер, Астанада тұрады

Сабитова (Жусупова) Жаңыл Шаймұранқызы, 20.09.1962 ж.т., Астанада

тұрады

Сабитов Даулетжан Шаймұранович, 14.06.1965ж.т., Петропавлда тұрады.

Сабитова (Ахметова) Ұлмекен Шаймұранқызы, 04.12.1970 ж.т., Булаевта тұрады

Сабитова (Абулкакимова) Менсұлу Шаймұранқызы, 13.04.1973 ж. т, Екібастұз қаласында тұрады.

Өзім туралы бірер деректерді жазатын болсам, мен 1980 жылы Талдықорған облысы Кербұлақ ауданы, Сарыөзек елді мекеніне қарайтын танк әскери полкіне Отан алдындағы әскери борышымды өтеуге аттанып, 1982 жылы үйге қайттым.



1983 жылдың 15 қаңтарынан бастап Возвышен автокөліктік кәсіпорында жүргізуші болып қызмет еттім. 1983 жылдың тамыз айынан бастап Писаревка совхозында механизатор, 1996 жылдан бастап Ленин ауылының егін шаруашылығының бригадирі қызметін атқардым. 1986 жылы аудандық депутаттыққа сайланып, 1991 жылға дейін атқардым. 1999 жылы Булаев қаласына көшіп келдім. Көшіп келген соң Булаев қаласының элевато-

рына қамтамасыз етуші механик қызметінде, одан кейін «Жұмабеков» ШФҚ-нда бригадир қызметін атқардым. Жұбайым Искакова Дамежан Шаймұранқызының мамандығы мұғалім, 10 жыл Ленин ауылында бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарды. Булаев қаласына көшіп келген соң, №4 Булаево орта мектебіне жұмысқа орналасты, бастауыш сыныпта сабақ берді. 2007 жылдан бастап мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды, осы қызметті атқарып жүріп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға түсті, оны 2011 жылы тәмамдады. Қазіргі күні қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 2014 жылы «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол

жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін» Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ұлым Асылбек заңгер мамандығын оқып, бітіріп, сол салада қызметін атқарып жүр.

Құрмановтар әулеті

Отаншылдық – Отбасына деген Сүйіспеншіліктен басталады...

(деректі мәлімет)

... Отбасымыз бес адамнан тұратын. Әкем Құрманов Ис-



ләм Ілиясұлы, анам Рақима Қалиясқарқызы, әкпелерім Майя мен Баян және мен – Күлшат. Әкем киелі Мағжан жерінің тумасы, 1899 жылы 22 наурызда дүниеге келген (құжат бойынша). Әкеміз Ұлы Отан Соғысына қатысып, басынан жарақат

алып, тұтқында болып, туған жердің қадірін жете түсінген қайсар азамат және сол қасиеттерін бойымызға дарытқан – асқар таудай Әке. Анам Рақима Қалиясқарқызы 1905 жылы Көкшетау облысы, Тайынша ауданында дүниеге келген, алғашқы отбасымен Комсомол ауылында тұрған. Бірінші отағасысы соғыста қаза тапқан... Бес қызы бірінен соң бірі белгісіз дерттен шетінеп кетіп, анамның қайғы – қасіреттен есі ауысып кете жаздапты... Біздің көрер жарығымыз себеп

болды ма, әлде ауылдастарының қамқорлығы аман сақтап қалды ма, кім білсін, әйтеуір анамның беті бері қарап, тағдырдың осыншама қатаң сынағына көнуге күш-қуат тауыпты... Бес қызы Комсомол ауылында жерленген... Анам бізді, әкем сияқты, тым еркелетуден қорқатын... «Маған балажан болған жақпайды...» деп, біздің өміріміз үшін алаңдап, ана жүрегінің қан жылап тұрғанын білдіртпеуге тырысатын... Әке-шешемнің екеуінің де отбасыларын сұм соғыс жалмап, олар соғыстан кейін жаңа отбасын құрып, бейбіт өмірге бейімделу тауқыметін қол ұстасып, бірге өткерген... Олардың тез арада шаңырақ көтергенін көреалмаушылар да табылып, әкемнің неміс тұтқынында болған қасіреті отбасына қауіп төндіріп, әке-шешем бір түнде жалғыз сиырларын жегіп, әкемнің «елім» деп, еңіреп жеткен елінен көшіп кетеді... Бет алыстары – анамның төркіні Көкшетау бағыты болған... Алайда жол азабын көп көріп, Дорофеевка селосына жете бергенде жауын құйып, арбаға жегілген сиырға найзағай түсіп, жануар сол жерде жан тәсілін береді... Ырымшыл, діни көзқарасты ата – анам, «бұл жерді Алла Тағаланың өзі белгілеген болар...» деген оймен киелі Мезгілсор жеріне тұрақтайды... Көп кешікпей,



ның бірінші жұлдызында, қуаныш пен бақыттың жаршысы болып, үлкен апам «шыр» етіп дүние есігін ашады... Майя әпкем 1951 жылы, Баян 1954 жылы, мен 1956 жылы дүниеге келіп, қасиетті Бұрабай жерінің топырағына аунап өстік...



Әке-шешеміз тіл-көзден қорқып тұңғыштарының есімін, мордва ұлтты таныстарының ұсынысымен, Майя деп ырымдап, қойыпты...

1961 жылы әкем отбасымен өз еліне оралып, ағайын-туыстарымыз қоныстаған Чапаев ауылында жаңа үй салып, біржолата тұрақтауды көздейді... Алайда бұл ауылдағы отбасылық бақытымыз небары он жылға ғана созылып, кеңес дәуіріндегі қазақ ұлтына қатысты дөрекі әділетсіздіктердің бірі орын алып, егістік аумағын ұлғайту мақсатында көз тіккен, болмашы бір биліктің қаулысымен шағын ауылымыз «таратылу» саясатына ұшырайды... 1971 жылы, анама жастайынан ыстық, Комсомол ауылына қоныс аударуға мәжбүр болдық... Комсомол ауылында да тура он жылдай уақыт тұрып, 1981 жылы әке-шешеміз қайтыс болғасын, қоныс аудардық. Ол жылдары ауыл жартылай тарап кеткен болатын... Әкем, ескіше араб тілінде оқыған, діни ұстанымы берік адам болған. Кеңестің заңнамаларына, «атеизм» дәуіріне «пысқырмастан» өмірінің соңына дейін молдалық құрып, дініміздің жойылып кетпеуіне өзіндік үлесін қосты... Зейнетақы мөлшері 12 рубль болған... Оған

күн көріп, кәмелетке толмаған балаларды асырау мүмкін емес-тін... Алайда Алла Тағаланың әр отбасына белгілейтін Несібесінің аясында, қора толы малдың, ерінбей төккен маңдай тердің арқасында көштің алды болып өмір сүрдік... Комсомол ауылы бақытты шақтарымыз өткен киелі мекен және рухани қалыптасу Қайнарымыз болып танылады... Майя әпкем Петропавл есептік-экономикалық техникумын тәмәмдап, Мағжан Жұмабаев атындағы совхозға көп еңбегін сіңірді. Бертін келе отбасымен Петропавл қаласына көшіп, мемлекеттік университетте абыроймен есепші қызметін атқарып, аталмыш жоғары оқу орнынан зейнеткерлікке шықты... Үйлі-баранды, жолдасы, екі баласы бар. Қызы Әсел тіс дәрігері, Ұлы Қанат спортшы, жоғары білімді, волейболдан кәсіби ойыншы. Бүгінде Әлішер, Айша, Іңкәп есімді немерелерінің қызығына тоймай, өмір сүруде.

Баян әпкем Петропавл педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмәмдаған. Ленин ауылының сегізжылдық мектебінде сегіз жылдай жемісті еңбек етіп, тұрмысқа шыққасын басқа мектепке ауысты.

Әпкем жүрегімен сабақ беріп, ауыл балаларының пән патшасы – математикаға деген құштарлығын оята білді. Ленин мектебінің озат оқушысы Роза Түкенова сол кездегі республикалық деңгейдегі балалар жорналына «Мен өскенде Баян тәте сияқты математика пәнінен сабақ беретін ұстаз болғым келеді...» деп жазғаны есімде... Өзі келін болып түскен СҚО, Жамбыл ауданы, Баян ауылының орта мектебіне де көп жылдар еңбек сіңіріп, зейнеткерлікке шықты. Оның ішінде меңгерушісі ретінде жергілікті балабақшасының әрекетін толық қазақ тіліне көшірген, баға жетпес еңбегі де бар. Үйлі-баранды. Отбасымен жоғары білімді ұстаздар әулеті болып танылады. Екі ұлы да жоғары оқу орнын грант-

тық негізде бітірген. Үлкен ұлы, қызыл диплом иегері – Дос Петропавл Назарбаев Зияткерлік мектебінде дене шынықтыру пәнінен сабақ береді. Кішісі Еслямов Дәурен әкеміздің тегінде. «Қазақстан барысы» бойынша 28 палуанның қатарына енген кәсіби спортшы. Петропавл дарынды балаларға арналған спорттық мектептің жаттықтырушысы. Баянның Ералы, Ибраһим, Айғаным есімді немерелері бастауыш сыныптарда оқиды.

Өзім (Күлшат) әке-шешемнің еркесі болғанмын. Кішкентайымнан әкемнен бір елі қалмай еріп жүріп, бірінші сыныпқа барғанда ғана алғаш рет көйлек киген, қайсар қызбын. Жүрегімдегі жан әкеме деген перзенттік махаббатым, жылдар өткен сайын, асау күшке айналып, мен қыз болсам да әке туын желбіретіп келемін. Петропавл есептік-экономикалық техникумды тәтәмдағанмын. Еңбек жолын Молодежный совхозында Сберкасса меңгерушісі ретінде бастап, көбінесе сол салада еңбек еттім. Мен Абай Атамыздың өсиеті бойынша өмірдегі өз орнымды таба алмай, ұзақ қиналған жандардың бірімін. Тек орта жастарға келген шағымда ғана Тағдыр маған аяушылық білдіріп, бойымдағы ақындық дарындылығы арқылы еңбек жолымды Журналистика саласына бұрып жіберді... Осылайша мен қызығы мен қиындығы қатар жүретін сүйікті салада он жылдан астам уақыт журналист қызметін қалтқысыз атқарып, құрметті демалысқа шықтым. Бүгінде журналистика ардагері ретінде де Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру жолында аянбай үлес қосудамын. Жалғызым Даниярды өзім жалғыз өсіріп, жеткіздім. Әкесімен заңды некеде болған атымыз ғана. Дәм тұзымыз жараспай ерте ажырастық. Ұлым Көкшетау қазақ-түрік лицейін үздік тәмәмдап, гранттық негізде беделді жоғары оқу орнына түсіп, «Халықаралық құқық»



мамандығы бойынша қызыл дипломға қол жеткізді. Лицейді аяқтайтын жылы «XXI ғасырдың көшбасшысы» интеллектуалды теле ойынға қатысқан. Өкінішке орай, бүгінгі таңда, жалғызым өзіне тиесілі лайықты орнын әлі таба алған жоқ... Алайда біз оған мойымаймыз... Ең бастысы Еліміз аман, Жұртымыз тыныш болса, Бәрі жақсы болады... Жан Әкемнің Тектік Туын ұлым Ис-

лям Даниярға Аманат еттім... Жақында жалғызым ел жаққа барып, атасының уақыт оза, жарыла бастаған құлпытасын табиғи тасқа жаңартып, немерелері атынан тасқа мынандай жазба қалдырды: Көрмесек те Өзіңізді, Мақтан етеміз, жан Ата, Тегіңізді текті жалғастырамыз, Ұрпақтан келер ұрпаққа... » делінген асыл Сөздер менің түпкі арманымды жүзеге асырып, үш апалы-сіңлілердің қайсарлықтарын, әкелеріне деген шексіз махаббаттарын паш етіп тұрғандай...

Өткенсіз – болашақ жоқ...
Өмір – сынақ...
Әр Адам – өз бақытының ұстасы...
Күлшат Ісламқызы.

**«Комсомол» – менің ауылым,
рухани тәрбие мекені...
(1971 – 1981 жылдарының деректі естелігі...)**

Дариға, домбырамды берші маған... деп шабыттанған кезінде Мұқағали ақынымыз жырлағандай, мен де бүтін Алладан шабыт тілеп, бақытты балалық шағым өткен және жан әкемнің соңғы демі таусылған, алтын бесік ауылымды сағынышпен еске алып, қолыма қалам алдым...

... СҚО, Булаев ауданы, Писаревка совхозы, Комсомол ауылы деп, отбасыма хат жазатын ауылым... Ауылды жарып өтетін жалғыз грейдер жолының бергі жақ бұрышындағы ұядай ұйыған сегіз отбасы... Әр үйдің бір-бірінен айнамайтын күнделікті күйбең тірлігі... «Біреудің ала жібін аттамау», «көршісін Құдайындай сыйлау» – бірдей өмірлік қағидалары... Қазақ ұлтына, салт-дәстүрге деген ортақ сүйіспеншілік... Ортақ мақсат... Ұқсас арман-қиялдар... Аталғандай және көптеген басқа да адами құндылықтар бірігіп, жақын көршілердің арасына алтын көпір өткізіп қойғандай көрінетін...

Құдайы көршілеріміз Сәду ата мен Күләш апай... Олар да (менің әке-шешем сияқты), сұм соғыстан кейін тағдырдың жазуымен «екі жарты-бір бүтін» қағидасымен отбасын құрған жандар... Сәду Мұстафаұлы Отан соғысына қатысып, жарақат алған майдангер болатын. Бір қолынан кемтар

болса да, жұрттан қалмай, тірлік қамындағы барлық ауыр жұмыстарды өзі атқаратын. Атайдың бұрынғы отбасынан Әмина, Шекер, Манарбек, апайдың жағынан Ермек, Күлтәй, Бақытжан және ортақ балалары Мақпал, Жәмилә, Темірбек есімді ұл-қыздары болатын. Үлкен қыздарының біз тұрған кезде жеке жанұялары болған. Манарбек ұшқыш мамандығын игеріп, кейіннен Бейбіт есімді қарағандылық қызға үйленді. Тимур, Бахтияр есімді екі немересі дүниеге келгенде, Сәду атайдың шексіз бақытқа бөленгені есімізде... Ермек те ерте есейіп, көпбалалы отбасына ауыртпашылығын тидірмей, жұмыс бабымен шетте жүрді... Үлкен әпкемнің ұзату тойында, «қыз құрбы» (дружка) міндетін атқарған Алтынаймен танысып, аяғы үйлену тойына ұласқан болатын. Қалған балаларымен тетелеспіз, бірге араласып өстік... Бұл отбасы жайлы ең жылы естеліктер қалды... Сәду атай көпті көрген, парасатты адам болатын. Тарап кеткен көрші ауылдан көшіп келген әкемді жақын туысындай қарсы алып, отбасыларымыз жете араласты... Әкем соңғы сапарына, адал көршісіне риза болып аттанды... Күләш тәте қырыққабат тұздаудың һас шебері болатын. Әке шешем ескінің адамдары боғандықтан, мұндай тағамды қазаққа жат көріп, «шөп шалаң» деп санайтын... Алайда мен жақсы көргесін анам сүйікті көршімізге тұздатып алатын... Күләш апай өте ақкөңіл, өмірдің ащы- тұщысын бір кісідей көрген жан болатын... Өте пысық, өзінің көл- дария аналық махаббатының, тыным таппайтын еңбекқорлығының арқасында балаларын ешкімнен кем қылмай өсіріп- жеткізді. Мейірбандық шуағын Майя әкпемнің тұңғышы Әселжан да кішкентай кезінде сезініп «Күләш үйіне апарыңдар, Күләшпен ойнаймын!..» деп еркелейтін... Үлкен қызы Күлтәйді (менен бір жас үлкен) болашақ жары Өмірзақ

«үрлап әкеткенде» артынан қуып барғандардың арасында мен де болғанмын... Ерікті екендігін өз аузынан естіп, тойында болып қайтқанбыз... Ермектің тойын, 30-40 шақырымдай жердегі орыс селосында тұратын нағашылары жасап, Комсомол ауылының бір машина (кузов) жастары тойдың қадірлі қонақтары болғанбыз. Ауыл шағын болса да, қыс мезгілінде «соғым етіне» күнде шақырыс болатын... Сәду ата мен Күләш апай менің әке- шешеммен ұдайы бірге жүретін. Қонаққа бірге барып, жұптары жазылмай бірге қайтатын... Иә, құдайы көршілердің осындай жарасымды қарым-қатынастары, өкінішке орай, өткеннің еншісінде қалып бара жатқандай..

Зағыпар атай мен Зура апайдың отбасы. Жалғызы Баян аға мен келіні Қадиша тәтемен бірге тұратын. Мерейлі отбасы. Қариялар жалғыз баласының қызығын көріп, Сансызбай, Базарбай, Асаубай есімді немере сүю бақытына бөленіп өтті. Баян аға механизатор болып жұмыс істейтін, Қадиша тәте үй шаруасымен айналысып, қартаң жастағы ата- енесінің қолдарын «жылы суға малып» келіндік міндетін адал атқарып, балаларын бағып- қағатын. Өзі көкшетаулық болғандықтан, менің анаммен «апалы сіңділі» қарым-қатынасын ұстанып, отбасымызды ерекше құрмет тұтатын. Ата- анаммен өте жылы араласқан қариялар, біз тұрған жылдары табиғат заңымен бірінен соң бірі бақиға аттанды... Мектеп жабылғасын Баян аға өз отбасын сол төңіректегі Қоскөл ауылына көшіріп әкетті. Кейіннен, ниеттері түзу, аталмыш мейірімді отбасында қыз бала туғанын білеміз...

Қасенбай аға мен Дина апайдың отбасы. Отбасы отағасысы өмірден ерте озған. Электрик қызметін атқарып жүріп, тоқтан қаза болыпты... Әлібек, Асылбек, Оразғали, Қалима, Гүлбаршын, Қазиза есімді ұл-қыздарын Дина апай жалғыз өзі жеткізді. Балаларын «қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға

шоқыттырмай», ешкімнен кем қылмай өсірді. Әлібек пен жұбайы Сараның үйлену тойында бүкіл ел болып қуанғанымыз есімде... Дина апай отбасымызға құдағи болып келетін. Ердеш жиен ағамыздың құдай қосқан қосағы Әмина жеңгеміздің туған апасы. Сондықтан Дина апайдың біздің отбасымызға деген құрмет- қошеметі ерекше болатын...

Мұқай ата мен апайдың отбасы. Қыздары Сақан (Тәкәу) мен Шәрбән бірге тұратын. Сақанның жалғыз ұлы Жәлел Целиноград ауыл шаруашылық институтында оқып, мамандық игерген. Студенттік өмірінде ұнатқан қызына үйленіп, үйлі-баранды болды. Шәрбән тәте жоғары білімді ұстаз, Ленин ауылдық мектепте биология-химия пәнінен сабақ беретін. Қартаң әке- шешесін қимай, тұрмысқа кешірек шықты. Бақытты отбасын құрып, дүниеге сәбилер әкеліп ана болу, адал жар болу бақытын иеленді. Ер мінезді Сақан тәте үйдегі барлық шаруаны өзі тындырып, қариялардың асқар таудай тірегі болатын. Аталмыш отбасының сол кездегі барлық қуаныштарымен бірге бөліскенбіз...

Төлеу ата мен Күлшекен әжейдің отбасы. Мейірімді қариялар. Егде жастарында Құдайға ғана жарасатын жалғыздықтан қорғанып, бір біріне сүйеу болған жандар. Әжейдің белі жазылмай бүкірейіп жүретін... Туғаннан біткен дерт, десетін жұрт. Алайда Күлшекен әжей тазалық сақтаудан алдына жан салмайтын. Бұл үйде әр заттың белгіленген өз орны болатын... Көсеу, легендерге дейін ілмешекпен ілулі тұратын. Істігу, түбіт шәлі тоқу шеберлігіне таң қалатынсың... Қатаң сынаққа алатын да мүсіркейтін де Жаратушы Иеміз ғой... Әжейдің мінезі ақжарқын, әзіл-қалжыңы өзіне өте жарасатын... Шақырыстарда жастармен қосылып «елу грамм» алып қоятын да батылдығы болатын.. Менің бойжетіп келе жатқаныма қарамастан, мені балаша еркелететін... Әке-шешем маған ересектерге

арналған велосипед сатып әпергенде, екі дөңгелекті «темір тұлпарға» арнап шашақталған «ер-тоқым» тігіп бергені есімнен кетпейді... Студент кезімде зерттеу жұмыстарына медициналық ақхалат қажет болғанда да, Күлшекен әжейдің шеберлігіне жүгінгенбіз... Мені түбіт шәлі тоқуға үйретіп, несібесіне белгіленген өнерін ешкімнен қызғанбайтын... Алла иман байлығын берсін, бақиға аттанған барлық ауылдастарыма...

Мұқыш аға мен Нағима тәтеннің отбасы. «Қойдай жуас...» деген ұғым осы отбасының отағасысы сынды қазақтарға арналған сияқты.. Мұқыш аға адамгершілігі мол, еңбекқор, мейірбан жан болатын. Нағима тәте о кісіден жасырақ көрінетін. Саят, Назымбек, Жәнібек, Салтанат есімді ұл қыздарының алдымен тетелес, араласып өстік. Бұл отбасы ауылдан алғашқы қоныс аударғандардың қатарында болып, жұмыссыздық тауқыметінен ауданға жақын жердегі Медвежка орыс селосына көшіп кеткен... Мен бауырмал, мейірбан Саятты туған апамдай жақсы көретінмін... Кейіннен Баян әкпем екеуміз бірнеше рет арттарынан іздеп бардық.

Жұмабекаға мен Тәку тәтенің отбасы. Қарапайым, мейірбан жандар. Тәку тәтеге кенедей жабысқан дерт, жиі аурухана төсегіне таңып, үй- ішінің берекесін қашыратын... Есесіне, аяулы жандары сәл айығып үйге келгенде, бұл отбасынан бақытты адамдар болмайтын... Бүкіл ауыл болып қуанып, дарқан көңіл, кең пейіл ауылдастарының көңілін сұрауға асығатын.. Ал Тәку тәте болса, шәйнегін ала жүгіретін... Сырқат неліктен осындай ақкөңіл, кең пейіл жандарды таңдап, біржолата алып тынбайынша, қыр соңынан қалмай, науқасқа – азап, отбасына қайғы- қасірет шектіреді екен?.. Жұмбақ...

Балтабек, Арғынбек, Ботагөз, Бақыт есімді ұл-қыздарымен араласып өстік. Балтабек Гүлжауһарға үйленгенде тойында

болып, Ворошилов ауылындағы қыздың төркіні шақырғанда, жігітке еріп барғандардың қатарында болдым... Арғынбек Целиноград ауылшаруашылық институтын малдәрігерлік мамандығы бойынша тәмәмдаған. Ботагөз сегізжылдық Ленин мектебін бітіргесін үй іші сүйікті қыздарын көзден таса қылғылары келмей, ол бірер жылдай ата-анасының қасында болды... Өзімнен бірер жас кіші болса да Ботагөз «подружкам» болған. Бақыт о кездерде кішкентай болатын. Жұмабек аға құдай қосқан қосағымен өмірдің ащы-тұщысын бірге көріп, балаларына әр кез қамқор бола білді. Асқар таудай әкелердің шынайы өмірдегі үлгісі осы кісідей болар-ау, шамасы... Үлкен ұлы Балтабектің жұмысы, жақын жерде өтетін «узкокалейка» теміржолы бойында болғандықтан, аталған отбасы сол төңіректегі Писаревка теміржол стансасына қоныс аударды...

Қапез аға мен Биғайша тәтенің отбасы. Қапез аға кез-келген қара жұмыстан бас тартпай, істей беретін. Көршілер көмекке шақырса, аңқылдап жетіп баратын. Бұл отбасында Биғайшаның анасы бірге тұрып, айналасына мейірбаңдық шуағын шашатын. Алтын және Айгүл есімді екі немересін бағып-қағуға ат салысып, «қарты бар үй-қазыналы...» деген аталы сөздердің түпкі мағынасын іс жүзінде паш етіп, көпшіліктің қошеметіне бөленетін. Алтын мен Айгүл сымбатты, инабатты болып бойжетті...

Рәшәт аға мен апайдың отбасы. Төлеш, Өтеш, Абылай есімді балаларымен тетелес өстік, қыздары кішкентай болатын, есімдері есімде жоқ... Үлкен балаларымен шақырыстарда, той-томалақтарда кездесетінбіз. Аталмыш отбасы ауылдан ерте көшіп кетті...

Бейсен ата мен Бәзила әжейдің отбасы. Ауылда бірнеше аттастары болғасын атаны «көк көз Бейсен» деп ажырататын. Балалары Бекболат (Васек), Жомарт, Алтынайлармен

тетелес өстік. Үлкен ағалары Қарағанды қаласында тұратын.

Қажымұрат ата мен Зейнеп әженің отбасы. Ауылдың бетке ұстар отбасыларының бірі болған. Үлкен шаңырақ иелері. Бүкіл ауыл болып сыйлаған қариялар. Халық, Ерсайын есімді екі ұлы болатын. Халық аға мен Сара жеңгеміз жақын жердегі «узкокалейка» теміржол стансасында тұрса да, ауылдың бір-де-бір шақырысынан қалмайтын. Жеңгеміз ән шырқап, кез-келген отырысты жандандырып жіберетін. Ерсайын әскерге кетерде, ауыл жастары таң атқанша билеп, Отан алдындағы борышын өтеуге шығарып салғанбыз.. Аталғандай белсеңділік, әркімдерге көрсетіле бермейтін жоғары қошемет болып танылатын..

Нөкіш апаның отбасы... Серік, Ғалымжан есімді ересек ұлдарымен бірге тұратын. Апай менің әкемді «нағашы» деп зор құрмет тұтып, отбасымызбен жете араласты. Қиындықтарға мойымай, үлкен шаңырақтың түтінін тік ұшырған қайсар ана. Өзінің қария анасын көп жылдар бойы мәпелеп күтіп, ақтық сапарға шығарып салған, адал перзент. Нөкіш апайды қашан көрсең де үсті-басы мұнтаздай тап-таза болып жүретін. Жүргізуші жұмысын атқарып, өзіне айтарлықтай қолғабыс ететін үлкен ұлын үйлендіріп, дүркіретіп той жасағаны есімде... Кіші ұлы Целиноград ауылшаруашылық институтында оқитын. Ауылымыз тарай бастағанда аталмыш отбасы Ленин ауылына көшкен болатын...

Қамила мен Шәйзә тәтелер. Апалы сіңлілердің бұл отбасында Қамила тәтенің Бауыржан есімді үлкен ұлдары шаңырақ иесі болып танылатын. Ерте есейіп, үлкен отбасының басты жауапкершілігін өз мойнына алған, аты затына сай Бауыржан, мен үшін жігіттердің сұлтанындай көрінетін... Інілері Сайран мен Мейрам ағасының айтқанын екі етпейтін. Бауыржан әскери борышын өтеп келгесін, теміржол стансасына жұмысқа орналасты. Мінезі өте салмақты болса да, орынды қалжыңдарымен ортаның

көңілін көтеріп, ішек-сілеңді қатыратын... Үйлену тойына ауыл жастары бірі қалмай шақырылып, аталғандай бақытты мүмкіндікті иеленгендердің қатарында мен де болғанмын... Мейрам жоғары білімге қол жеткізіп, Ішкі Істер саласында қалтқысыз қызмет етіп, жоғары шеңдерге дейін көтеріліп, зейнеткерлікке шықты. Үйлі-баранды. Отбасының Гүлсара есімді және тағы бір (есімін ұмытыпшын) қыздары болатын... Үлкенге құрмет кішіге ізет көрсету сыйластығы аталған отбасының абыройын шарықтатып, көпшілікті сүйсіндіретін...

Мұсабаевтар отбасы. Ғалымжан аға агроном болған. Беделді, көпбалалы отбасы. Үйлері ауылдың екінші шетінде болатын. Үлкен ұлдары Серік пен қыздары Күлмайраны (Құмашке) шақырыстарда, бас қосуларда көргенде қуанып қалатынбыз. Қалған балалары мектеп жасында болған. Кейіннен аталған отбасы қала маңындағы Пеньков селосына көшіп кеткен...

Міне, құдіретті естелік арқылы мен өткен шаққа саяхат жасап, рухани тәрбие мекені болып танылатын алтын бесік ауылымда болып, әр үйге кіріп шықтым... Ауылдастарымды көріп, қауышқандай болдым... Қуаныштан басым айналып, әр отбасына деген сүйіспеншілігімді білдіріп, мауқымды бастым... Енді бойымды сағыныш сазы емес, ерекше бір тәтті сезім билеп, өзімді қанаттандыра түскендей.. Ауылдастарым маған: «Жарайсың!.. Жарты ғасырдай уақыт өтсе де, бізді ұмытпапсың... Ризамыз саған...», – дейтін шығар...

АРМАН ҚУҒАН СӘБИ ЕДІК-КЕКІЛДІ

Бала күнім кеше болған секілді,
Арман қуған сәби едік – кекілді.
Үй жұмысын күні бойы атқарған,
Сағынамын тәрбие алған кезімді.

Анда санда көруші едік кәмпитті,
«Қонаққа» – деп айтатыны әр үйдің.
Қарын майын, қоспа, үнді шайын да,
Апаларым қоюшы еді дайындап.

Орта қоян, матка, бәкі, ойындарын,
Үлкендермен жарысып ойнаған күн.
Костер жағып, алты бақан тебіп жүріп,
Балалық шақ бақытты еттің ойнап, күліп.

Клуб жақтан естісең музыканы,
Тез киініп танцыға болдық дайын.
Басты жуып болмаса да иісмайың,
Кала-калаң жол сыпырар жүрген сайын.

Міне осылай жетілдік, жігіт болдық,
Қанат қағып ұштық біз – бүркіт болып.
Балалық пен осы шақтың арасында,
Өмір өтті сыналумен көпті көріп...

*Етекбаев Жанат Зейноллаұлы,
2017 жыл.*



Избасаровтар әулеті

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң-мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзеттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде ел тарихынан орын алып отырған. Соның бірі – Избасаров Кеңес Габдиллинович. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келеді.

Избасаров Кеңес Габдиллинович 1939 ж. Булаев ауданы Ленин ауылында өмірге келген. Өмірге келгеннен кейін бір жарым жылдан соң әкесі Габдолла Ұлы Отан соғысына кетіп оралмаған екен. Сөйтіп анасы Әнәпия қызы Жәмбибі, әкеміз он жасқа келген шағында Әмзин Сәрсембай атамызбен отбасын құрып, әкемізге Тұрсын, Гүлшат атты қарындас сыйлады. Тұрсын қарындасының үш ұлы, бес немересі бар. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Ал Гүлшат апамызда екі қыз, екі ұл және бір немересі бар. Бүгінгі күні Петропавл қаласында тұрады.

Избасаров Кеңес 1956 ж. Көкшетау школ-интернатында оқуын





тәмәмдәп, Талғар қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына «Агроном семеновод» мамандығына түсіп оқу мен спортты қатар алып жүрген. Өзінің өткір мінезімен жігерлігін, талай-талай спорт сайыстарында көрсете білген.

1959 ж. оқуын тәмәмдәп «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елің де ұлтан бол» даналық сөзді ұстана отырып елге оралды. Өз еңбек өтілін туған ауылы Ленинде бастады. 1966 ж. Сартамар ауылында агроном-семеновод болып қызмет атқарып, 1966–1969 ж. аралығында Соколов ауданы Березевский ауылында жұмысын жалғастырды. 1971 ж. бастап агроном-управляющий болып, қызметін туған ауылында жалғастырды. Өз еңбегіне адал, елінің қамқоршысы, жан-ашыры, абройлы азаматтың бірі еді.

Әмина Мақажанқызы 1944 ж. Чапаев өңірінде дүниеге келген. Әкесі Алжанов Мақажан Баржақсыұлы, анасы Нұрымова Нұрәлия Мөртайқызы үш ұл, төрт қызды өмірге әкелді. Ұлдары Болатбектің екі қызы Амина, жеті немересі бар. Үлкен қызы Әсел М. Жұмабаев ауданында, ал кіші қызы Күлзия Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Кенже ұлдары Талғат Петропавл қаласында тұрады, екі қызы, екі немересі бар.



Қыздары Эльвира, Жұлдыз Қарағанды қаласында тұрады. Қыздары Жәмиләдә екі ұл, бір қызы және алты немересі бар.

Кеңес Габдиллинович Избасаров 1961 ж. Амина Мақажанқызы Алжановамен тұрмыс құрып, өмірге бес қыз, бір ұл әкелді. Сол балапандарынан он жеті немере, сегіз шөбере көрді.



Әкенің арманы – артында саналы ұрпақ қалу. «Қуан сен, қуана бер, әкетайым... Мен сенің өміріңнің жалғасымын», – деген өлең жолдарында айтылғандай соңынан ерген тұяғы Темірболатта үш қыз, бір ұлы бар. Темірболат жоғары оқу орнын бітіріп, өрт сөндіруші болып қызмет атқаруда. Шаңырақ иесі Темірболаттың үлкен қызы Мөддір мұғалім мамандығы бойынша қызметте, екі қызы мектепте оқиды. Ал, ұлы Дархан балабақшада.



Үлкен қызы Гүлшарат

Қарағанды мемлекеттік медициналық институтының санитария және гигиена факультетін бітіріп, Қызылорда облысына тұрмысқа шығып, Шиелі ауданында дәрігер бактериолон қызметін атқаруда. Екі ұлы, екі қызы бар. Ұлкен ұлы дәрігер-стоматолог, екінші ұлы ұшқыш, қыздары біреуі программист, екінші қызы производственный-химик. Төрт немересі бар.

Екінші қызы Ләззәт Қорған ауылшаруашылық институтын бітіріп, ҚР Ауылшаруашылық министірлігінің СҚО бойынша филиалында бас есепші болып істеді. Ұлы мен қызы бар. Ұлы Дәурен Казгидрометте бөлімшенің бас маманы болып жұмыс істейді, қызы Алматы қаласында Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетінде оқиды.

Үшінші қызы Бақытгүл Петропавл медициналық училищесін бітіріп, медбибі болып қызмет жасайды. Ұлы мен қызы бар. Ұлы Рустам





Алматы жоғарғы милиция академиясын бітіріп қазір полиция қызметінде жұмыс істейді. Қызы Петропавл СҚМУ финанс кредит факультетін бітіріп, Альянс банкінде бас маман болып жұмыс атқаруда. Бақытгүлдің екі немересі бар

Төртінші қызы Жанар Алматы қаласындағы Қыздар педагогигилық университетін бітіріп мұғалім болып қызмет жасады. Алматыда тұрмыс құрып бір ұл, екі қызды өмірге әкелді. Қызы мен ұлы Алматы қаласының Тұран университетін бітірді. Екі немересі бар.

Ең кенже қызы Назгүл Петропавл СҚМУ оқып қазіргі таңда балабақшада әдіскер болып жұмыс атқарады. Екі ұлы бар. Үлкен ұлы Астана қаласында С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінде оқыды.

Қамзіндер әулеті



Қамзин Жұмабек Балсекейұлы

1921 жылы Булаев ауданы Бәйшілік ауылында дүниеге келген. Жас кезінде ата-анасынан жетім қалған әкеміз ағайын туыстарда өскен. Мектеп қабырғасын Қоскөл ауылының жанында Еңбекші орта мектебінің 7 классын тамамдап, 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Қазақстанда құрылған 314 Атқыштар дивизиясына қабылданып, сол жылы 314 атқыштар дивизиясымен Ұлы Отан соғысына аттанады. Бұл соғыста Жұмабек әкеміз Ленинград блокасында шайқаста болған, және 314 атқыштар дивизиясы Ленинград блокадасымен қатар ең қиын Курск соғысында өздерінің шайқаста батырлығын көрсеткен. Жұмабек әкеміз Ұлы Отан соғысында 1942 жылдан 1947 жылға дейін болған. Бұл соғыс біздің Ұлы Отанымызды қорғау үшін істеген ерлігіміз деп айтушы еді. Жұмабек әкеміз Ұлы Отан соғысында батылдығымен талай марапатталған. Ұлы Отан соғысынан жеңіспен оралады. Жұмабек әкеміздің Ұлы Отан соғысында құрылған 314 атқыштар дивизиясы осы соғыста көрсеткен ер-





ліктері үшін Қызылжар қаласында арнайы 314 Атқыштар дивизиясы атында көшенің аты берілді. Сол көшеде Қазақстан кинотеатрының алдында үлкен 314 атқыштар дивизиясының ескерткіші бар.

Жұмабек әкеміздің руы Атығай Қарауыл сары. Бес ағайынды болған. Үш ағасы Ұлы Отан соғысынан оралған жоқ. Бір ағасы соғыстан кейін елде қайтыс болды.

1947 жылы Хадиша анамызбен отбасын құрды.

Хадиша анамыз Қанғожа ұлы Есмұқан атамыздың қызы. 1927 жылы Қоскөл ауылында туған. Сіңділері Қазиза, Марияш, інілері Алтай, Серік болған. Руы Шоға Уақ. Әжеміз Зейнеп болған, өте бауырмал кісі еді.

Жұмабек әкеміз Бәйшілік ауылында соғыстан кейін шешеміз Хадиша екеуі зейнетке дейін ауылда Май заводында қызмет істеді. 30 жылдан артық, елде, осы Май заводында еңбек атқарып талай жетістікке жеткен.

Жұмабек ұрпағынан ұлдар: Баян, Ноян, Марат.

Қыздары: Рысты, Алма, Халима, Салима.

Рысты 1953 жылы туған. Қазіргі уақытта Талдықорған облысы Үштөбе қаласында тұрады. Балалары: Жібек, Нұрлан, Руслан, Нариман.



Алма 1958 жылы туған. Қазіргі уақытта Петропавл қаласында тұрады. Зейнеткер. 40 жыл бойы Петропавл қаласында пима заводында еңбек еткен. Зор еңбегі үшін Үкімет наградасымен марапатталған. Қалалық орта музейде марапатталған грамо-



талары сақталған. Айнүр деген қызы бар, 1982 жылғы. Жоғары білімді. Нұр-Султан қаласында, үй құрылыс саласында еңбек етеді.



Халима 1959 жылы туған. Зейнеткер. Жұбайы Шегебай 1957 жылы туған. Мамлют ауданында Ново-Михайловский ауылында тұрады. Балалары: Дәурен, Дәулет, Дархан, қызы Гүлім.



Дәурен Алматы қаласында бизнес саласында қызмет етеді. Жолдасы Мадина. Немерелері Айсана, Арлан.

Дәулет Петропавл қаласында қызмет етеді. Жолдасы Жанна, баласы Арсен.

Гүлім Мамлют ауданы Бексеит ауылында тұрады. Сауда қызметінде жұмыс істейді.

Жұбайы Сырым, балалары: Елнур, Санжар, Мансур.

Дархан Петропавл қаласында тұрады, студент.

Ноян 1962 жылы туған. Балалары Шынар, Азамат. Жолдасы Айгүл. Жиендері Данияр, Әділ. Баласы Азамат Булаев қаласында тұрады. Мамандығы автожүргізуші. Қызы Шынар Петропавл қаласында жеке меншікте жұмыс істейді. Балалары: Данияр, Әділ оқушы.

Марат 1965 жылы туған. Мамандығы Акушер-гинеколог. Ресей Федерациясы, Уфа қаласында тұрады. Жолдасы Әлия.



Балалары Әсел, Руслан. Әсел мамандығы заңгер, Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Нұр-Сұлтан қаласында Астық қойма компаниясында заңгер. Жолдасы Азамат. Баласы Али. Руслан Уфа қаласында тұрады. Мамандығы құрылысшы. Жолдасы Рохсана, балалары Арман, Арлан.



Салима 1968 жылы туған. Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Балалары Асентай, Нариман, келіні Гаухар, немересі Айрис. Салима Нұр-Сұлтан қаласында «Үміт» томотерапия ядролық медицина орталығында дәрігер-рентголог болып істейді. Балалары Асентай жоғары білімді, жолдасы Гаухар, Нұр-Сұлтан қаласында бизнес жолында қызмет істейді. Қыздары Айрис. Нариман жоғары білімді. Нұр-Сұлтан қаласында технодомда консультант болып жұмыс істейді.



Баян 1955 жылы туған. Жоғарғы білімді маман. 1983 жылы Қорған қаласының ауыл шаруашылық академиясын бітірген. Өмір жолында 44 жыл қаржы саласында жұмыс істеген. 18 жыл бойы Ресей Федерациясында Мемлекет банкінің төрағасы қызметін атқарған. Булаево



ауданында қалалық әкімінің орынбасары, Есіл ауданының әкімінің ақпарат басшысы, Жамбыл ауданының Қаржы және экономика саласының басшысы болып жұмыс істеді. Зейнеткер. Зейнетке шыққанда Қаржы Министірінің қолымен «Қаржы қызметінің үздігі», Ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымы атынан «Құрметті ардагер» атағы берілді. Баянның жұбайы Бақытжамал, 1958 жылы Ресейде туған. Зейнеткер. 38 жыл қаржы саласында қызмет істеді, соның 22 жылын Ресейде, Ауыл шаруашылығында бас есепші болып істеді. Қыздары Әсем, Әлия.

Әсем 1987 жылы туған. Қостанай қаласында тұрады. Жоғарғы дәрежелі маман. Қостанай қаласындағы білім тексеру комитетінің қаржы басқармасының бастығы болып қызмет істейді.

Әлия 1996 жылы туған. Жоғарғы білімді маман. 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласының құқық қорғау Академиясының халықаралық заңгер факультетін бітіріп, Нұр-Сұлтан қаласында нотариалдық бөлімінің маманы болып істейді.







Касеновтар әулеті

Әкем Мажит Касенов Көкшетау өңірінде 16 мамыр 1916 жылы дүниеге келді.

Руы: Қарауыл, Арғын, Орта жүз. 1930 жылдары ата-бабамыз Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданына қоныс аударды. Әкем Мажит 1935 жылы шешем Қаным Шаханқызына үйленіп отау құрды.

Еркен Мажитович Касенов.

1951 жылы 30 қаңтарда дүниеге келген. Ленин ауылында 8 жылдық мектепте оқыды.

1965 жылы Чистовский СПТУ-55 оқуға түсті. 1967 жылы оқуды бітірді. Ленин ауылында 2-бөлімшеде «40-лет Казахстана» атындағы совхозында тракторист болып істеді. 1970 жылы әскерге шақырылды. 1972 жылы әскерден кейін тракторист болып жұмысты жалғастырды. Сол жылы Асаново ауылына, 2 айға «Кировец» тракторын айдау курсына барды. 1973 жылы Қайныш Жумабаевна Макашеваға үйленді, 30.03.1956 жылы дүниеге келген. Қазіргі кезде 3 қызы бар:

Айнагул Еркеновна Касенова 1.11.1977 жылы дүниеге келген, Успенка орта мектебінде завуч болып істейді.

Самал Еркеновна Касенова 12.01.1979 жылы дүниеге келген, сатушы болып істейді, тұрмыста, 4 баласы бар.

Данара Еркеновна Касенова 05.01.1990 жылы дүниеге келген, тұрмыста, 2 баласы бар.



Ұлы Руслан Еркенович Касенов 09.04.1976 жылы дүниеге келген, 2005 жылы, қайтыс болды, қызы Еркенова Даяна Руслановна.

1936 жылы Петропавл педагогикалық училищесіне түсіп, 1938 жылы бітіріп, мұғалімдік мамандық алып шықты. 1939 жылы Совет әскерінің қатарына шақырылып, сол жылы Финляндия соғысына қатысты. Содан 1940 жылы 6 айлық сержанттық курстарын бітіріп, 1941 жылы Ұлы Отан соғысында командир минометного отделения болып жауынгерлер қатарында фашистік Германияға қарсы соғыста болды.



Сол жылы ауыр жарақат алып, 6 ай әскери госпитальда емделіп әскер қатарына жарамсыз деп шешім шығарғасын елге оралды. Келгеннен кейін әкеме Алматыдағы Высший партийный





школына жолдама беріліп, оны бітіріп Петропавлда инструктор райком партия болып 1 жыл қызмет атқарды. Содан Обком партия әкеме Булаев ауданына жолдама берді. Елде әкем мұғалім, директор школ болып Еңбекші, Сулышоқ, Ворошилов, Комсомол ауылдарында қызмет атқарды. Елдің көп азаматтарына сабақ беріп, үлгі болды. Әкем Мажит 2016 жылы, шешеміз Қаным 2000 жылы дүниеден өтті. Артында балалары: Ермек, Еркін, Ерден, Күлтай, Айгүл қалды.





Көкеновтар әулеті



Руы: Арғын Қарауыл-Жанай.

Көкенов Шернияз Көкенұлы 1921 жылы 20 қаңтарда туған. Ұлы отан соғысының ардагері. Сталинград шайқасына қатысқан. 1967 жылы күз айында Ленин ауылына Булаев ауданы, Суворов совхозы, Рязанька ауылынан көшіп келді. Ленин ауылының мектебінде зейнетке шыққанға дейін ұстаздық қызметін 40 жыл атқарған.



1998 жылы маусым айында 77 жасында Ленин ауылында дүниеден озды.

Әжеміз: Көкенова Жанима Қашағанқызы 1927 жылы 14 наурызда дүниеге келді. 10 құрсақ көтерген. Батыр ана (мать героиня) атағын алған. 90 жасында дүниеден озған.

Көкенов Шернияз Көкенұлының ұрпақтары:

1. Көкенов Маулетхан Шерниязұлы. Балалары: Алтай, Адай, Ардақ.

2. Көкенов Сайран Шерниязұлы. Балары: Абылай, Асылбай.

3. Көкенов Аязбай Шерниязұлы. Балалары: Алтынай, Таттігүл, Сәндігүл, Жарасқан, Алтынгүл, Айдар, Айзар.

4. Көкенова Баян Шерниязқызы. Балалары: Асель.

5. Көкенова Алма Шерниязқызы. Балалары: Самал, Самат, Қымбат.

6. Көкенова Қарлығаш Шерниязқызы. Балалары: Серік, Берік.

7. Көкенова Ләйлә Шерниязқызы. Балалары: Ағзам, Фархат, Ақжігіт.

8. Көкенова Сәуле Шерниязқызы. Балалары: Альбина, Самат, Саят.

9. Көкенова Айман Шерниязқызы. Балалары: Аягөз, Саветжан, Санжан.

10. Көкенова Алтын Шерниязқызы. Балалары: Сауле, Даудет, Алия.





Көкенов Шернияз Көкөнұлы. 1921 ж.т. Руы: Арғын Қарауыл-Жанай.

Туған жері Ресей, Ямбы обл., Есілкөл ауданы, Атығай ауылы. Шешесі – Шәуей. Өзінің балалық дәурен шағын сол ауылда өткізді. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін Есілкөлдің пед.училищесіне түсті. Оны тәмәмдағасын өз ауылына келіп, бірінші ұстаздық қызметін атқарды. 1941 жылы Отан соғысы басталған соң

күз айында әкем Отанын қорғауға соғысқа аттанады. 1944 жылы Сталинград түбіндегі шайқаста екі қолдан жараланып, госпиталге түседі. Одан емделіп шыққаннан кейін әкемді еліне қайтарады.

Еліне оралғаннан кейін өзін күтіп жүрген сүйікті жары Жанима Қашағанқызымен шаңырақ құрды. Содан соң өзі-



нің ұстаздық қызметін ары қарай жалғастырды. Әкем 1998 ж. қайтыс болды.

Анамыз Жанима Қашағанқызы 1927 ж.т. Руы Қарауыл Шиыт. Омбы обл. Есіккөл ауданы, Торат ауылында дүниеге келді. Анамыз Жанима 16 құрсақ көтерген ана. Бірақ та 5 ұлы мен 1 қызын жер қойнауына тапсырған. Қалған онымаз Құдайға шүкір аманбыз.

Анамыз «Батыр Ана» атағына ие болды. 2017 ж. 90 жасында дүниеден өтті.

Шерниаз Көкенұлының әулеті:

Есенбаева Баян Шерниаз қызы 1955 ж.т.

Ресей, Есіккөл ауданы, Шарбақты (Атығай) ауылының тумасы.

Зейнеткер.

Жұбайы – Есенбаев Серік Сағынтайұлы 1951 ж.т.

Булаев ауданы, Сулышок ауылының тумасы. Руы – Уақ. Зейнеткер.

Балалары: Әсел 1986 ж.т.

Немелері: Гүльназ, Амилия, Мират.

Тұратын жері: Петропавл қаласы.

Көкенов Маулетхан Шерниазұлы. 1956 ж.т.

Ресей Есіккөл ауданы, Шарбақты (Атығай) Ауылының тумасы. Зейнеткер.

Жолдасы – Жумабике (Есенбекова) Жумали қызы

1960 ж.т. Руы: Уақ. Булаева ауданы, Сулышок ауылының тумасы. Руы – Уақ. Зейнеткер.

Балалары: Алтай 1988 ж.т. Адай 1989 ж.т. Ардақ 1994 ж.т.

Немерелері: Мадина, Абрар, Рахманқұл, Аллаберген.

Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Көкенов Сайран Шерниазұлы 1958 ж.т.



Ресей, Есілкөл ауданы Шарбақты (Атығай) ауылының тумасы. Зейнеткер.

Жолдаса Ұмсынай (Касымова) Шәйкенқызы 1961 ж.т.

Ресей, Есілкөл ауданы, Новый Тасан ауылының тумасы. Зейнеткер.

Балалары: Абылай 1985 ж.т. Асылбай 1989 ж.т.

Немерелері: Тамерлан, Әли, Амир, Аиша, Мадина.

Тұратын жері: Ресей, Омбы облысы, Есілкөл ауданы, Ленинское ауылы.

Тұрғанбекова (Көкенова) Алма Шерниязқызы 1959 ж.т.

Ресей, Есілкөл ауданы, Шарбақты (Атығай) ауылының тумасы. Зейнеткер

Жұбайы: Тұрғанбеков Серік Қалиұлы 1955 ж.т.

Ресей, Есілкөл ауданы, Койбағар ауылының тумасы. Руы: Рай – Марқа. Зейнеткер.

Балалары: Самат 1982 ж.т. Самал 1983 ж.т. Қымбат 1985 ж.т.

Немерелері: Аружан, Алишер, Сатиган, Мансур, Амир, Диас, Мирас.

Тұратын жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Возвышенка ауылы.



Ақжігітова (Көкенова) Қарлығаш Шерниазқызы 1961 ж.т.

Ресей, Есілкөл ауданы, Воронеж ауылының тумасы. Аспазшы.

Жолдасы: Ақжігітов Сабит Төркенұлы 1960 ж.т

Солтүстік Қазақстан облысы, Ленинский ауданы, Октябрьское ауылының тумасы. Арғын. Руы: Атығай. Зейнеткер.

Балалары: Серік 1991 ж.т. Берік 1993 ж.т.

Немерелері: Диана.

Тұратын жері: Петропавл қаласы.

Садуақасова (Көкенова) Ләйлә Шерниазқызы 1963 ж.т.

Ресей, Есілкөл ауданы, Жаңа ауылының тумасы. Арғын.

Жұбайы: Садуақасов Рамазан Қаппасұлы 1962 ж.т.

Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Бексеит ауылының тумасы. Руы: Керей – Самай. Жүргізуші.

Балалары: Ағзам 1987 ж.т. Фархат 1989 ж.т. Ақжігіт 1993 ж.т.

Немерелері: Әмир, Али, Алира.

Тұратын жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Бексеит ауылы.

Ахметжанова (Көкенова) Сәуле Шерниазқызы 1964 ж.т.

Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Рязанка ауылының тумасы.





Жұбайы: Ахметжанов Талғат
Хамзаұлы 1965 ж.т.

Солтүстік Қазақстан облысы, Ленинский ауданы, Қара-Ағаш ауылының тумасы. Руы: Қоқан.
Шойын жолда жұмысшы – ПЧ – 18.

Балалары: Альбина 1987 ж.т. Самат 1989 ж.т. Саят 2004 ж.т.

Немерелері: Тимур, Алмат, Диляра, Дильназ, Диана,
Аңсар.

Тұратын жері: Петропавл қаласы.

Саркенова (Көкенова) Айман Шерниязқызы 1967 ж.т.

Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Рязанка
ауылының тумасы.

Нан пісіруші ИП «Тевс» технолог.

Жұбайы: Саркенов Сатбек Саркеноұлы 1958 ж.т. Руы
Қанжығалы. Зейнеткер.

Балалары: Аягоз 1985 ж.т., Саветжан 1988 ж.т., Санжан
1998 ж.т.

Немерелері: Дарина.

Тұрақты жерлері: Ресей, Омбы обл., Есілкөл қаласы.

Сергазина (Көкенова) Алтын Шерниязқызы 1970 ж.т.





Солтүстік Қазақстан
облысы, Булаев ауданы,
Ленин аулының тумасы.

Мектеп қызметкері.

Жұбайы: Сергазин
Марат Тұрғанбайұлы
1965 ж.т.

Солтүстік Қазақстан
облысы, Смирнов ау-
даны, Черкасское ауылы-
ның тумасы. Руы: Ар-
ғын. Қарауыл – Рай. Ма-

маңдығы – дәнекерлеуші.

Балалары: Сауле 1993 ж.т. Даулет 1995 ж.т. Әлия 2011 ж.т.

Тұратын жері: Ресей, Омбы обл., Есілкөл ауданы, Боевое
ауылы.

ҮМІТ АРТЫП ӨЗІМЕ СЕНІП КЕЛДІМ

Бала болып ауылдан ерте кеттім,
Қолдайтұғын үлкенді іздеп едім.
Тәуекелге бел будым жас болсам да,
Алматыға көшу болып бар білгенім.

Сынайтұғын артымнан адамдар көп,
Қайда жүрсің -деп сұрайтын әке де жоқ.
Не болса да жаңа өмір бастадым кеп,
Елдегілер жаман ойда болмсын деп.

Іле ауданы «КазЦИК» –деген совхоз еді,
«Беларуспен» шөп тасыған жаздың кезі.
Орыс пенен немістер қоныстанған,
Жақсылықты қазақтардан көрген едім.

Тауға жақын «Иссыкка» келдім енді,
«Автопарк» немістердің -ұжымы еді.
Т-40 тракторын жасап алып,
Жол жуып, қар сыруға болдым епті.

Үй жайының сұрағын шешу үшін,
Отау құрып жанұялы болу үшін.
«Иссык» жүзім совхозын елден естіп,
Үміт артып өзіме сеніп келдім.

Шынжыр табан тракторын жинап алып,
Көктем келді соқа, тырма іліп алдым.
Былтыр картоп еккен жерді дискілесем,
Жүруші ем қапқа картопты жинап алып.

Орыс, неміс, түрік пен күрттер қолдап,
Еңбегімнің марапатын алдым жылдап.
Шіркін ай бір арманым үй алу боп,
Күндіз- түні жер жыртуға жүрдім шыдап.

Сексен төрттің аяғында пәтер алдым,
Әсиямен үй болуды жоспарладым.
Сексен бестің ақпанында үйленгенде,
Дайындығым есте қалды кетпестей боп.

Түнге кетем жер жыртуға жарық аймен,
Қара нанды тамақ қып қантсыз шаймен.
Басқалардың апарған тамағынан,
Ауыз тиіп жер жыртып жүрдім жәймен.

Нұрлан – деген жігітпен таныс болдым,
Көмектескен ағама сеніп жүрдім.
Қарапайым қазақтың отбасының,
Амандығын іні боп тілеп жүрмін.

Сырттай оқып техникумды Талғардағы,
Күнде тізіп қоямын армандарды.
Москваға құжаттарды жібергеннен,
Кіші лейтенант болып алдым.

Жақындап дипломды алатын күн,
Жүргізуші куәлігін - армандап жүрм.
Автошколда кешкісін оқу үшін,
Таң сәріден трактормен алқаптамын.

Техникум бітіріп қанат қақтым,
Арманымның алауын жалындаттым.

Автошколға мұғалім керек болып,
Мұғалім боп қабылданып бағым жандың.

Сексен алты желтоқсаны Каз. СХИ-дың.
Қыстың айы қар басқан жердің үстін.
Уақиғаның-ішіне кіріп кетіп,
Аман шығып-қайын жұртта есті жыйдым.

Тоқсаныншы жылдың шілдесінде,
Автоколанна бастығы ізденісте.
Мені таңдап бөлімге бастық қылды,
Жол жүрудің ережесін білгенімнен (БД)

Таза істеген жұмысыммен көзге түстім,
Мыңға жуық жүргізуші мені ұқты.
Күндіз түні дем алмай ізденіспең,
Көпшіліктің ойынан талай шықтым.

Тоқсан үштің ақпаны әлі есімде,
Бизнесті көбі білмей күйзелісте.
Базаркомдық- қолыңнан келеді деп,
Бір жолдасым шықпай қойды үйімізден.

Жолдасым деп мен оны қолдап бақтым,
Бизнесті бастап оның жолын таптым.
Сол заманның қатарынан қалмау үшін,
Күрең – костюм кие жүріп «достар» таптым.

Тоқсан сегіз жаз айы ыстық еді,
Сол кезең көп елдің есінде еді.

Бірге жүрген «достарым» қасқа – айналып,
Бір ажалдан қалғанымды кім біледі.

Бір-ақ күнде сына жаздап жиған бағым,
Абыройды көрінгенге қыйа алмадым.
Тәуекелге баруға тура келді,
Құдай болсаң сақтай көр – деп сұрап жатып.

Сұрағанды құдай шын көреді екен,
Амал тапсаң аямай береді екен.
Ойымдағы арманым орындалып,
Полиция қатарында болдым көппен.

Қызыл жаға болып шықтым кеш болса да,
Рахыметім болды шексіз қолдағанға.
Іздегенде табылған жақсыларым,
Қызыметте жоғарлатты әр уақытта.

Сөйтіп мен де шыңдалып маман болдым,
Сақтап жүріп көпшіліктің амандығын.
Аттестация-сынағын тапсырудан,
Көш алдына абыроймен озып шықтым.

Ішкі Істер Министірі – Ер мінезді,
Риза қылды үлкен ізет көрсеткені
Полковник- боласыз болашақта,
Бағалаңды осылай төккен терім.

Полковник- шеңдердің төресі екен,
Ер адамға осы шен керек екен.
Басшы болып ел алдында жүрген сәтте,
Төбең көкке расымен жетеді екен.

Риза болып құдайға жалынамын,
Жылдардың талабына бағынамын.
Зейнеттік жасқа жетіп елу бесте,
Демалатын кезге жеттім сағынатын.

Зейнеттемін ұмытылды-бейнеттерім,
Осы қысқа өмірімде не көрмедім.
Үлгі болсын деп қостым шумақтарға,
Алтын уақыт- бағалансын қолда барда.

Жасаған еңбегіммен мақтанамын,
Отбасыммен қызықтап шаттанамын.
Біреу біліп біреу білмес шындығын,
Өзім жүрген өмірімнің баспалдағын.

Жанат Зейноллаұлы Етекбаев
2018 ж.

Кудаспаевтар әулеті



Кудаспаев Өстемір Көш-
мұқанбет.

Әкесі Құдаспаев Көш-
мұқанбет, шешесі Нағима
Құдайберген қызы. Әкесі
1980 жылы қайтыс болды,
шешесі 1985 жылы қайтты.



Олар Еңбекші ауылын-
да, одан Чапай ауылында,
кейін Ленинде (Бәйшілік)
ауылында тұрған. Өстемір
07.06.1948 ж. Еңбекші ауы-
лында туған. 1971-1973 әскер
қатарында Камчаткада өт-
кізді. Булаевтан шофер-
лықты бітіріп, шофер болып
істеген «40 лет Қазақстан»
совхозында, одан совхоз
«Писаревкаға» ауысты, онда
істеп жүріп 1979 ж. Фрунзе-
ден жаңа самосвал әкеліп
соңда істеді, одан кейін 20
жыл молоковозда істеп, 2007
жылы дүниеден озды.



Мен жолдасы Утева Хамита Аймұқанқызы 20.05.1954
жылы дүниеге келдім. Біз 1973 жылы қосылдық.




Балаларымыз: Құдаспаев Серік 02.09.1974 ж.т., жолдасы Әсем Беркімбай қызы 09.05.1977 ж.т. Балалары: Гүлім 07.07.1996 ж.т., Асан мен Үсен 01.05.1999 ж.т. Булаевта тұрады. Құдаспаев Қайырбек 27.10.1975 ж.т., Жолдасы Сыздықова Гүлжан 25.04.1977 ж.т. Гүлсім 23. 09.1978 ж.т. Балалары: Мөлдір 24.01.2002 ж.т., Қосман 07.06.2015 ж.т. Петропавлда тұрады.

Қайыровтар әулеті



Қайыров Жалел Ескедірұлы 13.08.1952 ж. Ленин ауылында өмірге келгем. Әкем Ескендір Қайырұлы, руы – Есентаңырақ. Анам Сақыпжамал Мұхаметжан қызы елде барлығы «Тәкәу» дейтін. Руы – шоға уақ. 1931 жылы Қоскөл ауылында өмірге келген. 1997 жылы қайтыс болған.



Өз басым 5 жасымнан бастап Комсомол ауылында өстім. Атым Шитенов Шәріп Балтабайұлы, апам Балқия Абдрахманқызы осы кісілердің бауырында болып тәлім-тәрбие алдым. Атам Шәріп – Көкшетау облысы Зеренді ауданы Қошқарбай ауылында дүниеге келген. Соғыс кезінде еңбек армиясында болған. Соғыс біткесін біздің апамызға үйленген. Атамның руы – қарауыл.



Апамның руы – шоға уақ. Апам Балқиядан екі қыз туған

үлкені менің анам Сақыпжамал, кенжесі Шарбан.

Шарбан жұбайы Абилов Уалимен Астанада тұрып жатыр. Екі баласы бар. Өзімнің жолдасым Күлнәзия Смағұлқызы



Ақмола облысының тумасы, руы қыпшақ. 1978 жылы жоғарғы оқу орнын бітіргесін Булаев ауданы «Авангард» совхозында еңбек еттік. Қазір екеуімізде зейнеткерміз, Қызылжар қаласында тұрамыз. Екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірдік. Барлығы жоғарғы білім алып, Нұр-Сұлтаңда тұрады, сонда еңбек істеп жүр.



Қалдыровтар әулеті



Бұл әулет – Комсомол ауылына 1920 жылдары Ұзынкөл – Шаңдақ елді мекенінен көшіп келген екен. Қырғызбайдан тараған Сыздықұлынан Қалдыр (шын аты – Қабиболла 1910 жылы туған) – тоғыз баладан тірі қалған жалғыз тұяқ екен. Ұрпағы шегіней берген соң, қажы әкесі Жаратушысына жалбарынып, ел жұрт – Қалдыр деп атап кеткен екен. Қалдыр атамыз Уәзипа Мұхамедиярқызымен отау құрып, 1932 жылы қызы Мәстура, кейін 1934 жылы ұлы Нәбиолла дүниеге келеді. Бұлар да тоғыз баладан аман қалғандары екен. 1970 жылдары Мәстура апай қайтыс болады. Қалдыр атамыз колхозда жылқышы болып, кейін Ұлы Отан соғысына қатысады. Елге оралғаннан соң жылқышы, шаруа малын бағады. Әжеміз Уәзипа кезінде колхоздың биесін

сауып, қымыз баптап, талайды тамсандырып, қолөнер, тігіншілігімен көптің алғысына бөленген.

Әкеміз Нәбиолла бала кезінен колхоз жұмыстарына араласып, кейін есепші мамандығын алып, есепші (бухгалтер) қызметінде болады. Әдебиетке жақын, зиялы әкеміз оқыған-тоқығанымен бөлісіп, қызықты әңгімелерімен тыңдаушысын баурап алушы еді...



Шешеміз Гүлсара Исабайқызы 1941 жылы туған. Совхозда көп жылдар аспазшы болып, дәмдімәзіріменауылеңбекшілерінің алғысын алған. 1947 жылы әкеміздің жұмыс орнын ауыстыруына байланысты отбасымыз Уваково (Лесхоз) ауылына қоныс аудардық.



Әкеміз есепші, шешеміз орман шаруашылығында қарапайым жұмыстарда тер төкті. Қазір сол қара шаңырақта баласы Манарбектің қолында.

Тағдыр қайталауымен Нәбиолла әкеміз бен Гүлсара Исабайқызынан бүгінде тоғыз баладан сегізі ұрпақ жалғастырып жатыр.

Тұңғышы: Алма – 1958 жылы туған, мамандығы – ұстаз, жолдасы Әкімбек Нөгербекұлы, екі қызы, екі ұлы бар.

Алтынай – 1960 жылы туған, мамандығы – мұғалім, жолдасы Абай Жайылханұлы, екі қызы, бір ұлы бар. Ақтөбе облысы Хромтау қаласында тұрады.



Ер балалар: Қайырбек – 1962 жылы туған, жолдасы Гүлжан Әлібекқызы, екі ұлы бар, өздері бақилық болған,

Айдарбек – 1964 жылы туған, жолдасы Гүлназ Кәрібайқызы, екі қызы бар, біреуі бақилық болған. СҚО Булаев қаласында тұрып жатыр.

Қыз баладан үшінші – Гауһар 1966 жылы туған, жолдасы Амангелді Белгібаев, бір ұлы бар. Петропавлда тұрады.

Ер баладан: Азамат – 1968 жылы туған, жолдасы Айгүл Көкешқызы,

екі қызы, бір ұлы бар, Уваковода (Лесхозда) тұрып жатыр.

Манарбек – 1974 жылы туған, жолдасы Айнагүл Еркінқызы, екі ұл, екі қызы бар, Уваковода (Лесхозда) тұрады.

Оразбек – 1978 жылы туған, Уваковода (Лесхозда) тұрады.

Болатбек – 1981 жылы туған, жолдасы Индира, Петропавл қаласында тұрады.



Қаржауовтар әулеті



Қаржауовтар әулеті руы – Есентаңырық

Қаржауовтар әулеті Булаев ауданы Еңбекшіл ауылында тұрған, кейіннен Ленин аулына көшіп келген. Қаржауұлы Ғаббас 1904 жылы туған.

Інісі Қаржауұлы Мәди 1928 жылы туған. Ұлы Отан

соғысына қатысқан.

Ғаббас атадан екі бала тараған: Садық және Ғалия. Зайыбы – Қаймолдақызы Сағынай. Жас кезінде трактор жүргізіп, ер адамдармен қатар ауыр жұмыстарды істеген екен. Теріден тон тігіп, алаша тоқитын шебер болған. Әнді де жақсы айтатын болған, немерелері «Гәкку апа» деп атап кеткен.



Ұлы Қаржауов Садық 1938 жылы Ленин ауылында туған. Еңбекші сегізжылдық мектебінде оқып, орта білімді Көкшетау қаласында алған. Одан ауылға қайтып келіп, механизатор болып еңбек жолын бастайды.



1958 жылы комсомол ұйымының хатшысына сайланды. Кейін Қазақстанның 40 жылдығы кеңшарында біраз жыл тракторшы болды. 1971 – 1976 жылдары



трактор – егіншілік бригадасын басқарды. Үздік механизаторлар қатарында Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылық көрмесіне қатысты. Бірнеше рет медальдар мен Құрмет грамоталарымен марапатталған. 1957 жылы Қоскөл ауылының тумасы Кәрімқызы Қаламқасқа үйленіп, 4 ұл, 5 қыз туған. Садық 1976 жылы 37 жасында өндірістік апат салдарынан қайтыс болды. Қаламқас жастай жесір қалғанына қарамастан, ата-енесімен бірге балаларды өсіріп-өндірді, 20 немере-жиені үшін мейірімді әже болды. Ол кісі өте еңбекқор адам болды. Ұзақ жыл бөлімшеде сауыншы болып жұмыс істеді. 1977 жылы 2-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған. Балаларының бәрі де Ленин ауылында туған. Тұңғышы Марат 1960 ж. туып, 3 жасында қайтыс болған.

Қаржаова Қалима Садыққызы (1958 ж.т., қазіргі тегі – Шақанова), жұбайы – Шақанов Жұмабек Құдабайұлы (марқұм), Булаев ауданы Қарағанды ауылында көп жылдар тұрды, қазір Булаев қаласында тұрып жатыр. Балалары Марат (1983 ж.т.) және Асхат (1987 ж.т.) қазір шекара қызметшілері. Мараттың (жұбайы Шынар) ұлдары: Таир (2008



ж.т.), Саид (2011 ж.т.), Арыстан (2015 ж.т.).

Қаржауова Гүлнар Садыққызы (1962 ж.т., қазіргі тегі – Сыздықова), жұбайы – Сыздықов Құрман Кәрімұлы (Ленин ауылының тумасы, бірнеше жылдар бойы бөлімше меңгерушісі болды), 2016 жылы Байшіліктен Петропавл қаласына, одан 2018 жылы Павлодар облысы Павлодар ауданындағы Чернореск ауылына көшті. Ұлы Дидар 1989 ж. туған, Петропавл қаласындағы әскери институтты бітірді. Зайыбы – Салтанат, 3 қызы бар: Назым, Нұрай, Айару, әкешесімен тұрып жатыр, шаруа қожалығын қолға алған. Екінші ұлы Асқар 1994 ж. әскер қатарынан келіп, жол полициясы қызметкері болып жұмыс істейді.



Қызы Мақпал (1987 ж.т.) жоғары білімді, жұбайы – Дәулетбеков Қайрат, балалары: Ерасыл, Айлин, Айзере, Көкшетау қаласында тұрады. Кіші қызы Нұргүл (1991 ж.т.) Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін аяқтады, жұбайы – Акумбаев Самат, оның балалары: Аян, Даяна, Степногорскіде тұрып жатыр.

Қаржауов Қайрат Садықұлы 1964 жылы Ленин аулында туған. Ленин сегізжылдық мектебін бітіріп, орта білімді Петропавл қаласындағы №2 қазақ мектеп-интернатында



алды. 1980-1982 жылдары Германияда әскер қатарында болды. Ауылға келіп, бөлімшеде механизатор болды. 1995 жылы Ленин ауылының тумасы Мейрамова Қалия Тамамдарқызына үйленді. (Қалия осы Ленин ауылында 1988 – 1995 жылдары орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болды). 1995 жылдан бері Булаев қаласында тұрады, ұлы Садықов Әуез (1995 ж.т.) Алматыда шекара қызметі академиясын 2017 жылы бітіріп, Шығыс Қазақстан облысында әскери қызмет атқарады, Садықова Гүлназ (1998 ж.т.) Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Инженерлік-техникалық факультетінің «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша 4-курс студенті.

Қаржауова Жанат Садыққызы (1966 ж.т., қазіргі тегі – Олжабаева). Жұбайы Олжабаев Талғат Зейноллаұлы – батыр Баянның ұрпағы. 2005 жылға дейін Булаев қаласында тұрды. Қазір Петропавл қаласында тұрып жатыр. Жанат Халыққа қызмет көрсету орталығында бухгалтер қызметін атқарады. Ұлы Зейнуллин Абылайхан (1994 ж.т.) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітіріп, мамандығы бойынша Астана қаласында «Қазақстан темір жолында» қызмет атқарады, кіші ұлы Зейнуллин Дархан (1999 ж.т.) Астана қаласында Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің экономика факультетінде оқиды.



Қаржауова Алма Садыққызы (1968ж.т., қазіргі тегі – Наурызбаева). Жұбайы – Наурызбаев Талғат Серғазыұлы. 1996 жылға дейін Булаев ауданы Қарағанды кеңшарында тұрды. Қазір Көкшетау қаласында тұрып жатыр. Үлкен қызы Зарина (1995 ж.т.) Астана қаласында Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Инженерлік-техникалық факультетінің «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы бойынша бітіріп, мамандығы бойынша қызмет атқарып жүр. Кіші қызы Шолпан (1997 ж.т.) Астана қаласында Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті «Ақпараттық жүйелер және технологиялар» кафедрасының «Программист» мамандығы бойынша 4-курс студенті.

Қаржауов Айбат Садықұлы (1971 ж.т.), зайыбы – Исенова Айдай Серікқызы. Байшілік ауылында 2016 жылға дейін тұрды. Айбат ауылда жүргізуші болып жұмыс істеді. Қазір Қызылжар ауданы Бескөл ауылында тұрып жатыр. Балалары Байшілік ауылында туған. Үлкен ұлы Садық Медет (1997 ж.т.) Петропавл қаласындағы әскери институтты 2018 жылы аяқтап, Тараз қаласында әскери қызмет атқарады. Қызы Садықова Айжан (1998 ж.т.) 2018 жылы Тюмень мемлекеттік университетіне оқуға түсті. Кіші қызы Садықо-



ва Дариға (2003 ж.т.) Петропавл қаласындағы Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатында 10-сыныпта оқиды. Кіші ұлы Садықов Ақжол 2013 жылы туған.

Қаржауов Айдархан Садықұлы (1973ж.т.), зайыбы – Сәрсембаева Жадыра Сабыржанқызы (Ленин ауылында туып-өскен, 1996-2009 жылдары мектепте оқу ісінің меңгерушісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқарды). Айдархан ауылда тұрғанда мектепте шаруашылық меңгерушісі, кейін механизатор болып жұмыс істеді. 2009 жылы Петропавл қаласына көшті. Көшіп келгеннен кейін Айдархан автооқукомбинатында жүргізу бойынша нұсқаушы болып жұмыс істеді. Қазір жүргізуші болып жұмыс істейді. Қыздары ауылда туды. Үлкені Садықова Нұржамал (1996 ж.т., қазіргі тегі – Бекмурзаева) 2018 жылы Астана қаласындағы Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ақпараттық технологиялар факультетін «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша бітіріп, қазір магистратурада білімін жалғастыруда. Жұбайы – Бекмурзаев Нұрсұлтан. Кіші қызы Қаржауова Гүлзат (1998 ж.т.) мектепті «Алтын белгіге» бітірді. Қазір Астана қаласындағы Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық универ-



ситетінің Ақпараттық технологиялар факультетінің «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша 3-курс студенті.

Қаржауова Рауза Садыққызы (1975 ж.т.) – Садықтың кенжесі. Жұбайы – Молдыбаев Самат Жетенұлы. Булаев қаласында тұрып жатыр. Қыздары Райгүл (2006 ж.т.) №4 Булаев орта мектебінде 6-сыныпта, ал Диляра (2008 ж.т.) 5-сыныпта оқып жүр.

Ғаббастың үлкен қызы Ғалия 1930 жылы туған, жұбайы – Атығаев Айтбай.

Балалары: Сансызбай (1950 ж.т.), Талғат (1954 ж.т.), Сауле (1957 ж.т.), Бағдат (1959 ж.т.), Зәуреш (1961 ж.т.).

Сансызбайдан: Айгүл (Санкт-Петербург қаласында тұрады), Талғат, Зере.

Талғаттан: (зайыбы Алма): Садықжан, Раушан, Айжан.

Сәуледен: Аида, Руслан, Нұржан, Индира.

Бағдаттан: Руслан, Әсел, Әл-Фараби.

Зәурештен: Ибрагим.

Атам Қаржауов Мади Қаржауұлы 1920 жылы 1 мамырда дүниеге келген.

Бала кезінде әке-шешесінен айрылған екен. 1940-1945



жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, еліне 1946 жылы оралған. Атамыз ержүрек, еңбексүйгіш, мінезі тік адам болған. Мінезі қатал болғанмен, бізге өте жұмсақ болатын. Біз атамыздың тәрбиесімен өскенбіз.

Соғыстан кейін совхозда тракторшы болып жұмыс атқарды. Кейін әжемізді кездестірді. Әжеміз Күлбән Рамазанқызы. 1930 жылы 30 қазан, Сұлушоқ ауылында туған. Әжеміз өкінішке орай 26 қаңтар 1976 жылы, небары 46 жасында дүниеден өтті. Атамыз 6 баласымен жалғыз қалды. Атам қолынан келгенше балаларына жақсы тәрбие берді. Ол кісі 84 жасында, 2004 жылы 23 ақпанда дүниеден озды. Сол кезде атам 11 немересін, 4 жиенін және 7 шөбересін көріп, иіскеп үлгерген еді. «Менің көрген бейнетімді сендер көрмендер, менің көрген қызығымды, жасымды сендерге берсін» – деп, тілеп отыратын аташым.

1. Үлкен ұлы – Садуақас Мәдиұлы. 1951 жылы 23 ақпанда туған. РФ Коми Республикасы Микунь қаласында әскер қатарында болды. Бірнеше жыл совхозда жұмыс атқарған. Кейін ауыл басқармашысы болды. 1973 жылы жұбайы Гауһар апамызға үйленді. Апамыз Гауһар 20 желтоқсан 1955 жылы Петропавл қаласында туған. 5 ұлы бар.



Жасұлан – 16.01.1974 жылғы, жұбайы – Айнүр-6.04.1977, балалары: Бағдат – 29.12.1997 ж., Рахат – 21.05.2002 ж., Назым – 5.03.2013 жылғы.

Қуандық – 5.07.1975 жылғы, жұбайы – Махаббат – 15.05.1979 балалары: Алтын – 10.08.1998 ж. Сабина – 18.03.2002 ж., Сәбит – 5.06.2003 жылғы.

Жақсыбай – 10.02.1977 ж., жұбайы – Бибигүл-5.05.1979, балалары: Жансұлу – 26.03.2000 ж., Мәди – 3.04.2004 жылғы.


Жаныбай – 12.02.1979 жылғы.

Жанат – 27.07.1981 ж., жұбайы – Наталья – 1.12.1983, балалары: Анастасия – 09.06.2006 ж., Милат – 06.01.2014 ж.

Садуақас әтәйіміз 8.07.2012 жылы, Гауһар апамыз 10.07.2015 жылы қайтыс болды.

2. Екінші ұлы Хамит. Хамит Мәдиұлы 1955 жылы 20 қаңтарда туған. Хабаровск өлкесінде әскер қатарында болды. «АҚ Қызылжар су» қоймасында 35 жыл жұмыс атқарды. Қазіргі уақыта зейнеткер. Қыздары – Меруерт – 13.12.1978ж. баласы – Асанәлі., Мергүл – 27.10.1981 ж. ұлдары – Темірлан, Ерсұлтан, Батырхан.

3. Ғайни дәләміз 20 шілде 1959 жылы туды. Петропавл қаласындағы Аяқ киім фабрикасында 35 жылдан аса жұмыс істеуде. Қазіргі уақытта зейнеткер.



4. Әкеміз Жақсылық Мәдиұлы. 28 қыркүйек 1963 жылы дүниеге келген. Кировск облысының Сосновка қаласында әскер қатарында болды. Орманшы-қорықшы болып жұмыс істеді. Аңшылықпен айналысты.

Анамыз Нұрғайшамен 1985 жылдың 25 мамырында отбасын құрды. 4 қызды дүниеге әкелді. Анам Нұрғайша 1964 жылы 2 мамырда Сергеевка ауданында туған. Қыздары –

Ақжарқын – 05.02.1986ж. (Бекзат – 28.10.1986), балалары- Ансар-16.02.2008ж., Томирис-18.03.2011ж.

Сандуғаш – 8.09.1987 ж. Аслан-20.07.1984, қызы- Амира-12.05.2014 ж.

Қарлығаш – 21.03.1990 ж.

Аяулым – 4.01.1996 ж.

Әкемізден 2015 жылдың 23 ақпанында айрылдық.



5.Қайныш тәтем 6 маусым 1966 жылы туған. Қазіргі уақытта Петропавл қаласында тұрып, жұмыс істеуде. Абылғазы – 23.01.1959, қыздары – Нурбина – 18.01.1984ж., Даржан – 20.10.1989 ж., Жумабике -20.05.1992., Гүлжан – 8.07.1994 ж..



6.Атамыздың кенже қызы Қайша Мәдиқызы. 1969 жылы 17 қыркүйекте туған. Петропавл қаласында бірнеше жыл жұмыс істеп, Алланың берген 37 жасын ғана жасады. Жарқырап жүрген «әннәміз» о дүниеге 2007 жылдың 3 қазанында кетті.













Қаржау ұрпағы

(руы-Есентаңырық)

Қаржау

МӘДИ

01.05.1920 жылы туған. 23.02.2004 жылы қайтыс болды. Ұлы Отан Соғысы ардагері. Ауылда (совхозда) тракторшы болып, Ғаббас жұмыс атқарды, жұбайы Күлбан – 30.10.1930 ж. – 27.01.1976 ж. Ғалия Садық 3 ұл бала, 3 қыз бала тәрбиеледі. 1. Садуақас 2. Хамит 3. Ғайни 4. Жақсылық 5. Қайыныш 6. Қайша Садуақас, Жақсылық, Қайша қайтыс болды.

Әр баласына тоқталсақ:

1. Садуақас 23.02.1951 ж. – 8.07.2012 ж. қайтыс болды. Ауыл басқармашысы болып жұмыс атқарды. жұбайы Гауһар 20.12.1955 ж. – 10.07.2015 ж. балалары:

1. Жасұлан- 16.01.1974 ж. Айнұр – 6.04.1977 ж., Бағдат – 29.12.1997 ж. Сания – 05.12.97 ж., Рахат – 21.05.2002 ж., Назым – 5.03.2013 ж., Гауһар – 6.08.2016 ж..

2. Қуандық – 5.07.1975 ж. Махаббат – 15.05.1979 ж. Алтын – 10.08.1998 ж. Сабина – 18.03.2002 ж. Сәбит – 5.06.2003 ж.

3. Жақсыбай – 10.02.1977 ж., Бибигүл – 5.05.1979 ж., Жансұлу – 26.03.2000 ж. Мәди – 3.04.2004 ж., 4. Жаныбай – 12.02.1979 ж. 5. Жанат – 27.07.1981 ж., Наталья – 1.12.1983 ж., Анастасия – 9.06.2006 ж. Милат – 6.01.2014 ж..

2. Хамит – 20.01.1955 ж. «АҚ Қызылжар су» қоймасында 35 жыл жұмыс атқарды. Қазіргі уақытта зейнеткер.

1. Меруерт – 13.12.1978 ж., Хамит Асанәлі – 20.03.2014 ж., 2. Мергүл – 27.10.1981 ж., Талғат – 03.09.1983 ж., Тамірлан – 04.01.2005 ж., Ерсұлтан – 24.12.2012 ж. Батырхан – 07.07.2015 ж. 3. Ғайни – 20.07.1959 ж. Аяқ киім фабрикасында 34 жылдан аса жұмыс істеуде. Қазіргі уақытта зейнеткер.

4. Жақсылық 28.09.1963 ж. – 23.02.2015 ж. қайтыс болды. Орманшы-қорықшы болып жұмыс істеді. Аңшылықпен айналысты. жұбайы Нұрғайша – 02.05.1964 ж.

1. Ақжарқын – 05.02.1986 ж., Бекзат – 28.10.1986 ж., Ансар – 16.02.2008 ж. Томирис – 18.03.02 ж., Сандуғаш – 8.09.1987 ж. Аслан – 20.07.1984 ж., Амира – 12.05.2014 ж., 3. Қарлығаш – 21.03.1990 ж.

4. Аяулым – 4.01.1996 ж.

5. Қайныш – 06.06.1966 ж., Абылғазы – 23.01.1959 ж.

1. Нурбина – 18.01.1984 ж., Тимур – 29.08.1984 ж., Аружан – 10.10.2011 ж., Жансая – 25.09.2013 ж., Айлана – 23.03.2016 ж., 2. Даржан – 20.10.1989 ж., Нұрлан – 12.05.1989 ж., Ерасыл – 20.10.2014 ж. Төреғали – 12.01.2017 ж., 3. Жумабике – 20.05.1992 ж., Сархат – 07.11.1989 ж., Тәмірлан – 18.09.2008 ж., Жеңіс – 9.05.2018 ж.

4. Гүлжан – 8.07.1994 ж., Еркебулан – 13.04.1992 ж., Алдияр – 10.08.2014 ж. Айзере – 17.05.2018 ж.,

6. Қайша – 17.09.1969 ж. – 3.10.2007 ж. қайтыс болды



Қасеновтар әулеті

Мухамеджанов Касен Тоқтарұлы 1901 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Ленино ауыллында дүниеге келді. Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан кейін туған ауылында басшылық қызметтерін атқарды. Комунист болды. Жұбайы Мұхамеджанова Әнипа Дүйсенқызы екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді.

Қасенов Қалижан Қасенұлы
1935 жылы туған.

Қасенов Қадыржан Қасенұлы
1938 жылы туған.

Қасенова Қалтай Қасенқызы
1940 жылы туған.

Қасенов Хажымұрат Қасенұлы
1941 жылы туған.

Қасенова Әмина Қасенқызы
1948 жылы туған.





Қасенова Ғалия Қасенқызы
1951 жылы туған.

Қасенов Хажмұрат Қасенұлы 12.12.1941 ж., Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Ленино ауылында дүниеге келді. 1967 жылы Газизова Зұлқия Ыбырайқызымен шаңырақ көтерді. Зұлқия Ыбырайқызы Булаев ауданында, Комсомол ауылында 13.09.1951 ж., дүниеге келді. Бес бала тәрбиелеп өсірді.

Қасенова Раушан Хажмұратқызы 13.06.1969 ж.т.

Қасенова Райхан Хажмұратқызы 16.11.1973 ж.т.

Қасенова Роза Хажмұратқызы 13.09.1975 ж.т.

Қасенова Әлима Хажмұратқызы 30.05.1979 ж.т.

Қасенов Қанат Хажмұратұлы 16.12.1982 ж.т.

Қасенов Қанат Хажмұратұлы 16.12.1982 ж., Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданында дүниеге келді. 2001 жылы Булаев қаласының 3-орта мектебін бітірді. 2001-2004 жылдары Солтүстік Қазақстан кәсіптік пе-







дагогикалық коллед-
жінде оқыды. 2004-2006 жылдары әскери борышын Ақтау қаласында атқарды. Әскри борышын Петропавл қаласында 6637 әскери бөлімінде жалғастырды. 2012 жылы Қазиева Гүлден Оралқызымен шаңырақ көтерді. Баллары: Қасенов Жанат Қанатұлы 21.06.2012 ж.т., Қасенова Жанель Қанатқызы 07.03.2014 ж.т.



Қожамсеитовтар әулеті

Әулетіміз туралы ақпарат беруге мен – Қожамсеитова Гайнихаят Бегалықызы бекіндім. Біз Жаулыбай Қарауыл ұрпағы, арғы затымыз атақты Майлы Дүйсен. Әкем Бегалы 3 ағайынды болған: әпкесі Қазине, қарындасы Мариям (Мәкен деп атайтынбыз), 1918 жылы туып, 1994 жылы біздің қара шаңырақта, Бастомарда дүниеден өтті. Отбасын Шаріпов Бейсен жездемізбен құрған. Әкем ұлдан жалғыз деп, ұлы – ата-әжеміз Сералы папамды Қожахметұлын, Айтмұқанбет ағамды (1927 жылғы) Қойшыбайұлын (Қожахмет атамыздан туған) бауырына салған.

Осы күнге дейін тумаған деген сөз әулетімізде жоқ, бөтендерден естісек, ауыр қабылдаймыз. Үлкен үйде үйленіп, балалы-шағалы болып, еншілерін алып, отау болып шығарылған.

Ағам отбасың, Омбы облысы Есілкөл ауданы Қасқат ауылының тумасы Қайша Сәдуқызымен құрған, 1987 жылы Майбалық совхозында тұрғанда дүниеден өтті, қызы Құралай бар. Әпкеміз Қазине туралы ақпарат менде жоқ, есімде қалғаны: Қарағанды совхозының Аралағаш ауылында тұрды, жездеміз Ғабдолла, 1 тұяқ Әмен атты жиен ағамыз, жары Жаңыл дүниеден өткен. Төркіндеп қара шаңыраққа келгенде әкемнің, жалпы ағайынның көрсеткен сый-құрметі салт-дәстүрге сай болатын. Оны өзіміз өмір-өзен барысында біліп жатырмыз. Отбасы фотоларында Қазине әпкеміз Бейсен жездемнің сол жағында, Мәкен тәтем оң жағында отыр.

Қожахмет атамыздан барлығы 2 ұл: Қойшыбай, Сералы;



2 қыз туған: Мәлипа және 1 апай атын білмеймін. Мәлипа апатайым Қоскөл ауылының Меңдыбаевтар әулетінің келіні, әкемді «Бегжан» дейтін, келіндегіне «Бегжанға қысқы соғымнан сыбағаларың әрқашан дайын болсын» деп айтып отыратын. Жиен жеңгелеріміз осы күндері естеріне алады.



Қожамсеитов Сералы Қожахметұлы 1912 жылы Комсомол колхозында дүниеге келген. Отбасын, Омбы облысы Есіккөл ауданы Қасқат ауылының тумасы 2.02.1914 жылғы Зейнеп Ештайқажықызымен құрған.



Өмірге Уәли, Елтай, Назарбек атты ұлдарды сыйлаған, Бәкіш атты әпкеміз бала кезінде балалар ауруынан дүниеден өтті. «Бапам» біз солай атайтынбыз Соғыс ардагері, еңбекқор болған, дүниеден 20.12.2003 жылы Булаев қаласында ортаншы баласы



Елтай ағаның қолында өтті. Зейнеп анамыз дүниеден Бастомар ауылында 4.03.1989 жылы өтті, Ойқызыл зиратында жерленген. Елтай аға Комсомол колхозында 20.06.1941 жылы туған.

Отбасын Бақыт жеңемізбен құрып, ұлы Нұрлан 3.01.1978 жылғы, Жаняна, Әсемгүл қыздары. Нұрланның ұлы Дидар.

Қожамсеитов Бегалы әулеті.

Ақпаратты беруші мен Қожамсеитова Ғайнихаят Бегалықызы қазіргі СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы Комсомол ауылының тумасы.

Әкем Қожамсеитов Бегалы «Сұрасаң Майлы-Дүйсен арғы затым, Жаулыбай-Қарауылдан таралатын» деп үлкендеріміз айтқандай Жаулыбай-Қарауыл ұрпағы. Өмірге 1911 жылы Комсомол колхозында дүниеге келген. Ұлы атамыз Қожамсеит «халық жауы» ретінде сотта-



лып, елге қайтып оралмаған, сондықтан болар әкеміз партия мүшесі санатында болмаған.

Әулетіміздің ұл-қыздары бала жастарында молладан білім алған, әкем де солай және 6 класстық білімі болған. Бертін келе Мағжан бабамыздың шәкірті болғанын мақтанышпен айтатын. Еңбек стажын бұрынғы Совет ауданының Бейнетқор аудандық атқару Советінде 1931 жылы хатшы болып бастап, 1935 жылға дейін істеген. 1936-1938 жылдары Бейнетқор аудандық прокуратурасында агент қызметін атқарған.

1938 жылдан 1941 жылға дейін Комсомол колхозында есепші-счетовод қызметін атқарған. 1941 жылдың 23 шілдесінде 700-ші атқыштар полкінің құрамында Ұлы Отан Соғысына аттанған. Соғыстан 1947 жылдың тамыз айында аман оралып, 1949-1958 жылдар аралығында Веселовка елді мекенінің май зауытында қызмет атқарған. 1966–1967 жылдары «40 жылдық Қазақстан» совхозы қарамағына кіріп есепші, басқа да жұмыстарды атқарған. 1967 жылдың 29 қараша айынан бастап Булаев аудандық байланыс торабының Успенка бөлімшесіне почтальон жұмысына қабылданып, 1977 жылдың 6 қаңтарында Возвышен аудандық байланыс торабына ауысқан. 1982 жылдың 13 мамырында зейнеткерлікке шыққан. 1990 жылдың 11 қыркүйегінде дүниеден өтіп, Ойқызыл зиратында (Бастомар ауылы мен Ұзынкөл ауылының аралығында, кезінде аталарымыздың жайлауы болған) жерленген.

Анам Көкән Ахметқызы өлеңінде өзі жырлағандай руы Қарауыл Жанай, Омбы облысы Есілкөл ауданы Торат ауылында 1 ақпан 1916 жылы дүниеге келген, молладан білім алған, 7 класстық білімі болған.

Әкемізден 2 ұл, 3 қызбыз; 1 ұл, 2 қыз нәресте кездерінде шетінеп кеткен. Әкемнің тұңғышы Қожамсеитов Қажытай



Бегалыұлы Комсомол колхозында 1.01.1934 жылы дүниеге келген.

1958 жылдың 1 ақпан айында руы Қарауыл Сары Айбас Молотов ауылының тумасы Күлбарам Ахметжанқызы Сейтмұқановамен (1941 жылы 15 июньде туған, 7 класстық білімі бар) отбасын құрған. Өмірге 4 ұл: Сайран, Нұрлан, Манат, Шалабай, 2 қыз: Гүлжан, Шынарай сыйлаған, 1959 жылы туған Ұлмекен атты қыз қызылшадан шетінеп кеткен.



Тұңғыштары Сайран 29.01.1961 жылы Комсомол ауылында туған, орта мектептен кейін Чағлы ауылшаруашылық техникумның қоныстандырушы жер маманы бөлімшесін 1985 жылы бітіріп, Арқалық қаласында еңбек етті. 08.07.1988 жылы (13.08.1963 жылы туған) Ұзынкөл ауылының тумасы Қаппасова Бахыт-



пен отбасын құрып, мамандығы бухгалтер, Петропавлдың есеп-экономикалық техникумын бітірген.

1 ұлы Қожамсеитов Жеңіс (9.05.1989 жылы туған) 1 қыздары Теңдік (20.10.1990 туған) бар. Теңдік тұрмыста, Сайран мен Бахыттың осы таңда 3 жиен немерелері бар. Екеуі де Бастомар ауылдық округте бас маман.

Нұрлан Комсомол ауылында 17.06.1964 жылғы, Петропавлдың қазақ орта мектеп интернатынан кейін аталған қаламыздың индустриалды-педагогикалық техникумын бітіріп, Восточный орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді. Целиноград қаласына 1989 жылы көшіп, осы уақытқа дейін еліміздің бас қаласында тұрып, еңбек етуде. Жары Гүлнармен 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеуде. Ұлы Дидар (18.01.1991 жылы туған) 20 жасында 20 қаңтарда





кенет жағдайдан дүниеден өтті.

Манат 11.01.1967 жылы Комсомол ауылында туған, орта мектептен кейін Петропавлдың есеп-экономикалық техникумының құрылыс бөлімшесін 1990 жылы бітіріп, Ленин ауылында еңбек етті. Отбасын 1989 жылы Ресей тумасы Жапашева Гүлнармен құрды (3.04.1968 жылы туған), мамандығы мұғалім, Петропавлдың педагогикалық институтын бітірген. Осы уақытта отбасымен Петропавлда тұрып, еңбек етуде. Қыздары Жанетта 1990 жылы туған, СҚУ 1992 жылы бітіріп, ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет істейді; Қымбат 1992 жылы туған, еліміздің 2 жоғарғы білім оқу орнын бітіріп, бас маман санатында еңбек етеді. Манат пен Гүлнардың Асқар атты жиен немересі бар.



Шалабай Комсомол ауылында 10.01.1969 жылы туған, 1986 жылы Мамлют ор-

та санаторлық мектеп-интернатын бітіріп, кейін ветеринария саласында мамандандыру курстарын оқып, игеріп осы кезеңде Булаев қаласында тұрып, еңбек етеді. 2 ұлы: Қайрат 16.09.1998 жылы туған; Олжас 20.07.2001 жылы туған; 1 қызы Жамал 21.09.2005 жылы туған. Қайрат Петропавлда кәсіптік-педагогикалық колледжде, Олжас құрылыс колледжінде, Жамал 7-ші сыныпта оқиды.

Гүлжан Комсомол ауылында 12.09.1962 жылы туған, Петропавлдың қазақ орта мектеп интернатында білім алып, бухгалтерлік мектебін бітірген. 1990 жылдың тамыз айында Алматы облысы Нарынқол ауданының Жаңа Текес ауылының жігіті Дәлденбаев Советжанмен отбасын құрып, тұрып жатыр. 1 ұлы; 3 қыздары бар. Ауылындағы мектепте іс жүргізу маманы, ұлы Айдос Советжанұлы сол мектепте директор, үйленген, Мәдина атты қызы бар; отағасы мектептің шаруашылық жұмысына жауапты. Тұңғыштары Әсемгүл Алматыдағы қыздар педагогикалық институтын бітірген, отбасылы, мұғалім, 2 ұлы, 1 қызы бар. 2-ші қызы Айгүл Алматының технологиялық университетін бітірген, отбасылы, 1 ұлы, 1 қызы бар, мамандығына сай қызмет істейді. Кенжелері Айнұр ағылшын тілін игеруде Алматыда колледжде оқиды. Гүлжан 6 немерелі.

Шынарай Комсомол ауылында 15.09.1971 жылы туған. Орта мектептен кейін отбасын құрған, 1 ұл, 1 қызы бар, Астанада тұрып, жұмыс істейді. Қыздан 2 немере жиендері бар.

Әкеміздің 2-ші ұлы Бегалинов Ғали Комсомол колхозында 20.06.1937 жылы дүниеге келген. Петропавлдың есеп-экономикалық техникумын бітіріп, Таман, Мамлют совхоздарында бухгалтер болып, «40 жылдық Қазақстан» совхозында жұмысшы болып істеген. Отбасын 1963 жылы, руы – Уақ Бинаш ауылының тумасы Садуақасова Райхан Ғосманқызымен құрды (7.11.1941 жылы туған). 4 ұл, 2 қыздары

бар. 27.07.1970 жылы туған Біржан Галиұлы 24.06.1986 жылы электротоғы соғып дүниеден өтті.

Тұңғыштары Нұржан 6.12.1964 жылы Таман ауылында туған, 8-ші кластан кейін Петропавлдық қалалық кәсіптік-техникалық училищені 1983 жылы бітіріп, токарь-фрезеровщик маманы болып Петропавл қаласының зауыттарында еңбек етті және еңбек етуде. Отбасы бар, жары Сапура, қызы Сара, тұрмыста, Әли атты жиен немересі бар.

2-ші ұлы Ержан 17.04.1966 жылы туған, орта мектептен кейін Булаев ауданының елді мекендерінде, осы кезеңде Пролетарка ауылында отбасымен тұрып еңбек етуде. 2 қызы 1 ұлы бар. Қыздардың үлкені Индира 12.08.1990 туған, СҚУ бітірген, мамандығына сай мәдениет саласында Петропавл қаласында тұрып, қызмет істейді. Жанұялы, күйеуі Арман, 1 қызы бар. Кішісі Данара Бегалинова 30.09.1993 жылы туған. Қарағанды медакадемиясын бітірген, СҚО Тайнша елді мекенінде, күйеуі Айдоспен дәрігер болып істейді, 1 ұлдары бар. Ержанның ұлы Біржан студент.

3-ші ұлы Жолдыбай 3.06.1969 жылғы Успенка ауылының тумасы. Орта мектептен кейін Петропавл темір жол техникумын 1986 жылы бітірген. Қазіргі таңда Көкшетау қаласында қонақ үй саласында администратор қызметінде. Отбасылы, Әли атты ұлы бар.

Кенже ұлы Асан 2.02.1974 жылғы, Успенка ауылының тумасы, орта мектеп бітірген, Нұр-Сұлтан қаласында тұрып, жүргізуші болып жұмыс істейді. 16.06.2009 жылы Астаналық көпсалалық гуманитарлы-техникалық колледжді бітірген, мамандығы экономист-бухгалтер.

Үлкен қызы Бегалинова Гүлнар 9.05.1967 жылғы, Успенка орта мектебінен кейін 1986 жылы Петропавлдық медколледжді бітіріп, облыстық балалар ауруханасының травматолог



логия бөлімшесінде мейір-
бике болып осы кезеңге дейін
жұмыс істеуде. Ұлы Ерден
Зинатуллаұлы Нұрпейсов
15.01.2000 жылы туған, 2018
жылы Петропавл қаласын-
дағы Ұлттық Гвардия Әскери
институтына түсті.

Кіші қызы Бегалинова Ди-
нара 24.08.1977 жылғы, Ус-
пенка орта мектебінен кейін,
1997 жылы Петропавлдық
медколледжді бітіріп, Цели-
ноградтық №166/1 мекемеде
сол жылдан бастап 2016 жыл-
ға дейін мейірбике болып іс-
теп, зейнеткерлікке 2016 жы-
лы шықты. 11.09.2004 жылы
Абраев Жанат Мақсұтұлы-
мен отбасын құрып, 2 қыз-
дары бар: Мирсаяна 16.03.2005
жылғы, Мерей 11.09.2010 жыл-
ғы. 2007 жылы Қарағанды
экономикалық университе-
тінің заңгер мамандығын бі-
тірген.



Әкемнің 3 қызының тұң-
ғышы мен 01.01.1954 жылы
туылғанмын. Бастауыш клас-
тарды ауылда оқып, 1971 жы-
лы Ұзынкөл орта мектебін





бітіргенмін. 1977 жылы Қарағанды медициналық институтының санитарлық-гигиеналық факультетін бітіріп, мамандығыма сай дәрігер болып Петропавл, Булаев қалаларында жұмыс істедім. 1984 жылы Петропавл тумасы руы Қыпшақ Қондыбаев Серік Рамазанұлымен (27.01.1954 жылы туған) Қостанай қаласында отбасын құрып, облыстық ауруханада, балалар санаторийінде дәрігер-диетолог болып істе-

дім. 1989 жылдың желтоқсан айында көшіп келуімізге байланысты Алматы облысы Ұзынағаш ауылы Жамбылаудандық санитарлық-эпидемиологиялық станциясына мамандығыма сай дәрігер болып орналастым. Зейнеткерлікке 2012 жылы шықтым. 1 ұлымыз Сәкен 28.02.1985 жылғы, 1 қызымыз Тоғжан 27.08.1990 жылғы бар, Жамбыл ауданы Фабричный ауылы тумасы. Сәкен 2006 жылы Қаржы полиция Академиясын бітірген, Нұр-Сұлтан қаласында мамандығына сай қызмет істейді, отбасылы, 1 қызы бар. Тоғжан 2013 жылы Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университетінің мұнайгаз факультетін, 2016 жылы Қарағанды экономикалық университетінің қаржыландыру мамандығын бітірген. Алматы қаласында


бухгалтер болып істейді. Отағасы Серік 22.04.2008 жылы дүниеден өтті.

Дәметкен 16.11.1956 жылы туған, 1974 жылы Успенка орта мектебін, 1979 жылы Қарағанды мемлекеттік Университетін бітіріп, аталған қалада мұғалімдіктен бастап мектеп басшылық дәрежесінде істеді. 2014 жылдан зейнеткерлікте, осы кезеңде мамандығына сай жұмысын жалғастыруда.

Ұлжан 21.06.1959 жылы туған, 1976 жылы Успенка орта мектебін, 1980 жылы Қарағанды кооператив институтын бітіріп, бухгалтер мамандығымен Булаев ауданында әр салада қызмет істеді. Отбасын руы Уақ, Тұрсымбаев Мұқтар Тұранұлымен (15.03.1956 жылы туған) 7.03.1981 жылы Булаевта құрды. 2017 жылдан зейнеткерлікте, осы кезеңде жұмысын Мағжан Жұмабаев аудандық Мәдениет және тілдер дамыту бөлімінде бухгалтер болып жалғастыруда. 2 ұл, 2 қызы бар, бәрі жоғарғы білімді, еліміздің қалаларында қызметте. 12.01.2018 жылы Мұқтар дүниеден өтті.

Мен Қожамсеитова Күлбарам, туған жерім Молотов ауылы болды, 1941 жылы 15 шілдеде дүниеге келдім, бірінші әкемнің аты Ахметжан болды, ол 1941 жылы менің 6 айлық, Күлзира 3 жаста болды, соғысқа Айтжан деген інісімен кеткен, содан оралмады.

1946 жылы мамам екінші әкеммен қосылғанда мен 5 жаста болдым. Етекбаев Зейнолла мен Ахметжанов Қалкеш аға екеуі мені қолымызда болсын деп мені 1 жыл ұстады. Сол кезде мен 7 жастамын. Етекбаев Ахметжан ата ол кезде Ворошилов ауылында (қазіргі атауы Дүйсеке ауылы) бастық болды. Ахметжан атаның ол кезде асқазаны ауыратын, мен мектептен келгенде мені шақырып, маңдайымнан иіскеп қоятын.



Зейнолланың нағашылары Ералы мені жақсы көретін, сосын өсе келе ата-анамның қолына қайтарып берді.

Жәмәли деген нағашымнан Серік есімді ұлы менен Бәдишә келіннен ұрпақтар бар.

Әубәкір – Жамали – Серік Әубәкір – Дәмежан.

Әубәкіров Серік 1955 жылы 2 қыркүйекте дүниеге келген, руы Қаракесек, жұбайы Бәдиша руы Қарауыл, балалары: Серікқызы Бахытгүл 13.07.79 ж., Серікұлы Азамат 17.08.82 ж. (ұлы Азаматұлы Әлихан 02.07.08 ж.).

Әсемгүл 04.01.83 ж.



САҒЫНЫШ

Ақ қағаз, қаламменен қолыма алдым,
Жазуға бір-екі сөз ойыма алдым.
Қонақта Ахметжанда отырғанда,
Бос қалған Отаныма көзім салдым.

Комсомол салқын самал өскен жерім,
Шолпымды сылдырлатып түскен елім.
Қызықты ел-жұртыммен бірге тойлап,
Отбасы, бала-шаға жеткен жерім.

Бұл елден жақсы-жайсаң бірдей туған,
Бірінен-бірі қалмай білім қуған.
Заманның ең алғашқы ағымында,
Әрқайсы әр салада қызмет қылған.

Бұл күнде кеттік тарап әрбір жайға,
Ісіне бір Алланың бар ма айла.
Өліге топырақ, тіріге ризық айдап,
Әр жерде, әрбіреуіміз жүрміз жайда.
Кім қалар уақыт келсе бұл жалғаннан,
Өткенді есіме алып қылдым арман.
Айырылған Отанынан біз ғана емес,
Зүрия тамам болсын артта қалған.

Орнында алпыс үйдің Ақын ғана,
Бір Алла өзі болсын оған пана.
«Еркек бас, әйел мойын» деген сөз бар,
Ұрпағы өткендердің ол бір дара.

Сөз жайын біреу білмес, біреу білер,
Білмеген бұл несі деп мүмкін күлер.
«Ер туған жерінде» деген сөз бар,
Тумалар есіне алып айта жүрер.

Өмірдің тәттісінен ащысы көп,
Азамат кеше жүрген бүгіндер жоқ.
Артында аты аталар ұрпақтар бар,
Сондықтан осы арасы көңілге тоқ.

Сөз жазған бір-екі ауыз Көкән атым,
Келінмін Жаулыбайға Жанай затым.
Бұл сөзді ақындықпен жазғаным жоқ,
Еске алып өткен күнді жазған датым.

*Көкән Ахметқызы Қожамсейіт келіні.
Көкше шапқан өңірі, Комсомол ауылы, 1989 жыл.*

НАЗАРБЕК АҒА САҒЫНДЫМ

Жанатжан – деп айтатын,
Назарбек ағам қайдасың.
Тілеуімді тілеп әрқашан,
Құдайды – жиі айтқансың.

Қонады деуші ең саған да,
Адамның жанын байқауым.
Құдандалы жақынбыз,
Есімде солай айтқаның.

Әулие, Тәуіп, Сері едің,
Жетпістен асқан – Ер едің.
Тілеуін тілеп халқыңның,
Жүргенінді қалап жүр едім.

Ініңдей сыйлап басымды,
Жүруші ең қорғап жанымды.
Болжамын айтып уақыттың,
Жолдарын таптың бақыттың.

Саулығын ойлап еліңнің,
Кезумен болдың жерлерін.
Батырларын жырладың,
Жастарды солай шыңдадың.

Көтеріп көкке барымды,
Бағалап менің тағымды.
Назарбек аға сағындым,
Шеттетпей ешбір адамды,

Нық басып өттің қадамды.
Ешкімге бермей есеңді,
Сендіре білдің көп елді.

Балаңдай көріп баламды,
Найза қып ұстап қаламды.
Жүретін болдық сағынып,
Бас қосып жүрген заманды.

Айтқаныңа бағынып,
Қамшыңа – сендік жалынып.
Қызыққа толы кештерің,
Халқыңа болды естелік.

Еркелеп сеніп жүруші ем,
Баладай бірге күлуші ек.
От болып жанған уақытты,
Түсіңдей озып кеттің тек...

27.10.2015 ж.

Жанат Етекбаев, Есік қаласы.



Құдияровтар әулеті

Мен Құдияров Ертай Болатұлы Құдияров Кенжебайдың 5-ші немересімін. Кенжебай атамыз 18.01.1909 ж.т. Руы Сары. Кенжебай атамыз 3-классты бітіріп, содан арабша оқыған кісі. Бес уақыт намазын оқитын. Кенжебай атам Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, бірнеше орден-медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін колхоз, совхоздарда қызмет жасады. Тракторшы, бригадир болған. Содан зейнетке шығады. Коммунист болған. Қайтқан жылы 1989 жыл 18 қаңтарда. 80-жаста қайтыс болды. Кенжебай атамның 1-ұл, 3-қызы болған. Әкеміз Болат 3-жасында шешесінен айырылған. Апамыз Әубәкірқызы Дәмежан 11.07.1911 ж.т. 1989 жылы 3-ші қыркүйекте дүниеден өтті. Руы Қаракесек.

Кенжебай ұлы Болат біздің әкеміз. Қарындастары Күлзира, Күлбарам, Алтын. Күлзира тәтем мен Күлбәрәм тәтем Мағжан Жұмабаев ауданында тұрады. Алтын дәләм Көкшетауда тұрады. Үшеуі де зейнеткер. Күлзира мен Күлбарам тәтем Дәмежан апамыздың қыздары, ал Алтын дәләм мен Болат әкеміздің, әкесі Кенжебай Алтын дәләміз бен Ғаріп жезде-





мізден екі ұл, бір қыз бар. Қызы – Ботагөз, ұлы – Талғат, екінші ұлы – Қайрат.

Әкеміз Құдияров Болат Кенжебайұлы 20.02.1935 ж.т. Шешеміз Құдиярова (Макина) Рауза Жапар қызы 10.07.1939 ж., Павлодар облысында туылған. Руы Шоға-Уақ. 1957 жылы әкеміз бен шешеміз отау құрған. Әкеміз Монголияда 3 жыл әскери борышын атқарып келген соң, тапжылмастан К-700 тракторын айдаған. Ауылда озат механизатор болды. Облыстық съездерге қатысып,

депутат болды. Бірнеше мақтау қағазы, бағалы сыйлықтарға ие болған. Неше түрлі медаль, ордендер иегері. Әкеміз ауылдың бірәз жастарын трактор жүргізуге үйретті. Әкемізді егін егу-жинау кезінде көрмейтінбіз, кешке тосып ұйықтап қаламыз. Таңертең тұрсақ жоқ «жұмысқа кетіп қалды» дейтін шешеміз. Өйткені, жұмысқа ерте кетіп, кеш келетін. Шешеміз Рауза 35 жыл сауыншы болып жұмыс істеген. Ол кезде аппарат жоқ, үш мезгіл қолмен сауатын. Бірге сауыншы болып істеген құрбылары Рая тәте, Бәсен тәте,

Фаузия тәте, Сатай тәте, Күлзира тәте. Шешеміз 8 құрсақ көтерген.

Әкем Болат 1997 жылы 21-ші қыркүйекте, шешем Рауза 2000 жылы 8-ші сәуірде дүниеден өтті.

Үлкен ағам Құдияров Ермек Болатұлы



12.12.1958 ж., Ленин ауылында дүниеге келген. Женгеміз Құдиярова (Құсайнова) Қарлығаш Ниязбековна 14.12.1956 ж.т., Совет ауданы, қазіргі Аққайың ауданы Ивановка ауылының тумасы. Қызы – Дария 19.11.1984 ж.т., Возвышенка ауылында дүниеге келген. Қызы – Дияра 11.03.2007 ж.т.. Баласы – Дархан 20.08.1988 ж., Возвышенка ауылында туылған. Үйленген. Құдиярова (Абдильманова) Айжан Сакенқызы. Руы Қарауыл. Екі қызы бар. Үлкен қызы – Малика 14.02.2016 ж. Екінші қызы Дания 20.12.18 ж. Көкшетауда туылған.



Апам – Күміс 10.04.1960 жылы дүниеге келді. 2016 жылы 56 жасында дүниеден өтті. Жездеміз Махметов Социал Саршаұлы, 15.12.1950 ж.т., Есіл ауданы, Бұлақ ауылының тумасы. Руы – Адай. Апамыздың үш ұлы бар. Үлкен ұлы – Баубеков Жан-





дәулет 29.01.1984 ж.т. Жұбайы Баубекова (Елубаева) Гүлжавар 30.07.1981 ж.т. Руы-Қарауыл. Қызы – Баубекова Нұрсұлу Жаңдаулет қызы, 06.07.2011 ж.т., 1 сыныпта оқиды. Ұлы-Дияс 10.12.2015 ж.т., Дәулет жиен Соколовка ауылында тұрады. Өрт сөндіруші болып жұмыс жасайды. Екінші ұлы Баубеков Жанат 10.04.1985 ж.т., Нұр-Сұлтан қаласында құрылысшы болып жұмыс жасайды. Жұбайы – Қасымова Айымгүл Бораш қызы 29.04.1984 ж.т., Есіл ауданы Мектеп ауылында туылған. Ағылшын тілінен сабақ береді. 1-қызы, 1-ұлы бар. Қызы Дильназ 25.04.2009 ж.т., Оқушы. Ұлы – Баубеков Ернияз 12.11.2010 ж.т., Оқушы. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Үшінші ұлы Саршаев Арман Социял ұлы. 05.02.1993 ж.т., Бұлақ ауылында тұрған. Үйленген. Жолдасы Саршаева Айгерім Оралбековна 09.10.1990 ж.т., Совет ауданы Рублевка ауылынан. Қызы – Социал Айкүміс Арман қызы. 30.03.2017 ж.т., Қазіргі таңда Абай қаласы Қара-

ғанды обылысында тұрады. Әскери қызметте.



Ағам марқұм Ерлік Болатұлы 1962 жылы 25-тамызда Ленин ауылында туған. Руы –Сары. 2004 жылы 23-ші қарашада дүниеден өтті.



Жеңгеміз Құдиярова (Шаймерденова) Ләззат Абулайқызы 1964 жылы 2 маусымда Совет ауданы Дайындық ауылында туған. Екі қызы бар. Үлкені Джагипарова (Кудьярова) Асемгүл Ерлікқызы 16.03.1988 ж.т., Возвышенкада дүниеге келген. Жолдасы Джагипаров Самат Асылбекұлы 29.09.1985 ж.т., Тимирязев ауданында дүниеге келген. Екі баласы бар.



Қызы – Джагипарова Самира Саматқызы 08.12.2013 ж., Петропавлда дүниеге келген. Ұлдары Асылбек Нұрасыл Саматұлы 20.06.2016 ж.т. Ерліктің екінші қызы Утепова (Кудьярова) Жанаргүл Ерлікқызы 15.01.1992 ж., Возвышенкада дүниеге келген. Жолда-



сы Утепов Адыхан Мұратұлы 20.07.1988 ж., Қарағандыда дүниеге келген. Бір қызы бар Мұрат Айша Адылханқызы.

Төртінші апам Құрманбаева (Кудиярова) Гауһар Болатқызы. 03.02.1965 ж., Ленин ауылында туған. Жолдасы Құрманбаев Сайран Беркінбайұлы 03.07.1963 ж., Совет ауданы Ивановка ауылында туылған. Руы Тобықты. Екі ұлдары бар. Үлкені Беркінбаев Ерік Сайранұлы 03.01.1993 ж.т.. Екінші ұлы Беркінбаев Серік 28.09.1995 ж.т.. Екінші баласы үйленген, келіні Беркінбаева (Бермаханова) Нұрсипат Рзағалиқызы 03.07.1993 ж.т.. Руы – Кіші жүзден.

Бесінші Құдияров Қуандық Болатұлы 1967 жылы айы белгісіз. Үш жасында дүниеден өтті.

Алтыншы яғни мен Құдияров Ертай Болатұлы 21.05.1970 ж.т., Ленин ауылында тудым. Жолдасым Құдиярова (Бейсенбина) Самал Наурызбайқызы 27.09.1976 ж.т., Московский ауданы Бұлақ ауылының тұмасы. Руы Қарауыл. Бізде үш қызымыз және бір ұлымыз бар. Үлкен қызымыз Булатова Амангүл Ертайқызы 18.06.1999 ж.т., Ленин ауылында туылған. Ұлымыз Болат Ақниет Ертайұлы 30.10.2001 ж.т., Ленин ауылында дүниеге келген. 11-сыныпта оқиды.



Екінші қызымыз Булатова Жанеля Ертайқызы 21.09.2004 ж.т., Ленин ауылында дүниеге келген. Үшінші қызымыз Булатова Жансезім Ертайқызы 24.01.2015 ж.т., Петропавл қаласында дүниеге келген. Жұбайым Самал №8 мектепте бастауыш сынып мұғалімі.



Құдияров Ербол Болатұлы 03.09.1973 ж.т., Ленин ауылында дүниеге келген. Үйленген Жолдасы Құдиярова (Есмағамбетова) Бақытжан Серікқызы. 14.08.1973 ж.т., Жамбыл ауданы Талпын ауылында дүниеге келген. Руы Керей ішінде Алдай. Бір ұлы, бір қызы бар.



Ұлы Булатов Думан Ерболұлы 05.05.1996 ж., Ленин ауылында дүниеге келген. Қазір Петропавл қаласының әскери институтында соңғы курсында оқып жатыр. Келіні Булатова (Рамазанова) Гүлмира Болатқызы 17.10.1991 ж., Есіл ауданы Петровка ауылының тумасы. Руы Атығай.




Қызы Исеналиева (Булатова) Динара Ерболқызы 01.09.1997 ж.т., Ленин ауылында дүниеге келген. Тұрмыста. Жолдасы Исеналиев Саламат Аманқосұлы 12.12.1997 ж.т., Атырау қаласында дүниеге келген, руы Есентемір. Екі ұлдары бар. Үлкені Аманқос Ахмет Саламатұлы 12.12.2017 ж.т., Атырау қаласында дүниеге келген. Екінші ұлы Саламатұлы Мустахим 17.12.2018 ж.т., Атырау қаласында тұрып жатыр.

Кенже ініміз Құдияров Қуандық Болатұлы 01.08.1976 ж., Ленин ауылында дүниеге келген. Руы Сары. Жұбайы Құдиярова (Амренова) Жұлдыз Дулатқызы 25.03.1983 ж., Аққайың ауданы Көктерек ауылында дүниеге келген. Руы – Қаракесек. Екі ұлы бар. Болат, Елдар 26.05.2015 ж.т.. Болат Нүрәли 06.04.2018 ж.т.. Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында тұрып жатыр.







Мейрамовтар әулеті



Әлжан болыс шежіресі

Солтүстік Қазақстан облысы Қазіргі Есіл ауданы Жарғайын ауылының тумасы, ұстаз, Халыққа білім беру ісінің құрметті қызметкері, Еңбек ері, шежіреші Нұрымов Ескендір Қасенұлының аузынан жазып алғаным.

Осы өңірдегі Үлкен Тораңғыл жайлауында Әлжанның болыс болып тұрған кезінде байлығы сонша шексіз, санаусыз жылқылары болған екен. 1928 жылғы конфискациядан жұтап, одан 1930 жылғы жұттан малы қырылып, ашыққан болыс ұрпағы Қызылжар қаласы жаққа босып кетеді де, қазіргі М. Жұмабаев ауданы Чапай елді мекеніне қоныстанады.

1935 жылы ағайынды Бекі (ағасы), Мәжен (інісі) (Керей руынан, Есіл ауданы Сарман елінен) Үкіметтен қоныстанатын ел көтереміз, колхоз боламыз деп жер сұрайды. Қалаған жерді алып, колхоз болындар деп Үкімет рұқсат береді. Сөйтіп Чапай жерінде колхоз ұйымдастырған (Ленин ауылынан 8 шақырымдай жер), ол кезде «Ежов атындағы колхоз» деп аталған. Бірақ 1 жылдасын Ежов «Халық жауы» аталғасын колхозды Чапаев атына ауыстырады. Бекі керемет мықты, батыр адам болған. Осы жерде мынадай болған оқиғаны айтып кетуге болады. Булаев жолында екі орыс жігіті салт атты келе жатқан Бекі батырды тонамақшы болып, екі жағынан мінген.







Беки батырдың күштілігі сонша екуін тақымына қысып алып, Чистовтің сельсоветіне әкеп тапсырады. Оның інісі Мәжен – аңшы (қасқырды тірідей ұстап әкелген күндері болған дейді).

1938 жылы Нұрым баласы Қасен ұрпағымен (Бәрәм, Жәния, Мәуә – қыздар, Ескендір – ұл, Сабыр-3 жасында қайтқан), марқұм болған Нөртай ағасының (әйелі Шапия) балаларына (Ғаббас – ұл, Мәрә, Қамза, Майра, Нүрән – қыздар) пана болып, бәрі Чапай жеріне келіп қо-

сылады. Шығу тегіне тоқталсақ: Атығайдан Қалқаш батыр, одан Құдайберді, одан Жемет, Жеметтен Жұмық, одан Маңыбай, Маңыбайдан Нұрым, Нұрымнан Нөртай мен Қасен. (Осы мәліметтерді Нұрымов Ескендір Қасенұлының аузынан жазып алдым.)

Шамамен сол 1938 жылы жоғарыда айтылған Әлжан болыстың ұрпағы – Баржақсы ата, Зікірия ата, Мақажан ата (Баржақсының ұлы), Тәмандар ата (Мейрамның ұлы), Мәриям апа және Кәмен ата (Әлжанның інісі Қалжанның баласы) – бәрі Есіл өзені маңындағы Жарғайыңнан бір түнде көшіп Чапайға қоныстанған. Босып кету себебі: болыс тұқымының қудалануы, мал-мүлкінің тәркіленуі. Мәриәм апа 37 жасында Чапайда қайтыс болады. Әлжанның ұлы Шәйгөз Жарғайыңда қалады. Әлжан болыстың тегіне тоқталсақ: Арғын руы ішіндегі Атығайдың Қалқаш батырынан Құдай-

берді (1761 ж. Есіл бойын мекендеген), одан Ырсай, Ырсайдан Түмен, Түменнен Базар (немесе Із Басар), одан Қолдай (немесе Қолдан), Қолдайдан Қашқын, Қашқыннан Әлжан, Қалжан және Құрманқұл.

Қалжаннан ұлдар Рахмет (Рахметтен Сара қыз, Мәрә қыз, Рақила қыз), Кәмен (Кәменнен қыз Күліш), Зейнолла (Зейнолладан Күліш қыз, Мәрзия қыз), Дина қыз.

Құрманқұлдан Мәди (үйленбеген), Махмет, Шәрипә; Махметтен Есет (қонысы Жезқазған жақта), Роза, Сырым; Сырымнан (қонысы Шымкент жақта) Есім, Илияс, Жұпар марқұм.

Әлжаннан Ұлпа (қыз деп ойлаймын), ұлдар-Шәйгөз (қонысы Есіл ауданы Жарғайын ауылы), Баржақсы, Зікірия, Мейрам (үшеуінің қоныстары Булаев ауданы Чапай, Молотов, Ленин ауылдары).

Ұлпадан Пазыл, Қалиасқар; Шәйгөзден Иманбек, Иманбектен Әлібек (ұрпағы: Олжас, Айнұр), Жәнібек, Алмас (ұрпағы: Алтынбек, Айбын);

Баржақсыдан Мақажан (әйелі Нүрән, Нұрымов Ескендір Қасенұлының ағасының қызы – бұл кісі жөнінде жоғарыда айтылған), Мақажаннан Әмина (жолдасы Ізбасаров Кеңес, балалары Гүлшарат, Ләззат, Бақытгүл / Баян, Жанар, Назгүл, Темірболат), Жәмилә (жолдасы Мадияров Маңкөш балалры Нұржан, Бақыт, Қанат), Роза, Қайыркеш (жолдасы Анарбек, балалары Арман, т.б.), Болат аға марқұм (жұбайы





Күлтай, екі қыз – Әсел, Күлзия), Сырымбет аға марқұм, Талғат (жұбайы Айман, екі қыз – Әлмира, Жұлдыз);

Зікіриядан қыздар Әсия (жолдасы Үкенов Икән, балалары Еркеш, Қаныбек, т.б.), Рәзия (жолдасы Омаров Меңдібай, балалары Ғалым, Ғалымжан, Манат, Қанат, Айбарша, Айгүл – Булаев ауд. Бинәш ауылында тұрды), ұл – Қабден (әйелі Жамал, Успенка ауылында тұрған); Қабденнен ұл-Манарбек (жұбайы Ботажан, балалары Алмас, Әлмира), қыздар – Гүлжан, Айман, Шолпан;



Мейрамнан Шәрбан апай (Есіл ауданы Жарғайында тұрған), Тәмамдар; Тәмамдардан ұлдар – Әнуар марқұм, Жақсылық, Арғын марқұм, қыздар – Айтжан (жолдасы Шаяхин Ахметқали, балалары:

Самал, Жандос, Жанар), Айман (жолдасы Бижанов Әбілхан, балалары: Меруерт, Алмас, Айдос), Майра (жолдасы Бейсенбаев Берік, балалары: Сүйіндік, Гүлжан, Марат), Ғалия (жолдасы Қаржауов Қайрат Садықұлы, балалары Әуез, Гүлназ). Мейрам бейіті, Шәйгөз бейіті Жарғайында.

1939 жылы Баржақсының ұлы Мақажан әскерге алынады, кейін өкпе ауруына шалдығып, Чапайға оралады. Баржақсы ата Қасен Нұрымұлына не Жанияны, не Нүрәнді Мақажанға қосайық деп сөз тастайды. Бірақ Қасен келіспейді, себеп – Мақажанның ауруы. Алайда 1941 ж. Мақажан Қасен атаның жоғын пайдаланып (Қасен ата Петропавлда түрмеде қамауда болады, төменде жазылған) Нүрәнді алып қашады. Қызы – Әмина апа осы Чапайда 1944 ж. туған.

1941 жылы 12 сәуірде бір түннің ішінде Чапаев колхозына қара машина («Черный ворон» деп атаған екен халық ішінде) келіп, Чапаев колхозын ұйымдастырған ағайынды Бекі мен Мәженді, Қасен Нұрымұлын, Баржақсы Әлжанұлын Петропавлға Ақ түрмеге алып кетеді. Сонда тағылған айып: Бекіге милицияны өлтірді деп, Мәженді басқа статьямен, Қасен Нұрымұлын молдалық құрды, намаз оқиды деп, Баржақсы Әлжанұлына «Совет үкіметі қашан құлайды деп айтты» (бір мұғалімнің жала жаба айтуымен) деген. Баржақсы мен Мәженнің атылған жері белгісіз. Мәжен сотталғасын әйелі Зейнеп тұрмысқа кетеді (ұлдары Жанжігіт пен Жантұяқ қайтыс болыпты Петухово жерінде). Бекі «өлтіргенім рас» деп мойнына алады. Қасен Нұрымұлы 58-статьямен 10 жылға сотталады. Бірақ 1942 жылы 2 ақпанда ақталып шығады. Ақталуына көмектескен түрмедегі орысша сауатты бір татар жігіті. Қасен ата арабша хат таныған, келбетті, ақ құба кісі болған. Татар жігітіне мән жайды айтып, «мен молла емес, елде кісі қайтқан кезде, жаназасын оқып, мұсылманша қоюға қатысатынын» айтады. Татар жігіті жоғары сотқа бұл «адамды жерлеген қылмыс емес» деп орысша түсіндіріп жазғаннан кейін, Қасен атаның ісі қайта қаралып, ақталған. Ісі НКВД-де сақталған, неге екені белгісіз репрессияға ұшырағандардың тізіміне ілегіп кеткен.

Қасен

ата

1949


ж.

Чапай-



да қайтыс болады. Чапайда тағы Зікірия атаның бейіті, оның әйелі Бағиланың бейіті, Ғапбас Нөртайұлының бейіті жатыр. Шамамен сол жылдары Чапай тұрғындары: Есіл өңірі Жарғайыннан келгендер – Нұрымов Қасең, Әлжан ұлы

Зікірия, Қалжан ұлы Кәмен, қайдан келгені белгісіз Босқынбай Ескендір (Лесхоз директоры болады), Әлім басқарма, кейін Бақтыбай басқарма (Басқарма Әлімді соғысқа алып кеткеннен кейін), Ереймен тауы жағынан келген Айдаболов Омар (Қанжығалы), оның әйелі Қадиша, ұлы Қаршыға, қызы Нәзіма. Айдаболов Омарды көзі соқыр болғандықтан соғысқа алмаған екен. Сосын кейін көшіп келген Есләм деген кісі басқарма болған. Көшіп келген Дос деген саудагер, өгіздерді семіртіп, Омбыға сатып отырған. Қалжан ұлы Кәмен Жарғайыңға қайта оралады. Айдаболов Омар 25 жылға сотталып кетеді, содан оралған жоқ. Бухгалтер жас жігіт сол кісінің үстінен арыз жазған: жесір әйелдермен жүріс қылды және бухгалтер жас жігіттің қарындасына көз салғаны үшін деп. Чапайда Қараша деген бригадир, Нұрсейітов Мұқан шөптің бригадирі, Шалқаров Мұқан (оның баласы Балтабай Петропавлда тарихшы мұғалім болған), Сүлеймен (оның баласы Садық), Илияс (қой бағатын), Шоқы (оның баласы Ғосман), Дуанбай (әйелі бала көтермегесін Кәменнің қызы Күлішке үйленген, содан Хамза деген ұл туады, кейін Рошинода тұрған), Дуанбайдың інісі Базарбай (ақсақ, бір балдақпен жүрген) дүкенші болған, Молдахмет (академик Зейнолла Молдахметовтың әкесі), Молдахметтің інісі Сайпен, Сайпеннің әйелі Жамал апай (бригадир болған),



Молдахметтің баласы Зияда (рабочком болған) деген адамдар болған. Чапайдан 7 шақырым жерде «Культстан» деген шымнан салынған жатақ болыпты. Егіншілер күнімен өгіз, жылқымен жер жыртып, егін салса, түнде сонда қонады екен. Ал Зікірия ата – жылқышы, түнде малды өріске айдап, бағады. Зікірия атаның дауысы зор, өлеңді жақсы айтқан екен. Таңертең ерте малды айдап келе жатып, «Балқадиша» өлеңін салғанда, жатақтағы жұмысшылар сол кісінің әнінен таң атқанын біліп оянады екен. Кәмен атаның әйелі Кәмәш ертегі, жырларды жатқа жақсы айтқан екен. Сол кезде бала Ескендір Қасенұлы «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» жырларын сол кісінің аузынан жаттап өсіпті. ҰОС жылдарынан кейін, шамамен 1950 жылдары, Чапаев колхозының тұрғындары біртіндеп жан-жаққа (Молотов, Ленин, Комсомол, т.б. колхоздарға) көшеді. Чапаев колхозынан батысқа қарай 18 шақырым жерде Жаңатілек ауылы болған екен. Оның да тұрғындары көшіп кеткен.

Зікірия атаның қызы Рәзия тәтемнің аузынан жазып алғаным: «Мейрам ұлы Тамамдар руы Арғын (оның ішінде – Атығай – Ырсай) 1915 жылы туған (паспортында 1912 ж. туған деп жазылған, себебі жұмысқа ертерек алу үшін сол кезде жасын қосып жазған) Кәмен атаның тәрбиесінде болыпты. Өйткені үлкендердің айтуынша, Кәмен атада ұл бала бол-



маған, сондықтан Тамамдарды сұрап алып, бауырына басады. Тамамдар ҰОС-на дейін 1939–1940 жылдары болу керек өз еркімен («байдың тұқымы» деп шоқи бергендіктен болар) Ресейге Красноярский край жаққа «трудармияға» кетеді, көмір өндіру шахтасында жұмыс істейді. Соғыстан кейін Мақажан ата 3 жыл Тамамдар атаға іздеу салады. Ол кезде Мақажан ата Чапаев, Ленин, Комсомол колхоздарының бухгалтері, орысша сауатты болған кісі. Тамамдар ата 8 жылдан кейін Чапайға оралады. Ол кезде үйленген, әйелі Меңниса Ғизатоллақызы Хисматуллина – менің әжем, 1925 ж. туған (шындығында 1926 ж., Трудармияға жіберу үшін 1 жас қосып берген), 1943 ж. 17–18 жасында Башкирия АССР Уфа қаласының түбіндегі Бижбуляк ауданы Рузаевка ауылынан Ресейге Красноярский крайға ағаш дайындауға жіберілген екен. Ауыр жұмыстан белдері қайысып қиналған бір топ қыз қашып кетеді, сөйтіп Красноярск қаласы маңындағы шахтаға жетіп, осында жұмысқа қалады. Ол кезде соғысқа шахтадан қолмен көмір өндіретін. Сол жақта Тамамдар атаммен табысып, отау құрып, тұңғыш ұлы Әнуар 1945 ж. Красноярский Крайда туған. Атам Тамамдар мен әжем Меңниса елге оралған кезде Зікірия атаның әйелі

Бағила қайтыс болады. Тәмамдар мен Меңниса жетісінен кейін келіп, қырқына дейін Зікірия атаның үйінде жатып, балаларына киім-кешек тігіп, күтеді. Ол кезде омырауда емізулі баласы Әнуар бар. Елдегі ағайындары Ресейге қайта оралуға рұқсат бермей, осында қалып қояды. Ауылда оларды Тәмәм және Некей деп атап кетеді. Кейін Мейрамов Тәмамдар отбасымен Молотов колхозынан қоныс тебеді.

Содан кейін Мейрамов Тәмамдар отбасымен Ленин (Байшілік) ауылына 1954–55 жылдары көшіп келеді. Ұлдары – Қайыржан (1955), Рамазан (1957), қызы – Жұмабике (1950) болған. Олар жастайынан түрлі аурудан, қызылшадан шетінеп кетеді. Үлкендердің айтуынша сол бір жылдары қызылшадан Комсомол, Ленин ауылдарынан 40 шақты бала шетінеген екен. Аман қалған балалары: Әнуар (1945), Жақсылық (1948), Арғын (1951), Айтжан (1953), Айман (1961), Майра (1963), Ғалия (1965) ел ішінде өсіп-өніп, ержетеді.

Мейрамов Тамамдар, әйелі Мейрамова (Хисматуллина) Меңниса Ғизатоллақызы, ұлы Әнуар (шамамен 1947–1948 жылдар).

Үлкен ұлы – Мейрамов Әнуар 1945 ж, Ресей, Красноярский крайда туған, Ленин ауылында өмір бойы дүкенші боп істейді. Жұбайы Калиева Әсия Возвышен ауданы Бастомар ауылынан, 1978 жылы қосылып, төрт қыз, екі ұл сүйеді: тұңғыш ұлы – Рүстем (бесіктен белі шықпай шетінеп кетеді), қыздар – Алтыншаш (1981), (Алтыншаштың ұлдары – Хасенов Қайсар, Жұмабай, Әліхан) – тұрғылықты жері – Булаев қ., Шолпан (1983) тұрғылықты жері – Петропавл, Зәмзәгүл (1987) (Зәмзәгүлдің ұлдары Майкутов Әділбек, Дінмұхаммед) – тұрғылықты жері – Астана қ., Бақытгүл (1990) (Бақытгүлден ұл – Тұрғынбай Бекзат) – тұрғылықты жері – Петропавл қ., ұл – Самат (1985) (Саматтан. Санжар,

Әділхан). Тұрғылықты жері – Булаев қаласы.

Әнуар отбасымен 2008 ж. Лениннен Булаевқа қоныс аударады. 2018 ж. 9 сәуірде қайтыс болған. Бейіті Булаев маңында.

Ортаншы ұлы – Мейрамов Жақсылық 1948 ж. Молотов колхозында туған. 1955 ж. Ленин бастауыш мектебіне 1-сыныпқа барады. Ол кезде мектеп төртжылдық. Жоғарғы сыныптарды Сулышоқ ауылында оқиды. 1965–1967 жж. Чистовский СПТУ-да жүргізуші мамандығына оқиды. 1967–1969 жж әскери борышын Қытай шекарасы, «Дружба» станциясында өтейді. 1970 ж. 23 желтоқсанда, 58 жасында Тамандар ата қайтыс болады. Бейіті Байшілікте (Ленинде). 1970 ж. 1 мамырда Жақсылық аға, Мүлкібаева Сәуле Қазбекқызына (Ленин ауылынан) үйленіп, үш ұл, екі қыз сүйеді: ұлдар – Ержан (1975) (Ержаннан: Абзал, Айым) – тұрғылықты жері – Бескөл ауылы, Қуандық (1978) (Қуандықтан: Мирас, Диас, Әсем) – тұрғылықты жері – Алматы облысы, Әсет (1981) (Әсеттен: Алина, Рустам) – тұрғылықты жері – Алматы облысы, қыздар – Айнұр (1977) (Айнұрдан: Бағдат, Рақат, Назым) – тұрғылықты жері – Булаев қ., Жұлдыз (1979) (Жұлдыздан Мерхат) – тұрғылықты жері – Алматы облысы. Әжем Меңниса (ел ішінде Никей дейтін) осы Жақсылық ағамның қолында болады, 5 шілде 1991 ж. 66 жасында өмірден озады, бейіті Ленин ауылында. 2011 ж. 63 жасында Жақсылық аға зейнетке шығады. Өмір бойы сол Ленин ауылында машина, автобуста («хозяйка» дейтін ел ішінде) жүргізуші боп істеген. Жұбайы Мульткубаева Сәуле Писарев совхозының 3 бөлімшесі – Ленин ауылы механизаторларының аспазы болған. Ауылдан соңғы көш боп осы кісілер 2016 ж. тамыз айында Бескөлге келіп орын тебеді.

Мейрамовтар Арғын, Әнуар, Жақсылық жұбайларымен, оң жақтан бірінші тұрған күйеу бала Ахметқали Шаяхин,

екінші қатарда сол жақта Ержан Жақсылықұлы

Тамамдар мен Меңнисаның кіші ұлы Мейрамов Арғын 1951 жылы Молотов колхозында туған. 1-5 сыныптарды Ленин бастауыш мектебінде оқып, жоғары сыныптарды Булаев ауданы (қазіргі М. Жұмабаев ауданы) Сарытомар ауылында қазақ мектеп-интернатында аяқтайды. 1970-72 жылдары КомиАССР-нда әскери борышын өтейді. 1974 ж. үйленеді, жұбайы Баймұратова Майра Жаңбырбайқызы, Сергеев ауданы Приишмка совхозынан, шыққан елі Балуан ауылы, руы Керей. Ленинге келін боп түскеннен дүкенші болды. Бес қыз, бір ұл сүйеді: қыздары – Әсемгүл (1975) (Әсемгүлден қыздар – Бектұрғанова Айғаным, Әдия), Әлия (1976) (Әлиядан ұлдар – Закирьянов Елдар, Санжар), Айсана (1978) (Айсанадан ұлдар – Тулеуов Сұлтан, Дамир, Әмір, қыз – Мәриям), Динара (1980) (Динарадан ұл Муташвилли Мұхаммед), Әлфия (1989) (Әлфиядан Баграмов Нұрислам, қыз – Айзере); ұлы – Азамат (1983) (Азаматтан егіз: ұл-Арманай, қыз-Азалия). Тұрғылықты жерлері – Петропавл қ. 1978 жылдан 1991 жылға дейін «Коммунистік» партия мүшесі (парт. билет № 17354553) болды. 1981 ж. ССР Жоғары Совет Президиумының Жарлығымен «За трудовую доблесть» медалімен марапатталады. Ауылдың Гарафутдинов Меңдар, Мадыаров Фанель, Омаров Рахметолла, Туренов Аман сияқты майталман азаматтарымен қатар белсенді механизаторларының бірі болды: көктем болса, жер жырту, егін егу; жазда егінге арамшөптен арылтатын дәрі себу («ған» дейтін), шөп жинау; күзде науқан (бидай, жүгері жинау), ауыл тұрғындарын қысқы мал азығымен қамтамасыз ету; қыста мал базасында істеді. Өмір бойғы қара жұмысы осы еді. 2016 ж. 29 қаңтар айында дүниеден озды. Бейіті Булаев маңында.

Ғайып мекен

Келеміз ғұмыр кешіп екпіндетіп.,
Шама жоқтай бір мезет кідіретін.
Өткізіп ой елестен сол заманды,
Бойлаймын ғайып болған әлемге өткен.

Қалды ғой дүрия дәуір тек жадымда,
Шағын ғана ауыл-атырап, қайыңды жер!
«Естен өшіп қала ма» деп қорқамын да,
Көзден кеткен туған аймақ, Шілікті көл!

Ойдан кетсе, қала ма сол келте кезең?
Ойып алар орын таппай, оқиға боп.
Болды ма., болмады ма., Бай Шілікті ел?
Тарихтан іздейтіндей барсың кім, ей?!

Ауыл жаққа барар аяқ сиреді ғой,
Дүкен, мектеп, үйлер сәнді күйреді ғой.
Қалғаны жұртымның бір белгісі боп,
Мелшиіп меңіреу тұрған бейіт мекен...

*Бектұрғанова (Мейрамова)
Әсемгүл Арғынқызы
23.01.2018*

Мұқыжан әулеті – руы Сары

Атамыз Мұқыжан (Мұқаметжан) Құдиярұлы мен апамыз Бибіғаным Қыстаубайқызы 3 ұл және 2 қыз тәрбиелеп өсірген.

Ұлдары:

Есман (Есмұқанбет)

Амантай (Аманкелді)

Есентай (Есенкелді)

Қыздары:


Әйміш (Қайынжамал)

Айтбибі

Әйміш апамыз бен Амантай әтәйіміз ерте қайтқан 26-29 жас аралығында, тұқым қалмаған.

I.

Ең үлкені: біздің әкеміз Есман 1921 жылы 15 ақпанда туылған. 1942 жылы 1 қаңтарда 28 гв. дивизия құрамында атқыш – пулеметші ретінде 1943 жылдың тамыз айына дейін Ұлы Отан соғысында болған. Сол айда екі жерден жарақат, әрі кантузия алып Ереван госпиталінде 7 ай емделіп II-топ мүгедектігінің салдарынан елге қайтып оралған. Анамыз Қапиза Ысқаққызы (руы – Уақ, Арал-Ағаш ауылының тумасы) екеуі 1956 жылы (құжат бойынша 1958 жыл 18 сәуір) шаңырақ көтеріп: 2 ұл, 5 қыз өсірген.



Әкеміз Есман, анамыз Қапиза.

Балалық шағымыз





*Есейген
шағымыз.*



**ДЕЛЕГАЦИЯ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ УЧАСТНИКОВ
ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ. 9 МАЯ 1995 г. г. АЛМАТЫ**

Күлбарам – Ертіс



Балалары

II.

Үлкені: Мұқыжанова Күлбарам Исманқызы (анасы Бибісара Мұқашқызы атығай руынан Чапайда өскен) 1948 жылы 8 желтоқсанда туылған. Күлбарам 1971 жылы күз айында Ертіс Қондықажыұлымен (Семей жақтан, руы – Найман) тұрмыс құрып 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Бағдан 1998 жылы 27 жасында қайтып кеткен. Екінші ұлы Рахат отбасымен, үшіншісі қыз Асел отбасымен Алматыда тұрып жатыр.



Орынабек – Мина



Балалары

2. Мұқыжанова Амина Есманқызы 1953 жылы 9 қарашада туылған. 1974 жылы 17 тамызда Орынбек Бақыбайұлымен (руы – Ысты, Алматы облысы, Балатопар ауылының тумасы) тұрмыс құрып 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Жездеміз Орынбек 2000 жылы 40 жасында қайтып кетті. Өкініштісі үлкен ұлдары Алтынбекпен Болатбек жастай қайтты, тұяқ қалмады. Апамыз Амина кіші ұлы Асхаттың отбасымен, қыздары Гаухар және Алтынай отбасыларымен Алматы қаласында тұрып жатыр.



Серік – Алма

*Сабит. 2-ші қатарда
солдан оңға қарай:
Сабиттың қызы
Сабина, Сағынтай-
дың қызы Алмагүл,
ұлы Асет. Төменгі
қатарда солдан оңға:
Сабиттың ұлы
Рауан, Сағынтайдың
ұлы Жеңіс.*



3. Мұқыжанов Сағынтай Есманұлы 1959 жылы 25 желтоқсанда туылған (құжатта 1960 жыл 15 қаңтар деп жазылған). 1982 жылы 1 қаңтарда жеңгіміз Алма Айдарқызымен (руы – Атығай, Ұзынкөл ауылынан) шаңырақ көтеріп 2 ұл, 1 қыз сүйді. Өкінішке орай ағамыз Сағынтай 2002 жылы 42 жасында жүрегі тоқтап қайтып кетті. Үлкен ұлы Жеңіс, қызы Алмагүл, кіші ұлы Асет жеңгімізбен Астанада тұрып жатыр.



Серік – Алма.




Балалары-немелері

4. Мен, Мұқыжанова Алма Есманқызы 1965 жылы 24 желтоқсанда туылдым. 1984 жылы 26 мамырда Құрманбайтегі Серік Қожақанұлымен (руы-Қаңлы, Алматы облысы, Қаражота ауылының тумасы) тұрмыс құрып 3 қыз – Асем, Айгерім, Жаңылсынды тәрбиелеп өсірдік. Бәрі тұрмыста отбасыларымен Алматы қаласында және төңірегінде тұрып жатыр.



Серікбай – Гүлбану



5. Мұқыжанова Күлбану Есманқызы 1967 жылы 22 қарашада туылған. Жолдасы Кәрібайтегі Серікбай Жұмабайұлымен (руы – Уақ, Қарамұрын) өз еліміз жақта Бинәш ауылында тұрып жатыр, 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр. Үлкен ұл Мұратпен қызы Айнур отбасымен Астанада тұрады. Кіші ұлдары Құрмет қолдарында. Қоса кететінім: Серікбайдың әкесі – Жұмабай біздің Орындық апамыздан туылған Нұрбибі (Бибінұр) қыздың ұлы.



Сабит – Сания



6. Мұқыжанов Сабит Есманұлы 1969 жылы 23 қарашада туылған. 1994 жылы 26 наурызда Сания Мұқашқызымен (руы – Атығай, Петерфельд ауылынан) шаңырақ көтеріп 1 ұл, 1 қыз суйді. Ең өкініштісі бауырымыз 39 жасында 2009 жылы өмірден ерте қайтып кетті. Келініміз Қызылжарда қызы Сабина отбасымен және ұлы Рауанмен тұрып жатыр.



*Назира
немерелерімен.*



Балалары.

7. Мұқыжанова Назира Есманқызы 1972 жылы 13 мамырда туылған, қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді. Қызы Әлмира отбасымен және ұлы Ерханмен Алматыда тұрып жатыр.



II.

Әкемізден кейінгі қарындасы Айтбибі Мұқыжанқызы (Мұқаметжанқызы) 1936 жылы 20 қаңтарда туылған (құжат бойынша 1935 жыл). 1955 жылы 22 қазанда Ниға (Ниғматолла Билалұлымен (руы – Уақ, Қоскөл аулылының тумасы) тұрмыс құрып 3 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірді. Ниға жездеміз 1977 жылы 53 жасында қайтып кетті. Айтбибі апамыз 2016 жылы 80 жасында қайтты.

Үлкен ұлы Еркебұлан отбасымен елде тұрады, Булаевта. Қызы Гүлнар отбасымен Астанада тұрады. 3 қызы Гүлсара, Бибісара, Рауза отбасыларымен және 2 ұлы Мейрамбек, Сайран отбасыларымен Алматы қаласында тұрып жатыр.






Есентай әтәйім анасы Бибіганым апамызбен.

III.

Мұқыжан атамыздың кенже ұлы Есентай әтәйіміз 1944 жылы 21 сәуірде туылған. Өте дара – дана туылған ерекше жан деп санаймын. Сұлу, кербез жеңгеміз Күләш Молдабекқызымен (руы – Найман, Талдықорған жерінің тумасы) 1968 жылы Алматы қаласында шаңырақ көтеріп 1 ұл, 1 қыз сүйді.

Ұлы Қайыржан Алматыда, қызы Шынар алтындай күйеу-



Балаларымен



Үйлену тойында

баламыз Төлеубек отбасыларымен Астанада тұрып жатыр.

Еліне, туған жеріне үлкен қамқоршылық еткен әйгілі азамат Есентай әтәйіміздің өмірбаяны, еңбек жолы жайында бірнеше естеліктер жинағы жарияланған. Ел азаматы, орны ерекше тұлға, рухы биік ағамыз қай жерде болса да, жұмысы басынан асып жатса да, әрқашанда елін, туған жерін, достарын, бауырларын естен шығармаған, қамқорлық сезімін аямаған Есентай әтәйіміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп, жатсақта тұрсақта тілейміз.

Мұқыжанов Есенгелді Мұқыжанұлы

1944 жылы 25 сәуірде Солтүстік-Қазақстан облысындағы бұрынғы Булаев, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданында дүниеге келді.

17 жасынан бастап еңбекті өз өмірінің тірегіне айналдырған Есенгелді Мұқыжанұлы сүре жолдан ауытқымады. Оның еңбек кітапшасына ширек ғасырдай уақыт ішінде Петропавл заводының слесары «Алматыөнеркәсіп арнаулықұрылыс» тресінің меңгерушісі деген екі жазу ғана түскен еді.

Еңбектен қол үзбей жүріп, Қазақ политехникалық институтын, Алматы жоғарғы партия мектебін сырттай оқып бітірді.

– Құрылысшы деген құрметті мамандық қой. Еңбекке ықыласың, қажымас қайратың болса, бағыңның жанғаны – дейтін Есаған, көңілі көлдей болған кезде.

Қызылжардан Алматыға келісімен қайнаған еңбек ортасына түсіп, үй құрылысы шебері, прораб, бас инженер, трест басқарма бастығы болды. «Жалғыз ағаш орман болмайды»





дегендей, Есаған ұжымымен қоян-қолтық жұмыс істеп, ұйымдастыру қабілетін жетілдірді, қала құрылысшыларының арасынан аты әйгіленіп, жиі айтыла бастады. Осы кезде Алматы обкомының бірінші хатшысы К.Аухадиев шақырып – ауыр салада тапжылмастан жақсы еңбек етіп келеді екенсің, мұның өзі адам мінезінің орнықтылығын аңғартады. Енді кеңес қызметін істеп көр – депті. 1987

жылы Алматы қаласында жаңадан құрылған Мәскеу ауд. ат. ком төрағасы, одан соң Алматы қаласы ат. ком төрағасының орынбасары болды.

1992-1996 жылдар Алматы қаласы Калинин ауданының әкімі, Жастар ісі, Туризм және спорт министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы қызметтерін абыроймен атқарды.

Жылдам жылжыған жылдар, өткен күндердің белгісі болып, Есенгелді Мұқыжанұлының заман талабына сай ерекше иекмделгіш қабілеті бар еді.

Сондықтан болар еліміз егемендік алып, экономика нарық жүйесіне көшкен кезде Есаған да бизнеске ауысты. Оған «Сайран» автовокзалын АҚ-на айналдырып басқару ұсынылды. Жақсы, іскер басшы әрқашанда ұжымның бақыты ғой. Бұрынғы жолаушы тасу қызметін жақсартып, жұмыстың шеңберін кеңейтіп, жолаушыларға қажет түрлі қызметтің көзін ашады, табыс та ұлғаяды. Енді Республиканың облыс



орталықтарына ғана емес, көрші елдердің ірі қалаларына дейін қатынас жасайтын транспорттың жүйесі қалыптасты. Заман талабына сай меншік түрі өзгергендіктен ұжым мүшелерін, барлық жұмысшы-қызметшілерді тәрбиелеп, сабыр-

лы да, салиқалы парасаттылық таныта білді. Ол бірнеше рет Алматы қалалық мәслихатына депутат болып сайланды. Парасаттылығының арқасында қыруар қоғамдық қызмет атқарды. «Сұңқар шашып жейді, құзғын астына басып жейді» – дегендей, Есағанның елге қамқорлығы, қайырымдылығы, жомарттығы айтарлықтай ерен еді. Мысалы, Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтердің еске алу мерейтойларын өткізуге аянбай азаматтық жасады. Өзі өскен ауылына, оқыған мектебіне жыл сайын көмек көрсетіп, ағайындас ағалары Мақтай Сағдиев, Кәкімбек Салықтовтардың тойларын өткізіп, кітаптарын шығаруға да ат салысты.

Әсіресе, ұлтымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын аударып, «Пророк» атты кітабын сапалы шығаруға Есенгелді мен Мекеш Утин екеуі көп көмек жасаған еді. Есенгелді Мұқыжанұлы ғұмырының соңғы күніне дейін халықаралық «Сайран» автовокзалы акционерлік қоғамының президенті қызметін абыроймен атқарды.

Есенгелді ағама

Есен аға, ағалардың ағасы,
Дана болған, дара болған, Бес үйдің бір баласы.
Бетке ұстаған, абыроймен солтүстіктің даласын,
Қайда кеттің, тастап кеттің болашақтың қаласын.

Армандаумен өтті күнім бір өзіңдей болумен,
Көрмесем де күнде өзіңді мақтанышым болып ең.
Қайда кеттің, жұлдызым едің, жол сілтеген алысқа,
Біздер қалдық, біз есейдік, жоқтау айтып артында.

Бала күннен дәл өзіңдей болуды мен қаладым,
Ауылды тастап көшіп келдік, бір өзіңді пана қып.
Көз тиді ме, сөз тиді ме, бой бермейтін батырым,
Күшің кетіп, амалың бітіп, не істемедің жан үшін.

Әлі есімде тойға міндік, қара жаңа волғаңды,
Жетісудан қыз алдық біз, одан жаман болмадық.
Жақсы өмір сүрдің аға, елестетіп қарасам,
Мәңгілікке есіндесің, Есенім деген ел аман.

Жанат інісінен, Есік қаласы
07.2006ж.

Мустафиндер әулеті

Менің атам Мұстафа, Малтып ауылында заготовитель ауыл шаруашылығымен айналысқан қарапайым адамдар. Мұстафа атамыз 1883 жылы дүниеге келген. Ол кісіден тараған үш ағайынды Саду, Батика, Бейсен.

Біз Бейсеннен тараған ұрпақтармыз. Әкем Мұстафин Бейсен Мұстафаұлы 1913 жылы 15 қыркүйекте Шаңдақ ауылында дүниеге келген. Өз елінде участковый болып жұмыс істеді, есепші, почтальон, дүкенші болып та, әр салада қызмет жасаған.

1923 жылы 1 қазанда Еңбекші ауылында Мәліке анамыз туған. Әкесінің аты – Жапар, шешесінің аты – Айша.

1940 жылы Көкшетау қаласында мұғалімдер курсіне түскен.

1943 жылы бітіріп Еңбекші ауылында мұғалім болып жұмыс істеген.



1968 жылы 11 баланың анасы боп, менің анам «Алтын Алқа» иегері болды.

Шолпан, Маржан, Зекіш апай, Жанат, Алибай.

1945 жылы әкем анамды Көкше Шапқан колхозына алып келген, кәзіргі аты «Комсомол» деп аталады. Ата анам

11 бала тәрбиелеп, өсірді. 1947 жылы Жақсылық деген ағамыз туылып 6 жасында шетінеп кеткен.

Қалғандары құдайға шүкір, 10 бала аман. Көп балалы жан ұя болғандықтан біздерді асырап, тәрбиелеп, киіндіріп өсіру менің ата-анама оңай болған жоқ, өйткені соғыстан кейінгі ауылдың хал-жағдайы жақсы болмады. Өз күштерімен бізді, ұлдарды ұяға қондырып, қыздарды қияға ұшырды. Қазырғы уақытта бала-шағалы болып, алдымыз ата-әже болып, келесі ұрпақты тәрбиелеп отырған жайымыз бар.

Мәліке анам, Алибай баласы, Ғазідін атамыздың әйелі Разия Қаскеева.

1948 жылы 22 желтоқсанда Жақсыбай ағамыз дүниеге келді. 14-15 жасынан ағам темір жол бойында Ердеш ағамыздың қарамағында жұмыс істеп, әке-шешемізге көмек көрсетті. 1972 жылы үйленіп, Петропавл қаласына көшіп кетті. Сол қалада Ленин заводында жұмыс істеді. Бір қыз, екі ұлы бар. Қыздан екі жиен немерелерін көрді. 1995 жылы 28 желтоқсанда ағамыз дүниеден өтіп кетті.

1950 жылғы 4 қаңтарда Марал (Жанай) Комсомол ауылында дүниеге келді. Ағамыз Сұлушоқ, Сартамар ауылында бірінші сыныптан тоғызыншы сыныпқа дейін оқып бітірді. 1965 жылы Комсомолда мұғалім болып жұмыс істеді.



Марал аға

1968 жылы әскер қатарына шақырылып Ленинград қаласында әскери борышын атқарды.

1970 жылы әскерден келіп, Ленин ауылында мектепте жетекші мұғалім болады.



1973 жылы Петропавл қаласының педагогикалық институтына оқуға түседі.

1975 жылы ұйымның комсомолы хатшысы ретінде Успенкаға жіберілді.

1978 жылы Райком партия ағамды шақырып алып, жасөспірімдер милициясына қызмет етуге жіберді.

Сол жылдардан бастап ағамыздың лауазымы көтеріліп, ведомстводан тыс қауіпсіздіктің басшысы болып жұмыс істеп майор шеніне ие болады.

1997 жылы зейнеткерлікке демалысқа кетеді. Жұмысының нәтижесінде 5 рет медаль алып, қазырғы Мағжан Жұмабаев ауданында тұрып жатыр, сол ауданның «Құрметті азаматы» атағына ие.

24 жасында үйленіп, Айдай (Гүлсім) деген жеңгемізді үйге әкелді. Одан екі ұл көріп отыр – Қанат, Талғат. Талғаттан үш немере сүйеді, екі ұл бір қыз бала. Жеңгем қайтқалы 10 жыл өтті.

1952 жылы 28 қаңтарда Қамаш апам дүниеге келді. Қазырғы уақытта Омбы қаласында тұрып жатыр. Отбасы бар, зейнеткер. Екі ұл, бір қыз баласы бар. Ұлдардан төрт немере, қыздан бір жиен бала сүйді.

1954 жылы 10 ақпанда Алма дүниеге келді. Тұрмыс құрып, Смирнов ауылында тұрып жатыр, зейнеткер. Үш қыз, бір ұл көрді, екі немересі бар. Ұлы Саяттың дүниеден өткеніне он жыл болды.

1955 жылы 15 қарашада Әлібай (Ризай) дүниеге келді.

ЦСХИ-дің зоотехник факультетін үздік бітірген. Көп жылдары Солтүстік Қазақстан облысында қызмет істеген. Бір ұл бала, бір қыз баласы бар, 4 немере сүйіп отыр. 2007 жылы ағамыздан айырылып қалдық, бұл өмірмен мәңгілік қоштасты.

1958 жылы 15 наурызда Сара дүниеге келді. 1978 жылы Омбы обласына тұрмысқа шығады, осы уақытта зейнеткер бір ұлы, екі қызы бар, төрт немересі бар.

1960 жылы 14 мамырда Манар дүниеге келді. 1977 ж. Ленин орта мектебінде 10 сынып бітірді. 1978-1980 жылдары әскери қызметін Кострома қаласында атқарды. Қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданында қорғаушы болып жұмыс істеді. 1985 жылы үйленіп екі қыз, бір ұл бала дүниеге әкелді, 5 немере сүйіп отыр. Қазіргі уақытта Смирнов ауданында тұрып жатыр.

1965 жылы 12 мамырда Жанат дүниеге келді. Петропавл қаласында №2 қазақ мектеп интернатында 1-10-ға дейін үздік оқушы болып аттестатын қолына алды.

1982 жылы Қарағанды қаласындағы институттың заң факультетіне түсіп, 1987 ж. аяқтады. Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Бір ұлы, бір қызы бар. Менің ініме ризашылығым әкемнің атын жаңғыртып Бейсенов тегін алды. Қазіргі уақытта Бейменов Манат Жанатұлы Астана қаласында құрылыс компаниясының учаскок орынбасары. Жанаттың қызы Махаббат Қарағандыдағы химия факультетін бітірді. Жаңаарқа ауданында Атасу емханасында зертханада қызмет атқарады. Егіз қыздары бар: Инжу-Маржан жастары үште.

1968 жылы 29 қазанда Мариям (Майра) дүниеге келді, біздің жанұядағы ең кенже сіңлім. Ата-анамның ұлғайған кезінде туылғандағынан болар, жаратылысынан өте нәзік қыз болды.

Біз үлкен ағалары мен апалары әлпештеп, еркелетіп үлкен сүйіспеншілікпен өсірдік. Балалық шағында қызық жағдайлар болды.

Мысалы: жолда ойнап отырған кішкентай қыздың үстіне жолаушы автобус зыр етіп өте шығады, қорқып жүгіріп шыққан шофер, көйлегін қағып тұрған екі жасар қызды көріп аң-таң болады. Майра енді Возвышенка ауданында тұрып жатыр. Тұрмыс құрып бір ұл, бір қыз өсіріп отыр.

«Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас» деген деп барлығымыз өсіп, өніп жан-жаққа кетсек те, ауылымыздың жусаны мен түтүніне ешқандай жер жетпейді, себебі, біздің кіндік қанымыз тамған, қайта келмес жастық шағымыз осы Комсомол ауылында өтті.

Өзіме келетін болсам, 1963 жылы 15 ақпанда дүниеге келіппін.

1970 жылы 1 сыныптан 4 сыныққа дейін Қасенов Мажит атамыз сабақ берді. Мектеп директоры Загипаров Алимжан болатын. Ленин ауылында мектеп-интернатында жатып 5-8-ге дейін бітірдім. Есте қалған бір сәт: 19 мамырда пионерлер күніне Комсомолда ата-анамызбен дөңгелек ағаштың жанында от жағып біздерге тамақ пісіріп, ойын ойнатып, өлен айтқызатын. Оның бәрін басқарып жүретін ауылдың үлкен ағалары мен апалары. 1978-80 жылдары Қарауға орта мектебін бітіріп, Омбы қаласындағы Баранов атындағы зауытта жұмыс істедім.

1984 жылы тұрмысқа шығып, үш баланы дүниеге әкелдік. Жолдасым Баубеков Балташ 1960 жылғы.

Менде бір қыз бала – Қымбат, мемлекеттік кірістер комитетіне жұмыс істейді. Сосын екі ер бала бар – Жәнібек және Қасымхан, олар – кәсіпкерлер. Жәнібекте бір бала бар аты – Арлан.

1983 жылы әкемнің ағасы Саду атам, ағам – Маралға (Жанай) шежірені табыс еткен екен.

Біздің руымыз Арғыннан тараған Қарауылымыз.

7 ата – бабамыздың аттары.

1 атамыз – Аманай.

2 атамыз – Майлы.

3 атамыз – Тоқсамбай.

4 атамыз – Сәді.

5 атамыз – Елемес.

6 атамыз – Сепен.


7 атамыз – Мустафа.

Міне осы жеті атадан тораған жандармыз.



Ата-бабаларымыздың туып-өскен жері Байшілік ауылы. Қапардың акесі Мухамедьяр анасы Шитім Есентанырықтың зиратында жатыр. Қапар атасының үйі Рощин жақта шеткі үй Файзола, Манап, Көшпан және Мухамедьяр шет жағында тұрды. Сол көшенің үстінде төрт үй ғана болды.

Қапар атамыз 1941-1947 жылдары Ұлы Отан сығысында болып келді. Машинист болып Әскерде болды. Ода, Днепр, Днестр өзендерінде мост салып жұмыс істеді. Хамзин Шалдау, Хамзин Баянның акесімен бірге әскерде болды. Мухамедьярдың үйінде бес ұлы – Қабдолла, Қазез. Қабдрахман, Уақап, Қапар және екі қызы Уазипа, Қазиза болды. Бес ер баладан соғыстан Қапар ұлы ғана аман-есен қайтты. Ол поляк қызымен тұрмыс құрып, Польшада қалды. 1947 жылы Мұраш аталарымыз Қапар атаға хат жазды. Қапар атамыз Польшада екі баланы және әйелін қалдырып, Қазақстанға келді. Балқия женгейді Қабдолладан қалған екі баламен (Сара және Ақбай) алды. Қапар үйінде бала тұрмай, екі ер бала екі қыз бала екі жылға толмай қайтты. Қапар ата түс кө-



ріп түсінде ақсақал кісі айтыпты «Қоныс аудар, ұл бала туады және оған соғыстан хабарсыз кеткен Темірболат нағашының атын қой», дейді. Қапар 1955-1961 ж.ж. Сартомар селосына көшіп Балқия екі ұлды – 1955 жылы Темірболат, 1957 жылы Абылай және 1960 жылы Жұмабикені туып, ол алты айында қайтып кетті. 1961 жылы Қапар төрт баламен Ленин селосына қайтадан көшіп келді. 1957 жылы Темірболат нағашы Польшадан аман-есен келді. Бір отбасында екі Темірболат болмау үшін Қапардың ұлына Балқия

әжеміз «Темат» деп ат қойды.

Қапар атамыз Ленин, Комсомолда 1961-1976 жылдар Фуружир және қырман меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1977 жылы Успенка селосына көшіп кетті. Алпыс жасында пенсияға шығып, алпыс үш жасында қайтыс болды. 1984 жылы қайтыс болып, Есен танырықтың зиратында жатыр.



Мүлкібаевтар әулеті



Мүлкібай ұлы Қазбек

10.05.1917 ж., Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Байшілік (Ленин) ауылында дүниеге келген. Руы – Сары. Әкеміз 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, 2-ленинградтық соғыстан жарақат алып, Жапон еліне дейін жетіп, содан 1947 жылы елге оралған.

Анамыз Нағима Малғождар 06.10.1926 жылы Қызылту елінде дүниеге келген.

Анамыз екеуі қосылып 2 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, 26 немере ерткен.

Әкеміз елге еңбегін сіңірген, соғыс, еңбек ардагері, ауыл шаруашылығында егін егіп, мал өсіріп, өз үлесін қосқан. Анамыз да отбасында ғана отырмай,

әкемізге барынша қолғабысын берді.

Әкеміз 1987 жылы, 23 қаңтарда дүниеден өтті.

Анамыз 2006 жылы 2 тамызда дүниеден өтті.





Мүлкібай Қазбек ұрпақтары

Қарлығаш – Алматы қаласынан ЖенПИ-ды үздік бітіріп, еңбегін М.Жұмабаев ауданы Колос колхозы (Новотроецкое) кеңесінде аға-экономист болып бастап, Чечняға көшкесін аудандық әкім дәрежесіне дейін көтерілді.

Суретте: Қарлығаш, Рухман жездеміз. Грозный қаласы. Ата-анамыз қонаққа барғанда. Апа-жездеміз дүниеге 2 ұл, 3 қыз әкеліп, өсіріп, жеткізді. 1998 жылы Қарлығаш дүниеден өтті.

Сәуле – ауылда аспазшы болып, асхана меңгерушісі болып зейнетке шықты.

Сәуле тәтеміз, Жақсылық жездеміз ел тұрғындары 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, жеткізіп, ардақты – ата, аяулы – әже болып бүгінгі күні Бескөл елінде тұрып жатыр. 11 немере, 1 шөбере сүйіп жатыр.

Зауре тігінші болып еңбегін бастап Көкшетау қала-





сында есепші болып зейнетке шықты.

Зауре мен Төлеген жездеміз 2 ұл өсіріп жеткізіп, 3 немере сүйіп отыр. 2013 жылы қаңтар айында дүниеден өтті.

Қалқаман – ауыл шаруашылығында механик болып, одан ел басқарып, еліне еңбегін сіңіріп, бас инженерден зейнетке шықты. Қалқаман ағамыз бен Зүбәржан татеміз үш ұл және қыз дүниеге әкеліп, немерелер сүйді. 29 қаңтар 2018 жылы дүниеден өтті.



Дәмелі – Қызылжар қаласының пед-институтын бітіріп, физико-математика пәнінен мұғалім болып елден бастап, молодежный мектебінен зейнетке шықты.



1 қыз, 1 ұлынан – 2 немере сүйіп отыр.

Ұлтай – Возвышен ау-

дандық ауруханасында еңбек етіп жүр.

1 ұлы мен 1 қызынан 4 немере сүйіп отыр.

Ляззат – Қызылжар қаласының есеп – шотты техникумын тамамдап елде бөлімшеде бухгалтер болып еңбек етті.



Ляззат пен Қанапия үш қызымен

Елубай – агроном мамандығын алып, Возвышен ішкі – істер бөлімінде жұмыс бастап, құрылысшы болды, қазір жеке кәсіпкер болып еңбек етіп жүр.



Елубайдың 2 ұл, 1 қызы, 3 немересі бар. Балаларының тойында

Сауле, Зауре, Елубай, Дамелі, Қалқаман, Ләззат, Ұлтай.

Елге барып, әке – шешемізге дұға істеп, құран оқытқан сурет.



Найманбаевтар әулеті

Айтмұханбет (Дойман) мен әжеміз Жұмабикеден (Шарбаннан) – жалғыз ұл Файзолла 14 құрсақтан қалған екен.

Найманбаев Файзолла 30 жылға жуық бастауыш сыныптардың мұғалімі болды.

Бірнеше шәкірттері әр салада қызмет істейді. Әкемізді құрметтеп, жақсы ниетпен еске алып, алғыстарын айтады. Өттең өмірі қысқа болып, 49 жасында өмірден озды.

Артында екі ұл және бес қыз қалған еді. Алма деген сіңлім 31 жасында қайтыс болды. Бір ұл, бір қыз – Гүлзада мен Азамат қалды. Жолдасы Жомарт оларды тәрбиелеп өсіріп, оқытып, қазір немере – жиен сүйіп өмір сүріп жатыр.

Үлкен ұлы Қайрат, 50 жасқа міне-міне жетем деп жүргенде дүниеден өтті. Артында екі қыз бар. Үлкен қызы Найманбаева Эльмира – журналист Нұр-Сұлтанда телевидениеде істейді. Екіншісі – Жанна да Нұр-Сұлтанда жұмысы бар

Қыздардың ең үлкені – мен Найманбаева Бақыт Файзоллақызымын. 47 жыл білім саласында әке жолымен ұстаздық қызмет атқардым. Жолдасым Жексенбай Қапенев Дүйсеке ауылынан. Бір ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірдік. Үлкен қызым Жәния – сатушы қазіргі өмір талабына сәйкес базарда. Екі қызын өсіріп жатыр. Үлкені Айжан – студент. СҚМУ-де 3-ші курста журналистика факультетінде. Екіншісі биыл мектеп бітіреді

Інім Талғат 30-ға да толмай о дүниелік болды. Артында ұрпақ қалмады. Келіншегі мұғалім, Манар араласып тұрады

Жалғыз ұлым Амангелді 37 жасында дүние салды. Осыдан жаман қайғы жоқ екен. Қолы шебер, жиһаз жасайтын.



Артында әйтеуір Тамерлан атты жалғыз ұлы қалды. Үздік оқиды, спорт шебері, бірнеше медаль иегері. Алла қаласа 15-ке толады

Екінші қызым – Жәмила. Қалалық білім бөлімінде – экономист. Жолдасы Қайрат – жүргізуші. Үш ұл тәрбиелеп өсіріп жатыр.

Балаларымның кішісі – Әлия атты қызымнан осыдан 7 жыл бұрын қапыда айырылып қалдық. Артында екі қыз қалды.

Үлкені – Аделя студент. СҚМУ-де екінші курста. Журналистика факультетінде оқиды. Екіншісі Әселя 4 сыныпта оқиды. Екеуі де маған қолқанат. Өзімнің қамқорлығымда.

Кейінгі сіңділерім де өз отбастарымен өмір сүріп жатыр.

Өзімен кейінгі сіңлім – Алтын. Әке жолын қуып, ұстаздық қызметті 15 жылдай атқарды. Кейіннен Департамент әлеуметтік қамтуға қызмет істеп зейнеткерлікке жазда шыққан. Бірақ әлі жұмысын жалғастырып жатыр. Жалғыз ұлы Бауыржан – заңгер. Жолдасы өмірден ерте кетті.





Омаровтар әулеті

Омаров Қарап 06.05.1917 ж. Комсомол ауылы, Булаев ауданы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Руы – Атығай, Қарауыл. Төрт жылдық білімі бар, еңбекке ерте араласқан. Әкеміз 1939 жылы әскери міндетін атқаруға аттанады. Содан Ұлы Отан соғысына қатысып, 1946 жылы елге оралады. Тракторшы, ұста болып еңбек етіп, 1983 жылдың 1 тамызында 66 жасында дүние салды. 1948 жылы үйленіп (Қайдарқызы Бағила Чапаев ауылының тумасы) ұлы Рахметолла 20.05.1949 ж.т.. Механизатор болып істеген, бір ұлы бар. Бескөл ауылында тұрады. Бағила Қайдарқызы қайтыс болғасын, Әкеміз біздің анамызға Ахметова Тамараға (Тұрсын) 1950 жылы екінші рет үйленеді. 30.12.1951 ж., Рабиға атты қызы дүниеге келеді. Рабиға – Рауль Тағырұлымен 24.08.1973 ж., тұрмыс құрды. Қара Қоға елінде Элеваторда есепші қызметін атқарып, 4 баланың анасы болды. Қазір 5 немере сүйіп отыр, зейнеткер. Нығметолланың Арман есімді ұлы бар. Раушан – қызы. Зейнеткер. Ұлы Серғали үйленіп 2 ұл, 2 немере сүйіп отыр. Айтолла – ұлы. Қайыргелді – ұлы. Аудандық Орман шаруашылығында механизатор болып еңбек етеді. Нұрлан – ұлы, Күзет фирмасында еңбек етеді. Амангүл – қызы. Үй шаруасында.

Омар Сапиолла әулеті



Омар Сапиолла (Сапи), 1912 жылы тамыз айының 15 жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы, Бұлаев ауданы, Комсомол ауылында дүниеге келген. Руы – Атығай, Қараауыл (шешесі Қайса). 1929 жылы бастауыш мектепте 7 жыл білім алған. 1933 жылы Петропавл қаласының педагогикалық техникумын бітіріп 1933-1934 жылдары Қарағанды облысы Ақсу бастауыш мектебінде, 1934-1939 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Полудин бастауыш мектебінде мұға-

лім қызметін атқарды.

1935 жылы Ақлима (1914 жылғы, Абдрахман қызы, Ворошилов ауылының тумасы) әжемізбен шаңырақ құрып 1936 жылдың 15 желтоқсанында Мәлғаждар (Мақу) әкеміз туған.

1939 жылы әскер қатарына шақырылып 1941 жылдың тамыз айынан бастап Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1942 жылы офицер курсынан өтіп лейтенант шені беріліп взвод командирі болып тағайындалған. 1942-1944 жылдары «Волховский», 1944-1945 жылдары «Карелский», 1945 жылы «Дальневосточный» фронттарында қан-майда отанды қорғап 1946 жылдың тамызында елге оралды. Соғысты рота командирінің көмекшісі лауазымында аяқтап ерлігі үшін «Красной Звезды» Орденімен және «За боевые заслуги», «За Победу над Германией», «За Победу над Японией» медалдарымен марапатталды.

1949-1957 жылдары «Комсомол» колхозының төрағасының орынбасары, содан соң төрағасы (Председатель колхоза) болып қызмет жасады. 1957 жылы Первомайский, Успенский сельсоветінің төрағасы қызметін атқарып,

1960 жылы Молодежный совхозының басқармасы болып тағайындалып зейнетке шыққанша жауапты лауазымдарда адал қызымет жасады.

1943 жылы фашист оғының астында Компартия мүшесіне қабылданған атамыз өз заманына сай партияға өте қатты берілгенімен ғана есте қалған жоқ, алайда өзіне қойылған жауапкершілікті адал атқарып, бар жігерін халқына, отанына, балаларын тәрбиелеп жетілдіруге бүгінгі бізге арнағаны үлкен тәжірибе.

Сапи атамыз зейнетке шыққаннан соң да, совхоз активінің құрметті мүшесі болды. Мектеп табалдырықтарының әрдайым сыйлы қонағы болып, оқушылармен кездесіп, өткерген істерімен ұрпаққа өнеге болды. Атамыздың далада ойнап жүрген балаларды «тип-тип» деп шақырып алып мәмпәси кәмпитін беретіні әлі де ел аузында. Сапи атамыз бен Ақлима әжеміз 3 бала сүйген. 1952 жылы Аманжол ағамыз туған, 1954 жылы туған ағамыз Есілбай сәби жасында қызылша ауыруына шалдығып қайтыс болды. Ақлима әжеміз о дүниеге кеткен соң атамыз үлкен баласы Мәку мен келіні Мархабаның қолында болып, 10 немере, 4 шөберенің қызығын көріп 1986 жылы 74 жасында өмірден өтті.

Комсомол ауылының тумасы нағашымыз Бейсен Шәріп ұлы үш бауырын майданға аттандырып «бронь» бойынша әскерден қалдырылып елде басшы болып тағайындалып, соғыстың жеңіспен аяқталуына зор еңбек жасағаны халыққа мәлім. Үкімет еңбегін ақтап, соғыс біткен соң Бейсен нағашымыз Мәскеуге шақырылып, Всесоюзный Староста М.И. Калинин өз қолымен кеудесіне «Отечественная война» Орденин тақты.

Адмагершіліктеріне сай соғыс кезінде ауылға жүк көлігіне тиіп әкелген жетім балаларды ұлы атамыз Омар мен нағашымыз Бейсен бауырларына басып өз жанұясына қосып алғандардың бірі болған. Сол балалар ер жетіп бүгінгі күні шөберелері арамызда жүр.

Все графы заполнять полностью

НАГРАДНОЙ ЛИСТ

1. Фамилия, имя и отчество: Федоров Вит
2. Звание: Лейтенант 3. Должность, часть: Командир взвода
212 отд. роты 66425 150 ур.
- Представляется к: Медалью "за боевые заслуги"
4. Год рождения: 1912 5. Национальность: Узбек 6. Партийность: Член ВКП(б)
7. Участие в гражданской войне, последующих боевых действиях по защите СССР и отечественной войне (где, когда): Восточный фронт, с 1. июля 1942
8. Имеет ли ранения и контузии в отечественной войне: Не имеет.
9. С какого времени в Красной Армии: сентябрь 1939 г. 10. Каким РВК призван: Белая-Сельский РВК Бельера-Нарзатской обл. КССР.
11. Чем ранее награжден (за какие отличия): Не имеет.
12. Постоянный домашний адрес представляемого к награждению и адрес его семьи: "

Д Л Я П О Д Ш И В К И

I. Краткое, конкретное изложение личного боевого подвига или заслуг

Работал по укреплению переднего края обороны в районе 334 отряд с группой бойцов 50 чел. Работу организовал среди бойцов, которые работали по 16-18 часов в сутки. Выполнил нормы на 200-300%. Работал за колючую проволоку и арте-жиронид и тучи и тучи огня противника, работу не оставил. Работал в 200-300 метров от переднего края противника организовал также для стрелков, которые доставлял материал. Находясь все время в бою, своим личным примером показывал пример другим, мобилировал бойцов в работе и мобилировал их на выполнение своих обязанностей. Работа была выполнена в срок, по качеству "хорошо".

За это время, выполняете и самостоятельную работу, ходите с собой награжденный т. Федоров Витя - Лейтенант награжден Медалью "за боевые заслуги"

Командир (начальник): Командир 212 взв
лейтенант Федоров Вит
(звание)

Военный комиссар: Дубинин Вит
(звание)

В. Шко 1942







Әкеміз Омаров Мәл-гаждар (Мәку) Сапиолла ұлы (шешесі Ақлима) 1936 жылы 12-ші желтоқсанда Комсомол ауылында туған. Руы – Атығай, Қарауыл. 8 жылдық білімді Петропавл қаласының бастауыш мектебінде ал-

ған (қазір Қожаберген жырау атындағы № 6 мектеп). 1958 жылы шешеміз Мархаба Бейсен қызымен (туған жылы 1941 жыл 10 қаңтар) шаңырақ құрып, ауыл шаруашылығында механизатор болып қызмет жасады. Комсомол ауылында 1959 жылы Шолпан, 1961 жылы Айман және 1963 жылы Құралай қыздары туды. 1964 жылы Мәку әкеміз жанұясымен Ленин ауылына көш аударды. Осы ауылда 1967 жылы Бекежан, 1969 жылы Ержан, 1973 жылы Нұржан көпей ұлы туды. Әкеміздің еңбекке тиянақтылығын көрген Успенский совхоз басшысы 1982 жылы жаңа үй беріп, орталыққа көшіріп алды. Успенка селосында Т-40 тракторымен сварщик қызметін атқарып, Одақ заманында отанға миллиард пұд дән тапсыруға үлес қосты. Еңбегі үшін әр-түрлі марапаттарға ие болды. Зейнетке шыққанда совхоз басшылары өзара шешім қабылдап әкемізге өзі қызмет жасаған Т-40 арғымағын сыйға тартты.

Өкінішке орай, әкеміз Мәку 64 жасында 2001 жылы қайтыс болды.

Өмірлік серігі шешеміз Мархаба бүгінгі күні 5 баласына 15 немересіне 10 шөбересіне пана болып, Петропавл қаласында үлкен шаңырақ көтеріп отыр.



Ата-әжелерінің, әке-шешелерінің өнегесімен өсіп ұрпақтары да шаңырақ құрып, жауапты қызметтер атқарып, адал еңбек сіңіріп, алды зейнетке шығып отыр.

Омаров Ержан Мәку ұлы полицияда 25 жылдан артық қызмет атқарып, зейнетке шыққанмен шаруашылық қожалығында күні бүгінде еңбектенуде.

Омаров Нұржан Мәку ұлы әскердегі борышын өтеп келген соң ішкі істер органдарында сержант шенінен қызметін бастап Петропавл қалалық полиция

басқармасында анықтау бөлімінің бастығы қызметінен, облыстық полиция департаментінің бөлімше бастығының лауазымынан, подполковник шенімен зейнетке шықты. Нұржан өз еңбекқорлығымен, үздік білімімен басшылардың көзіне түсіп, жауапты лауазымдарға тағайындалды. Жасаған еңбегіне сай, көп рет марапатталды, оның ішінде бағалы сыйлықтар, ведомстволық наградалар, құқық қорғау органының үздігі төсбелгісіне де ие болды.

Омаров Бекежан Мәкуұлының баласы Мереке мен Ержанның баласы Мирас әулет үрдісін жалғастырып полиция органында қызмет жасап жүр.

Мәку Сапи ұлының әулеті:

Омаров Нұржан Мәкуұлы, 1973 ж.т. Ленин ауылы тумасы, полиция органының ардагері, зейнеткер. Жұбайы –

(Кутенова) Салтанат, 1974 ж.т. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Балалары; Думан, 2002 ж.т. Алтын, 2008 ж.т.

Тұрақты жерлері Петропавл қаласы.

Бақтыбаева Шолпан Мәукеқызы, 1959 ж.т. Комсомол ауылының тумасы, Бұлаев қаласында әр салада еңбектеніп зейнетке шықты. Жұбайы – Бақтыбаев Айтолла, 1960 ж.т. Бұлаев қаласында жүргізуші болып жұмыс істеп жүріп ауырып қайтыс болды. Бұлаев қаласының тумасы, руы Қара ауыл – Байқошқар.

Балалары: Айман, 1983 ж.т. Айнагүл, 1984 ж.т. Әсемгүл, 1988 ж.т.

Немерелері: Алдияр, Мансур, Мерей.

Тұрақты жерлері – Петропавл қаласы.

Күлтаева Айман Мәукеқызы, 1961 ж.т. Комсомол ауылының тумасы, Ресей аумағында және Петропавл қаласында әр салада еңбектеніп, зейнетке шықты. Жұбайы – Күлтаев Жолаушы Әлімжан ұлы, 1959 ж.т. Ресей, Есіккөл ауданы, Бақабас ауылының тумасы, руы Қарауыл.

Балалары: Руслан, 1982 ж.т. Айгүл, 1983 ж.т. Данияр, 1989 ж.т.

Немерелері: Алдияр, Рахат, Самира, Нарғиза, Сұлтана, Айша, Ислам.

Тұратын жерлері – Петропавл қаласы.

Садықова Құралай Мәукеқызы, 25.11.1963 ж.т. Комсомол ауылының тумасы. Жұбайы – Садықов Жұмағали Сәбит ұлы, 02.01.1964 ж.т. СҚО, Жамбыл ауданы, Жалтырша ауылы тумасы. руы – Уақ – Бидалы, полиция органының ардагері, зейнеткер.

Балалары: Азамат, 13.02.1987 ж.т., Асем, 13.09.1989 ж.т.

Тұратын жерлері – Петропавл қаласы.



Омаров Бекежан Мәку ұлы,
1967 ж.т. Ленин ауылы тумасы, қайтыс болды. Жұбайы –
(Күлтаева) Ғалия, Ресей, Есіккөл ауданы, Бақабас ауылы-
ның тумасы, руы Қарауыл.

Балалары: Жұлдыз, 1983 ж.т. Мереке, 1992 ж.т.

Немерелері: Адель, Алишер.

Тұратын жерлері – Петропавл қаласы.

Омаров Ержан Мәкуұлы, 1969 ж.т., Ленин ауылы тумасы,
полицияның органының ардагері, зейнеткер. Жұбайы –
(Ахметова) Айгүл, 1970 ж.т. Халық банкі қызметкері.

Балалары; Мирас, Диас.

Тұратын жерлері – Бұлаев қаласы.

Өтеевтар әулеті

Кіндік қанымыз тамған жерді өзіміз өңдемей, өзге елден неге бақыт іздейміз? Ата-бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған, қаны төгілген, ұрпақ сүйіп, тамыр жайылған құтты жерінен – ауылдан бәріміз неге кеттік? «Ит – тойған жеріне, ер – туған жеріне» дейді халқымыз. Жердің қаситіне түсінбейтін деңгейге жеттік. Ауыл мұқтажына көңіл бөлу-оқыған, тоқыған, қолында билігі, қаражаты бар азаматтардың перзенттік парызы.

Сен де кеттің ауылдан,
Мен де кеттім ауылдан,
Ол да кетті ауылдан,
Осынымыз ұят болды-ау,
Ұят болды-ау қауымнан!

Момын жұрттың арқа сүйер азаматы біз едік...
Күте-күте, көзі талып, күн сарғайып батқандай.
Зират екеш зираттарда бізді жақтап жатқандай.
Момын жұрттың арқа сүйер азаматы біз едік!
Жеке-жеке бақыт іздеп, жеке өмір түзедік.

Жетер енді! Туған жердің топырағына тізе бүк!
деген Мұқағали Мақатаевтың тамаша өлеңі еске түседі. Шетте оқып, білім алған соң ата-мекенімізге оралып, туған ауылымызды көркейтуге жарасақ нұр үстіне нұр болар еді! Бірігіп, бірлікпен еңбек етсек халқымыз бірден көшпес еді. Ауылдың болашағы жоқ деген соң бірінен-бірі қалыспай үдере көшті...

... Сөйтіп «Байшілік» ауылы да жойылды.

Аймұқан Өтеуұлы Өтеев 05.09.1925 ж.т., Солтүстік Қазақстан облысы бұрынғы Совет ауданына қарасты Теңелдік ауылында дүниеге келген. 1942 жылы соғысқа аттанып, 297 артиллерия дивизиясында атқыштар қатарында болып, Бе-



лоруссияны азат етуге қатысқан. 1943 жылдың соңында Тбилисиде аяғынан жараланып операция жасатады. Жеңіс күндерін госпитальда қарсы алған. Жастайынан алғыр болған 7 сыныптық білімнен соң бухгалтерлік мамандыққа оқыған. Ешкімнен қаймықпайтын, тура сөйлеп тек шындықты айтатын ата, елі үшін аянбай еңбек еткен, халқына пайдасын тигізіп «еңбек түбінің – зейнет» екенін жақсы түсінген. 1951 жылы

Мәриям Елкеқызымен отау көтеріп бес ұл бір қыз тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздары бәрі өмірден өз орындарын тауып, елімізге елеулі халқымызға қалаулы азаматтар болып өз жанұяларымен бақытты ғұмыр кешуде. Атамыз бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, Ұлы Отан соғысына 20 жыл, Ұлы Отан соғысына 30, Ұлы Отан соғысына 40, Ұлы Отан соғысына 60 жыл, КСРО қарулы күштеріне 60 жыл, КСРО қарулы күштеріне 70 жыл. Соғыс ардагері 1941-1945ж. Медальдарымен марапатталған. Жыл сайын оқушылар мектепке кездесу іс-шараларына шақырып, аудан, кеңшар басшылары сыйлық табыстап атамызды қуантатын. 1974 жылы Ленин ауылынан Сарытомар ауылына көшіп келді. Атамызды бас бухгалтер қызметіне шақырған соң және ағасы Мадияр Өтеев бірге болайық, бір ауылда тұрайық деген соң қоныс аударған. Атамыз лауазымды қызметін абыроймен атқарып, ауылдастармен басшылардың алғысына бөленіп назарында болды. Бәрі атамызды құрметпен Айеке дейтін. Атамыз немереден шөбере сүйіп арманына жеткен. Осы өмірге осындай заманға жеткізген Аллаға шүкір тәуба деп отыратын. Атамыз 2002 жылдың 6 ақпанында өмірден өтті.

Рахымжановтар әулеті

Атамыздың аты Рахымжан, әжеміздің аты Қанша. Рахымжан мен Ажемнен: Ахметжан, Мағрипа деген екі бала дүниеге келеді. Атамыз қайтыс болғаннан кейін, әжемізді ағасына қосып, олардан Қалиолла, Нығметжан есімді екі ұл дүниеге келеді. Әкесі қайтыс болғанда Ахметжан 9 жаста Қалиолла 6 жаста Нығметжан 3 жаста болған.

Әжем үш ұлын өзі бағып өсірген. Тәтелері Мағрипа ауырып қайтыс болады. Үшеуі бірін-бірі сүйемелдеп, көмектеседі. Папам Ахметжан 6 жыл әскерде болып, еліне аман есен оралғасын, шешеміз Ғайнижамалға үйленеді. Кішкентай кездерінде бесікте жатқанда аттастырып қойса керек. Әжем ауылда нан пісіріп, шешем лабогрейкеде істеген, кейін көрші ауылда сүт жинап сатқан. Әкем 8 классты бітірген.

Шешеміз 4 классты бітірген, әкеміз мал емдеуге бейім болып, кейіннен мал дәрігері болып жұмыс атқарады. Әке-ше-





шеміз осы ауылда туып өскеннен кейін, жалғыз үй болып ауылда көп жылдар тұрды. Жеті баланы дүниеге әкеліп, өсіріп жеткізді. Балаларын оқытып, жақсы білім берді. Балаларының бәрінің отбастары бар. Әкемнің екі інісі оқу орындарында оқып, Қарағанды қаласына көшіп кетіп, шахтада жұмыс атқарды. Әкем шешесінің жанында ауылда қалды.



Қалиоллада бес бала, Нығметжанда үш бала дүниеге келді. Әке шешем жеті баланы өсіріп жеткізіп, тату тәтті өмір сүрді. Балалар өте бауырмал болып өстік. Ұдайы бір бірімізді іздеп тұрамыз. Папам Ғайнижамал менің бастығым деп, еркелетіп отыратын.



Ауылдан бәрі көшіп кеткесін, біздің үй жалғыз өзі он жыл тұрды. Ешқандай қиыншылық көрмедік. Су, монша, телефон бәрі болды. Дойный гурт ауылға көктемде келіп, күзде бірақ кететін. Папам доярқаларды

қонақ қылып жіберетін. Қаладан жаяу келе жатқандар біздің үйге келіп, папам оларды Ленинге апарып тастайтын. Қыс па жаз ба, ешкімнің көңілін қалтырмайтын. Ат жегуді, шай жасаулы тұратын.



Сағындықовтар әулеті

Сатыбалды Бейсенұлы Сағындықов (20.12.1928-1990) 1957 ж., Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы Комсомол ауылында Шаханова Сабирә (Сапкен) Қостанқызымен отбасын құрды.

Алғашқы жұмысы Қаскеев Қазездің жүргізушісі болып еңбек етті. «Шопырлық – қызығы да шыжығы да бар мамандық. Автокөліктің бұзылып не болмаса батпаққа батып жолда қалғаннан жаманы жоқ. Ал автокөліктің зырлап жүріп тұрса, бұл мамандықты жақсы көрген адам автокөліктен еш уақытта ажыраспайды. Бапты мол қажет ететін техниканы тоқтаусыз жүргізіп тұру шофердің



өз қолында...

– Ұсталық құрған жылдар ішінде қолымнан шыққан өнімнен ақау кездесіп көрген емес, күн сайын ұстаханаға ондаған тапсырыс келіп түседі. Сонымен бірге қаңылтыршы



мамандығын үйренуіме тура келді. Ауыл ішіне қалақша, табаұстауыш, көсеу, кәкпір, айыр, шана, су тасыйтын арба, тіпті аң аулайтын бір ауызды мылтық істедім.

– Ағаштан да түрлі жиназдар жасадым» – деуші еді әкем.

Әкемнің музыка өнерінен де хабары бар еді. Домбырада, сырнайда, гитарада еркін ойнады. Кейінгі жылдары механизатор, камбайнер, бригадир көмекшісі болып зейнетке шықты. Жеті бала тәрбиелеп өсірді.

Алты ұл және бір қыз.



Ғалым – 1959 ж.т., Возвышенка елді мекенінде тұрады. К-700 басқарып, механизатор болып жұмыс атқарып, қазір зейнетте. Жұбайы Құсни. Бір ұл және бір қыз тәрбиелеп өсірді. Ұлы – Ералы, қызы – Самал.

Ғайни – 1961 ж.т., Петропавл қаласында тұрады. Жұбайы Сыздықов Нұржанменен, Айдос, Жандос есімді екі ұлдарын өсіріп жеткізді. Өзі Петропавлда медбике болып еңбек етеді.



Қанапия – 1963 ж.т., Байшілік ауылында 23 жыл тұрып, қазір Қызылжар қаласында тұрып жатыр. Жұбайы Ләззәт екеуі; Саягүл, Гүлден, Еркегүл есімді үш қызды өсіріп жеткізді. Бүгінгі күні Қызылжардағы Сафин Камил атындағы спорт мектебінде электір маманы – қызметін атқарады.

Ербол-1965 ж.т., Степногор қаласында тұрады. Жұбайы Райханменен, Арай, Раушан есімді екі қызды өсіріп жеткізді.



Өзі 20 жылдан артық шахтада қызмет жасады.

Арғын – 1969 ж.т., Қызылжар қаласының Ішкі Істер бөлімінде 20 жылдан артық қызмет жасады. 2007 жылы қайтыс болды. Жұбайы Сауле. Артында; Азамат және Әсем есімді ұл мен қызы бар.

Ертарғын – 1972 ж.т., Байшілік елінде 12 жыл тұрып қазіргі кезде Қызылжар қаласындағы Барки кентіндегі колледжде ұстаздық қызмет жасайды. Жұбайы Гульмира екеуі қызы Айгерім мен ұлы Әділді өсіріп жеткізді.

2005 жылы 5 маусымда Сабира апамыздың 70 жасқа толған тойын тойладық.

Немерелері: Ералы, Самал, Айдос, Жандос, Саягүл, Гүлден, Еркегүл, Арай, Раушан, Айгерім, Әділ, Азамат, Әсем.

Шөберелері: Аяулым, Арайлым, Айсұлтан, Амина, Амир, Қуаныш, Тамирлан, Алишер, Адия, Нұрай, Амирлан.

Ералы, Самал, Айдос, Жандос, Саягүл, Гүлден, Еркегүл, Арай, Раушан, Айгерім,





Сарсенбаевтар әулеті

Сарсенбаев Төлеген Сарсенбайұлы 1911 жылы Көкшетау облысы, Зеренді ауданындағы Қошқарбай ауылында туылған, руы Орта жүз ішінде Арғын, Қарауыл. Төлеген атамның әжесі 112 жасқа келсе де, атқа өзі салт мініп-түсетін, көзілдіріксіз ине сабақтайтын адам болған екен. Ал әкесі Сәрсенбай домбырашы, палуан болыпты. Өзі тапал бойлы, жұқа адам болса да, күресте көрші ауылдардың жігіттерінен жеңіліп көрмепті.



Төлегеннің Кәрібай атты інісі 1956 жылы ауырып қайтыс болған.



1920-1922 жылдары Қарауыл руының адамдары отбасыларымен Ұзынкөл, Бастомар, Тамановский кеңшары маңына көшіп келген. Олармен бірге Төлеген

атамның ата-анасы да қоныс аударған. Ол кісілердің зираты Ұзынкөлдің жанындағы Қоскөл ауылында. Көлдерді жағалай отырып, біртіндеп қазіргі Мағжан Жұмабаев (бұрынғы Булаев ауданы) Қоскөл, Комсомолға (бұрынғы атауы – Көк-



пешапқан) дейін келген. Комсомол ауылында шымнан жасалған үйде тұрып, 1959 жылы Ленин ауылына көшкен.

Төлеген атаның зайыбы Мәрияш апа жібек мінезді, момын адам болған, науқастанып, 1951 жылы қайтқан. Балалары анасыз өспесін деп, Төлеген ата 1952 жылы Разия Нұрғазықызына (елде Рашке апа деп атаған, 1916–1974 жылдары өмір сүрген) үйленген. Рашке әжем де 1974 жылы ауырып, қайтыс болды.

Төлегеннен Қадыржан, Қымбат, Мәдинә, Сабыржан, Жоламан, Шолпан тараған.

Төлеген атам – Ұлы Отан соғысының ардагері. Мағжан Жұмабаев ауданы архивтері деректері бойынша әскери анты 1941 жылғы 22 ақпанда қабылдап, сол жылдың шілдесінде 110-шы ерекше атқыштар полкі құрамына соғысқа шақырылған. 1941 жылғы шілде – 1942 жылғы шілде аралығында Солтүстік-Батыс майданының құрамына енген Сталинградты қорғау шайқасына қатысқан 310-шы атқыштар дивизиясының жауынгері. 1942 жылы тамыз айында басынан жарақатанып, К1748 нөмірлі эвакогоспитальге түскен. 1943 жылы



«синдром коммоционно-контузионный» диагнозімен соғысқа жарамсыз деп анықталып, елге оралған. «Сталинградты қорғау үшін», «Соғыс ардагері» деген медальдары, 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен XX жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.



1943 – 1947 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысының Қантай ауылында басқарма болып қызмет етті. Кейінгі жылдары Комсомолда заправщик болып жұмыс істеген, Успенкадан солярканы атпен 200 литрлік бөшкемен тасиды екен. Лениннің жанында 1, 5 шақырым шамасында бригада болған, ауыл тұрғындары көбі сонда түнгі сағат он екі-бірге дейін жұмыс атқарған. Төлеген ата бригадир ретінде ерте тұрып, қаңылтыр легенді қағып, бәрін жұмыс істеуге оятады екен. Төлеген



ата ауыл шаруашылығы саласында (малшы, бригадир, обьезщик) еңбек етіп, 1971 жылы зейнетке шықты.

Атам мен сегізінші сынып оқып жүрген жылы ауырып, жатып қалды. Көп уақыт өтпей, 1976 жылдың мамыр айында 65 жасында дүниеден өтті.

Әкем Қадыржан атам Төлегеннің тұңғышы болғандықтан, (ол заманда солай еді ғой) біздің отбасымыз ата, әжемен бір үйде тұрдық.

Мен (Төлегеннің немересі Тыйыштықтың естелігі) ес біле бастаған шақта атамның жасы алпыстан асса да, бойы сұңғақ, өте тың болатын. Үйде атам болса, басқа адамды керек қылмайтынбыз. Әке-шешемнің қайда кетіп, қайдан келіп жатқанын ешқашан елемейтінбіз. Негізінде, біз апам мен атамның баласы болғандықтан, өте ерке болып өстік. Анамызды Рая, әкемізді Кажай деп атайтынбыз.

Атам менің мектеп табалдырығын аттағанымның куәсі болды, мектепте оқып жүргенімде қыс айларында шанамен ат жегіп мектепке дейін өзі апаратын. Сол кезде мектепте қазақ тілі мұғалімі болған Қазбек ағайға мені ерекше тапсырып қояды екен. Үлгерім табелін мұғалім қолымызға ұстатқанда, алып-ұшып атама алып келетінбіз, ол кісі «ата-анасының қолы» деген торшаға қолын қоятын. Атам дүниеден өткенше мұндай құзырлық әке-шешеміздің еншісіне тиген жоқ.

Әкем шофер, анам сауыншы болып жұмыс істеді, күн ұзақ жұмыста болатын. Бізді бағып-қағу, неше уақ тамағымызды беру әжемнің (Разия әже) мойнында еді. Сонымен қоса үйдегі қора-жайдың шаруасы да сол кісіге қарап тұратын. Осының барлығын үлкен кісі болса да, өзі-ақ атқаратын.

Әжеміз Разия (елде Рашке деп атаған) ақылды, нәзік жан болатын. Немерелерін, Қадыржанның балаларын, бірін арқасына салса, екіншісін жетектеп жүретін.

Төлеген атамның қаталдығына қарамастан, әжем ешбір



қабак шытпайтын адам болатын. Әжем үйдегі пешке нан пісіретін, енесінен үйренген тәтті нанды анамда пісіретін. Сол жаңа ғана пештен шыққан нанның иісін бүгінде сезгендей боламын, ауылдағы үйімді, балалық шағымды сағынамын. Кейде бір сүт тартып отырған әжемді көз алдыма елестетемін. Бүгінде әжемнің тәтті сүзбесін сағынамын.

Атам мен әжем «жедел жәрдем» сияқты болатын, олардың жылы сөздеріне «жазылып кеттім» деп, мәз болып ары қарай ойнауға кете беретінбіз.

Бірде кешкілікте, дала қараңғы, анам жұмыста, әжем сүт тартып отырған болатын, ойын баласымыз ғой, Шолпан апам екеуміз ойнап жүріп (сондағы сепаторда қалған қаймақты күтіп жүріп) шыныға аяғымды жырып алғам (содан қалған таңба әлі де бар). Әжемнің мейірімі көмектескен болар, жара терең болса да, ақ матамен таңып берген жара медицинаның көмегінсіз тез жазылды.

Айман апам нағашы әжеде көбірек тәрбиеленді, сондықтан болар, Шолпан апам екеуміздің қызық қылықтарымыз көп. Атамның қол орағы болатын, сонымен қыстық шөбін жаздың қайнаған ыстығына қарамай өзі шауып, арбамен үйге тасып алатын. Атам Чапай деген жерден шөп шабады. Біз атамен бірге шөп шабуға барамыз, бір арбаға шөпті үлкен мая қылып



үйіп, бізге қолымызға аттың жетегін беріп ауылға жіберетін де, өзі екінші арбаны әкелетін. Бірде Чапайға бос арбамен бара жатқан ат үрікті ме, әлденеден қорықты ма, кейін ауылға қарай ала қашты. Арбада Шолпан және мен (1-2 сыныптамын). Ауылдың шетінде құдық бар болатын, сол құдықтың жанына келгенде дүкенші Сарсенбай ата құдай сақтап ат басын ұстап қалды, әйтпегенде кім біледі. ?... Құдыққа түсіп кететін едік пе?

Ауыл үлкендерінің мейіріміне, шіркін, ештеңе жетпейді ғой. Көне көз қариялардың айтар ақыл-кеңестері мен ұлағатты сөздері сарқылмас қазына ғой. Ұға білген құлаққа, түсіне білген кісіге олардың ғибратты сөздері алтынмен пара-пар емес пе?!

Қадыржан Төлегенұлы Сарсенбаев 1938 жылғы 12 желтоқсанда Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданындағы «Молодежный» совхозының Комсомол ауылында дүниеге келген. Әкем Қадыржан отбасымен Ленин (Бәйшілік) ауылында 1979 жылға дейін тұрды.

1979-1997 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан ауданының Успенка («40 лет Казахстана» совхозы) елді мекенінде тұрып, сол жерде зейнеткер-



лікке шықты. Отбасында өмірлік жолдасы Рахима Бейсембайқызымен бірге екі қыз, төрт ұл тәрбиелеп, өсірді. Қадыржаннан 17 немере мен 20 шөбере тараған.

Қадыржан Төлегенұлы Сұлышоқта 8-сыныпқа дейін оқып, жоғары сыныптарды Петропавл қаласындағы алғашқы №2 қазақ мектеп-интернатында оқыды.

19 жасынан техниканы жақсы меңгерген әкеме шофер куәлігін 1957 жылы мемлекеттік ав-

тоинспекцияның милиция басқармасының біліктілік комиссиясы берген екен. Ол кезде бұл үлкен жетістік болған еді ғой.

Әкем техниканы жетік білгендіктен болар, «басқа жақтан жаңа машиналарды жүргізіп әкелуге әрдайым әкелерің баратын», – деп анам айтып отыратын.

Солтүстік Қазақстан облысы Возвышен ауданы ауылшаруашылық басқармасының аттестациялық комиссиясы Қадыржан Төлегенұлына 1971 жылы тракторист-машинист 1-класс куәлігін табыстаған.

Әкем Қадыржан (қызы Тыйыштықтың естелігі) 35 жасында оқуын жалғастырып, Петропавл қаласындағы ауыл шаруашылығын механикалаңдыру техникумына 1973 жылы түсіп, 1976 жылы техник-механик мамандығына ие болған.

Әкем жұмысында беделді, абыройлы, адал болды. Ауыл активінің мүшесі болған. Ес білген кезімде есімде қалғаны – ауылдық маслихат депутаты ретінде облыстық, аудандық жиналыстарға жиі баратын.

Әкемнің адал еңбегі үкімет тарапынан ескеріліп, 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалімен және бағалы сыйлықтармен (кір жуғыш машина, газплита, ол кезде бұл заттарға қол жеткізу қиын еді ғой) марапатталған.

Әкем Қадыржанның бойында алланың берген қасиеті көп болатын. Әкем өте балажан еді. Баланың тілін тез табатын. Әкемнің маңдайы ашық, жүрегі кең жан еді. Мінезі өте жұмсақ, жайлы болатын. Жылы мейіріммен қараған мөлдір көздері ерекше тазалыққа тұнып тұрушы еді. Осы мінезі бізге үлгі болатын.

Әкем газет-журнал, әдеби кітаптарды көп оқитын. Әсіресе, «Жұлдыз» журналының бір бетін қалдырмай оқитын. Тарихты өте жақсы білетін, қай саланы сұрасаң да жауап беретін. Әңгімені де жақсы айтатын. Екі тілде өте сауатты сөйлейтін. Сол кездің заманына қарай өзімізше орысша сөйлеген кезде «ана тілдеріңде сөйлеңдер» деп түзетіп отыратын. Кішкентай



кезімізде бойымыз өскенше асығушы едік. Сонда «әкеміз бойың емес, ойың өссін, ақылың толсын», – деп жиі айтып отыратын. Әкемнің сөздерін ойға түйіп өстік, балаларыма, немерелеріме осыны айтып отырамын. «Білімді болсаң, озасың, ол үшін сабақты жақсы оқыңдар», – деп, сабағымызды өзі тексеріп отыратын. Әкем Бауыржан Момышұлы жайлы көп білетін, кешкілікте бәрімізді қасына жинап алып, пештің бауырында Бауыржан Момышұлының ерлігі жайлы әңгімелейтін. Ертесіне сол әңгімелердің мазмұнын міндетті түрде баяндап беру біздің міндетіміз болатын.



Біз әкемізді үлгі етіп өстік. Әкеміз бізді тек адалдық пен кіршіксіз тазалыққа баулыды.

Мен мектепте оқып жүріп, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің математика факультетінде ұйымдастырылған оқушыларға арналған сырттай олимпиадаларға қатысып, бағымды сынайтынмын. Сегізінші сыныптан кейін қаладағы №2 қазақ мектеп-интернатта білім алдым. Осының бәрі әкемнің арқасында.

Мектеп бітірген біздерді әкем, бар қолдағы қаражатын жинап, қалаға (Жоламанды Алматыға, Айман, Шолпан, Батырбек, Азаматты – Целиноградқа, Абжан, Асылбекті – Көкшетауға, мені – Петропавлға) әкеліп, құжат тапсыртып, оқуға түсуімізге мүмкіндік берді. Мүмкіндік беріп қана қойған жоқ, болашағымызға жол ашты десем тіпті қателеспеймін.

Әкем Қадыржан ауырып 1997 жылы маусым айында 59 жасында дүниеден өтті, Ленин (Бәйшілік) ауылында жер-



ленген.

Қысқа өмірі әкемді қаншалықты қуантқанын білмеймін, бірақ әкеміз бізді қуантқаны, әрдайым мейірімін шашып, қуантқысы кеп тұратыны есімізде. Есейіп біраз жасқа келсек дағы, бүгінде сағынышпен әкемізді еске аламыз.

Әкем қайтқанда тұңғышы Айман тұрмыста, кенжесі Азамат Целиноград қаласында жоғары оқу орнында оқыды. Әкенің орны толмас, бірақ анашым бізге пана да, қолдаушы, арқа сүйер тірегіміз, ақылшымыз да бола білді.

Анамыз Рахима (елде Рая деп атаған) Бесимбайқызы 1939 жылғы 11 қазанда Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданында Полудино округінде Ганькино селосында Ибраевтар (әкесі Бесимбай, анасы Бағила) отбасында дүниеге келген. Ганькино селосында 8 жылдық мектепті орыс тілінде аяқтаған.

1958 жылы ақпан айында Сарсенбаевтар әулетіне келін болып түседі.

Осы ауылдың үлкені Сағындықова Сәпкен апа өзінің бір әңгімесінде біздің аталарымызбен көрші тұрғанын айтып, өткенді еске алып тұрады. Бесимбай құда (Қадыржанның



зайыбы Рақиманың әкесі) қарама-қарсы үйде тұрыпты. Сол үйге Төлеген ата балаларын киізге орап, тура жолды қиып өтпей, атпен ауылды айналып барады екен.



Анам Петропавл қаласындағы медициналық училищеге оқуға түскен, бірақ тұрмысқа шыққаннан кейін балалар туылғасын ба, әлде қолындағы ата-енесіне қарау мақсатында ма, оқуды жалғастыруға мүмкіндігі болмаған екен. Бірақ анам еш уақытта оқуды жалғастырмағанына өкінбейтін. «Менің байлығым да, бақытым да, ол менің балаларым» – деп отыратын.



Анамыз өзінің анасы Бағила әже сияқты тігінші болатын, жас кезімізде қыздарға көйлек, ұлдарға шалбар, күрте тігіп беретін. Өзім анамның тігіп берген көйлектерін 10-сыныпқа дейін кидім. Анам пісірген нанның дәмі ауыздан кетпейді. Анам, әсіресе, жерде



жатқан нанды көргенде қатты күйзелуші еді. Бізге әрдайым «Нанды құрметтеңдер, нанның киесі болады», – дейтін.

Анам жайлы ойымды айтып жеткізу мүмкін емес. Әлемдегі ең кешірімді, ең мейірімді адам ол менің анам. Ешбір қабақ шытпайтын. Анашымның төзімділігі мен кешірімділігіне қарап, қайран қалатынмын. «Кейін өзің ана болғанда түсінесің» дегенді енді ғана сезіне бастағандаймын.

«Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген халық мақалы да шындық. Анамыз бізді ойлап, уайымдап жүретін. Біздер жұмыс бабымен жол жүріп немесе қонаққа кетсек қарайлап, тынышсыздана күтіп отыратын. Сондағы айтатыны: «Күту мен қуып жетуден жаманы жоқ», – дейтін. Анамыздың осы сөздерінің мағынасын енді түсінгендейміз. Анамыз орыс тілінде орнына келтіріп, көп мақал-мәтелдер айтатын. Сол сөздердің тәрбиелік мәні есімізде.

Жайлы мінезімен туған-туысқандар, құда-құдағилар, жолдастары арасында сыйлы, құрметті жан еді. «Аналарыңыз – алтын адам» деп айтылған бір ауыз сөздің өзі анамыздың қандай адам екендігін дәлелдегендей.

Орыс елді мекенінде туып-өссе де, ата-енесінен алған үлгі өнегесі болар, жанындағы адамдармен тез тіл табысатын. «Татулық пен бірлік бар жерде барлық нәрсеге қол жеткізу-



ге болады», – деп отыратын. Балаларын адал болуға, адамдық қасиеттерді бәрінен де жоғары қоюға, аянбай еңбек етуге жетеледі. Анамның жиі айтатын мақалы «Ешкімнің ала жібін аттама» еді.

«Мен байлық жинаған жоқпын, атаққа таласқан жоқпын, менің бар байлығым балаларым, ұрпағым», – дейтін. Өмірінің соңғы жылдарына дейін бала-шағасына ақылын айтып, тілегін тілеп отырды. Бар күш-жігерін жинап, немере, шөберелерін, жиендерін тәрбиелеп, өсіруге көмектесті.

Бүгінде әке берген тәрбие, ана берген мейірім ұштасып, қыздары ұядан ұшып, ұлдары адал азамат болып тәрбиеленіп, шаңырақ иесі атанды.

Анамыз Рахима – күміс алқа иегері. Зейнеткерлікке 55 жасында шықты.

Астанаға көшіп келгенде (1998 жылдары) анам елдегі қалған жолдастарын, ақ қайыңдарын жиі еске алатын. Кудьярова Роза апаймен дос болғанын, бірге сауынға барғанда болған қызықты кезеңдерін сағынышпен айтып отыратын.

Ақмола облысында Астраханька селосында тұрған Гарифутдинова Шекер тәтелерге жиі қонаққа барып, бір мауқын басып келетін.

Анам Рахима 1998 – 2017 жылдар аралығында Астана қа-

ласында тұрып, 78 жасында дүниеден өтті.

Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда.
Сағындық, ана, сізді баршамыз да.
Жан-ана, ұл-қызыңның тірегі едің.
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда.
Айтқан сөзің, тәтті күлкің жадымызда.
Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы.
Сағынышпен немерелер еске алады.
Өзіңізбен өткен күндер.
Жадымызда мәңгіге сақталады.

Қадыржанның балалары: Айман, Тыйыштық, Батырбек, Асылбек, Абжан, Азамат бәрі Ленин (Байшілік) ауылында туылған.

Бүгінгі таңда Қадыржанның ұл, қыздары отбасыларымен Астана қаласында тұрып жатыр.

Айман Қадыржанқызы Сарсенбаева (қазіргі тегі-Ибраева), Қадыржанның тұңғышы, 1959 жылы 23 ақпанда Ленин ауылында туған. Сегіз сыныпты Ленин сегізжылдық мектебінде оқып, жоғары сыныптарда Қарақоға және Успенка совхозындағы мектеп-интернаттарында оқып, білім алды.

Қазіргі таңда зейнеткер, білімі жоғары, Целиноград қаласындағы экономикалық колледжді 1979 жылы аяқтап, кейін Алматы технологиялық институтты сырттай оқып шықты. Еңбек жолын Есіл ауданындағы «Есильский союз целинводы» мекемесінде бухгалтер болып бастады. Кейін 1998 жылы Астанаға көшіп келгенде, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомствосы

«Демеу» акционерлік қоғамында бухгалтер қызметінен бастап, кейін осы мекеменің Президенті қызметін атқарды. Астана қаласының білім басқармасында қызмет жасады. Құқық қорғау, білім салаларында бухгалтер, бас бухгалтер болып қызмет жасап, 35 жылдан астам еңбек өтілімен 2017 жылы зейнеткерлікке шықты. Көп жылғы адал еңбегі бағаланып, Ішкі істер, білім басқармаларының Құрмет грамоталары, алғыс хаттарымен марапатталған.

1979 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл (бұрынғы атауы Ленинский) ауданындағы Еңбек ауылының азаматы Ибраев Амангелдімен отбасын құрды. Тағдырдың жазуы болар, жолдасы Амангелді ерте, 1993 жылы қайтыс болды.

Қазір Қадыржанқызы Айман Астана қаласында тұрады, отбасында екі ұлы, бір қызы, жеті немересі, төрт жиен немересі бар.

Айманның тұңғышы Динара Амангельдіқызы 1980 жылғы, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданында дүниеге келген, білімі жоғары. Екі ұлы, екі қызы бар. Отбасымен Астана қаласында тұрады. Астана қаласындағы №7 мектеп – гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі. Динара Амангельдіқызының ұлы Мейрамбек 1999 жылғы, Астана қаласындағы Қаржы академиясының студенті, Арыстан 2000 жылғы, Астана қаласында қоғамдық тамақтандыру колледж студенті, Алина – 2006 жылғы, Астана қаласындағы №7 мектеп-гимназиясының оқушысы, кенжесі Ангелина балабақшада.

Айман Қадыржанқызының ұлы Дулат 1983 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданында дүниеге келген, білімі жоғары, С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінде білім алған. Қазіргі таңда әскери қызметте. Ақмола облысы Атбасар ауданының азаматшасы Динара Бағланқызы Абраевамен отбасын құрып, бес бала өсіріп

отыр. Үлкені Томирис 2010 жылғы, Наргиз 2008 жылғы, Ясмина 2012 жылы туылған, Астана қаласындағы №60 мектеп-гимназиясының оқушылары, Ескандер 2016 жылы туылған, Дамеля 2019 жыл туылды. Астана қаласында тұрады.

Айман Қадыржанқызының кенжесі Жангельді 1989 жылы туылған, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданында дүниеге келген, Астана қаласындағы политехникалық колледжі, кейін Алматы технологиялық университетін аяқтады. 2014 жылы дүниеге келген Арлан және 2018 жылы туылған Алан атты екі ұлы бар. Ақмола облысы Малиновка ауданының азаматшасы Дина Жанболатқызы Мухаметалиеваға үйленген. Астана қаласында тұрады.

Тыйыштық Қадыржанқызы Сарсенбаева (қазіргі тегі-Укина) 1961 жылы 5 мамырда Ленин аулында туылып, Ленин орта мектебінде 1968-1976 жылдары оқып, кейін Петропавл қаласындағы №2 мектеп-интернаттан (әкем оқыған мектеп-интернат) 1978 жылы орта білім алып шыққан. Білімі жоғары, Петропавл қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін 1983 жылы тәмамдап, математик пәні мұғалімі мамандығына ие болды. Еңбек жолын Мағжан ауданындағы Роцино селосында математика, физика пәні мұғалім болып бастаған. 35 жылдан астам еңбек өтілі бар, мұғалім, мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры қызметтерін атқарып, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде қызмет жасайды.

Еңбегі Үкімет тарапынан бағаланып, Қазақстан Республикасының «Білім беру құрметті қызметкері» төс белгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Астана 20 жыл»



мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталары және алғыс хаттарымен марапатталған.

Тыйыштық Қадыржанқызының отбасында екі қызы, төрт жиен немерелері бар. Жолдасы – Укин Думан Уайысұлы, білімі жоғары, руы Бәйімбет, Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Бірлік ауылында 1960 жылы туылған, орта білімді Петропавл қаласындағы №2 мектеп-интернатта алған. Астана қаласында тұрады.

Тыйыштықтың қызы Асем Думанқызы Укина (қазіргі тегі – Асмиева), 1986 жылы Целиноград қаласында (қазіргі атауы – Астана) дүниеге келген. Білімі жоғары, Қазақ гуманитарлық заң университетін, Көкшетау қаласындағы «Фемида» заң академиясын аяқтады. Қарағанды қаласының тумасы Бауыржан Бөгембайұлы Асмиевпен отбасын құрған. Екі ұлы бар. Бөгембай Альмансур 2012 жылғы, Астана қаласындағы № 66 мектеп гимназияда 1-сыныпта оқиды, Бөгембай Айсұлтан 2014 жылы туылған, балабақшада. Астана қаласында тұрады.

Тыйыштықтың кіші қызы Гульдана Думанқызы Укина (қазіргі тегі – Маканова) 1989 жылы Есіл ауданы Явленка селосында дүниеге келген, білімі жоғары, С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетін, Көкшетау



қаласындағы «Фемида» заң академиясынан аяқтады. Ақмола облысы, Жақсы елінің азаматы Максұт Өмірбекұлы Макановпен отбасын құрған. Екі қызы бар. Маканова Айша 2011 жылғы, Астана қаласындағы № 66 мектеп гимназияда 1-сыныпта оқиды, Маканова Альмира 2014 жылы туылған, балабақшада. Астана қаласында тұрады.

Батырбек Қадыржанұлы Сарсенбаев 1966 жылы 17 маусымда Ленин ауылында туып, 1973-1981

жылдар аралығында Ленин сегізжылдық мектебінде оқыған. 1981-1983 жылдары Возвышен ауданындағы Қарағанды совхозындағы мектепте оқып, орта білім алған. 1984-1986 жылдары әскери борышын Германияда өткерді. 1988 жылы Целиноград қаласында технологиялық техникумда оқу оқып жүргенде, Көкшетау облысы, Қызылту ауданының Жамбыл ауылы тумасы, 1970 жылғы Гулбаршын Ермекқызына (бұрынғы тегі - Кусаинова) үйленді.

Целиноград қаласындағы Тұран университетін сырттай аяқтап, жол инфраструктурасын дамыту саласында қызмет атқарып жүр. Астана қаласында тұрады.

Батырбектің ұлы Данияр Сарсенбаев – 1989 жылы Целиноград қаласында туылған, білімі жоғары, Алматы қаласындағы Л. Б. Гончарова атындағы автокөлік

университетін аяқтады. 2012 жылы (бұрынғы тегі – Касенбаева) Табиғат Жармуханбетқызына үйленген. Даниярдың қызы Кадиржанова Жания 2014 жылы, ұлы Батырбек Диар 2016 туылған, екеуі де балабақшада. Астана қаласында тұрады

Батырбектің қызы Диляра Сарсенбаева 1997 жылы туылған. Евразия гуманитарлық институтының колледжін аяқтап, қазір «Орта Қазақстан академиясында» сырттай оқиды. 2016 жылдан бастап Астана қаласындағы мамандандырылған аудан аралық әкімшілік сотында қызмет жасайды. Астана қаласында тұрады.

Асылбек Қадыржанұлы Сарсенбаев 1968 жылы 20 желтоқсанда Ленин ауылында туып, Ленин сегізжылдық мектебінде 1975-1978 жылдары оқыды. Кейін әкесі Қадыржан Успенка елді мекеніне көшіп келуіне байланысты 5 сыныптан бастап оқуды Успенка орта мектебінде орыс тілінде жалғастырды.

1992 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Возвышен ауданындағы Алуа ауылының азаматшасы Айнур Жолдаспаеваға үйленді. Успенка совхозында ата – анамызбен бірге тұрды. 1996 жылдан Көкшетау облысы Сырымбет ауылына көшіп, сол елде қызмет жасады. 2007 жылдан бері Астана қаласында тұрады. Қызмет атқарып отырған мекемеден Асылбектің еңбегі ескеріліп, мекеме басшысы атынан алғыс хат, грамоталармен марапатталды.

Асылбек Сарсенбаевтің екі ұлы, үш немересі бар. Ұлдары Солтүстік Қазақстан облысы Успенка совхозында дүниеге келген. Сарсенбаев Азат 1992 жылғы және Нұрқанат 1994 жылы туған.

Азат Асылбекұлы Сарсенбаев үйленген. Білімі жоғары. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін аяқтады. Батыс Қазақстан облысының тумасы Алия Елегеновамен отбасын құрып, екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр. 2012-2013 жылдары Алматы об-



лысында әскери борышын өтеп, қазіргі таңда 2014 жылдан бастап әскери қызметте. Қызы Алтынай Асылбек 2015 жылы, ұлы Таир Асылбеков 2017 жылы, кіші қызы Жуддызай Асылбекова 2019 жылы туған. Астана қаласында тұрады.

Асылбектің екінші ұлы Нұрқанат, білімі жоғары, мамандығы – дәрігер.

Абжан Қадыржанұлы Сарсенбаев 1971 жылы 27 тамызда ауылында туған. 1988 жылы Успенка орта мектебін аяқтап, әскери борышын Якутия Республикасында өтеді. 2007 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық университетінен, 2010 жылы Көкшетау қаласындағы «Фемида» заң академиясынан жоғары білім алды. 1996 жылы Ақмола қаласында Автокомбинатқа жүргізуші болып орналасты. 1998 жылдан бастап 2018 жылға дейін көптеген лауазымдардан өтіп, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасарына дейін қызмет етті, 2018 жылы зейнеткерлікке «полиция майоры» шенімен шықты. Қызмет барысында мінсіз қызметі үшін I, II, III дәрежелі медальдармен, Қазақстан Республикасы «Ішкі істер министрлігінің үздігі» медалімен, мерейтойлық медальдармен, Ішкі істер министрлігінің, Ішкі істер департаментінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

1999 жылы Әсем Хабдулкамалқызы Сарсенбаеваға (бұрынғы тегі – Шаймерденова) үй-

ленді. Білімі жоғары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министр Кеңесінде қызмет жасайды. «Қазақстан Тәуелсіздігіне 15 жыл», «Астанаға 20 жыл» медальдарымен, 2018 жылы ҚР Президентінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Отбасында екі қыз, екі ұл тәрбиелеп отыр. Астана қаласында тұрады.



Абжан Қадыржанұлының қызы Қадыржан Айдана 1999 жылы туылған, Қазақ Ұлттық Өнер Университетінде «Киім дизайны» мамандығы бойынша оқиды.

Өткен 20 ғасырдың соңғы туған сәбиі, Абжанның екінші қызы Қадыржан Айяжан 2000 жылы 31 желтоқсанда сағат 23.30-да Астана қаласында туған. Қазір Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенті.

Абжанның ұлы Әбілмәнсүр 2007 жылғы, Астана қаласындағы №59 мектеп-гимназияның 5-сынып оқушысы, Каратәмен айналысқан, марапаттары бар, 5кю берілді. Қазір Астана қаласының жастар футбол командасының мүшесі.



Кіші ұлы Жарас 2013 жылы туылған, ҚР Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» бала-

бақшасында тәрбиеленуде.

Азамат Қадыржанұлы Сарсенбаев – Қадыржанның кенжесі, 1977 жылы 9 қарашада Ленин ауылында дүниеге келген. Әкесі Қадыржан Успенка созхозына көшкен кезінде Азамат 1 жаста болатын. Орта білімді орыс тілінде Успенка орта мектебінен алды (1984 -1994 жылдары).

Мектепті аяқтаған соң, 1994 жылы әкесінің қолдауымен жоғары білім алуға, болашаққа үміт артып, арман қуып Ақмола қаласына (қазіргі Астана) келді. 1994-1997 жылдары Ақмола политехникалық колледжінде, 1997-2002 жылдары С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетінде, 2003-2005 жылдары Қарағанды экономикалық университетінде білім алды.

2002 жылы еңбек жолын күзетші қызметінен бастап, Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның бас маманы, Ақмола облысындағы Шучинск ауданының прокуроры көмекшісі (бірінші сыныптық шені – 3 сыныптық заңгер), Астана қаласының Авиация көлігі прокурорының көмекшісі, Бас көлік прокуратурасының прокуроры, сот актілерінің заңдылығын қадағалау және Бас көлік прокуратурасының қылмыстық істер бойынша мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі басқарма бастығының орынбасары және басшысы қызметтерін атқарып, Астана қаласында тұрды. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 25 маусымдағы бұйрығымен Қарағанды көлік прокуроры лауазымына тағайындалып, қазіргі уақытта отбасымен Қарағанды қаласында тұрады.

Қызметтік борышын мінсіз атқарғаны үшін «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл» мерейтойлық медалімен және II дәрежелі «Прокуратура үз-

дігі» төс белгісімен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Бас көлік Прокурорының бұйрықтарымен алғыс жарияланып, Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталды.



2006 жылы (бұрынғы тегі-Дюсембаева) Гульдана Жаңбырбайқызына үйленген. Бір ұл, үш қызы бар.

Сарсенбаев Азаматтың ұлы Қадыржан Тамерлан Азаматұлы, 2007 жылы Астана қаласында туылған, Қарағанды қаласының №3 мектеп гимназиясының 5-сынып оқушысы. Киокушинкай-кан каратэден облыстық және аудандық жарыстардың бірнеше рет жеңімпазы және жүлдегері болды.

Азаматтың қызы – Қадыржан Марьям Азаматқызы, 2010 жылы Астана қаласында туылған. Қарағанды қаласының №3 мектеп гимназиясының 3-сынып оқушысы.

Азаматтың қызы – Қадыржан Амина Азаматқызы, 2015 жылы Астана қаласында туылған. Балабақшаға барады.

Сарсенбаев Азаматтың кіші қызы – Қадыржан Мадина Азаматқызы, 2018 жылы Қарағанды қаласында туылған.

Төлегеннің қызы Қымбат (қазіргі тегі – Нұрахметова) 1945 жылы 2 қыркүйекте Булаев ауданы Қантай ауылында туған. 8-сыныпқа дейін Булаева ауданы Сулышоқта мектеп-интернатта білім алды. Математика пәнінен өте жақсы оқыпты. Сіңлісі Күлжиян екеуі интернатта тұрып оқыған. «Сенбі, жексенбі үйге жаяулап-жалпылап келетінбіз, ешқандай көлік іздемейтінбіз, кейде әкем әкетіп отыратын», – деп еске алып



отырады Қымбат тәте. 8-сыныптан кейін Булаевта тігінші болып жұмыс істеді. 1963 жылы Нұрахметов Сабыр Жұмабайұлына тұрмысқа шықты. 1965 – 2006 жылдары Булаев ауданы Рошино ауылында тұрған. 2006 жылы Петропавлға көшіп келді.

Жұбайы Сабыр Жұмабайұлы да Ленин ауылының тумасы. 1942 жылдың 24 ақпанында дүниеге келген. 2018 жылдың 4 қаңтарында қайтыс болды. Сабырдың әкесі – Жұмабай Қуандықұлы, анасы – Дариха Тухфатчақызы. Анасы Уфа қаласының жанындағы Бугульма деген жердің тумасы, репрессияға ұшыраған. Орысша білмеген. Айдауда жүргенде Сулышоқ ауылының бір келіншегімен қашып кетеді, Ленин ауылына келіп тұруы сол себепті екен. Ал әкесі Жұмабай өкпе ауруымен ауырғандықтан, соғысқа қатыспаған. Қашып жүрген қылмыскерлерді аңдып, ұстап бермекші болып жүргенде, қолынан жараланыпты. Жалғыз ұлы Сабырды қылмыскерлердің оғынан аман алып қалыпты. Жұмабай 1949 жылы өкпе ауруынан қайтыс болыпты, сол жылы ұлы Сабыр 1-сыныпқа оқуға барған кезі екен. Қымбаттың балалары: Сәуле, Алма, Айнагүл, Жанат.

Сәуле Сабырқызы Нұрахметова 1966 жылы туылған. Петропавл қаласында медбике болып жұмыс істейді. Қызы Жұлдыз 1997 жылғы. Астана қаласында С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетін бітіріп, магистратурада білімін жалғастырып, оқып жатыр.

Алма Сабырқызы Нұрахметова 1969 жылы туған. Петро-



павл қаласында тұрады. Спорт мектебінде медбике болып жұмыс істейді.

Айнагүл Сабырқызы Нұрахметова 1972 жылы туған. 25 жыл Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасында аға әділет кеңесшісі болып қызмет атқарды. Адал еңбегі үшін бірнеше рет марапаттарға ие болды. Полковник шенімен 45 жасында зейнеткерлікке шықты. Ұлы Диас 2006 жылы туған, Петропавл қаласында Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-лицейде 6-сыныпта оқиды.



Қымбаттың кенжесі Жанат Сабырұлы Нұрахметов 1975 жылы Булаев ауданы Роцино ауылында туған. Балалары: Камила (2000 жылғы), Әйгерім (2014 жылғы). Үлкен қызы Камила Астана қаласында С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінің 1-курс студенті. Кіші қызы Әйгерім балабақшаға барады. 2009 жылға дейін Булаев ауданында сот орындаушы болып қызмет атқарды. 2009 жылы Қызылжар ауданы Бескөл ауылына көшіп келді. Қазір



аудандық маслихатта қызмет атқарып жүр.

Сабыржан – Төлегеннің екінші ұлы. 1951 жылы 4 сәуірде туған. 2013 жылға дейін отбасымен Ленин ауылында тұрды. 2013 жылы ауылдан Петропавлға көшіп келді. (Сабыр-

жанның қызы Жадыраның естелігі) Әкемнің анасы Мәрияш әже қайтыс болғанда, әкеме 6 ай ғана болған екен, содан кейін Рашке әже өсірген. Өте мейірімді адам болған екен. Рашке әже әкемді мектепке арқалап апарды екен. Еркелеткені сондай – мектепке үзілісте тамақ апарып береді екен. Әкем 1-сыныпқа оқуға 1959 жылы барған, Бейсенбин Жүсіп деген мұғалімнен білім алған. Комсомолда тұрғанда Зағыпаров Әлімжан сабақ берген екен. 5, 6-сыныптарды Сартомарда мектеп-интернатта оқыды. Ауылда мектеп ашылғасын, 7, 8-сыныптарды ауылда оқыды. Әкем Сабыржан 8-сыныптан кейін 1967 жылы Целиноградта (қазіргі Астана қаласы) автодорожный техникумда 2 жыл оқып, кейін Петропавлдағы ауыл шаруашылық техникумында оқуын жалғастырып, 1974 жылы техникумді аяқтады. Одан соң Хабаровскіде екі жыл әскер қатарында болды.

Әскерде болғанда комсомол ұйымының хатшысы (комсорг) болған. Әскерден 1973 жылы келіп, ауылда наладчик, комбайнер болып қызмет атқарды. 1979 жылға дейін механик, 1981 жылға дейін К-700 бойынша наладчик болып, кейін механизатор болды. 1986 жылы қайтадан механик болып қызмет атқарды. 1974 жылы ауылға фельдшер болып жұмыс істеуге келген Үмітжанға үй-

ленді. Үмітжан Әлімқызы Сарсембаева (бұрынғы тегі – Ахметова) 1954 жылы 30 қазанда Булаев ауданы Мужебай аулында дүниеге келген. Руы – Қарауыл. 2007 жылға дейін ауылда 33 жыл бойы фельдшер болып жұмыс істеді. Күн-түн демей ауылдың кәрі-жасына медициналық көмек беріп, емдеп жүрді. 53 жасында бес бала болғандықтан, зейнеткерлікке шықты.



Қазір олардың отбасында бес бала бар: Жадыра, Талғат, Асхат, Аслан, Сархат. Барлығы да Ленин ауылында туған. Сегіз немере сүйіп отыр.

Жадыра Сабыржанқызы Сарсембаева (қазіргі тегі – Каржауова) 1975 жылы 13 маусымда туды. 1980 жылы ауылдағы мектепке оқуға барды. 1989 жылы 9-сыныпты бітірді. 1989–1991 жылдары Петропавл қаласындағы қазақ мектеп-интернатында оқыды. 1991-1996 жылдары Петропавл қаласындағы Солтүстік Қазақстан университеті тарих-филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шықты. Сол жылы ауылдасы Каржауов Айдарханмен отбасын құрды. 1996 жылдан бастап 2009 жылға дейін Ленин орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2009 жылы отбасымен Петропавл қаласына көшіп келді. Сол жылдан бастап Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқаруда. 2016 жылы республика бойынша «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы атаңды.

Жұбайы Айдархан екеуі екі қыз тәрбиелеп отыр. Екі қызы



да Ленин ауылында дүниеге келген.

Үлкен қызы Нұржамал Айдарханқызы Садыкова 1996 жылы 22 қыркүйекте туды. Ленин орта мектебінде 1-ден 6-шы сыныпқа дейін оқыды. 7-11 сыныптарды Петропавл қаласындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатында оқы-

ды. Астана қаласында Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетін бітірді, қазір мамандығы бойынша магистратурада оқып жүр.

Кіші қызы Гүлзат 1998 жылы 19 ақпанда ауылда дүниеге келді. Ауылда 4-сыныпқа дейін оқыды. 5-сыныптан бастап Петропавл қаласындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатында оқыды. Мектепті «Алтын белгіге» бітірді. Қазір Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 3-курс студенті.

Талғат Сабыржанұлы Сарсембаев 1978 жылы 9 қаңтарда туған. Ауылдағы мектепті 1994 жылы бітірді. Ол кезде орта мектеп болды. 1994-1998 жылдары Алматы қаласындағы әскери институттың ішкі істер факультетінде оқыды.

Оқуды бітіріп, 1998–2000 жылдары Петропавл қаласында ашылып жатқан әскери училищеде жұмыс істеді. 2000–2007 жылдары Қарағанды облысы Долинка кентінде штаб бастығы, батальон командирі қызметтерін атқарды. 2007–2016 жылдары Петропавл қаласындағы әскери институтта оқытушы болып қызмет атқарды. Әскери шені – подполковник, зейнеткерлікке шықты. Адал қызметі үшін бірнеше медальдар мен грамота, алғыс хаттармен марапатталды.

2001 жылы Талғат ауылдасы Сыздықова Ақ-



жарқын Ерғалиқызына үйленді. Ұлы Сабыржан Даниял Талғатұлы 2005 жылы 22 сәуірде туды, Петропавл қаласындағы Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернатында 8-сыныпта оқиды.

Асхат Сабыржанұлы Сарсембаев 1980 жылдың 17 қаңтарында туған. Ленин орта мектебін бітіріп, Петропавл индустриалды-педагогикалық техникумында оқиды. Ауылда бірнеше жыл комбайншы болып жұмыс істеді. Содан кейін Ленин орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, шаруашылық меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2013 жылы Петропавл қаласына көшіп келгеннен кейін №2 қалалық аурухананың бас дәрігерінің жүргізушісі болып жұмысқа орналасты. Осы күнге дейін аталмыш ауруханада жұмыс істеп келеді. Қызы Сабыржан Асылжан Асхатқызы 2011 жылы 18 наурызда туды, Петропавл қаласындағы қазақ мектеп-гимназиясында 1-сыныпта оқиды.

Аслан Сабыржанұлы Төлегенов 1986 жылы 10 желтоқсанда осы ауылда туды. 2004 жылы Ленин орта мектебін бітірді. 2008 жылы Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Ақпараттық технологиялар факультетін бітірді. Содан кейін Көкше академиясын заңгер мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазір мамандығы бойынша Петропавл қаласында қызмет атқаруда. 2008 жылы өзімен бірге оқыған Максүтова Зульфиямен отбасын құрды.

Екі баласы бар, үлкені Төлеген Диас Асланұлы 2008 жылы 14 қыркүйекте туды, Петропавл қаласында №20 мектепте 4-сыныпта оқиды, қызы Төлеген Диляра Асланқызы 2015 жылы 15 тамызда туды, балабақшаға барады.

Сархат Сабыржанұлы Сарсембаев – Сабыржанның кен-



жесі. 1989 жылы 7 қарашада дүниеге келді. 1996–2007 жылдары Ленин орта мектебінде оқыды. 2007–2011 жылдары Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Экономика факультетінде білім алды. Қазір банк қызметкері болып жұмыс істейді. Зайы-

бы – Досова Жұмабике, екі ұлы бар, үлкені Сабыржан Тамирлан Сархатұлы 2008 жылы 18 қыркүйекте туды, қазақ мектеп-гимназиясында 4-сыныпта оқиды. Ал кішкентай ұлы Сабыржан Жеңіс Сархатұлы 2018 жылы 9 мамырда туды.

Сарсенбаева Күлжиян 1947 жылы туған. 8-сыныпқа дейін Сулышоқтағы мектеп-интернатта оқыды. 9, 10-сыныптарды Сартомарда оқыды. 10-сыныпты бітіргесін Бірлік ауылының тумасы Жангабулов Төлеу деген азаматпен тұрмыс құрды. 3 ұл, 2 қызы бар.

Төлегеннің кіші ұлы – Жоламан Төлегенұлы Сарсенбаев 1958 жылы Комсомолда туды. Ленин сегізжылдық мектебін бітірді. Одан кейін Медвежка аулында орысша оқыды. Зайыбы – Алма. Петропавл қаласында тұрып жатыр. Екі баласы бар.

Жоламанның үлкен ұлы Төлегенов Мақсат Жоламанұлы Астана қаласында тұрып жатыр, «Астана» халықаралық қаржы орталығында PR-менеджер болып жұмыс істейді. Кішісі Төлегенова Зарина Жоламанқызы Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 3-курс студенті.

Төлегеннің кіші қызы Шолпан Төлегенқызы Сарсенбаева 1959 жылы Комсомол ауылында туды. 1966-1976 жылдары мектепке оқыды. Ауылда Найманбаев Файзолла, Төлебаев Қазбек, Көкенов Шернияз, Жунусов Ғалым, Сыздықов Ерғали, т. б. ұстаздардан білім алған. 1976-1981 жылдары бұрынғы Целиног-



рад қаласындағы ауыл шаруашылық институтында оқыды. 1981 жылы бұрынғы Көкшетау облысы Айыртау ауданының тумасы Бақрамов Шоқан Қобдұлбәриұлы деген азаматпен тұрмыс құрды. 2013 жылы жолдасы Шоқан қайтыс болды. Шолпан көптеген жылдар бойы Айыртау ауданы Сырымбет ауылында Ш. Уәлиханов атындағы мұражайдың директоры қызметін атқарды. Екі баласы бар.

Шолпанның қызы Бақыт Шоқанқызы Бақрамова Көкшетау облысы Сырымбет ауылында 1982 жылы дүниеге келген. Тұрмыста, білімі жоғары, Көкшетау қаласында тұрады, оның екі қызы Жанель, Айна Көкшетау қаласында жаңа технологиялық мектептің оқушылары, ұлы Дінмұхамед балабақшада.

Шолпанның кішісі Ерлан Шоқанұлы Бақрамов Көкшетау облысы Сырымбет ауылында 1984 жылы туылған, үйленген, оның үш ұлы (Асанәлі, Бексұлтан, Әлімхан) бар. Асанәлі, Бексұлтан мектепте оқиды, Әлімхан балабақшада. Астана қаласында тұрады.

Смағұловтар әулеті



Смағұл ата негізі ауылда Ортаншы-аға аталған, оның інісі Басар, негізі Көкшетау аймағынан, Зеренді ауданын Қошқарбай тау ауылынан, кейін осында елге келген. Одан кейін ағайын ауылдастармен ауыл ашып қоңыс құрған, ауылдың аты Көкше-шапқан, одан кейін Комсомол аталды.

Ахмет, Смағұл, Басар, Қызы Қача, Ұлы Мұқан, қызы Әмина, ұлы Есмұқан, ұлы Нұрмұқан, ұлы Мендар, қызы Бибінар, қыз Жібек, Орал, Алтын, Нұрлан, Манат, Алма, Марат, Ақан, Қайрат, Алмас, Болатбек, Зауреш, Қарлығаш, Азамат, Батыр, Берік, Жұпар, Жомарт, Дулат, Мұрат, Ғауһар, Асель, Бауыржан, Сәуле, Риза, Жанель, Жазира, Абдраһман, Жанара, Айжан, Самат, Самира, Қанат, Кенесары, Жанель, Салтанат, Дильназ, Аружан, Мират, Анель, руы Жауылбай-Қарауыл.

Сыздықовтар әулеті



Орта жүз, Арғын, қарауыл сары

Біздің аталарымыз Бошан, Оспан, Бейсенбі, Ахмет, Омар Булаев ауданында Мырзакелдімен Қожым ауылының ортасында мекендеген. Ол кезде бес үй болып, бір атаның балалары тұра берген. Бошан атамыз Омбыда Кадетский корпусы оқып бітірген. Орысша жаза, сөйлей білген кісі. Бошан атамда ұрпақ болмаған. Оспан бабамыздан Әубакір, Сыздық аталарымыз тараған. Сыздық атамызда ер бала болмағандықтан Әубакір атамыз әкем Кәрімді бауырына берген. Сондықтан біз Кәрім ұрпақтары Сыздықов болып жүрміз. Әкемнің ағасы Мұрат Оспанов 1941 Ұлы Отан соғысына шақырылып, соғыстан оралмаған, хабарсыз кеткен. Әкеміз Кәрім 1926 жылы 25 мамырда Булаев ауданында Бқртал ауылында дүниеге келген. Еңбекші ауылындағы 7 жылдық мектебін оқып бітірді. 1944 жылы әскер қатарына шақырылып, 5-6 жылдай жүріп келді. Әскерден келгеннен кейін әкем есепші, егін шаруашылығының есептеушісі, мал шаруашылығының бригадирінің қызметтерін атқарды. 1950



УСТАЗДЫҚ—ҰЛЫ ЖОЛ



Егемен елдің ертені-бүгінгі жас ұрпақ. Олардың білімді де білікті, жан жақты жетілген жоғары мәдениеті, парасат лайымы мол, саналы азамат болып жетілуі толім-төрісін беретін мұғалімге тікелей байланысты. Сондықтан да мұғалім-мектептегі басты тұлға. Мұғалімге артылар сенім жүгі соншалық ауыр, орі ұлағатты ұлы жол. Ойткені ұрпақ тағдыры-еліміздің ертеңгі тағдыры.

Жасыратыны жоқ, бүгін таңда тек күнделікті күн көріс үшін жүретін ұстаздар да кездеседі. Мұндай жандардың жұмысында береке болмайтыны аян.

Алайда, ең қуаныштысы, педагогикалық ұжымдарда оз қызметін абыроймен атқарып, ұрпақ үшін аянбай еңбек етіп жүрген, жандар да аз емес. Біздің мектепте сондай жандардың қатарына Төлебаева Айгүл Қазыбекқызын жатқызар едік. Ол қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Саналы ғұмырының 30-дан астам артық жылын жас ұрпақты төрбілсеуте арнаған ұлағатты ұстаз. Мектептегі белсенді, жас ұстаздардың-ұстазы, шөкірттерінің сүйіктісі, тәжірибелі одіскер ұстаздардың бірі.

Терең білімді, талапшыл, ұқыпты, ізденімпаз, жоғары мәдениетті, инабатты сияқты асыл қасиеттер бойнан табылатын Айгүл Қазыбекқызын мерейлі жасымен құттықтап, абыройлы жұмысына жаңашылдық, тың ізденістер тілейміз.

Балаларының алаңсыз өмірі мен шат күлкісі үшін оқашанда шығармашылық шабыт және мерейтой иесіне мына жыр жолдарын арнаймыз:

Жігері ширай берсін дана шақтың,
Арайын шаша берсін болашақ күн!
Мерейлі мерекеңіз құтты болып,
Жүріңіз биігінде парасаттың.

№4 Булаев қазақ орта мектебі ұжымы.



жылы әкем мен шешем шаңырақ көтерді. Шешемнің аты Нақыш Жұмағұл қызы 1924 жылы 24 наурызда Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Мүлкібай ауылында дүниеге келген. Руы Қанжығалы, оның ішінде Ұмбетай. Ұмбетай нағашы атамыз Бөгенбай батырдың оң қолы болған.

Сыздықов Кәрім ұрпақтары:

Жәмиля-Қуанышбек, Меруерт, Серік, Манарбек, Мергүл.

Ерғали-Тоғжан, Гүлжан, Ақжырқын, Айдар.

Нұрғали-Қымбат, Аманкелді.

Нұрғайша-Айнаш, Асылбек, Әшірбек, Ақнұр, Айнұр.

Нұрлан-Әсем, Гүлсән, Ерасыл.

Нұржан-Айдос, Жандос.

Құрман-Мақпал, Дидар, Нұргүл, Асқар.

Біржан-Алма.

Мергүл-Айдарбек, Аружан.


Сыздықов Нурланды әскерге шығарып салу.





Сыздықов Ергали Кәрімұлы 1952 жылы 10 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы Жұмабаев ауданының Байшілік ауылында дүниеге келген (бұрынғы Булаев ауданы Ленин ауылы). Туған ауылының бастауыш мектебін бітірген соң, Сарытомар орта мектеп-интернатында оқып, 1970-1972 жылдары Кеңес Қарулы Күштері қатарында Әскери міндетін орындап елге оралған соң, 1972 ж. қыркүйегінен Возвышен ауданына қарасты Веселовка мектебінде дене шынықтыру мұғалімі қызметінде еңбек жолын бастайды. Бір жылдан соң өз аулында ашылған сегіз жылдық, кейін орта мектепте 1997 жылға дейін жемісті еңбек етті. Петропавл педагогикалық институтының дене шынықтыру факультетін сырттай оқып бітіріп, өзінің білімін, тәжірибесін, күш-жігерін жас ұрпақ тәрбиесіне арнады. Көпшіл, белсенді, ақжарқын азамат көркемөнерпаздар концерттерін, спорттық іс-шараларды ұйымдастырып, аудан, облыс көлеміндегі, кеңшар, аудан басшыларының грамоталары, алғыс хаттары, дипломдарымен марапатталды. Ауыл мектебінде күрес секциясын ұйымдастырып, шәкірттерін, әсіресе, қазақ күресі түріне баулып, аудан, облыс жарыстарында оқушылары жүдделі орынға ие болды.

1997-2007 жылдары Булаев қаласына қоныс аударып, осында жаңадан ашылған қазақ мектебінің директоры қызметін, кейін өзінің сүйікті жұмысы - дене шынықтыру мұғалімі қызметін атқарды. Көп жылдық ұстаздық еңбегі еленіп, 1997 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төс белгісімен марапатталды. Өмірінің соңғы жылын Қызылжар ауданының №2 Бескөл орта мектебіне арнады.



Сырлыбаевтар әулеті



Сырлыбаевтар әулетінен мәліметтер

Біздің анамыз – Әмина Сыздыққызы 1929 жылы Комсомол (Көкшешапқан) ауылында дүниеге келген. Әкесі қажылыққа екі рет барған. Ауқатты, ақылды адамды «Сыздық қажы»

деп, ел алдынан өтпей қатты сыйлаған. «Аппақ киініп, ақ құба, ұзын бойлы, сақалы беліне түсіп отыратын кісіге тек алыстан қарайтынбыз. Ал жас келіндер бейсауат ол жаққа аяқтарын да баспайтын» – деп отыратын ауыл қарттары.

Әке-шешесінен ерте жетім қалып, ағасы Қабіболла (Қалдыр) мен жеңгесі Уазипаның қолында өскен Уазипа әжеміз іс тігетін өте шебер адам болды.

Анамыз 1950-жылы СҚО, Булаев ауданы, Қызылту ауылының азаматы Сырлыбаев Қасиға (Ғаси) тұрмысқа шығады. Әкеміз ауырып 35 жасында қайтыс болады, балалардың үлкені Мәриям (1954 ж.т.) 11 жаста, одан кейінгі Зейнезайып (1957 ж.т.), Ербатыр (1960 ж.т.),

Мәлике (1962 ж.т.) 7, 5, 3 жаста, ал кенжеміз Дулатхан (1965 ж.т.) үш айлық жетім, өзі жастай жесір қалады.

1969-жылы Комсомол ауылының тұрғыны Шаханов Әскермен қосылады. Оның Бақыт (1955 ж.т.) деген қызы, Ербұлан (1957 ж.т.), Ержан (1963 ж.т.) ұлдары және анасы Күлбағи (Күлбан) Жарболқызы болды. Ербұланнан басқа бәріміз бір отбасында бір үйдің баласындай тәрбиелендік.



Мәриямнан басқамыз Ленин 8-жылдық мектебінен білім алдық. Мектеп интернатта тұрдық. Сенбі сайын үйге келгенде әжеміз йісін мүнкітіп қаздың етінен бәліш пісіріп қоятын. Еске түскенде әлі күнге дейін сілекейім шұбырып кетеді.

Анамыз 2004 жылы дүниеден озды.

Бүгінгі күні Мәриям Жоламан жездемен Қызыл Жар қаласында тұрады, екі қыз – Әсем, Аида, ұлы – Рүстем бар. Балалары отбасын құрған, немере, жиендері бар.

Зейнезайып Қошым жездемен Орал қаласында тұрады, ұлдары Нарыннан төрт немересі бар, қыздары Дана мен Айжан тұрмыс құрған жоқ.

Ербатыр мен Серікжан жеңгем Қызыл Жар қаласында тұрады, екі ұлдары бар: – Ерлан, Руслан, екеуі де үйленген, немерелері бар.



Мәлике Сырым жездемен Қарағанды облысы, Абай ауданы, Көксу елінде тұрады. Ұлы Алмастан үш немересі бар, қыздары Райгүл тұрмыс құрған.

Дулатхан Рая келінмен Қызыл Жар қаласында тұрады, ұлы Думаннан немере, қызы Динарадан жиені бар. Кенжесі Диана – студент.

Комсомол кезінде орталық кесенесі, мектебі, мәдениет үйі, радиоторабы бар үлкен ауыл болған. Сол уақытта ауылда біздің аналарымыз қатарлы 40 қыз болыпты. Жастардың әні де, елдің аңызы да, әңгімелердің тақырыбы да «Комсомолдың 40 қызы» екен.

Жиеннен туған жиеншардың ұзату тойында.





Сырымбетовтар әулеті

Сырымбетов Серик Достоевич родился 28.06.1946 г. закончил Свердловское пожарно-техническое училище в 1968. В 1974 г. поступил в Московскую военную инженерно-техническую академию, закончил в 1979 г.



Сырымбетова Динара Сериковна, работаю старший преподавателем английского языке на кафедре «Иностранные языки» в СКГУ им. М. Козыбаева.



Үміт қызымен, немелерімен.





Төлеуовтар әулеті

Ленин ауылында туылған.

Апаларымыз Сабалақ, ұлдары Уәділда, Төлеу.

1 Уәділда ата мен әжемiз Жамал

2.Төлеу ата мен әжемiз Күләш

Уәділда атамyz 1984 жылы, ал әжемiз 1977 жылы қайтыс болды. Балалары: қызы – Қазине. Төлеу Атамyz 1976 жылы қайтыс болды, ал әжемiз 1981 жылы қайтыс болды.

Балалары: Бағила, Сапарғали.

Бағила жұбайы Базарбай Баймуқымбет ұлы, Чапаев аулының тумасы. Сапарғали жұбайы Сағила Сартмар аулының тумасы, Балалары: Ермек, Алима, Ержан, Алтын, Қайыржан, Балкүміс, Сайлау, Нағима, Машекер.



Сапарғали 1985 жылы қайтыс болды. Сағила 2018 жылы қайтыс болды. Ермек 1958 жылы, Алима 1960 жылы туған, Ержан 1962 жылы туған, Алтын 1964 жылы туған, Қайыржан 1967 жылы жылы туған, Балкүміс 1970 жылы туған, Сайлау 1973 жылы туған, Нағима 1976 жылы туған, Машекер 1979 жылы туған. Барлығы Ленин ауылында туылған

Ермектің жұбайы Роза Мухаметқали қызы. Балалары: Сайран, Гулмира, екі немересі, үш жиені бар.

Алима жұбайы Бағдаулет Еслямұлы, 3 баласы бар, Бағдаулет марқұм болды.

Ержан жұбайы Қарлығаш Қайроллақызы, 3 баласы бар, 2 немере, 1 жиен қызы бар.

Алтын жұбайы Ералы Сейлханұлы, 2 қызы бар, 3 жиені бар.

Қайыржан, жұбайы Гулнар, 1 қызы бар.

Балкүміс жұбайы Марғұлан Мағжанұлы, 2 қызы, 1 жиені бар.



Сайлау жұбайы Айсана Арғын қызы, 4 баласы бар.

Нағима тұрмыста болған жоқ.

Машекер жұбайы Арман Қабдоллаұлы, 3 баласы бар.

Ермек зейнеткер, Ішкі істер органында істеген, жұбайы дүкенші, баласы таксист, қызы Астанада тұрады, тұрмыста, медбике.

Алима зейнеткер, Булаевта баласымен тұрады. Екінші баласы Ресейде жұмыста. Үшінші баласы Алматыда ҰҚК шекара қызметінде жұмыс істейді, биыл үйленген.

Ержан күзетте жұмыс істейді. «Қазпочта» АҚ. Үлкен ұлы Өскеменде тұрады, үйленген, балалары: Эльмира, Бауыржан, Руслан.

Алтын ауруханада санитарка болып істейді, жұбайы зейнеткер, органда істеген, бір қызы Булаевта тұрмыста, почтада жұмыс істейді, жұбайы шекарашы. Екінші қызы Астанада тұрады.

Қайыржан Петропавлда тұрады, жеке көлікпен жұмыс істейді, жұбайы базарда, қызы Айнуір мектепте 7 сыныпта оқиды.



Балкүміс мұғалім, екі қызы тұрмыста, 1 жиені бар.
Сайлау құрылыста Петропавлда жұмыс істейді. Жұбайы
үйде, үлкен ұлы құрылыста, екінші ұлы мектепте 8 сыныпта,
қызы 3 ке толады.

Нағима жұмыс істемейді.






Машекер санэпидемстанцияда жұмыста. Ұлы мен қызы колледжде оқиды, кіші баласы үйде.

Ермеқ, Қайыржан, Балкүміс, Нағима, Машекер Петропавлда тұрады.

Алима, Ержан, Алтын Булаевта тұрады.

Сайлау «Асанов» ауылында тұрады.











Төлебаевтар әулеті



Біздің әкеміз Төлебайұлы Қазбек 1925 жылдың желтоқсан айында Солтүстік Қазақстан облысы Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев) ауданы Қоскөл ауылында дүниеге келген. Руы «Арғын, Атығай», оның ішінде Есентаңырық, Белденбай – Әлке пірадар әулетінен тараған. Ұлы атамыздың Әлке

пірадар атану себебі, көзкөрген аталарымыздың айтуы бойынша, ол кісі ескіше (араб тілінде, яғни діни) білімді, емшілік қасиеті бар, ел сыйлаған, әулие адам болған екен. Әкемнің төрт жасында анасы Бәдіғұл қайтыс болып, балалық шағы осы ауданның Ворошилов (қазіргі Дүйсеке) ауылында нағашыларында өтіпті. Бастауыш мектепті Ворошиловта, сонан кейін Еңбекші 10-жылдық мектебін бітірген.

Ұлы Отан соғысы басталғанда 1942 жылы өз еркімен сұранып майданға аттанған. Әкемнің естеліктерінен Можайск қаласының маңайындағы ұрыста ауыр жараланып, госпитальге түскені, кейін соғысқа қайта оралып, барлаушылар ротасында жүрген кезінде снаряд жарылысынан қатты жарақаттанып, екінші рет әскери госпитальге түскені есімізде. Кейін Нижний Тагилдегі офицерлер курсына жіберіледі, осы оқудың екінші курсына иығындағы жара қайта ашылып, гвардия сержанты шенінде 1947 жылы үйге қайтарылады.

Соғыстан аман қайтқан әкеміз 1948 жылы Ворошилов ауылының тумасы Мағрипа Малдыбайқызына үйленеді.

1957 жылы Булаев ауданындағы Ленин (қазіргі Бәйшілік) ауылына көшіп, бірнеше жыл ауыл шаруашылығында еңбек етіп, қайтадан ұстаздық қызметке оралады. Ленин бастауыш мектебінде орыс сыныптарына сабақ беріп, 1966 жылы әкеміздің бастамасымен Ленин сегізжылдық мектебі ашылды.



1970-1975 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде, филология факультетінде білім алған.

Анамыз Мағрипа Малдыбайқызы 1930 жылы қазіргі СҚО Мағжан Жұмабаев ауданы, Дүйсеке ауылында туған. Руы Уақ, 7 жылдық білімі болған. Анамыз – «Батыр Ана», «Алтын алқа» иегері, дүниеге үш ұл, он бір қыз әкелген. Тұңғышы Гүл-Ләзәт ауырып, бір жасында қайтыс болған. Ағамыз Серік 1951 жылы туған, жұбайы Райхан Қажымұратқызы (қайтыс болған), үш қыз, бір ұлы: Айнагүл, Самал, Самат, Гүлнар – барлығы отбасыларымен Петропавл қаласында тұрады.

Ағамыз – зейнеткер, алты немересі бар.

Әпкелерімнің үлкені Айгүл, 1953 жылы туған, Бәйшілік ауылында Ерғали Кәрімұлымен (2012 жылы дүниеден өтті) отбасын құрып, үш қыз, бір ұл: Тоғжан, Гүлжан, Ақжарқын, Айдар есімді балалары отбасылары мен қыздары Петропавл қаласында, ал әпкеміз ұлымен Бескөл селосында тұрады. Зейнеткер әпкемнің сегіз немересі бар.

Күлтай әпкем 1956 жылы туған, Жакупов Бөкенбаймен отбасын құрып, бір қызы – Әсем, отбасыларымен Астанада, Азамат – ұлымен Алматы қаласында тұрады. Зей-



нет жасында, үш немересі бар.

Күнсұлу әпкем 1958 жылы туған, жолдасы Әбілқасов Есентаймен бір қыз, екі ұл – Саягұл, Мейрамбек, Әлібек – өсіріп, қазіргі уақытта балаларымен Алматыда тұрады, екі немересі бар.



1960 жылы туған Айсұлу әпкем, жолдасы Марат, қызы Гүлназбен Петропавл қаласында тұрады.

Нұрсұлу әпкем 1962 жылы туған, жолдасы Байкенов Әубәкір, екі ұл – Бауыржан, Дәуренмен Алматыда тұрады, бір немересі бар.



Жанжетпес әпкем 1964 жылы туған, жолдасы Металкенов Әлімжан, бір қыз, бір ұл – Гүлстан, Амангелді, отбасыларымен Алматыда тұрады, үш немересі бар.

1966 жылы туған Жанар әпкем он тоғыз жасында ауырып қайтыс болды.

1968 жылы туған егіз әпкелерім Анар мен Данар, Анардың жолдасы Мекен Мардан, қыздары – Самал, Шынар, Данардың жолдасы Тулебаев Аязбай, бір ұл, екі қыз – Шоқан, Балға-



жолын қуып, мұғалім мамандығын таңдадық. Ардақты әкеміз 1992 жылы, анамыз 2018 жылы дүниеден өтті.

ным, Айғаным. Анар отбасымен Петропавлда, Данар – Алматыда тұрады.

1970 жылы туған Абай ағам, жолдасы Райхан, бір ұл, бір қыз – Нұрбек, Аружан, Асан селосында тұрады.

Інім Сәбит 1975 жылы туған, жолдасы Айгүл, қызы Мадинамен Астана қаласында тұрады.

Өзім Бибігүл, туған жылым 1973, жолдасым Мукеев Берік, қыздарымыз Меруерт, Әдемай, Алматыда тұрамыз.

Туған ауылымызда отыз жылға жуық ұстаздық еткен, «Оқу ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған әкеміз өзінің белсенділігімен, өткір тілді шешендігімен, терең білімімен көзге түсер азаматтардың бірі болған. Анамыз Мағрипа екеуі бәрімізге дерлік жоғары білім беріп, сегізіміз әке жолын қуып, мұғалім мамандығын таңдадық. Ардақты әкеміз 1992 жылы, анамыз 2018 жылы дүниеден өтті.

Бибігүл Қазбекқызы



Туқеновтар әулеті

Туқенов Баймурат Кажиақпарұлы 10.10.1928 – 31.01.1987 ж. Механизатор. Жүгеріші.

Бикен Ибрайқызы 02.11.1935 – 02.04.2018 ж.

Мұратбек Баймуратұлы 05.03.1995 – 12.05.1977 ж. машинист-электровоз.

Райхана Баймуратқызы 27.03.1957 ж.

Манарбек 11.03.1959 ж. Қызы Анар.

Маралбек 10.04.1961 ж.

Рауза 09.02.1964 ж. Балалары Арман, Алмас.

Мереке 06.11.1966 ж. Балалары Мергуль, Әсемгул.

Гульжан 1.02.1969 ж. Балалары Жаслан, Айдана.

Қуандық 20.04.1972 ж. Ұлы Бағдат.

Қ а й ы р б е к
10.07.1975 ж. Ұлы
Естай.



Туреновтар әулеті



Туренов Ғалым Темірболатұлы 1959 жылы 12 сәуірде туған. 1982 жылы Сабитова Айсұлумен отбасын құрды. 1984 жылы ұлым Ерғали дүниеге келді. Мен өзім 40 жыл емханада медбике болып істедім. Қазір зейнеткермін. Ерғалиде 2 ұл, 1 қызы бар: Әли, Аружан, Әмір.





Ғалым 1984 жылы 3 қыркүйекте дүниеден өтті. Інісі Жомарт 1965 жылы 11 қыркүйекте туған, одан туған балалары: Асхат, Динара, Жанат, Берік.

Тұрқановтар әулеті



*Тұрқанов Ақанның отбасы (ортада
Тұрқан атамыз). Майра мен
Майнұр оқуда болатын.*

Бірде балгерге барғанымда, құран сүрелерімен ем салып отырған балгер келіншек оқып отырған дұғасын тоқтатып маған қарап: «... көз алдыма екі рудың бір қызға таласып жанжалдасып, кейін ақылға келіп бір ауыл болып отырғаны елестейді», – деді. Менің көз алдыма Сары мен Есентаңырық рулары коныстанған, кір жуып, кіндік кескен туған

ауылым – Байшілік келді.

Алтын ұям – ауылымның тарихы осылай басталған екен ғой деп топшыладым...

Жеті атамды атайтын болсам – Өмір – Тұрдығұл – Көшен – Байғот – Құдияр – Тұрқан – Ақан (елде Әқан деп атаған).

Өмір бабамыздан тараған ұрпақтардан хабарым жоқ. Тұрдығұлдың 4 ұлы – Әлібек, Жәнібек, Көшен, Дәуіт. Соның ішінде Жәнібектен – Қодар, Байтоқ; Көшеннен 3 ұл – Шүрек, Байғот, Шоң туған. Байғоттан – Данияр, Етекбай, Құдияр туған. Құдиярдан Садуақас (Сауақ), Мұхаметжан (Мұқыжан), Ахметжан, Тұрқан, Кенжебай деген бес ұл, Орындық атты қыз туған.

Атамыз Данияров Тұрқан құжат бойынша туған жылы – 1897 жыл, өзі «Брежневпен жастымын» деп айтатын (Л. И. Брежнев 1904 жылы туған). Даниярда бала болмаған-



Ата-анамның қарт шағы.

дықтан, әкесі «Данияров» деп ағасының атына жаздырған екен. Колхоздастыру кезінде белсенділік танытқан, көп жылдар бойы колхоздың басқармасы болған. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі ел аузында осы кезге дейін айтылып жүрді. Колхоздың шаруасын ақсатпай, майданға азық-түлік пен киім-кешек жөнелту үшін, қажып-шаршап ұйықтап қалған қатын-қалаштың терезесін қамшымен ұрғылап

оятып отыруға тура келгенін өзі де жасырмай айтып отыратын. Арабша өте сауатты, молдалығы мен серілігі қатар жүрген. Құран сүрелерімен дем салып кісі де емдей алатын. Тері илеп, ағаштан түйін түйген бесаспап – арба-шана, басқа да ат әбзелдерін өзі жасап алатын. Қартайған шағына дейін отын-шөпті өзі дайындап, мал семіртіп, сексеннен асса да ат үстінде тіп-тік отыратын. Бойына артық ет жинамаған, киім киісі де ерекше болатын. Ел ішінде өте сыйлы, қыстың ұзақ кешінде ауылдың ақсақал-қарасақалдары жанына үйіріліп, әңгіме-дүкен құрып, қарта ойнап уақыт өткізетін еді.

Кеңес Одағы дүркіреп тұрған кезде бәйбіше мен тоқалды қатар ұстаған.

Тұрқан атамыздың бәйбішеден Серғазы, Ақан, Халел атты үш ұл, екінші әйелден Алтын десе алтындай қыз өмірге келді. Атығай руынан Айтбибі (Әйтiш) атты әйелмен ортаншы ұлы мен келіні Ақан мен Балтайдың, яғни, біздің ата-анамыздың қолында болды, ата-анамыз өзіндерін бала-

дай күтті. Өмірінің соңына дейін ақыл-есі дұрыс, түзу сөйлеп, кәріліктен 1995 жылы 15 мамырда дүниеден озды.

Әжеміз Айтбибінің өгей әже екендігі үш ұйықтасақ, түсімізге кірмеген. Өте балажан, бауырмал, әзілқой адам

еді. Бүкіл ауыл «аптай» деп сыйлайтын. Жүн иіріп, шұлық тоқитын. Біздерге әдемілеп көйлек тігіп беруші еді. 1973 жылы 31 наурызда қылтамақ ауруынан қайтыс болды.

Әкем Тұрқанов Ақан 1925 жылдың 15 қыркүйегінде өмір есігін ашыпты. Балалақ шағы туралы ештеңе айтпайтын, не-



гізінде, артық сөйлемейтін, аузы ауыр еді. Ұлы Отан соғысы басталғанда 16 жасар бозбала, 18-ге толмай 1943жылдың ақпанында әскерге шақыртылды. Ресейдің Чита облысында әскери курстан өтіп, Жапон соғысына аттандырылды. Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталса да, ел тыныштығын қамтамасыз ету қатарында болып, 1950 жылдың аяқ шенінде демобилизацияланады. Елге 1951 жылдың басында жетеді. Екі жылдай ауылды көтеруге үлесін қосып, 1953 жылдың тамыз айында

Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі Істер басқармасына әскери қызметке тұрады. Адал еңбегі үшін Ішкі Істер басқармасы басшысынан алғыс алған. «Отечественная война» орденімен, жеңістің әр мерейтойлық медальдарымен марапатталған. И. Сталинді «Отанды аман сақтап қалған» деп, өмірінің соңына дейін пір тұтты. Соңғы демі таусылғанша ел жаңалығына, саясатқа құлақ түріп өтті. Мынадай бір оқиғаны тілге тиек еткім келіп отыр. 2013 жылы Қазақстанда алғаш рет жергілікті әкімдердің сайлауы өтті. Менің екінші қайнағам Писаревка ауылдық округінің әкімі болатын. Сайлау болған күні комиссияның жұмысы аяқталып, қорытынды шықты-ау деген кезде маған папам телефон соғып: «Қалай, қайнағаң дауыс жинап, қайта сайланды ма?» – деп сұрамасы бар ма?!...

1954 жылы анамыз Ибраева Балтай Нұрғалиқызымен шаңырақ құрады. 1957 жылы әкесі елге шақырған соң, әке сөзін далаға тастамай, әскери қызметін қалдырып, елге оралады. Ұзақ жылдар бойы кітапханашы, клуб меңгерушісі болып қызмет жасады. КПСС мүшесі болып, алғашқы партиялық ұйымның көшбасшысы болды. 4 класстық білімі бар(ол кезде орта білімге сай), өте сауатты, жазуы маржандай тізілген, орысшы-қазақшаны бірдей меңгерген еді. Бірнеше дүркін ауылдық округте депутаттыққа сайланған. Бала кезімізде ауылға үлкен қалалардан, әсіресе Қарағандының драма театрынан гастрольдік сапармен әртістер келіп, спектакль қоятын. Мәдениет саласында жүргендіктен, ауылға келген әртістерді әкем өз туыстарының үйлеріне бөліп орналастыратын да, қойылым аяқталғаннан кейін біздің үйде әртістерге арналып қонақасы берілетін.

Анамыз Балтай 1934 жылдың 20 желтоқсанында дүниеге келген. Петропавлдағы облыстық №2 қазақ мектеп-ин-

тернатында жетіжылдық білім алады. Елге келгеннен ата-енені де күтті, совхозда сауыншы болып та жұмыс істеді. Ол кезде 20-25 сиырды қолмен сауумен қатар, жем-шөбін сауыншылар өздері беріп, сиырлардың астында өздері тазалайды.



Үйелмелі-сүйелмелі

тоғызымызды туып-өсіріп, мәпелеп-тәрбиелеп, бағып-қақты. Атам Тұрқан сыйлы кісі болғандықтан және әкеме қызмет бабымен үйден қонақ үзілмейтін.

Күн сайын төрт табадан нан пісіретіні әлі есімде. Үй шаруасы тағы бар. Онымен қоймай, арасында ою ойып, тұскиіз, сырмақ тігетін. Түңделетіп әдеби кітаптар оқитын. Әпкелеріме шәлі, кіржуа тоқуды үйрететін. Соның бәріне жан анам қалай үлгерген деп, қазір ойласам, ақылыма сыймайды! Әжем мен аптайымның (анамды аптай дейтінбіз) сары қымызын бүкіл ауыл адамдары, көрші Успенка, Писаревканың орыс-қазағы сүйсіне ішуші еді.

Әкем мен анам ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, зейнетке шығып, бүкіл ауыл «ағатайлаған, аптайлаған» қадірлі де сыйлы қариялары болды. 2008 жылы екінші қыздары Майра, жиені Құрмет Астана қаласына көшіріп алды. Бас қалада да Үкімет пен халықтың назарында болып, Астана төрінен соғыс ардагері ретінде пәтер берілді. Ұлы Сұлтан мен келіндері Алма мәпелеп күтті. «Атаңа не істесең, алдына сол келер» деген мақалды тезис етіп алсақ, ата-анамның



қарт шағын сол тезистің аргументі деп білемін.

2017 жылы араларына 40 күн салып, кәріліктен алдымен 82 жасында аптайым, содан кейін 91 жасында әкешім

өмірден озды.

Төмендегі кестеге көңіл аударатын болсақ, әкем мен анамның төрт атадан қосылатынын көруге болады.

Балалары: Зәуре, Майра, Майнұр, Сайран, Сағила, Бағила, Жәмила, Сұлтан, Қайырлы.

Тұрқанов Ақанның ұрпақтары:

Нұртазина Зәуре Ақанқызы 1955 жылы 31 қазанда Петропавл қаласында дүниеге келген. Қарағандыдағы кооперативтік институтты аяқтап, Булаев сауда базасында экономист, Петропавлда «Союзцелинвод» тресінің ОРС-та бас бухгалтер, кейін облыстық Статистика басқармасында кадрлар бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарып, зейнетке шықты. Қазір Астана қаласында ұлы Қанатпен тұрады. Жұбайы – Нұртазин Мұрат Сұлтанұлы, медицина саласының маманы, Петропавл қалалық Санэпиднадзордың бастығы қызметіне дейін көтерілді. 2014 жылы ауырып қайтыс болды. Балалары: Нұртазин Қанат Мұратұлы 1987 жылы 30 қазан-



да туған, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде қызметте, келіні Омарова Зарина – Алматы қаласының тумасы. Әдия, Әлісұлтан, Бексұлтан атты немерелері бар.

Қызы Нұртазина Ләззат Мұратқызы 1988 жылы 20 желтоқсанда туған,

мамандығы – саясаттанушы, күйеу баласы Найман Қаракерей руынан Жумабеков Арнұр Саятұлы – Талдықорғанның тумасы, заң саласының қызметкері, қазіргі кезде қызмет бабымен ауыстырылып, Павлодар қаласында тұрады. Жиендері – Асыл, Айша, Ілияс.

Есенбаева Майра Ақанқызы 1957 жылдың 25 наурызында Петропавл қаласында өміресігін ашты. Орта білімді мектепті тамамдағаннан соң, есепші, кітапханашы болып жұмыс істеді. Кейін отбасын құрғаннан кейін сауыншы болды. Өз аулымыздың Есентаңырық руынан Есенбаев Қайырденге тұрмысқа шығып, бес бала сүйді. Өмірдің тауқыметін көп көрді. АЛЛАҒҚА шүкір, қазір бейнетінің зейнетін көріп, еккен бағының жемісін жинап отыр. Астананың төрінде, балалары мен немерелерінің, туыс-бауырларының ортасында ақылшы болып жүр. Бір өкініштісі, ұлы Қуандық өмірмен ерте қоштасты. Қазір – зейнеткер.

Тұла бойы тұңғышы – Есенбаев Құрмет Қайырденұлы 1978 жылы 2 қазанда дүниеге келген. Петропавлдағы Әскери институтты қызыл дипломмен тамамдап, Республикалық Бас штабқа қызметке тұрды. Келіні – Раушан (Байтукина) Шал ақын ауданының тумасы, мамндығы – бухгалтер.



Немерелері: Рахат, Нұрғаным, Бекарыс, Жаннұр. Екінші ұлы Қуандық 1981 жылы 18 ақпанда туған. Астанада жеке кәсіпкерлікпен айналысты. Анасына жұбайы Арнагүл (Сманова) екеуі Мағжан, Аяулым, Ахмет атты немерелер сыйлады. 2017 жылы қыршын кетті.

Қызы Есенбаева Алмагүл Қайырденқызы 1983 жылы туған, мамандығы – сатушы. Шейх Суннит Қожа руының Дінмұхамет деген жігітіне тұрмыста. Дәрия, Исмаил, Фаяса атты балапандары өсіп келеді.

1985 жылы туған Есенбаева Сандуғаш Қайырденқызы – анасының ең еркесі. Мектепті қызыл аттестатпен тамамдаған Сандуғаш өз ісінің мықты маманы. Елордамыздың «Стройк-ласс» құрылыс компаниясының бас бухгалтері. Альбина атты қызы өсіп келеді.

Анасының кенже қызы – Есенбаева Динара 1987 жылы дүниеге келді. Қостанайлық Қыпшақ руының Ердибаев Жанат деген азаматымен көңіл қосып, Айару, Инсар атты сәбилермен екі жақтағы ата-анасын да қуантып отыр. «Көлік, көлік техникасы және технологиясы» мамандығын

игерген, «сапа инженері» қызметін атқарып жүр. Жолдасы – жеке кәсіпкер.

Беркімбаева Майнұр Ақанқызы 1959 жылы 22 тамызда дүниеге келді. Орта мектепті жақсы аяқтап, Алматының зооветеринарлық институтын тамамдаған, мамандығы – мал дәрігері.

- Бұл мамандықты кенеттен таңдай салған жоқпын. Мектепті бітірерде ұстаздарым өз пәнін таңдап алуға кеңес берсе де, атамның таңдауымен ветеринар болуды ұйғардым. Ауданның бас мал дәрігері Калинин деген атамның досы еді. Сол кезде атам: «Менің қызым Калинин сияқты ветврач болады» дейтін. Атамның сөзін батадай ұғатынмын», – дейді Майнұр. Қызылорда облысы Жаңақорған ауылына Шейх Суннит Қожа тұқымынан шыққан Беркімбаев Нұрлан Жұманазарұлымен көңіл қосып, төрт баланың анасы атанды. Нұрлан да мал дәрігері. Екеуі жұптарын жазбай, 38 жыл ветеринария саласында қызмет қылып, Майнұр вет. инспектор қызметінен зейнетке шықты, жездеміз Жаңақорған ауданының ветеринария саласын басқарып келеді.

Майнұр Ақанқызы, жолдасы Нұрлан, Ажар, Шолпан балаларымен қызы Гүлнұр, ұлы Нұрәділ.

Балаларының тұңғышы Гүлнұр 1981 жылы дүниеге келген, мамандығы – экономист-қаржыгер. Шолпан 1983 жылғы, мамандығы – заңгер. Ұлы Нұрәділ 1986 жылы дүниеге келген, экономист мамандығын меңгерген, қазіргі кезде жеке кәсіпкер. Кенжесі Ажар – дәрігер-гинеколог. Бәрі де өз алдына үйлі-баранды.

Турканов Сайран Ақанұлы 1961 жылы тамыздың 6-сында дүниеге келіп, ата-әжесін қуанышқа бөлеп тастады. 1979-1981 жылдары Отан алдындағы әскери борышын атқарған соң, Петропавл қаласындағы шағын литражды зауытқа жұмысқа орналасты. Тәңірім оған Найман руының Әлия (Нау-



рызбаева) атты қызын бұйырып,

Қайрат пен Қуат атты ұлдардың әкесі атандырды. Қазір екі ұлы екі үй болып отыр.

Сайран Ақанұлы жұбайы Әлиямен Қайрат пен Эльмира, Қуат пен Мадина.

Қайрат 1984 жылы 4 шілдеде дүние есігін ашты. Эльмира келін екеуі ата-анасының қолында, Көкшетау қаласында өрісін жайып отыр. Көкшетаудың Ш. Уәлиханов атындағы университетте эконимист мамандығын меңгеріп, шетелдік «Syngenta» ЖШС-ында менеджер. Риза, Мадина және Хақназар атты сәбилері бар. «АЛЛАһ-қа ризамын» деп, тұңғыш шөбересі туғанда атын Ақан әкеміз қойып кеткен. Қуат 1985 жылы 10 қыркүйекте туды. Ол да Көкшетаудың Ш. Уәлиханов атындағы университетін аяқтап, экономистік білім алып, Астанада «Астана Шапағат» ЖШС-те бөлім басшысы болып отыр. Мадина атты сұлумен жарасып, шаңырақ құрды, Жансая деген кішкентай ғана қыздары өсіп келеді.

Өзіме келетін болсам, Абдильманова Сағила Ақанқызы 1963 жылдың 26 қарашасында дүниеге келіпін. Көкшетау-





дың кооперативтік техникумын тамамдап, Булаев қаласында сауда базасында товаровед болып еңбек жолымды бастадым. Заман өзгерді, ел өзгерді, елмен бірге мен де өзгердім – ұстаздық жолға түстім. Коллежд, кейін университетте оқып, осы күнде қазақ тілі мен әде-

биет пәні мұғалімі болып, шәкірт тәрбиелеп жүрген жайым бар.

Сағила Ақанқызы, жолдасы Молдахмет Ұлы Руслан, келіні Римма немерелері Мирас, Ұлан.

Өмірлік серігім – әйгілі Жәпек батырдың жетінші ұрпағы, Атығай руынан Абдильманов Молдахмет деген азамат. Мамандығы – механик. Еңбек жолын жүргізуші болып бастап, Кеден қызметінде істеді. Кейін жеке шаруа қожалығын ашты. Қазіргі кезде Қызылжар ауданының Бескөл ауылында тұрамыз. 1986 жылдың 19 қыркүйегінде ұлым Руслан, араға бес жыл салып Асланым дүниеге келді.

Руслан М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде экономист-қаржыгер мамандығына ие болды. Облыстық Қаржыны Бақылау басқармасында бас маман. Келініміз Римма (Кайшебаева) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің заңгері. Алтын асықтай Мирас және Ұлан атты немерелеріміз бар. Аслан денсаулығына байланысты өзіміздің жанымызда.

Мырзажанова Бағила Ақанқызы 1966 жылы 8 қыркүйекте өмірге келді. Кішкентайынан зерек қыз әдеби кітаптар-



ды көп оқитын. Мектепті үздік аяқтап, тіс дәрігері мамандығын таңдады. Ұзақ жылдар бойы Петропавл қалалық балалар тіс емдеу клиникасында қызмет жасады. Керей Көшебе руынан шыққан Жамбыл ауданының Айымжан ауылының тумасы Мырзажанов Ермағанбет Серкенұлымен жұптары жарасқан отбасы болды. Жолдасы болса – тіс технигі. Ұлттық Ұланда қызмет етіп, зейнетке шықты. Өкінішке орай, 2017 жылы бақилық болды. Әйгерім, Меруерт деген қос жұлдыздары ұядан ұшып, өз отбасыларын құрып отыр. 1988 жылы 23 қыркүйекте дүниеге келген тұңғышы Әйгерім музыкант – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының Әнби ансамблінің бас музыканты – қобызшы. Жолдасы Молдибаев Ержан Сабырбайұлы Кіші жүздің Әлім руының азаматы, өз ісін дөңгелетіп әкеткен жеке кәсіпкер, жоғары білімді экономист-қаржыгер. Айзат атты қызы және Нұрсұлтан деген ұл тәрбиелеп отыр. Бағыла да, Әйгерім де өз отбасымен Астанада тұрады. Кер маралдай Меруерт 1992 жылы 4 мамырда дүние есігін ашты. Қазақстан Ұлттық Еуразия университетінің заң факультетін қызыл дипломмен аяқтап,



қазіргі кезде Солтүстік Қазақстан облыстық Ішкі Істер басқармасында қызмет етеді. Жолдасы Батыр Баянның ұрпағы, Уақтың ұлы Самаратов Ербаян Ғомарұлы өзімен әріптес. Ерасыл және Лалагүл есімді сәбилер қос әжесі мен атасының қуанышы болып отыр.

Меруерт пен Ербаян Петропавл қаласында тұрады.

Қыздың көпейі Альбекова Жәмила Ақанқызы 1969 жылы ақпанның 3-і күні өмірге аяқ басты. Жәмила – қос мамандықтың иесі: тігінші және сатушы. Жолдасы Альбеков Қалымжан Хайрошұлы – құрылысшы. Руы – Бабасан.

Жәмила Ақанқызы отбасымен, немересі Рауан дүниеге келгенде.

Көп жылдар бойы Петропавлда құрылысшы болды, кейін шағын бизнесін ашып, жиһаз жасап, бастаған ісін дөңгелетіп әкетті. 1993 жылы ақпанның 15-і өмірге Данияр атты ұл әкелді. Данияр да жоғары білімді заңгер. Келіні Бибігүл – тіс дәрігері. Рауан есімді немере сүйіп отыр.

Әкемнің көптен күткен ұлы, қарашаңырақ иесі – Тұрқанов Сұлтан Ақанұлы жаздың жайма-шуақ кешінде, атап айтсам, 1973 жылдың 25 шілдесінде іңгәлап дүние есігін ашты.

Кішкентай

кезінен

қарашаңы-



раққа ие болуды мақсат еткен Сұлтан, ауылдық жерге тән мамандықты меңгеріп, елде белді механизатор болды. Заман өзгеріп, жалпылай урбанизация кезінде ата-анасымен елордамыз Астанада қоныс тепті. Жан жары Алма (Алиева) екеуі ата-анамызды мәпелеп күтіп, ақтық сапарға абыроймен шығарып салғанын жоғарыда айтып өткен болатынмын. Астанада Ішкі Істер органында 45 жасқа дейін қызметте болды. Қазір азаматтық жұмыс атқаруда.

Сұлтан Ақанұлы ата-анасымен және өз отбасымен: жұбайы Алма, ұлы Жігер, қызы Тамаша.

Алма келін отбасының ұйытқысы болып, ата-енесін күтумен үй шаруасында болды. 1996 жылы 12 сәуірде қызы Тамаша дүниеге келді. С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетті тәмамдаған қаржыгер. 1998 жылы шымырлаған қаңтардың 14-інші жұлдызында Жігер есімді ұлдары туды. ҰБТ-да 116 ұпай жинаған Жігер өзін болашақта тек әскери адам ретінде көріп, Петропавлдағы ҚР Ұлттық Гвардияның Әскери институтына оқуға түсті.

Кенжеміз Тұрқанов Қайырлы Ақанұлы 1974 жылы туды. Қайырлы екі мамандық иесі: Целиноградтық ауылшаруашылық институтын тәмамдаған мал дәрігері және жоғары білім-



ді экономист. Астана қаласында «Среда-энергомонтаж» акционерлік қоғамында қызмет жасап жүрген жайы бар.

Қайырлы Ақанұлы, зайыбы Әсем, ұлдары Айдар мен Иса

Зайыбы Әсем қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. Айдар және Иса атты ұл-

дары өсіп келеді.

Әкемнің жалғыз қарындасы Қаскеева Алтын Тұрқанқызы 1943 жылы 1 шілдеде туыпты. 19 жасында атам Тұрқан сүйек жаңғырту салтымен өзінің нағашы жұрты Шейх Суннит Қожа тұқымының Нұрмұхаммет (Қаратай) деген азаматына ұзатады. Ресейдің Есілкөл ауданындағы Қасқат ауылында ғұмыр кешкен апайымыз сегіз бала тәрбиелеп, асыл жар, аяулы ана, ибалы келін бола білді. 2018 жылы о дүниелік болды.

Сол жақта Алтын Тұрқанқызы, ұлы Батырбек.

Нағашы жұртқа тоқталсақ...

Біздің арғы нағашыларымыз (Тұрдығұлдың анасы жағынан) қыпшақ Қошқарбай бабамыз өте әулие кісі болған. Қошқарбайдың құрдастары әулиелігін қабылдай қоймай, әзілдейтін көрінеді. Қошқарбайдың арқасында ма, алақаныңда ма, ноқаттай меңі бар екен. Бірде жаңағы құрдастарының бірі Түркіменнен Қызылқұмның арасымен мал айдап келе жатып адасады. Малынан, астындағы атынан айырылып, боранның арасында қалады. Қошқарбайдың әулиемін дейтіні есіне түскен ол АЛЛАҺТАН Қошқарбайдың көме-

гін беруін өтініп, сыйынады ғой. Бір кезде боранның арасынан ноқаттай бір нәрсе көрінеді. Адаққан құрдасы ноқатты бетке алып АЛЛАҺҚА сыйынып, иманын үйіріп жүре береді. Қанша жүргені есінде жоқ, әбден шаршап, өлдім дегенде алдынан аты шығады – құмның арасында



да білектей қурайға шылбыры оралып қалған екен. Содан сәл демалған соң, АЛЛАҺҚА сыйынып, Қошқарбайдың әулиелігіне иіліп бас ұрып, атына мінеді де, әлгі ноқатты бетке алып жүре береді. Сол жүрген бетімен Қошқарбайдың отау үйіне бір-ақ жеткен екен. Атынан түскен бойда АЛЛАҺҚА шүкіршілік айтып, Қошқарбайдың алдына «аруағыңнан айналайын, Қошқарбай» – деп құлайды дейді. Қошқарбай сол бұрынғы әдетімен көзінің қиығымен бұған қарап тұрып жеңін түрген екен дейді. Сөйтсе, білегі қайыспен әбден тілінген қанталаған – құмның арасындағы білектей қурай Қошқарбайдың қолы екен де, жетекші ноқат Қошқарбайдың меңі екен. Осы жағдайдан кейін құрдастары, барлық ел Қошқарбайдың батырлығымен қоса, енді әулиелігін де мойындаған екен дейді.

Кейін, Петропавлдағы №2 облыстық қазақ мектеп-интернатында оқып жүргенде мұғалімім Мариям Мырзатаевамен ғылыми-публицистикалық мақалаларды талдаған кезде Қошқарбай батыр тарихта да айтылып кеткеніне көзім жеткен. Омбы өлкесінде, Атбасар, Арқада керемет батырлықпен көзге түскен. Тұрқан атам (жаны жаннатта болсын!) «Жалғыз жапанда қиналғанда АЛЛАҺҚА сиынып Қошқар-



бай бабаларыңның аруағынан көмек сұраңдар» – дейтін (Әпкем Майнұр Ақанқызының естелігінен).

Байтоқтан 3 ұл – Ыбырай (Ыбыш), Жүніс, Құлыш туған. Ыбырайдан 2 ұл – Нұрғали мен Оразбай, Құлыштан Тұяқбай туған. Ибраев Нұрғалидан біздің анамыз Балтай жалғыз, оған дейін туған балалары шетіней берген екен. Анамыз Балтай туғанда тоқтасын деген ырыммен кіндігін балтамен кесіп, туа сала құлағын тебенмен тесіпті. Өкінішке орай, шешеміз қырқынан шықпай, анасы о дүниелік болған. Әкесі Нұрғали екінші рет Сағынай апаны (Қаржауов Садықтың екінші анасы) алған, бірақ, әкесінің де өмірі қысқа болды. Қырқынан шықпай анадан, үш жасында әкеден айырылған шешеміз Балтай әкесінің інісі Оразбайдың үйінде тәрбиеленді. Ибраев Оразбай Ұлы Отан соғысы кезінде колхозда басқарма болған екен. Өте адал, әділ адам болыпты. Сол кезде көре алмаушы біреулер үйінің сыртына ор қазып бидай көміпті де, милицияға «Оразбай бидай ұрлады» деп арыз жазыпты.

– «Бір күні милиция ке-



ліп, бапамды қолын байлап алып кетті. Біз үйде ештеңе түсінбей, улап-шулап, жылап-сықтап қалдық. Үш күннен соң бапам өзінің адал, кінәсіз екенін дәлелдеп үйге келді», – деп есіне алып отыратын шешем марқұм.

Оразбай Ибраев
1963 жылы созылмалы

асқазан ауруынан қайтыс болды.

Оразбайдың ұрпақтары: Мәриям, Балкүміс, Өмірзақ, Рахия, Өмірбек, Кенжекей. Тұңғышы Мәриям қазіргі Тайынша ауданының Көзашар ауылында балалы-шағалы болып, үлгілі отбасы болды. Балалары: Үміт, Жұмабике, Әпия, Жаңылған, Сайранбай, Құнанбай, Шәріп, Нұрлан, Жұмабек.

Балкүміс Шейх Суннит Қожа тұқымының Абдулов Мұхамедсәлім деген азаматына ұзатылып, Зәуреш, Сәлиман, Орынтай, Гүлсім атты қыздарды дүниеге әкелді. Возвышен ауданының Изобильное селосында тұрып, алдыңғы қатарлы сауыншы болды.

Өмірзақтың Арман, Олжас атты екі ұлы Жаңарқада тұрады, өзі жол апатынан қайтыс болған. Рахияның жалғыз ұлы Бауыржан да өмірден ерте озды, өзі Астанада тұрып, ұзақ аурудан бақилық болды. Өмірбек 1974 жылы әскерде жазатайым кетті. Кенжекей Астана қаласында Жетпіс атты азаматпен Сандуғаш, Нұржан, Айжан, Азамат ұл-қыз өсіріп отыр. Бұл кісілердің атасы Ыбырай өте мық-



ты емші болған екен, есі ауысқан адамдарды оқып емдеген.

Байтоқтың үшінші ұлы Құлыштан Тұяқбай туғанын жоғарыда атап өткен болатынмын. Кулушов Тұяқбай – өте көрікті, екі иығына екі кісі мінгендей тұлғалы, талғамы жоғары, шындықты тура бетке айтатын бірбеткей кісі еді. Көзі өткір, бойында қасиеті де болды. Жылқы малын өте жақсы көретін, сондықтан болар, ұзақ жылдар жылқышы болды. Жүйрік сәйгүлік ат мініп, тазы ит, неміс овчаркасын асырады. Ұлы Отан соғысына қатысып, ерен ерліктер көрсеткен кавалерийст. Совет Одағының батыры атағына бір емес, бірнеше рет ұсынылып, бізге белгісіз себептермен берілмей қалған екен. Соғыстан оралғанда кеудесі толған орден-медальдар, жолда орыстың Богдан атты жетім бала-



сын тауып алып, елге келген екен. Бірақ ауыл адамдары «Бұл бала жазатайым бірдеңеге ұшыраса, басың кетеді» деп азғырып, балалар үйіне тапсырыпты. «Қызыл Жұлдыз», «Даңқ» орденінің үш дәрежесі де, «Жеңіс» ордені, Еуропаның әр қаласын азат еткені үшін медальдар, т.б. марапаттары болған. «Кішкентай чемоданға салғанда сыймаушы еді» дейтін аптайым. Өкінішке орай, қолындағы асыранды балалар ойнап жоғалтқан. Өз балалары өліп, өмір бойы ағайын-жекжаттарының жетім балаларын асырап, жеткізіп отырған. Өмірзақ, Өмірбек, Кенжекей, Серік, Жаңбырбай (Нәзір), Гүлсән – бәрін Тұяқбай нағашымыз жеткізген.

*Авторы:
Абдульманова Сагила
14 наурыз 2019 жыл.*









Тұрқан (Нұрмағанбет) Құдьярұлы Дәнияров



Баласы Серғазы Тұрқанұлы Тұрқанов 1923 жылы 29 желтоқсан СҚО Булаев ауданы Қаратал ауылында туған, соғыс ардагері.

1942 жылы наурыз айында Булаев АӘК шақырылып, 12.1942 ж. (Әскер қатарында

03.1942 ж. – 12.1942 ж. 1278 АП, атқыш. Қатардағы жауынгер. Ауыр жараланған. Наградалары: I дәрежелі Отан соғысы ордені, «Германияны жеңгені үшін», мерейтойлық медальдары бар). Жары Мәмиля Қайырқызы Қайырова 1924 жылы 1 қазанда туған Ленин аулында, 1941 жылы 10 маусымда үйленген, 61 жыл бірге өмір сүрген, дүниеге 8 ұл (3 бақилық болған), 4 қыз әкелген, 30 немере сүйген, 49 шөберелері бар.



БАЛАЛАРЫ:

1. Шекер (бақилық болған) жары Кайныш Мағжан Жұмабаев ауданы Писаревка ауылында тұрады, балалары:

1. Нұрлан (Роза) – Аида, Астана қаласында тұрады.

2. Бағлан (Динара), Астана қаласында тұрады.

3. Айнагүл (Марат) – Айгерім, Петро-

павл қаласында тұрады.

4. Гүлжан (Олжабай) – Анар, Томирис, Аделя. Петропавл қаласында тұрады.

2. Сейілбек (бақилық болған) жары Бөбек (бақилық болған), балалары:

1. Айгүл (Нұрлан) – Алма, Иран, Бәтімжан, Петропавл қаласында тұрады.

2. Жанар (Жасұлан) – Сәкен, Әсел, Анель, РФ Түмен қаласында тұрады.

3. Арман (үйленген жоқ) Астана қаласында тұрады.

4. Дана (Рустам) – Динара, Әмір, Мәдина, СҚО Сергеевка қаласында тұрады.

5. Сейілхан Булаев қаласында тұрады, жары Мәржан (бақилық болған) балалары:

1. Марат (Анюта), Астана қаласында тұрады.

2. Руслан (бақилық болған),

3. Әсем (Амангелді) – Руслан, Еламан, Айдын, Айсын, Алтын, Булаев қаласында тұрады.

4. Ақбейне (Мираш) – Алты-







най, Әділет, Айдана, Гүлден, Айым, Мағжан Жұмабаев ауданы Қоскөл ауылында тұрады.

5. Гүлбейне (Данияр) – Жалғас, Петропавл қаласында тұрады.

6. Толғанай (студент Петропавл қаласында оқиды).

4. Сәуле жары Жұмаш, Петропавл қаласында тұрады, балалары:

1. Қайыржан (Самал) – Аслан, Әлішер, Арыстан, Петропавл қаласында тұрады.

2. Азамат (Әсел) – Зарина, Астана қаласында тұрады.

5. Зейніл жары Үмітжан СҚО Қызылжар ауданы Прибрежный ауылында тұрады, балалары:

1. Самал (Ержан) – Диас, Нұртас, Петропавл қаласында тұрады.

2. Алмат (Ақмарал) – Ернат, Ерасыл, Қызылжар ауданы Прибрежный ауылында тұрады.

3. Гүлсара (Ерлан) – Жәңгір, Астана қаласында тұрады.

4. Сымбат (Ерлан) – Мерей, Асылым Петропавл қаласында тұрады.

6. Шолпан жары Ибраһим Мағжан Жұмабаев ауданы Надежка ауылында тұрады, балалары:

1. Айнагөз (Қуат) – Аида, Қуандық, Петропавл қаласында тұрады.

2. Руслан (Жұлдыз) – Әмір, Даяна, Петропавл қаласында тұрады.

7. Айман жары Атымтай – Алматы қаласында тұрады, балалары:

1. Азамат (Замира) – Расұл, Айзере, Рамазан, Алматы қаласында тұрады.

2. Алмас (Шнар) – Аружан, Маңсүр, Саида, Раяна, Астана қаласында тұрады.



3. Абылайхан (Райхан) – Аилин, Астана қаласында тұрады.

8. Жасұлан жары Ғалия – Алматы қаласында тұрады, балалары:

1. Ақбота (Еркін бақилық болған) – Ерасыл, Аделя, Алматы қаласында тұрады.

2. Айгерім, Алматы қаласында тұрады.

9. Айнаш Петропавл қаласында тұрады, жары Жеңіс (бақилық болған), балалары:

1. Аян (Сымбат), Петропавл қаласында тұрады.

2. Саян (әскери қызметте) Актау қаласында тұрады.

3. Мөлдiр (Мұса) – Малика, Тараз қаласында тұрады.



Шер

Қаламым сен ойнақтап ойды жазшы,
Ойлаған әрбір уақыт ойды жазшы.
Заманым аттай шауып өтіп барады,
Туған ел туысқанды еске алшы.
Ал тыңда, мен сөйлейін деді ойым,
Көрмедім өлең жазып бұдан бұрын.
Күлкі ғып қате болса сөкпеңіздер,
Ойға да үйлестіру өте қиын.
Айтайын соғыстағы көргенімді,
Қай жерден қай жерлерге жүргенімді,
Ұялып ойым шіркін ойлап еді,
Айт-айт деп ақыл шіркін ұшып тұрды.
Келеміз қалың орман арасында,
Қазақстан Жаныбай бар өз қасымда.
Құрбы мен өзің теңді жүретұғын.
Күн барма мұсылманның баласында.

Августің оны күні келіп жеттік,
Командир «Вперед!» – деді алға кеттік,
Алдыңғы жағымызда қыр бар екен.
Атыспен әлгі қырға әрең жеттік.
Тағыда «Вперед!» – деді кеттік алға,
Сиынып ата-баба аруақтарға.
Қасыма снаряд-мин түсіп жатыр,
Қорықтым қалам ба деп ай далада.
Ойлаумен келетұғын еш пайда жоқ,
Естісе жақсы сөзді көңілім тоқ.
Алланың ажалынан қағыс болсам,
Ойлаймын неміс итті жеңемін бе деп.
Көрдікқой азда болса қиындықты,
Көнүші қиындыққа адам мықты.
Шыбын жан шықпаған соң жүреді ғой,
Өмірге мұндай жауды жолатпа енді.
Қорқамын бұл немістің түрі жаман,
Қарасы жауыздардың кетсін әрмән.
Хабарсыз соғыс ашқан неміс иттер,
Тартарсың сазайыңды ертең надан.
Алдымда снаряд-мин жарылады,
Жан шіркін мені тық деп жалынады.
Ойлаймын бүйте берсе мына денем,
Бір жерде ыстық қанға малынады.
Айтқандай қолға тиіп істе бітті,
Балаңыз жаралы болып кейін кетті,
Марлімен тиген жерін таңып алып,
Қоштасып Жакеңмен жүріп кетті.
Қуандым мен ілгері кеткеніме,
Жаралы аурулардың болдым бірі.
Оң қолдың буынына келіп тиді,

Себепкер бір Алланың болған өзі.
Сонымен госпитальге алды келіп,
Моншаға жуыңдырып киім беріп.
Күтуші тәрбиесі жаман емес,
Мен жүрмін жақсы жаман бәрін көріп.
Жатырмын госпиталде аман есен,
Қымбатты бауырларды аман көрсем.
Ал онда бізде арман болмас еді,
Қолымнан ата-анамның сусын ішсем.
Аллаға сыйындудан жаңылмаймын,
Ата-анам нағып жүрдеп алаңдаймын,
Елдегі бауырларым еске түсіп,
Соларды көрсем ау деп көп ойлаймың.
Осымен доғарайын сөздің артын,
Сағынып ел-жұртыма жазған хатым.
Бұл шерді шығарушы кім десеңіз,
Серғазы Тұрқанұлы өзім атым.

Серғазы Тұрқанұлы
Госпиталь 1942 жыл

Данияров Қалел Тұрқанұлы



Данияров Қалел Тұрқанұлы (07.01.1939 – 12.02.2008) 1939 жылғы 7 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауылында туған.

Петропавл есеп және экономикалық техникумында 3 жыл оқып, оны бухгалтер дипломымен бітіріп шықты,

одан соң Жамбыл ауданына жіберілді. Бауман элеваторының бас бухгалтер болып тағайындалды. Одан соң Озерный совхозында бас бухгалтері болып істеді. 1990 жылы елге оралып с. Успенка «40 лет Казахстана» совхозында бас бухгалтер болып істеді. Содан зейнетке шықты. Көптеген жылдар бойы еңбек еткен үшін медалімен марапатталды.

Зайыбы, Жұмабике Оразаққызы (15.04.1948 – 26.02.2013) жылы туған, Петропавл педагогикалық училищені бітіріп қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалім болып істеді. Еңбек өтілі 40 жыл. Педагогикалық еңбек ардагері. Өз шығармалары бар.

Қалел Тұрқанұлы мен Жұмабике Оразаққызы алты баланы тәрбиеледі.

Мақсат Қалелұлы (1960–2018) Свердловский юридический институт бітіріп, Благовещенск қаласы, Амур облысында Әскери қызметінде еңбек етті. Полковник. Бес баласы, екі немересі бар.

Марат Қалелұлы 1962 ж.т. Целиноград ауыл шаруашы-



лығы институтын тәмамдаған. Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Успенка селосында участковый болып істеді. Евразийский банк күзетші. Зайыбы, Айтжангүл – санитар. Астана қаласында тұрады.

Болат Қалелұлы 1970 ж.т. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай заң институтын бітірген. Қостанай қаласында участковый инспектор болып 20 жыл қызмет етті. Отставкада. Зайыбы, Гүлжан – мейірбике. Қостанай қаласында тұрады. 3 баласы бар. Қызы Әсел, ұлы Бауыржан полиция қызметкері, қызы Айзада. Екі немересі бар.

Жанат Қалелұлы 1970 ж.т. А. Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институтын бітірді. «40 лет Казахстана» совхозында мастер стройотдела, прораб болып жұмыс істей бастады. Әскери өрт сөндіру бөлімшесі қарауыл бастығы болып қызмет етті. Зайыбы, Айнаш – орта мектебінің мұғалімі. Булаево қаласында тұрады.

Ұлы Асет 1993 ж.т. биотехнология бакалавр мамандығы Еуразия ұлттық университеті, магистратура Еуразия ұлттық университетін бітірген. Резервтегі лейтенант. Ұлттық биотехнология орталығында кіші ғылыми қызметкер болып істейді. Астана қаласында тұрады.

Қайрат Қалелұлы 1974 ж.т. Орталық Азия университетін бітірген. УВД органында 25 жыл қызмет атқарды. Отставкада. Полиция майоры. Зайыбы, Айгүл – сұлулық салонының директоры. Петропавл қаласында тұрады. Қызы



Айдана, ұлы Айдулатқазақ мектеп – гимназиясында оқиды.

Бақыт Қалелқызы 1975 ж.т. Акмолинский аграрный университет им. С. Сейфуллина бітірген. Статистика бөлімінің бастығы. Күйеуі Рустам – жеке кәсіпкер.

Қызы Дарина, ұлы

Дархан Батыр Баян атындағы гимназиясында оқиды. Булаево қаласында тұрады.

Қалел Тұрқанұлы мен Жұмабике Оразаққызының он үш немересі және төрт шөбересі бар.

Мен Есенбаева (Турканова) Майра Ақанқызы.

Мағжан Жұмабаев ауданы Бәйшілік ауылында дүниеге келдім. Құдиярдың баласы Тұрқанның немересімін. Әкем Ақан Тұрқанұлы, Ұлы Отан соғысының ардагері, ауылымыздың белді азаматы болған. Анам Балтай Нұрғалиқызы бар өмірін ауылдың өміріне үлес қосқан, ең сыйлы азаматшасы болған. Әкем 92 жасында, анам 83 жасында Астана қаласында 2017 жылдың 18 ақпаны мен 29 наурызында өмірден өтті.

Кеңес Үкіметі кезінде ауылымыз өркендеп тұрған еді. Ауыл адамдары еңбекқор, еңбек сүйгіш адамдар болды. Атам Тұрқан соғыс уақытында және одан кейін де мал шаруашылығын басқарған екен. Ол кісі тәртіпті, жауапкершілікті талап еткен екен. Ол кездегі сауыншылар бұзаушылар ылғи келін-кепшектер болған. Дәмежан өзінің інісі Кенже-

байдың әйелі, Мәміш өзінің үлкен баласының әйелі және т. б. ағайын келіндер болған. Солардан сауынға ерте барып, ерте тұруды талап еткен екен. Ұйықтап қалғандардың әйнегін қамшымен қағып оятады – деп, сол кісілер күліп айтып отыратын. Атманың 3 ұлы мен 1 қызы болған. Ұлдары Серғазы, Ақан, Халел, қызы Алтын. Барлығы үйлі-баранды, балалы-шағалы болды. Атам өзі немере шөбере сүйген.

Әкесінің жолын баласы Серғазы жалғастырып мал шаруашылығын басқарды. Ол кісі де әкесіне ұқсап, тәртіпті, жауапкершілікті көп талап етті. Біздің бес үй бір-бірімен тату болған. Бес үй деп тұрғаным Құдиярдан туған бес ұлдың балалары мен немерелері. Бір үйде бір жағдай той, соғым сою және т. б. жиын болса келіндер жабылып қолқабыс беретін. Бәрін біріктіріп Дәмежан апамыз басқаратын. Ол кісінің көңіл-күйін келіндері қас-қабағынан байқайтын. Қапиза апатайым, Мәміш тәте, менін анам- Балтай, Бақытжан апатайым, Роза, Фаузия жеңгелеріміз бір үйдің адамдарындай тату болды. Сол енелерін көрген кейінгі келіндер де жаман болған жоқ. Жалпы ауыл адамдары тату-тәтті, бір біріне сыйластықпен қарап, көмектерін аямай, отын-шөптеріне көмектесіп жүретін.

Менің әкем Ақан, 1948 жылы Отан соғысынан оралып келгеннен кейін Қызылжар қаласында тұзету мекемесінде қызмет атқарған. Біз апамыз Зәуре екеуіміз Қызылжар қаласында туғанбыз. 1958 жылы атам мен әжемнің қолына келген. Қаладан көшіп келгеннен әр жұмыстарда істеген. Мейрамов Тамандар, Жұқа деген кісі үшеуі ағаш кесуге баратын, жазда ағаш құлатады, қыста малға силос шабады. Силос шабу деген қатып қалған шұңқырдағы силосты ломмен шауып дайындайды, сосын арбаға тиейді. Ол кезде грейфер болған жоқ. Шөп, сабан бәрін қолмен артатын. Тамандар мен менің әкем. Қысы-жазы ауыр жұмыстан

кейін Тамандар ауырып дүниеден өтті. Қазір ол кісінің бала-немерелері бар. Менің әкем де ауырып жеңіл жұмыс істеу керек болды да мәдениет саласына қызметке ауысты. 15-20 жылдай ауылдың кітапханасы мен клубын басқарды. Ол кезде 8 жылдық мектеп жаңа ашылған кез болатын, ауылда жас мұғалімдер мен жастар көп болы. Көркем өнерпаздар үйірмесі жақсы жұмыс істеді. Көрші ауылдарға, Ресейдің Қасқат ауылына концерт қоятын. Анам Балтай Нұрғалиқызы совхоздың сиырын сауып бұзауын суарды. 20 жыл еңбегі сіңген, 9 бала тәрбиелеп өсірген батыр ана. Әкем екеуі адал еңбек ете жүріп 9 бала, 23 немере, 26 шөбере сүйді. 63 жыл бірге отасты. 2014 жылы барлық ағайын-туыстарды жинап Астана қаласында 60 жылдық «тауһар» тойын тойладық. Балалары бәрінің өз шаруа қызметтері, отбасы бар. Немерелері де қызметте, жоғарғы оқу орнын бітірген, әр түрлі салада қызмет істеп жүр: әскери қызмет, экономист, финансист, музыкант, дәрігер мамандарында.

Ауылда тағы тракторшы, малшылар болды. Атамның інісі Кенжебай (біз кішкене тәтә дейтінбіз), Сейітжан Жұмабаев, Мулқубаев Қазбек ағаларымыз мал баққан. Амзин Сәрсенбай жиен ағамыз, сатушы болды.

Болат Құдияров, Гарафудинов Меңдар, Мейрамов Арғын, Есенбаев Манап сынды механизаторлар даланың балалары секілді, алқапта жүретін. Болат әтәйім мен Меңдар аға К700 тракторында істеді, егін себу, зябь жырту, қыс болса қар тоқтату жұмыстарын атқарып, бір тынбайтын. Манап әкей қуқуруз өсіретін. Қыста мал шаруашылығында істейтін. Мен өзім 1974 жылы орта мектепті бітірдім де ауылда мал фермасында учетчик болып жұмыс істедім. Ол кезде мал шаруашылығында барлық жұмыс қолмен істеледі. Малдың жем шөбін беріп, сиырларды, қиын шығару бәрі қолмен іс-

телетін. Сол кездегі малшылар мен сауыншылардың еңбегі ең ауыр болды. Сливотделение (сүт қабылдайтын жер) басшысы болып Хамзин Жұмабек (Шалдау) істеді, сүтті әйелі Қалиша салатын. Шалдау ағадан біраз нәрсе үйрендім. Сол кісімен бірге сүтті қабылдап алып тазалығын, сүттің майлылығын тексеретінбіз.

Сол кездегі адамдардың бір-біріне деген сыйластығына таңданатымын. Ешкім ренжимейді және жоғарыдағылар білмей қалады. Ол кісі өзі келіп сүтін салып қаймағын баптап қоятын.

Сол кезде базада малға кормоцехпен силос таратып, таң атпастан жем- шөп тасып адал қызмет еткен Етекбаев Зейнолла ағам болды. Қыста базға 12 жасар Етекбаев Жанатта папасына көмектесуге барып, МТЗ-50 тракторын басқарып, көмектесетін. Жанаттың трактордың рулінің арасынан кілтиіп басы ғана көрінетін.

Сол қол жұмысына каникул кезінде барлығының балалары барып, ата-аналарына көмектесетін. Өзі шаршап жүрген адамға бір айыр шөп салуға көмектескеннің өзі үлкен сеп болатын. Сол жылдары Сабыржан, Ерғали Арғын т. б. осы жастағы жігіттердің жаңа үйленген кездері болды. Қандай да бір мереке болса жиналып концерт қойып, бас қосып демалатын.

Біздің ауылда Қулушев Тұяқбай деген кісі болған, Ұлы Отан соғысының ардагері, ол кісі бар өмірін жылқы баптап, жылқы бағуға арнаған. Қысы-жазы жылқының соңында жүретін.

Мейрамовтар отбасы көп балалы болатын, үлкені Ануар аға, ол кісі әскер қатарынан оралғаннан кейін мектепте француз сабағынан сабақ берді, сосын фуражер, сатышу болды. Зейнетке сатушы болып шықты. Дүкенге барсақ кү-

ліп қарсы алатын көңілді жүреді. «Дәл-дәл» деп күліп бірде-не сұрасаң ашып көрсетіп тұратын.

Жақсылық аға ауылда шофер болды. Ауылдың барлық қызығы сол ағаның қатысуымен болатын. Ол кезде лимузин болған жоқ барлық тойға апарып, жолға шығарып салу қарсы алу Жақсылық ағасыз болмайтын. Келіншегі Сәуленің қолынан дәм татпаған ауылда кісі жоқ шығар, ауылда аспазшы болды. Көктемгі егін себу, күзгі жинау науқанда Сәуле тамақтандыратын.

Арғын механизатор К700 тракторында егін себу, жер өңдеу сияқты жұмыстарды атқарды. Кейін мал шаруашылығын басқарды. «Сиырдан трактор жасауға болмайды, ал трактордан сиыр жасауға болады, оны жасаған мен» деп күліп жүретін. Өзінің механизаторлықтан мал фермасының бригадирі болғанын солай күліп жеткізетін елге.

Атам мен әжем қонаққа көп жүретін. Ол кезде машина жоқ. Олар атпен баратын, атамның арба сайманы қарамен боялған, арбасы қорапталған керемет әдемі болатын. Мен бірге баратынмын атам мен әжемнен қалмайтынмын. Жазда сіңлім Майнұр екеуіміз атаммен шөп шабуға, отын кесуге барамыз. Атам шөпті шабады, біз жинайтынбыз. Кешке қайтарда арбаға артып алып кетеміз. Кейін інім Сайран өсіп бізге қосылды. Зәуре үйде болатын. Майнұр оқуға кетті, мен тұрмысқа шығып кеттім, бізден кейін атама Сайран, Сағила, Бағила көмектесті. Кейін Жамиля, Сұлтан, Қайырлы өсті. Анамыз қартайып бие саууыға жарамай қалғанша, бие сауып қымыз іштік. Аптайымның қымызын барлық облыс, ауданнан келген бастықтар сүйсініп ішетін. Қанша келген қонақты ешбір ренжімей анашым қарсы алатын. Папам клуб меңгерушісі болған кезде, Кеңес үкіметі кезінде Семей, Қарағанды театрларынан әртістер келіп спектакль қоятын. Сол әртістер біздің үйде тоқтайтын.

Үйім деп қашан барсаң да шаңырақта отырған Сұлтан інім Алма келініміз құшақ жая қарсы алады. Жыл сайын 9 мамыр күні барлық туыстар Халел көкемнің балалары, Астанада тұратын құда-жегжат, ағайын-туыстар жиналатынбыз. Сонда папам «мен өмірден өтсем де осылай жиналып отырындар» дейтін. Сол папам айтқандай 9 мамырда жиналамыз. Біздің үйдің үлкені Зәуре Қарағанды кооператив институтын бітірген. Облыстық сауда базада бас бухгалтер болып қызмет атқарды да Кеңес үкіметі тарағаннан кейін статистика басқармасында қызмет атқарып, сол мекемеде зейнетке шықты. 1 қызы 1 ұлы бар. Жездеміз өмірден өтті. Зәуре баласы – Қанат Астанада тұрады.

Мен Майра үйдің екіншісімін. Орта мектепті бітірдім де ауылда қалдым, тұрмысқа ерте шықтым. 5 бала өсірдім. Үлкен ұлым Құрметтің арқасында Астана қаласына келдік. 12 немере сүйіп отырмын.

Менен кейін Майнұр, Алматы мал дәрігерлік институтын бітірді. Алматыда оқып жүріп Қызылорданың жігітімен отбасын құрып оңтүстікке кетті. Балалы-шағалы болып, зейнетке шығып немере сүйіп отыр.

Ұлдың үлкені Сайран Көкшетау қаласында тұрады. 2 ұл өсіріп, немере сүйіп отыр.

Сағила мектеп бітіргеннен кейін кооперативтік техникумді бітіріп Булаев қаласында сауда базасында товаровед болып қызмет атқарды. Кейін база тарап кеткеннен кейін педагогика саласына кетті. Қазір Бескөл қаласында тұрады. Сағила да немере сүйіп отыр.

Бағила медицина саласында Қызылжар қаласында тіс дәрігері. Екі қыздан немере сүйіп отыр.

Жәмилияның Астанада мебель салоны бар. Бітірген мамандығы да сауда саласы. Ұлы Даниярдың тойын тойлап келінді болып отыр.

Сұлтан ініміздің қызы жоғары оқу орнын бітіріп қызмет істейді, ұлы Қызылжар қаласындағы жоғары әскери институтында оқиды.

Ініміз Қайырлы кеш үйленіп, балалары кішкентай, 2 ұлы бар. Астанада ТӘЦ-та қызметте.

Біздің ата-анамыздың еш арманы жоқ, бақытты жаңдар болып өмірден өтті. Ақанның отбасы-тамырын тереңге жайған үлкен отбасы.

Уақышевтар әулеті



Уақышев Ғаббас Бектембайұлы

Уақышев Ғаббас Бектембайұлы 1925 жылы 5 мамырда СҚО Шаңдақ ауылында дүниеге келіп Көкшешапқан (Комсомол) ауылында сол кезде ел басына түскен ашар-

шылық, қиын қыстау кезінде балалық шағы өткен.

Балалық, жігіт шағында қолхоздың әр түрлі жұмыстарына араласып еңбек етеді. Жастайынан атқа құмар соғыс кезінде атты әскерлер қатарында болып, Жапон соғысына қатысып 6 жыл әскер қатарында болып елге оралады. 1957 жылы «Молодежный №2» бригадасына бригадирлік қызметке орналасып, 1962 жылы №3 бөлімшесінің басқармасы болып, сол қызметте көп жылдар бойы елді басқарып, қадірлі қасиетімен ақжарқын мінезімен халқының қалаулысы болған, қарапайым ағайын туыс, жолдас-жораларына қадірлі – Ғабең болды. Қандай қызметте болмасын еңбегі жемісті болып талай марапатқа ие болды. Ғаббас Бектембайұлы зайыбы Құлбану Исабайқызымен үлгілі отбасы болып, өмірге үш бала әкеліп оларға жоғары білім берді. Өмірден 68 жасында дүниеден озды. Ғабеңнің жақсы қасиеттері соңындағы ұлдарының бойына тараған еді.

Уақишев Айтолла Ғаббас ұлы 1953 жылы 14 қазанда СҚО Булаев ауданы Комсомол ауылында туып өсті. Ол өңірімізге белгілі үлкен еңбекқор отбасында тәрбиеленді. Комсо-



мол ауылында 4 жылдық мектепті бітіріп, 7 жылдықты Ленин ауылында, 10 жылдықты Сартомар орта мектебінде аяқтайды. 1970 жылы әскер қатарына алынғанша Комсомол ауылында мал бақылау алаңында жұмыс істеп жүрді. 1971 жылы Кеңес армиясына шақырылып оны 1973 жылы азаматтық борышын өтеп, Целиноград қаласына келіп, Целиноград сельмаш заводына жұмысқа орналасады. 1974 жылы Целиноград ауыл шаруашылық институтына түсіп, малдәрігерлік (ветеринарный врач) мамандығын алып шығады. СҚО Булаев ауданы «40 жылдық Қазақстан» совхозына жолдама алып, Рощина селосында бөлімше веттехнигі қызметінен бастап, 1981-1988 жылдары осы совхозда бас

мал дәрігері қызметінде істеп, совхоздың мал шаруашылығы саласын дамытуға үлкен үлес қосты. 1988-1992 жылдары «Гаврин» селолық округіне ауылнай (председатель) болып



тағайындалды. 1992 жылы «40 жылдық Қазақстан» совхозына бөлімше басқармасы болып орналасады. 2007 жылы СҚО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында бөлім бастығы қызметінде жұміс істейді. Айтолла Ғаббас ұлы қай қызметте жұмресін, қай істі атқармасын өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз тыңдырып, әріптестерінің арасында үлкен құрметке бөлене білді. Кәсіпкерлік шеберлігі мен зор ұйымдастырушылық қабілеті үшін облыс әкімінің құрмет грамоталарымен марапатталды.

Айтолла Ғаббас ұлы зайыбы Айман Байзаққызы екеуі 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Әсет полиция полковнигі Петропавлда, кіші ұлы Аслан Астанада Төтенше жағдайлар комитетінде қызмет жасайды, майор шені бар. Қызы Әсем Алматыда әкімшілікте қызмет жасайды. Балалары мен қызынан 6 немере сүйіп отыр. Жолдасы Айман зейнет жасына дейін ұстаздық қызмет жасады.



**Ж. А. Ташенев, Р. А. Қондыбаев, А. Курмангужин
с тружениками колхоза
“30 лет КазССР”
1951г. СКО**

Укиеновтар әулеті

Укиенов Серік Өсербайұлы 1938 жылы Байшілік бұрынғы (Ленин) ауылында туған.

Атамның әкесінің есімі Өсербай ал шешесі Айтбибі. Атамның інісі Серғазы Өсербайұлы мен қарындасы Кенжебике Өсербайқызы. 1957 жылы атам Күлзира апамен отбасын құрады. Атам 30 жыл Орманшы болып жұмыс істеді. Ата мен әжемде 11 балалары болды. Үлкен ұлы Нұрғазы, 2.Жұмабике, 3.Нұрлан, 4.Рамазан, 5.Қыңдықбай, 6.Айман, 7.Амангелді, 8.Марат, 9.Ертіс, 10.Есенгелді және кенже ұлы Жақсылық. Әжем Күлзира 35 жыл сауыншы болып жұмыс істеді.

Мен Укиенов Мағжан Амангелдіұлымын. Менің отбасымда бес адам бар. Әкем, анам, екі інім бар. Әкеміз Укиенов Амангелді Серікұлы 1970 жылы Байшілік ауылында туған. Ленин орта мектебін 8 жылдық сыныпты бітіріп, 1988 ж-1990 жылдар аралығында Целиноград облысы, Державинск қаласында отан алдындағы борышын өтеді. Байшілік ауылында



әкем мектепте завхоз болып және құрылысшы да болған, қазіргі таңда Евразия банкінде күзетші болып жұмыс істейді. Анам Жакаева Зәбира Аяғанқызы 1968 жылы Есіл ауданы, Бұлақ ауылында туып өскен. Коперативтік училищиеде аспасшы мамандығын алып шығып, Ленин орта мектебінде қызмет атқарған. Анам қазіргі таңда №4 Булаев орта мектебінде аспазшы болып жұмыс істейді. Мен өзім М. Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледжді және М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-ды «қазақ тілі және әдебиет» пәні мамандығын бітіргенмін. Үйдің үлкенімін, екінші інім Серіков Қуаныш Амангелдіұлы 1995 жылы 14 ақпанда дүниеге келген. Мәскеу қаласындағы «СИНЕРГИЯ» университетінің 3 курс студенті, мамандығы заңгер. 2013-2014 жылдар





аралығында Жамбыл облысы Қордай ауданы Отар станциясында орналасқан 30212 ә/б және Шығыс Қазақстан облысы Аякөз ауданы Аякөз қаласында орналасқан 10810 ә/б 2-ші танк батальонында отан алдындағы борышын

өтеп, 2014-2015 жылдары Қостанай қаласындағы Ішкі істер министрлігінің полиция мектебінде тәлім алады. 2015-2017 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Ішкі істер бөлімінде жол-патрульдік полиция батальонында кіші сержант шенімен полиция қызметкері болып еңбек атқарады. Қазіргі таңда Алматы қаласында жұмыс істейді. Кенже інім Мақсат Укиенов 1999 жылы 28 мамырда дүниеге келген. Қазіргі таңда Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінің 2-ші курс студенті. Мамандығы ветсанитар. 2006 жылы Булаев қаласына көшіп келдік. Мен және екі інімде №4 Булаев орта мектебін оқып бітіріп шықтық. Мен аудандық «Газета «Вести» ЖШС-нің «Мағжан жұлдызы» гезетінде тілші болып жұмыс істеімін.

Апамыз жайлы аудандық және Солтүстік Қазақстан газеттерінде біраз жарияланған болатын. Солардың бір-екі мақаласын тілші Мекебай Оңай ағамыз жазған болатын соларды да сізге жіберіп отырмын.




АЛТЫН АЛҚАЛЫ БАТЫР АНА

Дана қазақ халқы қашан да аналарды ардақтап келген халық. Әсіресе, тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуағы күні, мейірімнің кәусар бұлағы – ана ұғымынан артық қасиетті ештеңе жоқ. Сонымен қатар сұлу, бай, асыл тіліміз – анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған деп тегін айтылмаса игі. Халқымыз ақылына келбеті сай аналарымызды ардақтап үлгі тұта отырып, бастарына көтерген. Мысалы Ғабит Мүсірепов жазған «Ұлпан» повесіндегі Ұлпан ана бір баланың ғана анасы емес, бүкіл рудың анасындай болған қайратты, сабырлы, ілтипатты, ақылды, ұқыпты, сыйлай білетін, сыпайы асыл қасиетті ана. Ұлпан ана ақылымен бүкіл елді табындырып, мейіріміне шомылдырған. Ал менің қа-



лам алып көкірегімдегі ойды маржаңдай тізуіме себеп болып отырған «Алтын алқа» иегері – «Батыр Ана», көп балалы жанұяның анасы – Күлзира Укиенова.

Ол 1938 жылы 15 шілдеде бұрынғы Булаев ауданы Байшілік ауылында дүниеге келген. Жастайынан әкесі Ахметжаннан айырылып, сіңлісі Күлбарам екеуі анасы Дәмежан Әубәкірқызымен қалған. Күлзира апа жеті сыныптық білім алғаннан кейін 14 жасынан бастап еңбекке ерте араласқан. Ауылдағы қара жұмысты қиынсынбай, бар ауыртпашылыққа төзе білген Күлзира Ахметжанқызы қазақтың қайсар қызына тән қасиеттерімен ерекшеленген. 19 жасында Серік Өсербайұлына кездесіп, шаңырақ құрады. Жас отбасы ұжымшардағы ешқашан бітпейтін күйбең тірліктің бәріне араласып, адал еңбек еткен. Ауылда Күлзира апа сауыншы болып жұмыс істесе, Серік ата орманшы қызметін абыроймен атқарған.



Күлзира әже қазір Булаев қаласында кенже ұлы Жақсылық пен келіні Жанаргүлдің қолында тұрады. Бүгін ұлын ұяға, қызын қияға қондырған батыр анамыз немере-шөберелерінің қызығына бөленіп отыр. 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында асыл әжемізге мықты денсаулық, отбасына құт-береке, мол бақыт пен бала-шағасының қуанышын көретін ұзақ ғұмыр тілейміз!

Мекебай ОҢАЙ

АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНА



Күлзира Ахметжанқызы Укиенова 1938 жылы 15 шілдеде бұрынғы Булаев ауданы Байшілік ауылында дүниеге келіпті. 1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталып, әкесі Ахметжан ата және оның інісі Айтжан ағалар қаруасынып, майданға аттанып кетсе, анасы Дәмежан Әубәкірқызы 3 жасқа толар-толмас қызы Күлзира және 7 күндік Күлбарам үшеуі ауылда қалып, тылдың бар ауыртпашылығын «көппен көрген ұлы той» демекші елімен бірге бөлісіпті. Ал екі азамат сол кеткеннен мол кетіп, олар туралы «хабарсыз кетті» деген бір жапырақ «қарақағаз» аталмыш хат қана келіпті. «Өлмектің соңынан өлмек жоқ» тірі тіршілігін жасайды ғой, шиіттей екі баланы қатарынан кем қылмай өсіру үшін Дәмежан апа 1947 жылы соғыстан жеңіспен оралған Құдияров Кенжебай ақсақалға тұрмысқа шығады. Кенжекеңе еріп Болат атты ұл келеді, ал Дәмежан апа Алтын атты қыз

босанады. Болаттан 4 ұл, 2 қыз Алтыннан 2 ұл, 1 қыз бар, олардың барлығы есейіп, ер жеткен, біразы қалада, біразы осында тұрады. Араласып, мерекелерде келіп амаңдық-саулық сұрасып, хал-жағдай білісіп тұрады, барлығы Тәуелсіз елімізде тату-тәтті өмір кешуде.

Күлзира апаның 7-ақ сыныптық білімі бар. 14 жасынан бастап шешесіне еріп ұжымшардың барлық қара жұмысын: масақ теру, диірмен тарту, өгіз жетектеп жер жырту, арбаға жүк тиеу, қоймаға астық тасу деген сияқты ешқашан бітпейтін күйбеңтірліктің бәрін жасаған. 1956 жылы бір жыл дүкенші болыпты. 1957 жылы жас жағынан өзіне құрдас болып келетін Серік Өсербайұлына тұрмысқа шығады. Сол жылы «Успенка» кеңшары құрылады да Күлзира апа 35 жылдай зейнетке шыққанынша сауыншы болып еңбек етіпті. Серік ата 2005 жылы 67 жасында дүние салыпты.

«Анамыз 11 бала тәрбиелеп өсірген, әр бала өз отауын құрған, балалы-шағалы болып, әржерде әртүрлі еңбекпен шұғылданып жүр. Анамыздың 16 немересі, 4 жиен немерелері және 14 шөберелері де сүйікті Отанымыз Қазақстанның түкпір-түкпірінде түрлі қызметтер атқарып, түрлі оқу орындарында оқып жүр.

Иә, ұрпақтары ұлан-асыр елге айналып, ұлттық қауіпсіздігіміздің бір шегесіне айналып отырған ана – қандай құрметке болса да лайық. Кеңес дәуірінде Алтын жұлдызды Батыр Ана аталған кейуана Тәуелсіз Республикамыздың да «Алтын алқалы» Батыр Анасы!

Қалған өмірі қуанышқа толы болсын, балаларының, немерелерінің және шөберелерінің күлкілеріне көміліп, көңілі көктемдей боп арамызда жүре берсін!

Мекебай ОҢАЙ.

Мен Укиенов Қындықбай Серікұлы 1972 жылы Ленин сегіз жылдық мектебіне 1 сыныпқа барып кейін Қарағанды савхозында 9-10 сыныпты бітірдім. 1982 жылы Петропавл экономикалық техникумына түстім, 1984 жылы әскерге кеттім. Жұбайым Айтжан Саткенқызы 1989 жылы үйлендік. Ұлым Укиенов Азат 1989 жылы туған, 2008 жылы Астана қаласындағы Мед академияға түсіп 2015 жылы бітіріп шығады. Петропавл қаласында 1-қалалық емханада дәрігер болып жұмыс істейді. Ал қызым Укиенова Анара 1990 жылы туған. Қызым 2009 «КАЗГЮУ университетіне» түсіп 2014 жылы бітіріп шығады. РГП – Еңбек мекемесінде экономист болып қызмет жасайды. Ұлым үйленген, қызым тұрмыста. Келінім Укиенова Зарияна Алтайқызы немерелерім Укиенов Алиби Азатұлы және Қындықбай Томирис Азатқызы.

Укиенов Есенгельды Серикович 1977 жылы қыркүйектің 13-і күні Солтүстік Қазақстан облысы бұрыңғы Возвышенка ауданы Ленин ауылында дүниеге келген. 1984 жылдан 1994 жылға дейін Ленин ауылының орта мектебінде оқыды. 1994 жылы Петропавл қаласындағы индустриалық-педагогикалық техникумына оқуға түсті. 1995 жылы әскер қатарына баруға жетіп-толған дер шағы. Шиыршықтай атқан шымыр жігітті Шығыс Қазақстанда әскери міндетін атқаруға жіберді. 1997 жылы әскери борышын абыроймен өтеп, туған еліне оралды. Содан оқуын жалғастырып, 1999 жылы аграрлық-техникалық колледжін тамамдады.

2000 жылы Солтүстік Қазақстан облысының ПД-гі жылдам қимылдайтын арнайы жасақтағы отрядына жұмысқа орналасты.

2004 жылы Көкшетау университетіне «Заңтану» бөліміне түсіп, 2009 жылы аяқтады.

2004 жылы тамыз айында Булаев ауданы Құралай ауылының тумасы Хасенова Ғалия Сансызбаевнаға үйленіп, шаңырақ құрады. 2005 жылы 22 маусымда Дамир атты ұлы мен 2009 жылы 19 шілдеде Дария атты қызы дүниеге келді.

2016 жылы 1 қазанда ҚР ІІМ Солтүстік Қазақстан облысының ПД ЖҚАЖ-ның аға инспекторы полиция капитаны лауазымында зейнеттік демалысқа шықты. Қазіргі уақытта Халық банкінде қызмет жасауда.

Шаймерденовтар әулеті



Атасы: Шаймерденов Садуақас Шаймерденұлы.

Әжесі: Кәмал Қапарқызы.

Балалары:

Шаймерденов Сапар Садуович 1938-2010 жж. Әйелі Шаймерденова Кулзира Айтмырзаевна 1938 ж.т. Комсомол селосында тұрады. Сапардың балалары:

Төреғали 1959 ж.т., әйелі Салтанат, балалары: Ерлан (Ерланның ұлы Абзал), Аймаң, Шолпан.




Шаймерденов Ерғали 1961 ж.т., әйелі Дәмелі, балалары: Ерболат (Ерболаттың қызы Аида), Данияр.

Шаймерденов Боранбай 1963 ж.т., әйелі Алтыншаш, балалары: Нұржан, Нұрсұлтан, Несіпхан, күйеуі Серік балалары: Әсел, Асхат, Темірлан, Гүлдарай, қызы Әлия, Әсия, Самал,

күйеуі Сабыржан, балалары Асхат, Әспет, Ринат, Дәурен, әйелі Әйгерім, балалары Алмас, Гүлназ.

Қостановтар әулеті



Біз Комсомол – Көкшешапқан ауылының тумасы, руымыз Қарауыл, оның ішінде Жаулыбай.

Қарауылдан тарағанбыз. Атамыз Шақан, әжеміз Рахилия есімді кісілер болған. Шақан атамыздан 5 ұл, 3 қыз бала дүниеге келген. Ең үлкені Қостан шын есімі Қосмағамбет. Ол кісіден Сапкен азан айтып қойылған есімі Сабира. Сатыбалды Бейсенұлымен тұрмыс құрып 7 бала туып өсірген. Балалары Сағандықов Ғалым Возвышенкада жанұя-

сымен тұрып жатыр, қызы Сыздыкова Ғайни Петропавлда тұрады, 2 ұл өсірген. Үлкен баласы Айдос Астана қаласында ЧС-тың қызметінде. Қанапия Ләззат деген Мылқыбаев Қазбектің қызына үйленіп, Петропавл қаласында тұрып жатыр. 3 қыз бала өсіріп ұяларына қондырған. Ең кенжесі Ертарғын Гүлмира, есімді Темкештің қызына үйленіп, Петропавлда анасымен бірге тұрып жатыр. Өзі Боркидағы техникумда, баласы Әділмен қызметте. Гүлмира №21 мектепте мұғалім болып жұмыс істейді.

Екінші баласы Әлібай атамыз Совет аудананда қазіргі Аққайың ауданы судья болып қызмет жасаған. 1937 жылдары халық жауы деген пәле жабылып алып кетеді.

Жаныбай деген баласы ол кезде Енбекшіде. Сулышоқ, Қоскел,





Комсомол, Ленин тағы басқа елді мекендерді қосқан болуы керек. Сол біріккен елге сельский совет құрып соның председатели болып қызмет жасаған. 1942 жылы соғысқа шақырылып содан кейін жаудың оғы тиіп қаза табады. Ол кісіден жалғыз Қазкен есімді қызы қалған. Совет деген жездеймен Булаевский кеншарында тұрып екеуі де дүниеден озған. 6 бала бар.

Жаныбай ағатайымыз сол соғыста Лениннен Тұрқанов Серғазымен бірге болыпты.

Сол бір ұрыста борап тұрған оқтың астында қалып Жаныбай қаза табады. Қазкен ата Қостан атаммен Кұлбан әжемнің қолында Сапкен тәтеммен бірге өсті Комсомолда. Күлрәш деген қызы болған. Қазіргі кезде Ибраев Мұрат жиеніміз Ғалиямен Булаев қаласында тұрып жатыр. Мұрат мемлекеттік қызметте жұмыс істейді. Қазір зейнеттеп болса да, мектеп директоры болып қызмет атқарады.

Өлмесек деген атамыздың тағы қызы болған. Ол кісіден 2 бала Қаншаим, Құрмаш есімді балалар болған. Олардың да әке шешесі ерте қайтып, сол Комсомолда Қостан атаммен Кұлбан әжемнің қолында болып, сосын әкелерінің шешесі, яғни әжесі алып кетеді. Көптен хабар болмай араласа алмай қойған ғой, мен Смирновта тұрғанда Добровольск деген ауылдан сол кісіні тауып алдым. Содан кейін 1998 жылға



дейін туған апа сіңдідей болып араластық. Сол жылы аурып 76 жасқа келгенде қайтып кетті. Енді артында немерелері бар.

Жайлаубай деген баласын біз тәтті аға деуші едік. Ол кісі де, соғыстан аяғынан жараланып аман елге оралады. Содан отбасын құрып Зейни деген кісіге үйленіп 1 ұл, 1 қыз туады. Ұлы Ермек Бибінұр деген Амандықтың қызына үйленіп 6 балалы болды. Қазір Щучинск қаласында тұрып жатқан жағдайы бар. Бес, алты жылдай уақыт болды алтындай жеңгеміздің дүниеден озып кеткеніне.



Балаларды өсіріп, үйлендіріп енді өздері қызық көретін уақыттары келіп еді. Қызы Бақыт Алматыда жас кезінде кеткен сол жақта қалып 1 ұлы бар. Қазір зейнетте. Жайлаубай тәтті ағамыздың келіншегі Зейни қайтыс, болып, Бақыт өте кішкентай қалды. Сол кездерде Комсомолға Челябинден бірнеше татар семьялары көшіп келеді. Соның ішінде Хуббаниса деген әйел 2 жасөспірім қызымен,



кәрі әке-шешесімен бірге көшкендердің ішінде болады. Содан ол кісінің үлкен қызы Зайтуна, Челябинге барып тұрмысқа шығып қалады. Кіші қызы Раиса тәтеміз Зейніл Ақмолда ұлы Ахмуллинге тұрмысқа шығады. Сөйтіп екеуі үлкен үлгілі отбасы



болып 6 балаларды туып тәрбиеледі. Қазіргі уақытта жастары 80-ге келген Степногорск қаласында өмір сүріп жатыр. Тәтті ағамен бақытты тату өмір сүріп 80 жастан аса қайтты. Жайлаубай соғыстан алған жарасы бар, тағы аурулар қосылып ертерек қайтып кетті.

Жайсаңбай ұлдардың кішісі, біздің әкеміз әскер қатарына 1939 жылы үлкен ағасы Жайлаубаймен бірге аттанады. Фамилиялары Жайлаубай Шақанов өз әкесінің атында. Жайсаңбай Қостанов ең үлкен ағасының атына жазылып, Қостанов болған. Басында әскерге бірге шақырып, содан Ұлы Отан соғысы басталып, сол жақтан майданға кетеді. Содан Соғыстың орта кезіне қарай Польшада қоршауда қалып Жайсаңбай соғысқан часті немістер пленге алады. Қашып шығуға жасаған әрекеттерінен түк шықпайды. Содан кейбір немістің басшылары ұнаған пленныйларды үйлеріне апарып шаруа істететеді екен. Соның ішінде біздің әкеміз де болса керек. Содан соғыс бітіп пленныйларда елге қайтару басталғанда бірнеше пленныйларды алып қалғылары келеді. Не тіріде, не өлілердің ішінде аттары болмай қалады. Сөйтіп өздері тағы Шакен деген бір жолдасы бар ақыры қашып шығады. Сонда күндіз тығылап, түнде ғана жаяу

жүріп Берлиннен елге келеді 2 жылдай уақыттының ішінде. Елге келгесін, тұтқында болғандарды жаппай жазалау басталады. Содан еңбекке араласады. Соғыстан бұрын семьясы біздің шешемізбен таныстырып, қосылып семья құрады. Шешеміз Күлтай, руы Атығай, баба, аталары Жамбау, әкесі Рахым деген кісі болыпты. Сол кезде ол атамызды бай деп, конфискацияға ілігіп, бірақ жасы егделеу болса керек қайтыс болады. Әкеміз 60-тан аса енді ғана зейнетке шығып дем ала бастаған шағында 1973 жылы қайтыс болды. Молодогвардейск совхозында. Шешеміз 58 жасында Возвышенкада 1981 жылы қайтты.

Сол Жайсаңбайдан 3 қыз бармыз. Мен Ұмсынай қазір Петропавл қаласында тұрып жатырмын. 5 жыл болды зейнетке шыққаныма. Бір ұл, бір қызым бар. Ұлым Ерлан Есентеміров әскери қызметте, Астанада тұрады, майор шенінде. Оның 2 баласы бар, қызы Елдана 3 жаста, ұлы Байкен 1 жасқа толды. Келінім Ақмарал Алматы облысы Есік деген қаладан. Қызымның да семьясы бар. Саягүл Мырзасова күйеуінің фамилиясында, 2 баласы бар. Қызы Айлана 5 жаста, ұлы Даниал 1 жас 7 айлық. Петропавл қаласында тұрып жатыр. Мемлекеттік кірістер департаментте бас маман болып жұмыс істейді.

Гүлнәр деген сіңілім бар. Смирнова. Аққайың ауданында тұрып жатыр. Зейнетке шыққанына 2 жыл болды. 2 ұлы бар. Данияр Қостанов Петропавлда облыстық филармонияның артисы болып қызмет жасайды. Бақтияр да қалада менеджер болып қызметте. Екеуі де үйленген. Бақтиярдың баласы Дастан 1 жасқа келді.

Ең кіші сіңілім Күлзия Жұманова Смирнова. Аққайың ауданында тұрып жатыр. Жолдасы екеуі де Смирнов орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарады. Үлкен ұлы

Руслан семьясы балалары бар, Смирновта тұрады. Қызы
Камила Салкеев Қанат деген жігітке тұрмысқа шыққан Пет-
ропавл қаласында тұрады. 2 жасқа келген ұлы Елжас бар.

Шохановтар әулеті

Темірғали Оразұлы Шоханов (1937-2003)



1937 жылы қыркүйектің 10-ы қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданына қарасты Комсомол (Көкшешапқан) елінде дүниеге келген.

Жеті атасы: Ораз, Қасен, Мұса, Дәуіт, Көшен, Тұрлұғыл, Өмір.

Ораз атамыз әкеме 3 жас толғанда қайтыс болған. Әжеміз Рақима Жанақай қызы Көкшетау өңіріндегі Айыртау елінің тумасы.

1941-1945 жылдар елдің еңбектеген сәбиінен бастап қарт адамдарына дейін бірі де қалмай егістік алқабында еңбек еткен. Әкем де солардың қатарында болған...

1951 жылдан бастап ЧТЗ тракторымен жұмыс істеді.

1954 жылы Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде беделді еңбек еткені үшін медальдармен, мақтау қағаздарымен марапатталды.

1957 жылдың 8-ші сәуірінде Ұзынкөл совхозы, №3 бөлімшеге Жаныбай нағашы атамыздың алдынан өтіп, анамыз Шайзадамен отбасын құрды.

Балалары: Айгуль, Ақылбек, Гульнар, Гульзабира, Гульсара, Гульмира, Асылбек, Майдагуль

1959-60 жыл Комсомолда бірнеше бөлмелі үлкен үй салды.

1968 жылы Ленинге көшті.



1974-1989 жылдары бригадир болып қызмет жасады. Ел азаматтарымен егістік алқабында қыс айларында қар тоқтату, техника жөндеу, тұқымды егістік сапаға жеткізу, көктемде жер өңдеу, тұқым себу, пар жырту, жаз егісті баптап қуту, күзде мол өнім

жинау, жер жырту жұмыстарын атқарған.

1983-86 жылдар аралығында Қызылжардағы механикалық техникумда оқыды.

Еңбектегі ерен ерлігі үшін «Құрмет белгісі» ордені және темір тұлпар да сыйланған болатын.

Мінезіне келсек сабырлы, салмақты, өнегелі, жауапкершілігі жоғары, адамгешілігі мол, әділетті, әр істі таразылап, алды-артын ойластырып шешетін көркем мінезді, парасатты тұлға.

Өз көзіммен көрген өнері сегіз тармақты нокта, жүген тағы басқа ат әбзелдерін кеңдіржіптен есіп, өретін. Ағашты иіп доға да жасаған. Төрттүлік малды күтіп, баптауды да жақсы білетін.

1993 жылы зейнетке шықты. Балалық кезден қыйыншылық көріп, буыны қатпай еңбек еткендіктен зейнетке шығысымен денсаулығы сыр берді.

2003 жылы 30 желтоқсанда дүниеден өтті.

Немерелері: Камила, Бағдана, Алтынай, Айлина.

Жиен немерелері: Қанат, Асель, Жанар, Алия, Самат, Марат, Әсем, Нұрлан, Арсылан, Темірлан, Әділ, Айгерім, Ал-



дияр, Нұрым, Мерей.

Шөберелері: Балғын, Тархан, Тамирис, Диана, Аделя, Даулет, Асемгуль, Алишер, Анель, Жасмин, Эмир, Рада, Дастан, Әмір.

Әжемiз Рақима Жаннақайқызы (1905-1999).

Өмірі бір ғасырға жуық болғандықтан түр-

лі қоғамдық саяси толқуларды бастан кешкен қайратты, қайсар, өжет, бірбеткей, батыл, батыр, айтқанында тұратын, іскер, өнерлі, жырларды жатқа айтатын, жасынан намаз оқыған, құмалақ ашып нақты болжам жасайтын көрікпелдік қасиеті болған.

Өгіз жегіп кейін қара трактормен егістік алқабында жұмыс жасаған, колхоз кезінде председатель де болған.

1954 жылы Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде беделді еңбек еткені үшін медальдармен, марапатталды.

Отбасымызда әскери тәртіп болды десем қателеспеймін. Барлығымыз бір шаруамен айналысып отыратынбыз. Түс кезінде демалғанды ұнатпайтын.

Өзі де азаннан тұрып бес уақыт намазын оқып, тынымсыз шаруа жасайтын.

Әсіресе сырттағы оқудан келетін аға, апаларыма құс етінен дәмдеп бәліш, тоқашын т. б. тағамдар әзірлеп әр демалысты сағына қарсы алатын.

Іске шапшаң болатын. Киім тіккенде, алаша тоқығанда, сырмақ сырғанда түстердің үйлесімділігіне аса мән беретін.

Өз немерелеріне қоса басқа балаларды да бағып қақты.

Бала кезім інім екеу-мізге ермексаздан жануарлардың мүсінін айнұтпай жасап беретін. Қағаз бетіне суреттер де салатын. Елдегі туыс-туғандарға да жай бармай байпақ, қолғап, кеудеше тігіп апарып, көрпекөпшік, бала кйімдерін



жамап отыратын. Жасы 96-ға келгенше, шаруадан қол үзген емес. Өмірінің соңғы күндерінде құрақ құрап түс ауа ата-анамнан кешулік алып «Бақыл болыңдар, бүгін мені о дүниеге шығарып салуға дайындалыңдар» – деп, алдын ала хабарлады. Бір қызығы қонаққа жиналғандай жай танытты, аяғын оң жаққа қаратып жерге төсек салғызып, иманын, жеңілдігін айтып жатты. Қайсарлығы мен қайраттылығы ма аурғандығын сездірмеді, ұйықтап жатқан күйде кете барды. Сандықта қанша мата барын, кабіршілерге тарататын ақша, тағы басқа жол-жораны, оң жаққа салу, жеңілдік айту тәртібін байыппен түсіндіріп кетті. Сол кезде мен 25 жастамын, әкем және анам үшеуміз кезекпен қарайладық. 1999 жылдың 16 қаңтары ораза кезі болатын таңғы 5-те қайтыс болды.

Анамыз Касенова Шайзада Қаскейқызы (1937-2006).

1937 жылы ақпанның 26-сы туған. Анамыз жасынан ата, әжесінің бауырында өскен, салт атқа мініп жылқы бағысқан. Шаруаны ердікі, әйелдікі деп бөліспейтіндігі де содан болар.

Өзімнің байқағаным отынға, шөп шабуға барғанда әкеме бірге шығысып жүретін және қымыз, айраң, табананын ала жүретін. Іске шапшаң орыс тілі мен қазақ тіліне жетік. Қоғамдық істерге белсене араласатын ән айтып, мерекелік

тойларда сахыналық көрніске қатысатын. Сауыншы, аспазшы болып жұмыс жасады. Сегіз бала тәрбиелеп өсірді. «Білім алғаның, шаруаның қай түрін болсын меңгергенің өзіңе жақсы» – дейтін.

Үй іші, сырты, ас-суды мұнтаздай таза ұстайтын, өсек, өтірік айтуды ұнатпайтын, адамның ұнамсыз қылықтарын бетіне айтып салатын турашыл, шыншыл мінезді болатын.

Қазақы салт-дәстүрге берік, қонақжай адам болды. Көктем, жаз бие сауып қымыз дайындайтын. Үйде жиі қонақ болатын. Қайны інілері мен қайны сінділерін аты мен атап көрмеген оларға «Еркежан», «Күлімкөз», «Үндемесқайным», «Айнамкөз», «Асылқайным», «Шопырқайным» т. б. аттар мен атайтын.

Әжемізге 42 жыл келін болды. Өзі намаз оқымаса да әжеміздің намаз оқитын жерін, ішетін тағамы, киетін киімі, т. т. заттары халал болғанын қадағалайтын, бізге де тапсырып қоятын. Ораза ұстаған кезде сәресін алдын ала дайындап әкем үшеуі бірге отыратын.

Күнделікті дастархан басына алдымен әкем мен әжем содан соң бізді отырғызатын...

Әкеме адал жар, әжеме сүйікті келін, балаларына мейрімді болып өз өмірін толығымен отбасына арнаған аяулы ана болды.

Әкем қайтқаннан соң үш жылдасын қайтыс болды (2006 жыл 11 желтоқсан).

Өздері бұл өмірден өтсе де ішкі жан дүниелерінің пәктігі, берген тәрбиелері кейінгі ұрпақтарына өшпес өнеге, өмірлік азық.

Шперлингтер әулеті



Шперлинг Давыд Генрихович родился в 16.12.1932 году в Крыму.

После начала Великой Отечественной войны депортирован из Крыма в Северный Казахстан, на станцию Писаревка в 9 лет. Умер в 04.10.1990 году, в возрасте 57 лет. Оставил после себя 10 детей, 20 внуков, 9 правнуков.



Выписка из газеты 1988 года: Житель железнодорожной станции Писаревка Давыд Андреевич Шперлинг привез на выставку русскую борзую по кличке «Сокол».



Давыд Андреевич – пенсионер, занимается собаками с детства. Его «Сокол» уже не первый раз принимает участие в выставке. В апреле 1988 года на областной выставке в Булаево занял второе

место среди собак породы русская борзая. «Сокол» награжден большой серебряной медалью. В районной выставке «Соколу» присуждено первое место.





Рамазановтар әулеті

АЛҒЫ СӨЗ

«Соғыстың зардабы» атты поэманың авторы Ыбырай Рамазанов (1916-1995) жылдары өмір сүріп, өз заманында өмірдің ащы да тұщы дәмін түгелдей татты. Алғашқы коллективтік дәуір басталғанда, сонау 1930 жылдардың ашаршылық апаты қазақ даласын түгелдей жайлаған кезде екі бірдей үлкен ағалары – Сембай және Кенбай, апайы – Кәбежан дүние салып, омыртқасы қатып бекімеген 18 жастағы Ыбырай үлкен үш семьяның үлкені, қамқоршысы болып еңбекке араласты. Халық есін жия алмай сенделген кезде қаршадай сары бала Зерендіге (жанына екі бала ертіп) барып, Жер орналастыру техникумын бітіріп, жаңадан ұйымдастырылып жатқан колхоз, совхоздардың жер көлемін картаға түсіріп, жерді бекіту мәселесін жедел шешуге аянбай ат салысты. Ел есін жиып, енді гүлдене бастаған кезінде Дүние-ежүзілік екінші соғыс басталып, ер азаматтар күшті қаруланған, майданның айла-тәсілдерін жете меңгерген неміс фашистерімен күреске аттанды. Патриоттық сезімге толы тәрбие алған елдің ұл-қыздары ұрыстың ақырын өз пайдасына шешті. Дүние жүзі халықтарына ерліктің, бірліктің алмайтын қамалы жоқтығын дәлелдеп, Совет елінің, Совет халқының ұлылығын паш етті, абырой даңқын ең жоғарғы биікке көтерді.

Армия қатарына шақырылған Ыбырай Рамазановтың еншісіне Қиыр-Шығыста, Жапониядан отан шекарасын қорғау жүктелді. 1946 жылдың аяғына дейін шекара қызметін атқарған Ыбырай өзінің алғырлығы арқасында жақсы командир, ұйымдастырушы, насихаттаушы коммунист болып алғысқа бөленді.

Бір топ жолдастарымен бірге елмен хат арқылы хабарласу, демалысқа барып қайту арқылы «Барлығы майдан үшін», «Барлығы жеңіс үшін» – деп күндіз-түні аянбай еңбек еткен әйелдер мен жас балалардың шаршағандығын, азып-тозғанын, бірақ ешқандай мойымағанын көрген жауынгерлер өзінің дұшпанды жеңуге деген ыза-кегін молайтып, жігерін күшейте түсті.

Сонымен қатар, ел ішіндегі азып-тозу, қиындыққа шыдамай ар-намысқа дақ түсіретін істерге апаратын жат мінез-қылықтар көрсету, оған итермелейтін көбінесе елдегі қалған, белсенділер, «ел басқарушылары» майдандағы ерлерді шексіз ашындырды. Майданнан аман-сау оралса, оларға «лағнат» таңбасын басу әр солдаттың тұжырымды пікірі еді. Бірақ жеңіспен майданнан аман оралу олардың жүрегін жібітті. Сілкініп оянып, есін жиған, елін көргенде, ата-ананың майданнан оралмаған ұлдарын іздеп, ашынып жылаған көз жасын көргенде елдегі бұзақылықтың бәрін шын ниетімен кешіргендей болды.

«Біз кештік, ол дүниеде күнәнді тәңірім өзі білсін» деп тұжырымдап, майданнан қайтқан солдаттар еңбек майданына араласты. Солардың бірі Ыбырай ағамыз колхоз басқармасы, аудандық партия – Совет органдарында көп жыл қызмет атқарып, ұл-қыз өсіріп, өмірінің соңғы кезеңін Қарағанды қаласында өткізді.

Марқұмның жас кезінде жазып кеткен өлеңдерінен солдаттың өмір жолын, майдан кезіндегі қайшылықтар, оған жасалған рақымшылықтың ізі байқалады. «Кешіре білгенді – құдай да кешіреді» – деген сөз бар.

Шағын поэмада өзінің кейіпкерлерін суреттеу арқылы өз өмірінің кейбір белестерін бейнелеп, ой салады.

Қанания Жақып.

Ыбырай әулеті

РАМАЗАН ӘУЛЕТІ ТУРАЛЫ

Ата – тегі бір, Жаулыбай Қарауылдың бір бұтағы, өмір бойы аталарымыз қайда қоныс ауыстырса да көрші, өмірі сөзге келмеген, бар – жоқты бөліп жеген, ұрпақтары аралас өскен Рамазан әулеті еді. Өткендерді біле бермейміз. Біздер білетін тек Рамазан қарттың кіші ұлы Ыбырай, біз – балалар оны жақсы көрдік. Оқыған, сымбатты, әнші, балаларға тартымды болатын. Жастар оны аға тұтып, ерекше бағалап, бәрі де Ыбырайдай болуды көксейтін.

Ыбыкең үлкен жанұяның ұйтқысы, қамқоршысы, басшысы бола біліп, өзінің ақылшысы, жан серігі, Райхан екеуі бір қыз бала – үлкені, үш ер бала өсіріп жеткізді, бәріне жоғары білім алдырды, “ұлды ұяға, қызды қияға”, дегендей жанұя құрып, солардан немере, шөбере, жиендер көріп, қылықтарына, қызықтарына шаттанып, тояр емес.

Өттеген – ай, өмірде бәрі ойдағыдай бола бермейді екен. Суық желіде анда – санда бір шарпып өтеді екен. Жиырма төрт жасында ортаншы ұлы Өмірбек, Қарағанды медицина институт студенті, ойламаған жерден, өмірден өтіп кетті. Әрине бұл өте қайғылы жағдай болды. Дегенмен, Ыбыкең жанұясы қажымады, алланың жазғанына бой ұсынып, қайраттарына мініп, қалғандарына күш қуаттарын аямады. Қысқаша, кейінгі ұрпақтарының өмір жолын сипаттасақ, бәрі де құдайға шүкір, дүниеде өз орындарын тапты десек, қателеспейміз.

Балаларының үлкені – Бәну-қызы, Омбының ауыл – шаруашылық институтының инженер – жер ресурстарын жоспарлау мамандығын бойынша диплом алып, осы мамандығы бойынша көп жылдар қызмет атқарып, кейіннен семья жағдайына байланысты, физика – математика пән-

дерінің мұғалімі болып, құрметті зейнеткерлікке ауысты, қазіргі уақытта немерелеріне «лекция» оқиды. Жолдасы Аманкелді екеуі, екі қыз, еке ұл, өсіріп, бәріне жоғары білім беріп, шаңырақ құрғызып, отауларына қонаққа барып, қызықтап жүреді. Бәрінің қызметтері бар, дәжерелері де құдайға шүкір, үлкен қызы – Бикөн – бас маман білім беру саласында, Гульнар – бас маман, облыстық дене шынықтыру және спорт департаментінде, бюджет бөлімінің бастығы, Марат – экономика ғылымының кандидаты, сараптамашы. Қайрат – Денсаулық Министрлігінде бөлім (бюджет саласы) басқарушысы болып істейді.

Мұратбек Ыбырайұлы – физика-математика ғылымдарының докторы, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде профессор, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарып жүр, әрине студенттерге дәріс (лекция) оқиды. Бір айта кетерлік жәйт, Мұратбекте, әкесінің жолымен, бір орында тапжылмай, қойған жерден табылып, бір орыннан, екінші орынға “секіре” беруді мақсұт тұтпай, 1971 жылы Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-тінің механика-математика факультетін бітіргеннен кейін еңбек жолын Қарағанды Университетінде бастап, осы күнге дейін қызметін абыроймен атқарып келеді. Жұбайы Жанетта мен шаңырақ құрып үбірлі – шүбірлі болғанына отыз алты жыл болды.

Мұратбектің шаңырағының төл басы Елдос – Мәскеудегі Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірді, мамандығы – экономист. Ляззат жұбайы екеуі Европа елдерінде білімдерін жетілдіріп, дүние – жүзілік елдерде экономикалық саясаттың сан – қырлы әдістерімен, ғылыми – техниканың жетістіктерімен, жаңа технологияны қолдану жолдарымен танысып, Астанаға қайтадан оралып, республикалық деңгейдегі экономика

мамандығы бойынша жауапты басқарушылық қызметтерін атқарады. Елдос төрт кішкентайдың – Мұратбектің төрт немересінің: Жәңгірдің, Демирдің, Дәлердің және Жәмиляның әкесі. Бұл, әрине, сүйініш.

Бірақ... қу тағдырдың ту желкеден келген ауыр соққысы да болды бұл әулетке. Елдостың соңынын ерген Асыл мен Елнар есімді алтын айдарлы ұлдары бар еді. Екеуі де азамат атына енді іліккен, 2000 жылы болған көлік апаты қыршындарынан қиғанда бірі – жиырма бес, екіншісі – жиырма екі – ақ жаста еді. Екеуі де академик Е. А. Букетов атындағы ҚарМУ-дың түлегі. Сол кез Асыл – Республикалық Халық Банкі қызметкерлермен жұмыс істейтін бөлімнің бастығы, Елнар – “Қазатомпром” ұлттық компаниясында заңгерлік сараптау басқармасының бастығы қызметін атқарып жүрген. Жастығына қарамай – ақ, асау тіршіліктің жалына жармасқан боздақтарға көз тиді ме, кім білсін?! Бір төбе санаған қос құлынынан қапылыста айырылып қалған ата – ана, ағайын – туыс аңырап қалды...

Асыл мен Елнар ерекше ақылды, адал, мейірімді, таза жандар еді.

Мұрат Ыбырайұлының кенжесі Гүлсім – КарМУ-дың философия және психология факультетінің студенті. Балқантаудың Әлібек деген азаматымен көңіл қосып, отау тікті. Хабардар елдің құлағына алтын сырға, алаш ардақтысы Мағжан ақынның анасының есімі де Гүлсім, ұлы нағашы анасы да Гүлсім. Анасы Жанетта бар үмітін Гүлсімге арнап, үміттің үзілмеуін тәңірден тілейді. Атасы мен апасы Жанеттаға “тарту” еткен Гүлсімнің кішкентайы Инара күнде қол шапалақтап, күннің жарығындай қуантып жубаныш етеді.

Ыбыкең мен Райхана – “ару” ананың ең кенже ұлы, қазақшылап айтқанда, шаңырақ иесі Темірбек туралы көсіле жазған дұрыспа деп ойлаймын. Себебі ол, осы қолжазба-

ларды топтастырып, қалайда болсын, әке жолын мадақтап, кейінгі ұрпақтарға, үлгі ретінде, аманат қылып, кітап шығаруды мақсат тұтып, көп жұмыстар атқарып жүр. Әрине, ол, бұл мақсатына жетеді, оған біз сенеміз. Аталарымыз білмей айтпайды екен, әкеге тартқан қыз бақытты, шешеге тартқан ұл бақытты болады деп, Темірбектің өңі, түрі, ақылы, білімділігі, ұстамдылығы, кеңпейімділігі, көпшілдігі, кең жүректілігі анасына тартқан да қойған. Жаста болса, өз ортасында, басқаратын ұжымында, Темекен деп аталып жүргендігі, көп нәрсені аңғартса керек. Темірбек, ағасы Мұратбек сияқты Булаев орта мектебін орыс тілінде оқып, бітіргеннен кейін Қарағанды политехника институтына оқуға түсіп, оны қызыл дипломмен аяқтап шықты. Мамандығы – автомобильдерді пайдалану жөніндегі инженер. Қарағандыда бірер жыл, қатардағы инженер болып істеп жүріп, жақсы көрсеткіштерге жеткені үшін Талдықорған қаласына – автоколлонаны басқаруға жолдама алып, сонда, одақ тарағанша, басшы қызметте болды.

Алғыр, алысты топшалай алатын, ұйымдастыру қабілетінің жоғары деңгейде болуы, іскерлігі, адамдармен жақсы қарым – қатынас орната білуі, азаматшылығы, осының бәрі жас маманға ұжымның қысыл – таяң уақытта, көшті басқаруға үлкен сенім артуында, Темірбектің қандай азамат екендігін айғақтай түсетін сияқты. Темірбек заманның ағымына қарай, қазіргі уақытта, үлкен бизнеспен айналысады. Бұл кәсібінде де, жақсы көрсеткіштерге жетісіп жүр. Енді бір айта кетерлік жәйт ол, жанұя құру мәселесі. Жанұя, әрқашанда, ер азаматқа, негізгі арқа тірерлік, қамал болған. Жанұядағы қалыптасқан қарым-қатынас, көбінесе, жаныңдағы қолұстасқан жан – жарына көп байланысты екенін, әркім өз басынан кешірген болар. Қазіргі уақытта, Темірбектің жан ұясында бір ұл – Данияр, екі қыз – Анель,

Арай – үшеуі де, әкелеріне тартқан, оқуға алғыр, зирек, алдарына қойған мақсаттарына жету жолында, ешнәрседен тартынбайтын өршіл тұлғалар. Содан болар, Анель АҚШ – да, Вашингтон қаласында магистратурада оқып жатыр, Данияр, өз қалаған мамандығын алып, институт дипломымен Астанада қызметін атқарып жүр. Жуырда үйленді.

Арай – жаңа атып келе жатқан күннің шырағы сияқты, үлкен өмір жолын аттағалы тұр, яғни биыл мектепті тәмәмдап, студенттік өмірге жолдама алады. Оған, қандайда болса, жоғары оқу орындарының есігі ашық, ол бұл мақсатына жетеді. Сәт сапар Арайжан!

Темірбекпен ыстықты да, суықты да бірге бөлісіп жүрген, жанұяға бақыт ұялатып отырған, жолдасы Раушанды атап өтпеуге болмайды. Кезінде атасы Ыбыкең де, келініне дән ризалығын білдіріп жүрсе керек.

Жоғарыда айтқанымыздай, Темірбек қоғамшыл, қызықта да, ауыртпашылықта да алдыңғы сапта көрініп, басқарып жүреді. Қашанда болсын, туған – туысқандары, достары, елі Темекеге үлкен сенім артады, ұйымдастыру, қаржы мәселесі болсын, ол тартынбайды. Мен, өз байқауымша, осы қасиеттері Темірбекті өз ортасынан ерекшелендіріп тұрады. Бірде Талдықорғанда болғанымда, жат ел азаматтарының оны қалай сыйлайтынын көрдім, таң қалдым. Содан болар Темірбек осы қаланың құрметті азаматы, неше дүркін қалалық маслихаттың депутаты болып сайланды. Темірбектің алдына қойған мақсаттары өте зор. Ол туралы жазып, құпиясын ашпағанды жөн көріп отырмын. Оның осы мақсаттарына жетуіне тілек білдіре отырып, оған үлкен зор денсаулық, ұзақ өмір, қажымас қайрат, әрқашанда Алла, қолдау көрсетеді деп сенеміз.

Міне, осындай, қыз, ұлдар өсіріп “ұлдарды ұяға, қызды қияға” қондырған, бәріне жоғары білім беріп, тең құрбыларының алдыңғы сапында жүрулеріне, бар күш – қуаттарын

аямаған, ата мен анаға қоғам атынан мың бір рахметімізді айтқан жөн болар деп ойлаймыз.

Ыбырайдың туған қарындасы Қалия, оның жолдасы Қайыркеннен екі ұл – Сейілбек, Серік, екі қыз – Зауреш, Ботакөз өмірге келіп, өз отауларын тігіп, балалы – шағалы болып, немерелер сүйіп отыр. Білімдері жоғары, қызметтері лауазымды дәрежеде, ешқандай кемістік көріп отырған жоқ. Жолдастары – инабатты, тәрбиелі, жанұяда өсіп – өнген, үлкен қызметтер атқарады, жанұяларының ұйтқысы болып отырған – “бәйбішелерін” қатты сыйлайды. Осы арада бір айта кетерлік жай, ол, Зауреш туралы ерекше жазған дұрыс болар еді. Ол, біздің өмірдің өлшемі бойынша “батыр ана” деуге жарарлық тұлға. Жанұялары жаңа тамырланып келе жатқанда, жолдасы Кенжебай – журналист, Мәскеудегі Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінде білім алған қаза тапты. Оңай қаза болған жоқ. Зауреш жасы жиырма беске толмаған шағында екі жас сәбилерімен қалды. Екеуі де ер жетті, жоғары білім алды, жақсы қызметтер атқарады. Жандос – үлкені, Астана Әйр компаниясында, кішісі Мақсұт, әке жолын қуып, журналист болып, “Хабар” телекомпаниясында қызмет атқарады.

Осының өзінен, біз, Заурештің зор еңбегін көріп отырмыз. Осындай қиыншақтарда Ыбыкең мен Райхан, бас – көз болып, қамқорлық көрсете білді. Қалия апай, қай уақытта болмасын, Ыбыкеңдерге келіп, ақыл кеңес алатын. Оның үстіне, жолдасы Қайыркен, ұлы Сейілбек, ерте өмірден өтіп, ауыртпашылық өз басына түскенде, аға жеңгесі жанынан табылды.

Ботакөз жасында ерке қыз еді, қазір де ата – аналарына сол еркелігін мойындата біледі, олар да оны түсініп, еркелетеді. Ботакөздің ақ көңілділігі ме, әлде құдай сүйетін мінез – қылықтары көп пе, жолдасы Аман екеуі үш ұл, бір қыз

өсіріп отыр. Балаларының алды шет ел оқу орындарында білім алып жүр, қалғандары да шамасы, “шетті” жақсы көретін болар. Оған олардың менталитеті еркін жетеді.

Ыбыкең мен Райхан Рамазан, Қасембайдан тараған ұрпақтарының төлқызығы болды, болып келеді десек қателеспеген болармыз. Касембай, Ыбыкеңнің немере, туған інісі. Екеуіміз құрдас едік. Он төрт жасынан, Ұлы Отан Соғысы уақытында, тракторға отырды, техникаға өте “жақын” болды. 1950 жылдары “Комсомол” колхозында өз қолымен жергілікті электростанция салды. Алланың жазғаны солай болар, 1966 жылы қайғылы қазаға ұшырап, артында алты бірдей үйелмелі – сүйелмелі жас сәбилері қалды. Ұлдары – Әлібек, Асылбек, Оразғали. Қыздары – Қалима, Күлбаршін, Қазиза. Балалардың аналары Дина, кенеттен құлап, аяғына үлкен зақым түсіп, соның зардабынан, ерте дүние салды. Алланың сүйгені болар, балалардың өз ризықтары, өмір үшін, болашақ үшін жанталасқандары болар, жетімшіліктің ауыр – азаптарын бастарынан кешіп, қазіргі кезде бәрі де, бас – басына отау тігіп, тиісті білімдерін алып, жақсы – жақсы мамандықтарды меңгеріп, өз қатарластары арасында, алдыңғы саптан көрініп жүр.

Міне, осындай ауыр кезеңде, Ыбыкең мен Райхан балалардың нағыз жанашырлары бола білді, интернатқа орналастырып, басқа да мектептерді (орысша) жалғастыруларына жағдай жасады, ертеден мамандық алуға бейімдеп дегендей, жастары толған кезде, үйлендіріп, тұрмысқа беріп, қызығын да, суығын да бастарынан кешті.

Енді бір қарындасы – Қамила Ыбыкең жанұясынан көп ақыл кеңес алып, үлкен арқау көретін. Жолдасы, Ахмет екеуі төрт қыз өсірді – Тұрсын, Гаухар, Алма, Күміс, бәріде, құдайға шүкір, шаңырақ иелері болып отыр, бала – шағалары бар, жеке шаруашылықтары да мығым, өз орталарын-

да сыйлы, бетке ұстарлық жанұялар. Алма жоғары білімді дәрежелі дәрігер, көп жылдар бойы, Мағжан Жұмабаев ауданындағы «Чистов» орталық дәрігерлік емханасын басқарып келеді, жұмысында абыройлы. Бұл жанұядағылар да ағаларының, аналарының (Ыбыкең мен Райхан) назарларынан тыс қалған емес.

Сәрсенбай, Қазипа – Ыбыкеңнің қарындасының жанұясынның ұлдары – Серік, Мыңбай, қыздары – Зубәйрә, Күлбәрәм өмірге келген болатын. Бұл жанұя Ыбыкеңнің жүйкесіне көп толғаныстар туғызды. Жанұя иесі Сәрсенбай, Қазипа, баласы Серік дүниеден ерте озды. Күлбарам ауруға шалдығып, емханаларда көп уақыт өткізді, оның үстіне жолдасы қайтыс болып кетті, ұрпақтар өрбімеді. Зубәйраның өз ауыртпашылығы жетерлік, әйткен мен балаларын тәрбиелеп, түтін түтетіп үй болып отыр. Жолдасы да өмірден ерте кетті.

Ыбыкең жанұясы, елге сыйлы, аса құрмет тұтатын адамдар болғанын елі ұмытпақ емес. Болғаны деп жазуымыздың себебі. Ыбыкең өмірмен 80 жаста қоштасты. Артында жолдасы Райхан қалып, бар ауыртпашылықты өз мойнына алды. Ал, Райхан маған бір жағынан туыс болса, бір жағынан мектеп замандасым. Партада бірге отырдық, талай сабақтан алғырлығын көрсететін. Қазір жасы келсе де бойындағы қадырымен, Алланың берген күш – қуаты білінеді. Ауыл арасындағы қуаныш не қиыншылық болса қалмай жетуге тырысады. Жолға шығарда нағашы – інісі Назарбек Сералы ұлына және келіні Күлзираға телефон соғады. (Айта кетсек, Күлзира Ыбыкеннің жиені). Жұлдызшы інісінен ауа – райын біліп сауатты кеңес алады.

Адамның кім екенін, жанындағы жолдастарынан танушы еді ғой атам қазақ, олар да өз кезегінше “жаманын жасырып, жақсылығын асырып” дегендей, бірін – бірі толықтырып,

маңайындағыларға, жай адамдарға, өз адамдарын ерекше түрде көрсете білетін. Кім олар, бір сәт көз алдарыңа елететіндерші! Дүниеден өтіп кеткендерінің аруақтары риза болып қалсын.

Бажасы – Сулейменов Қабиболла, Утеуленов Сағындық, Ажибаев Төрехан, құдасы – Бектембаев Мади, Қожамсеитовтар – Беғалы, Сералы, Жармухамбетов Ғазиз (Қабжан), Нурмагамбетовтар Серғазы, Қазбек, Меңдыбаев Айып, Кондыбаев Рамазан, Бөлтеневтар Боқан, Ыбырай, Жаутеев Койшыбай, Шарипов Бейсен, Сағындықов Сапарғали (Шәпіш), Омаров Сапи, Айтмағамбетов Қажымұрат, Бекенов Сәлтай, Шитенов Шәріп, Кұлышев Бүркіт, Жакупов Бүркіт, Альжанов Мақажан, Көккөзов Бейсен, Шақанов Қостан, Сыздықов Қалдыр, Шахановтар – Жайляубай, Жайсаңбай, Жанрақымов Мұқаш, Шаймерденовтар – Саду, Жұмаш, Хасенов Мажит, Мусабаев Ғалымжан, Шопановтар – Тыныбай, Әбен, Мадиев Рақымжан – Ыбекеңнің бажасы, Тасмагамбетов Қинаят, Ақпаров Зекіш, Тоқтарбаев Малғаждар, Садуақасов Қайныш, Нурумов Қайысхан, Мусин Қабиболла, Мухамеджанов Кәрім, Имаков Сали, Салин Қайыржан, Тасболатов Құрмаш, Есенбаев Сағынтай, Жакупов Есләм, Байкенов Зарап, Ералин Султан, Омаров Ысқақ, нағашылары – Смағуловтар – Мүкән, Есмуқан, Нурмухан, Ахметов Меңдар, Жерлісов Кәрібай, Альжановтар – Қазез, Молдаш, Мухамеджанов Балтабай, Баймашев Нығметжан, Макенов Темірғали, Тулеев Ануар, Досанов Болат, Габдуллин Ағыбай, Бектембаев Ризабек, Кожаметов Тәшмұқан, Ашимов Мұқашкен, әсіресе жиен-күйеу және жан жолдасы – Қаскеев Қазезбен, жиені (полковник) – Мұқаев Уалиханмен, қайын-ағасы – Даиров Әлтаймен, өте көңілдері жарасқан азаматтар болған еді.

Ағамыздың адамгершілігі, жақындығы соншама, кейінгі жас ұрпақтар – Меңдыбаев Зейнолла, Қайнышев Ельтай,

Кутембетов Тұрғын, Мадиевтар: Муқажан, Қайыржан, Ғалижан, Ғалымжан, Нағыма, Қожамсеитов Назарбек, Садвакасов Қайрош, Мустафин Маралбек, Шоқанов Балғабектермен бірге туған жанашырлары болды.

Ал енді Темірбекке Талдықорғанға келгенде жанынан табылған іні – қарындастары; Утепберген Сапарбек, Қарақучуков Айтмұқан, Есбатыров Ермек, Сулейменов Берік, Қалиева Сапура, Бекішбаев Арман, Ботабаев Сабыржан, Альмухамбетов Саймасай, Кашкимбаев Ертай, Мухамедиоров Ерік, Какабаев Байронғали, Сулейменов Өтеген, Байгесинов Бақыт, Нысанбаев Рашид.

Шіркіндердің әзіл – қалжыңдары қандай жарасымды еді. Сырттан қараған адамдардың өздері, қарқылдап күліп, бір көтеріліп қалатын. Олардың ең тапқырлығы, ойлау жүйелерінің тереңдігі, алғырлығы, жастарға үлгі боларлықтай еді.

Негізгі ойымызды қорыта келе, өз – өзімізге сұрақ қойғымыз келеді, осының бәріне уақыт ұтқызып, не үшін, кім үшін жазып отырмыз? Әрине, жастар үшін, болашақ үшін, өткен мен болашақтың ара қатынасының нығая түсуі үшін. «Өткен тірек болсын, болашақ білекті болсын» дегіміз келеді. Мына өлең шумағы, мақсатымызды айқындай түседі емес пе?

“Неткен өмір, қызық өмір, өтер өмір

Бәріміз де бұл өмірде қонақ болып отырмыз.

Өткенді жазып болашаққа ой салып

Болайық біз де бір тозбас, көпір. ”

Осы кітаптің өмірге келуіне, көп еңбек сіңірген азаматтарды атап өтпесек, оларға шын көңілден рахметімізді айтпасақ, біз ұрпақтар алдында қарыздар болып қалар едік.

Жаста болса, болашақтарынан көп үміт елестеткен, әттен, аққан жұлдыздай жәйләп кеткен Асыл мен Елнар, аталарының, соғыстан келе жатқан, қол жазбаларын көріп,

“ата, мыналарыңызды баспаға неге бермейсіз, уақытыңыз болмаса бізге беріңіз, біз кітап қылып шығарамыз”, – деген екен. Алла оған қолдау көрсетпеді. Екі қыршын ойламаған жерден өмірден өтіп кетті. Жылдар өте берді, өте берді. Енді бұл бастаманы Оразғали Касембайұлы мен Марат Аманкелдіұлы екі інілері жалғастырды. Ойламаған жерден бір кедергі пайда болды. Ол, қолжазбалар латын тілінде жазылған, оларды кириллицаға аудару керек. Кім кіріседі бұл іске, әркімнің қолынан келе бермейді. Тұғырлықтан Оразғали жол тапты. Мен – деді, ол “біздің жерлесіміз”, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, әртүрлі мемлекеттік Лауреат, Грузин халқының қадірлі азаматы, Ыбырай атамызбен ауылда бірге ойнап өскен, Хамза Абдуллинмен сөйлесіп көрейін, онымен Маратта жақсы қарым – қатынаста, ағалы – інілі болып жүреді. Не десекте, жастар ағаларын көндіреді. Марқұм көп еңбек сіңірді. Жазбаларды аударып, мағынасына қарай топтастырып, кітап шығаруға дайындады. Тағы үзіліс... басталды. Хамза ағамыз дүниеден өтіп кетті. Сөйтіп кітәптің тағдыры созбалы ауруға шалдыққандай болды. Ақыры, жанашыр азаматтар табылып, солардың еңбегінің арқасында, мына кітап қолымызға түсіп отыр. Сәт сапар тілейік атамыздың еңбегіне, аруағын сыйлап, бұл кітапқа әр жанұярларының үйлерінің кітапханасының сөресінен тиісті орнын аларына нық сенеміз. Сәт сапар!

Қанания Жақыт.

Жанат Зейноллаұлы Етекбаев:

19.02.1979 ж. мен «Писаревка» совхозының 3-бөлімшесі «Ленин» ауылына тракторист болып қабылдандым. Дайын трактор болмағандықтан, мені малшы болып жұмысқа кірістім. Маған 37 құнажынды бекітіп берді. Бір күні түс кезінде водокачкадан малдарымды суарып болып, кейін айдап келе жатыр едім, соңында келе жатқан ақсақ құнажын сүрініп құлап, оның артынан жайдақ мініп келе жатқан менің атым құлап қалмасы бар емес пе. Бір аяғым аттың астында қалып қойды да, сол аяғымды жан таласып шығара алмай жан даусым шығып айқайладым. Құнажын аттың аржағында ортада үйелеп ат жатыр, бәріміз тыпырлап жатырмыз. Бір кезде айғайлаған даусымды естіп, Әкән ағатайым келіп құнажын, атты тұрғызып, менің жанымды аман алып қалған еді. Бүгінде Әкән ағатайым да бақилық болды, жатқан жері жарық, иманы жолдас болсын ағатайымның.

1979 жылдың күз айы болатын, Избасаров Кеңес ағам управляющий еді, мені шақырып алып: машинаның бәрі уборкада, бүгіннен бастап мені тасисын, деді де, кабинасы жоқ МТЗ 50 тракторыма отырып алды. Мен ызғытып қатты жүріп үйренген Кеңес ағамды селкідетіп әкеле жатыр едім: Жанат сен дұрыстап жүр, сен бөлім меңгерушісіні әкеле жатырсын – дегеннен кейін өзіме деген, тракторыма деген көз қарасым да талабым да өзгерді. Бір күні ертеңгісін, комбайнерлардың ауысымына келдік. Сонда маған Кеңес ағам: Жанат сен неге үйге бидай алмайсың, бір қап болса да ал, менен ұялма-деп маған шыныменен жаны ашыған ағам болып еді. Топырағы торқа, иманы жолдас болсын ағамның.

Бұл қызық оқиға Бейсенбин Ерсайын ағамызбен болды. Мен тракторда істеп жүргем, 1979 жылдың желтоқсан аяғы. Ол кісі мал бағатын. Іңкәрбек деген досы Булаевта тұратын, сол кісіге барамыз деп 3-4 қап бидайым бар кешке жақын соны апарып тастайық-деді. Кешкісін, Ерсайын ағамыз екеуіміз жолға шықтық. Трактордың светы өшіп қалды. Комсомолды өтіп, Қоскөлдiң асфальт жолына шықтық. Жолда жарықсыз келе жатқан трактор, Лесхоз бен Слушоқтың ортасы шамасында, қарама-қарсы келе жатқан көліктің шамынан сескеніп оң жаққа аламын деп, тракторыммен биік жолдан қарға түсіп кетіп батып қалдым. Қаржауов Сәдуақас аға сол кезде бөлімшемізде управляющий болатын. Қараңғыда ат жолыменен біа аттыны көріп соған қарай жүгірдім. Шанаға жегілген атпенен Садуақас ағам мен Гаухар тәтем Сулышоққа кетіп бара жатыр екен. Неғып жүрсiндер деп сұрады? Мен айттым:Булаевқа бара жатыр едік батып қалдық, қазір тракторды шығарып ауылға қайтамыз – деп. Ол кісілер жолдарын жалғастырып кете барды. Түн суық, сырма боран басталды. Бір кезде Успенка жақтан жарық көрінді, жолға шығып тоқтаттық. Автомашинадағы;Қоскөлден Жақан аға, Булаевқа сүт апарып келе жатыр екен. Ерсайын трактордың жанында қалды ал мен Жақан ағаның жанына отырып алып, Қоскөлдiң базасына келдім. Бекин Баян ағам менің алдымда ДТ-75 тракторымен, базға сабан сүйреп әкелсе керек, менің бір ауыз сөзімді жерге тасмтамай, мықты ұзын тросын тіркеп, қардың үстіменен туралап отырып, батып қалған тракторымның жанына келдік. Сөйтті де, біздің тракторымызды асфальттың үстіне қарай сүйреп, қардан шығарып жіберді.

Өзімізбен бірге алған 4 қап жемді сол кісіге бердік. Ерсайын ағамыз бірге ауылға қайттық Булаевқа жете алмай. Сондай қызық оқиға болған. Сол кездегі ауылдағы адамдардың бір-біріне деген көмектерін, қамқорлығын, адамгерші-

лігін қазір сағынасың. Осындай азаматтар елде тұрды. Ол кісілердің жақсылығын ұмытпай осы кітапқа жазып кетуге орынды деп есептеп, олардың бала-шаға немерелері біліп жүрсін аталарының қандай қасиетті адам болғанын деген ойым еді.

Мен кішкентай кезімді біздің көрші Арыстанбаев Бейсен аталармен көрші болдық. Бейсен ағаның Жақсыбай деген баласы болды, ол ағам ертеректе дүниеде өтіп кетті. Жақсыбай ағам әскерден келген кез болатын, өзі бойы ұзын әдемі күліп жүруші еді. Менің кішкентай кезден өлең айтып өскенімнің арқасында мені апамнан сұрап алып өзіменен бірге автомашинасына отырғызып алып, өлеңдерімді естіп қызықтаушы еді. Ол кезде транзистор, магнитофон деген жоқ болатын. Сол кеткеннен мол кетіп, бидай, силос тасимыз, батпаққа батамыз, кейде далада тығылып немесе автомашина сынып қалып қоятынбыз. Жақсыбай ағам маған тамағын беріп, суыққа тоңдырмай нағыз ағалық қамқорлығын жасайтын. Ол ағамды сол кішкентай кезімнен кейін көрген жоқпын. Міне осындай ағалардың шынайы жанашырлық қасиеттерін көріп өскендіктен бе, автомашинаны меңгеруді армандап өстім. Міне осындай жақсы көрген ағам туралы кітабымда айтып кетуді жөн көрдім, себебі Жақсыбай ағаның бала-шағасына, немере-шөбересіне естелік болсын, жақсы кісінің жақсылығын айту ол да үлкен қасиет. Жақсыбай ағамның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын.

Мен бала күнімде әскери киімге қызығып өстім. Әскери киім киген өзімнен үлкен туған ағам жоқ болғандықтан ба, көрші ағалар әскерден әскери киім киіп келгенде қатты қызығатынмын. Әскерден келгендердің фуражкаларын, кительдерін киіп көріп, қызығып, менде осындай болсам ғой деп армандап өстім. Күзде біздің ауылға солдаттар келетін силос, бидай жинауға. Сол кезде апам марқұм маған қатты

қолдау көрсететін. Бір литр банкаға қатығын құйып, нанға май жағып, дорбаға салып беретін. Ал мен болсам, базаның жанында весовой болатын, сонда келіп, солдаттар васовойға келгенде мені автокөліктеріне отырғызып алып, пилоткасын басыма кигізіп, белдігін беліме тағып беретін. Ал мен болсам, автокөліктің ішінде түрегеп тұратынмын. Ал солдаттар болса, қатықты ішіп нан мен майымді жеп болғасын келесі айналымда үйіме жақынырақ жерде түсіріп кететін. Мен келесі күні дәл солай қайталайтынмын, апам рұқсат берсе, әрине. Мен кішкентай кезімнен бастап әскери киімге еліктеп өстім. Зейнетке полковник шенінде шығып, полицей жұмысының ыстық суығына шыдағаным да бала күнгі қатты қызығушылығымнан болған шығар деп ойлаймын.

9-10 класс оқып жүргенде әкем бөлімшеде механик болып істеді. Жұмысына Т-25 деген қызыл трактор мінетін. Күні бойы жұмыстан шаршап келген әкем, үнде Т-25 ті есік алдына қойып ұйықтауға жататын. Сенбі, жексенбі күндері біз класстарымызбен Сартомарға биге бару үшін көлік керек болатын. Сол кезде біздер, Т-25ті от алдырмай, огород жаққа итеріп апарып, сол жерде от алдырып үстіне сиғанша мініп кететінбіз. Түннің бір уақытында ауылға келгеннен кейін, огородтың артында өшіріп, итеріп әкеліп Т-25 ті орнына қойып, ұйықтауға кететінбіз. Сол кезден бастап бір бірімізді қолдау, қауіпсіздік шараларын сақтау сияқты шараларды ойластырып өскен екенбіз.

Біздің ауылда жай адамдар тұрған жоқ. Мейрамовтар әулетінде Жақсылық ағамыз туралы бір кітап жазса да аз болатын шығар. Олай деп айтатыным, Жақсылық ағаның ауыл адамдарына, бөлімшеге, совхозға жасаған еңбегі шексіз. Өзіне бекітілген ГАЗ-51, ГАЗ-53 автокөліктері қысы жазы бір тоқтамай жүре беретін. Жолда аяғы ауыр әйелдерді роддомға апаа жатқанда, толғағы басталып кетіп, жолда өзі

туғызып алыпты дегенді де естігенмін. Жақсылық ағам жөнінде кітабымда айтып кеткенімді көпшілік қолдайтын шығар деген үміттемін. Сәуле тәтеміздің де қолынан талай рет тамақ ішкенмін. Әлі күнге дейін сол кездегі ішкен тамақтарымның дәмі таңдайымда тұр десем артық айтпаған болар едім.

Кішкентай кезімде көршіміз Мадиярова Мәстур апай болды. Сол кісінің біраз жұмыстарын көрші балалар жасайтынбыз. Мәстура апамыз, үй жұмысын, малдарын өзі қараған. Есімде қалғаны, картопты екіге бөліп табаға қуыратын, сол дәм аузымнан кетпейді. Ол кісінің інісі болды Мадияров Фанель аға. Фанель ағалар мектеп жақта тұрды. Жақсы механизатор еді.

Кішкентай кезімізде көрші үйлерде Уәйділда ата тұрды. Уәйділда атадан қорықпайтын бала болмаушы еді. Өзім талай рет, апаммен қонаққа бара жатқанымда ұсталып қалып едім. Нағыз немістің киносындағы партизандай болып тұрғаным әлі есімде. Ұсталып қалған кезде Уәйділда атам апама қарап тұрып:мына бала апасынан қалмайды екен, бұл баланың құлағы неге кесілмеген деп, осылай кесілмей жүре бере ме апасымен –деген сөзді естігенде, аяғымның асты опырылып бара жатқандай болушы еді. Міне, осындай қасиетті апаларымыз бен аталарымыз да біздің ауылдың құрметті ақдамдары болып еді.

1980 жылыдың 20 сәуірінде әскер қатарына шақырылдым. Сөйтіп, Петропавл қаласының военкоматынан жанымда Шоқанов Ақылбек Темкешұлы екеуіміз келіп, Өскеменге поезбен аттандық. Ахмирова -деген жерде танковый полкта үш күн болып, әскери киім киіп, Германияға самолетпен ұшып кеттік. Германияда Қазақстаннан келген 60 баланы Розенкруг деген қалаға танковый учебкаға алып келді. Біздерді әскери клубқа кіргізіп, роталарға бөлуді тосып тұрған

едік. Аң таң болып тұр едім, бір солдат клубтың шетіменен біздерге жақындап: земляки откуда- деп менен сұрап тұр. Қарасам менің досым, кластасым, Шаймерденов Ерғали Сапарұлы екен. Ерғали 6 ай бойы Шоханов Ақылбек Темірғали ұлы екеуімізді-қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай демекші, бір адамға маңдайымыздан шерткізбей үлкен жауапкершілікпенен қарап еді. Сөйтіп, Шаймерденов Ерғали маған үлкен көмек көрсетті. 6 айдан кейін Шоқанов Ақылбек басқа жаққа кетті, мен әскерімнің бір жарым жылын Германияның Плаун деген қаласында жалғастырдым. ВДВ-да әскери борышын жоғары кәсіби шеберлікпен атқарғаны үшін, Отансүйгіштік, намысшыл, бауырмашыл қасиеті жоғары Шаймерденов Ерғали Сапарұлына шексіз ризашалығымды білдіремін.

Күлзира мен Күлбарамның әкесі Ахметжанның соғыста жүріп қарындасы Қазизаға жазған өлеңі:

Сейтжан ау сендерді ойлап сағынамын,
Ісіне үкіметтің бағынамын.
Өзіме сабыр бер деп шет жүргенде,
Жаратқан жалғыз хаққа жалынамын.

Қолымда қағаз бен қарындашым,
Қазиза құлыншағым қарындасым.
Есіме құлындарым сендер түссең,
Өтеді ойлағаннан жарым жасым.

Екі ауыз өлең жаздым жамағатым,
Қолына аман есен тйсе хатым.
Еркек бас әйел мойын деген бар ғой,
Тапсырған екі қызым-аманатым.

Қожамсеитова Күлбарам.

Кіндік қаны тамған жер

Осы үлкен әлемде,
Бір кішкентай ауыл бар.
Кіндік қаны тамған жер,
Ұмытпай сендер барыңдар.

Жеріне аунап жатыңдар,
Суына оның қаныңдар,
Қасиетті туған- ауылға ,
Болдық қой біздер қарыздар.

Бәрің өсіп ер жеттің,
Құр қалмаған- парыздан.
Ауылға жиі барыңдар,
Ұяңды іздеп-бауырлар.

Жанат Етекбаев
2016 жыл.

МАЗМҰНЫ

Ауылым туған мекенім	3
Абдрахмановтар әулеті.....	5
Әбуовтар әулеті	7
Жүректен шықты шумағым	14
Айтпаевтар әулеті	16
Акбаровтар әулеті.....	18
Ауылым «Комсомолым» – алтын бесігім.....	18
Досан ата толғауы!	27
Ажар.....	27
Бейсеновтар әулеті.....	31
Киігі – болдық даланың.....	42
Аслямовтар әулеті.....	44
Төрежановтар әулеті	49
Ахметжановтар әулеті	52
Етекбаевтар әулеті.....	61
Ана, анам менің	61
Досыма.....	79
Ауғанды жиі көремін	81
Ахметовтар әулеті	82
Жаныма қатты батасың	88
Бейсенбиндер әулеті.....	90
Іздер жоқ аяқ басқан	93
Бекеновтер әулеті	94
Бекі әулеті.....	95
Бектенбаевтар әулеті	97
Ең қызық кез мектептен басталады	103
Гарафутдиновтар әулеті	105

Досовтар әулеті.....	110
Есенбаевтар әулеті	112
Үлкендер бата берген жылап жүріп	117
Жұмабаевтар әулеті.....	119
Әлжановтар әулеті.....	122
Жунусовтар әулеті.....	124
Жұмабаевтар әулеті.....	128
Мамандарын ауылымның айтып кетем	133
Зағыпаровтар әулеті.....	138
Закировтар әулеті	146
Ибраевтар әулеті	148
Туған жерім қызылжарым.....	152
Ауылым	152
Ғашық өмір.....	153
Үш бәйтерек (Апаларыма)	154
Майлы сүт өзенінің майталманы.....	154
Илеупаевтар әулеті.....	157
Ой тамшылары.....	160
Бақытты балалық шақ.....	160
Әкеге арналған жыр	161
Искаковтар әулеті	164
Құрмановтар әулеті.....	168
Отаншылдық – отбасына деген сүйіспеншіліктен басталады... ..	168
«Комсомол» – менің ауылым, Рухани тәрбие мекені... ..	174
Арман қуған сәби едік-кекіді	182
Ізбасаровтар әулеті	183
Қамзиндер әулеті	188
Касеновтар әулеті.....	195

Көкеновтар әулеті	199
Үміт артып өзіме сеніп келдім.....	208
Құдаспаевтар әулеті	213
Қайыровтар әулеті	215
Қалдыровтар әулеті	217
Қаржауовтар әулеті.....	221
Қаржау ұрпағы	238
Қасеновтар әулеті.....	240
Қожамсеитовтар әулеті	244
Сағыныш	258
Назарбек аға сағындым.....	260
Құдияровтар әулеті	262
Мейрамовтар әулеті	272
Ғайып мекен	284
Мұқыжан әулеті – руы Сары.....	286
Есенгелді ағама	302
Мустафиндер әулеті	303
Мүлкібаевтар әулеті	310
Найманбаевтар әулеті.....	314
Омаровтар әулеті	316
Омар Сапиолла әулеті.....	317
Өтеевтар әулеті.....	326
Рахымжановтар әулеті.....	328
Сағындықовтар әулеті.....	330
Сарсенбаевтар әулеті.....	335
Смағұловтар әулеті.....	366
Сыздықовтар әулеті.....	367
Сырлыбаевтар әулеті.....	372
Сырымбетовтар әулеті.....	376
Төлеуовтар әулеті.....	379

Төлебаевтар әулеті.....	388
Тукеновтар әулеті.....	392
Туреновтар әулеті.....	393
Тұрқановтар әулеті.....	395
Шер.....	425
Данияров Қалел Тұрқанұлы	428
Уақышевтар әулеті.....	437
Укиеновтар әулеті	441
Шаймерденовтар әулеті	451
Қостановтар әулеті.....	452
Шохановтар әулеті.....	458
Шперлингтер әулеті	463
Рамазановтар әулеті	466
Ыбырай әулеті.....	468
Сейтжан ау сендерді ойлап сағынамын	485
Кіндік қаны тамған жер.....	486

Етекбаев Жанат Зейноллаұлы

Адамнан ауыл көшпейді

Басуға 25.05.2019 ж. қол қойылды.
Қалыбы 60x84 $\frac{1}{16}$, Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman».
Көлемі 32,75 б. т.

«Асыл кітап» баспасының компьютер
орталығында беттелді.
«Асыл кітап» баспасы,
Абай даңғылы, 143-үй, 101 офис.
e-mail: asylkitap@mail.ru
тел.: +7 707 178 12 94